

CHANGANCS75FL автокөлігін пайдалану жөніндегі нұсқаулық

АЛҒЫ СӨЗ

Құрметті сатып алушы! Сізді ChanganCS75FL сериялы автокөліктердің бірін таңдауыңызбен құттықтаймыз. Сізге автокөлікті пайдалануға және қызмет көрсетуге көмектесу үшін біз осы Нұсқаулықты арнайы сіз үшін жасадық.

ChanganAutomobile компаниясы клиенттің қажеттілігін қанағаттандыру үшін өнімді және/немесе пайдаланушы нұсқаулығын үздіксіз дамытып әрі жақсартып отырады. Пайдаланушы нұсқаулығын қажеттілікке қарай, алдын ала ескертпестен, қайта қарастыру құқығын өзімізге қалдырамыз. Өзіңіздің автокөлігіңіздің сипаттамасы мен конфигурациясын басқа нұсқаулықтардың мазмұнымен салыстырып, солардың айырмашылығы негізінде өтемақы талап етпеуіңізді сұраймыз. Өнімге немесе пайдаланушы нұсқаулығының мазмұнына қатысты сұрақтарыңыз болса, Changan компаниясының өкілетті дилеріне хабарласыңыз.

ChanganAutomobileCo., Ltd. пайдаланушы нұсқаулығының авторлық құқығына ие және бұл нұсқаулыққа түсінік беру құқығын сақтап қалады. Компанияның қағаз жүзіндегі рұқсатынсыз пайдаланушы нұсқаулығының ешқандай бөлімін қолдануға немесе кез келген мәтінде, оған қоса жекелеген дәйексөздерді немесе басқа да әдеби мақалалар мен материалдардағы дәйексөздерді көрсетуге болмайды.

Автокөлікті пайдалану кезінде сұрақтарыңыз бен ұсыныстарыңыз туындаса, Changan ресми дилерінің қолдау қызметіне хабарласыңыз.

Chongqing Changan Automobile Co., Ltd.

June 2018

© Changan Automobile Co., Ltd., All Rights Reserved.

Пайдаланушы нұсқаулығы туралы

CHANGAN CS75FL сериясындағы жолаушы автокөлігін таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз.

Автокөлікті пайдаланбас бұрын ол туралы толық түсінігіңіз болуы үшін пайдаланушы нұсқаулығын мұқият оқып шығыңыз. Бұл нұсқаулық сізге автокөлікті дұрыс пайдалануға және қызмет көрсетуге, сондай-ақ қауіпсіз жүргізуден максималды ләззат алуға көмектеседі.

Пайдаланушы нұсқаулығында серияның барлық моделіне қатысты ақпарат бар. Сіздің автокөлігіңіздің нақты жинақтамасы нұсқаулықта көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін. «※» белгісіне мән беріңіз. Бұл опция кейбір модельдерде жоқ деген сөз.

Автокөлікті пайдалану және жүргізу кезінде қолданыстағы заңдарды және жол жүру ережелерін қатаң сақтаңыз.

Автокөлікті басқа тұлғаға берген кезде жаңа иесіне көлік жинақтамасының ажырамас бөлігі болып саналатын осы Пайдалану жөніндегі нұсқаулықты да беруіңізді өтінеміз.

Пайдаланушы нұсқаулығын мұқият оқып шығыңыз. Зақымдану, жарақат және өлім қатерін барынша азайту үшін «**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**», «**ЕСКЕРТУ**» және «**ЕСКЕРТПЕ**» бөлімдеріндегі ақпаратқа баса назар аударыңыз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Бұл тақырыпта адам денсаулығына қауіп төну немесе автокөліктің бүліну ықтималдығы бар жағдайлар ескертіледі. Адамдардың жарақат алу немесе өлім қаупін болдырмау немесе азайту үшін берілген нұсқауларды қатаң орындау керек.


ЕСКЕРТУ

Егер «**ЕСКЕРТУ**» бөлімінің мазмұны ескерілмесе, автокөлік немесе оның жабдығы зақымдалуы мүмкін.

Автокөліктің және/немесе оның жабдығының бүліну қаупін болдырмау үшін «**ЕСКЕРТУ**» тармағындағы нұсқауларды орындаңыз.

ЕСКЕРТПЕ

Бұл бөлімде автокөлікті пайдалануды және оған қызмет көрсетуді жеңілдетуге қажетті қосымша пайдалы мәліметтер келтірілген.



Сіз жоғарыда көріп тұрған бұл ескерту белгісі белгілі бір әрекетке тыйым салынатындығын білдіреді.

Аксессуарлар, қосалқы бөлшектер және автокөліктің құрылымына өзгертулер енгізу

Жүргізуші мен жолаушылардың қауіпсіздігі автокөліктің бөлшектерінің сапасына байланысты.

Түпнұсқа қосалқы бөлшектер және аксессуарлар ChanganAutomobileCo. компаниясында немесе оның басқаруымен әзірленеді және өндіріледі. Қауіпсіздік мақсатында міндетті түрде тек түпнұсқа қосалқы бөлшектерді пайдалану ұсынылады. ChanganAutomobileCo. компаниясының кепілдік міндеттемелері тек түпнұсқа қосалқы бөлшектер мен аксессуарларға қолданылады. Автокөліктің құрылымына қандай да бір өзгеріс енгізуге болмайды. Өйткені бұл автокөліктің пайдалану қасиетінің нашарлауына алып келеді де, оның қауіпсіздігін, сенімділігін төмендетіп, ұзақ қызмет ету мерзімін қысқартып тастайды. Кейбір жағдайларда автокөліктің құрылымын өзгерту салдары қолданыстағы мемлекеттік стандарттар мен қағидаларды бұзуға әкелуі мүмкін.

ChanganAutomobileCo. компаниясының кепілдік міндеттемелері автокөліктің құрылымына қолдан өзгерту енгізуден туындаған пайдалану сипаттамаларының кез келген істен шығуына, бұзылуына және ақауына қолданылмайды.

Автокөліктің кез келген бөлшегін ауыстыру қажет болған кезде әрдайым компания жеткізушілері шығарған түпнұсқа қосалқы бөлшектер мен аксессуарларды пайдаланыңыз. Әйтпесе, түпнұсқа емес қосалқы бөлшектерді пайдалану салдарынан туындаған ақаулар кепілдік міндеттемелермен өтелмейді.

Ұялы байланыс жүйелерін орнату

Автокөлікке екіжақты сымсыз ұялы байланыс жүйелерін орнату АБС, тұрақтандыру жүйесі, өрде қозғалысты бастауға көмектесетін жүйе, қосымша қауіпсіздік жүйесі мен қауіпсіздік белбеулерін тарту жүйесі сияқты автокөліктің электрондық жүйелерінің жұмысына әсер етуі мүмкін. Орнатпай тұрып, CHANGAN авторландырылған сервис орталығынан арнайы сақтық шаралар мен кеңестерді біліп алыңыз.

Кілтсіз кіру жүйесі (PEPS)

Электрондық медициналық құрылғылары (мысалы, жүрек ширатқышы) бар пайдаланушылар осындай медициналық құрылғыларға әсер етуі мүмкін электрмагниттік сәулеленудің әсері туралы анық ақпарат алу үшін құрылғы өндірушісінен кеңес алуы керек. Толығырақ ақпарат алу үшін «Кілтсіз кіру жүйесіне ескертпелер» бөлімін қараңыз.

Тас жолмен және жолсыз жермен жүргізу ерекшеліктері

Автокөлік жалпы пайдаланудағы жолдармен және жолсыз жерлермен жүргізуге арналған. Жолсыз жермен жүргізу үшін автокөліктің клиренсі биіктетілген, сондықтан оның ауырлық орталығы, қарапайым жеңіл автокөліктерге қарағанда, жоғары орналасқан. Алайда өзгеше құрылымдық ерекшеліктері, ұқсас жолаушылар автокөліктеріне қарағанда, автокөліктің аударылып кетуін жеңілдетеді. Қозғалыс кезінде осыны естен шығармай, дұрыс пайдаланбау салдарынан орын алатын ықтимал апаттар мен жаракаттарды болдырмау үшін «Жол талғамайтын көліктер үшін сақтық шаралар» және «Жолсыз жермен жүргізу» бөлімдерінде баяндалған кеңестер мен ескертулерді орындаңыз.

Белгілері

Осы нұсқаулық CHANGANCS75FL автокөліктері үшін қолданылады.

Пайдаланушы нұсқаулығында пайдаланылатын қысқартулар мен әріптік белгілер төмендегі кестеде келтірілген:

| Белгісі | Өлшем бірлігі |
|-------------|--|
| л | Литр |
| мл | Миллилитр |
| км | Километр |
| м | Метр |
| см | Сантиметр |
| мм | Миллиметр |
| мин | Минут |
| с | Секунд |
| кг | Килограмм |
| А | Ампер |
| В | Вольт |
| км/сағ | Километр/сағат |
| кГц | Килогерц |
| кПа | Килопаскаль |
| айн/мин | Айналым / минут |
| Вт | Ватт |
| кВт/айн/мин | Киловатт / бір минут ішіндегі айналымдар |
| °С | Цельсий градусы |
| % | Пайыз |
| Н·м | Ньютон-метр |
| (°) | Градус |
| (') | Бұрыштық минут |
| Гбайт | Гигабайт |
| Мбайт | Мегабайт |

| Белгісі | Өлшем бірлігі |
|---------|--|
| МБҚ | Механикалық беріліс қорабы |
| АБҚ | Автоматтық беріліс қорабы |
| ЭББ | Электронды басқару блогы |
| ЖЖМ | Жанар-жағармай материалдары |
| ГЛОНАСС | Жаһандық навигациялық жерсерік жүйесі |
| GPS | Жаһандық орынды анықтау жүйесі |
| GSM | Уақыт (TDMA) және жиілік (FDMA) бойынша арналарға бөлінген, сандық ұялы байланыстың жаһандық стандарты |
| GPRS | Пакеттік деректерді беретін GSM ұялы байланыс технологиясына жасалатын қондырма |
| UMTS | Әмбебап ұялы телекоммуникация жүйесі |

| Белгісі | Өлшем бірлігі |
|-------------|---|
| КҚ | Көлік құралы |
| МДЖ | Минималды деректер жинағы |
| ШЖҚ | Шұғыл жедел қызмет |
| ЭРА-ГЛОНАСС | Ресей мемлекеттік апат кезінде шұғыл әрекет ету жүйесі |
| БҚ | Бағдарламалық құрал |
| ПИБ | Пайдаланушы интерфейсінің блогы |
| ЖКО | Жол-көлік оқиғасы |
| ҮҚЖЖ ББ | Үрлемелі қауіпсіздік жастықтары жүйесінің басқару блогы |
| ШЖҚШЖ | Шұғыл жедел қызметтерді шақыру жүйесі |
| ICCID | SIM-чиптің бірегей сериялық нөмірі |
| ЖЖЕ | Жол жүру ережелері |

Мазмұны

| | |
|--|-----------|
| АЛҒЫ СӨЗ | 2 |
| Мазмұны | 6 |
| I. Автокөлікке шолу | 8 |
| Отын және пайдаланылған газдарды шығару деңгейі | 9 |
| Зауыттық тактайшалар мен автокөліктің сәйкестендіру нөмірі (VIN) | 9 |
| Микротолқынды терезесі | 11 |
| Қозғалтқыш моделі мен нөмірі | 11 |
| II. Автокөліктің қауіпсіздік жүйелері | 12 |
| Орындық | 13 |
| Қауіпсіздік белбеулері | 19 |
| Балалардың қауіпсіздігі | 23 |
| Артқы бүйір есіктердегі балаларға арналған қауіпсіздік құлпы | 29 |
| Қауіпсіздік жастықтары (Airbag)..... | 29 |
| III. Автокөліктің функциялары | 42 |
| Қашықтан басқару функциясы бар кілт..... | 43 |
| Кілтсіз кіру жүйесі (PEPS) ※ | 47 |
| Қозғалтқышты түймемен оталдыру (ENGINESTARTSTOP)..... | 49 |
| Есіктердің құлпы | 52 |
| Электр әйнеккөтергіштер..... | 54 |
| Люк ※ | 57 |
| Артқы көрініс айнасы..... | 60 |
| Жүксалғыш есігі | 64 |
| Қозғалтқыш капоты | 65 |
| Отын құю аузының люгі | 66 |
| Руль | 68 |
| Аспаптар тақтасы | 70 |
| Жарықты басқару..... | 92 |
| Әйнектазартқыш және жуғыш..... | 95 |
| Кондиционер жүйесі..... | 98 |
| Мультимедиа | 98 |
| Тұраққа қою көмекші жүйесі ※ | 115 |
| Оң жақтағы көзден таса аймақты көрсету ※ | 120 |
| 360° HD панорамалық кескін жүйесі ※ | 122 |
| 360° панорамалық кескін ※ | 126 |

| | |
|---|------------|
| Тұраққа қоюға көмектесетін автоматты жүйе (APA4.0) ※ | 129 |
| Айнала шолу жүйесі ※ | 137 |
| Шиналардағы ауа қысымын бақылау жүйесі (TPMS) ※ | 139 |
| Круиз-контроль (CC/ACC) ※ | 141 |
| Шұғыл тежеуге көмектесетін жүйе (PAB) ※ | 153 |
| Автокөлік артындағы нысандар туралы ескерту жүйесі ※ | 159 |
| Жол белгісін абайсызда кесіп өту туралы хабарлау жүйесі (LDW) ※ | 165 |
| Пайдаланылған газ шығарындыларын бақылау жүйесі | 168 |
| Басқа жабдық | 170 |
| Төбедегі рейлингтер ※ | 176 |
| Педалядар..... | 177 |
| IV. Автокөлікті басқару | 178 |
| Автокөлікті пайдалану кезіндегі сақтық шаралары | 179 |
| Жолсыз жерлермен жүру кезіндегі сақтық шаралары | 179 |
| Қозғалысты бастамас бұрын орындалатын сақтық шаралары..... | 180 |
| Турбиналы қозғалтқышы бар автокөліктерге арналған сақтық шаралары | 180 |
| Қозғалтқышты оталдыру және өшіру..... | 181 |
| Берілістерді таңдау селекторы | 185 |
| Тежеу жүйесі..... | 191 |
| Толық жетек жүйесі..... | 197 |
| «START-STOP» функциясы | 201 |
| Руль (EPS) | 204 |
| Сынап жүргізу | 201 |
| Жоғары жылдамдықпен жүру | 206 |
| Тәуліктің қараңғы уақытында жүру..... | 206 |
| Жаңбырлы және ылғалды ауа райында жүру..... | 206 |
| Су кедергісінен өту..... | 207 |
| Лас және тайғақ жолмен жүру | 207 |
| Өрде және таулы жерде жүру | 207 |
| Қыс мезгілінде жүру | 208 |
| Үнемді жүргізу | 208 |
| V. Төтенше жағдайлар | 210 |
| Апаттық жарық сигналын беру жүйесі | 211 |
| Апаттық аялдау белгісі..... | 211 |
| Жарық шағылыстыратын қауіпсіздік кеудешесі..... | 212 |
| Автокөліктегі құралдар жинағы..... | 212 |
| Дөңгелектерді ауыстыру | 213 |
| Аккумулятор батареясының заряды төмен болған кезде қозғалтқышты оталдыру..... | 216 |
| Сүйреу | 217 |

| | |
|--|------------|
| Төтенше жедел қызметтерді шақыру жүйесі | 220 |
| VI. Техникалық қызмет көрсету және жөндеу | 224 |
| Техникалық қызмет көрсету және жөндеу кезіндегі сақтық шаралары | 225 |
| Міндетті тексерістер тізімі | 225 |
| Қозғалтқыштағы май..... | 226 |
| Май сүзгісін ауыстыру | 228 |
| Отын сүзгісі..... | 229 |
| Қозғалтқыштың ауа сүзгісінің элементін ауыстыру..... | 230 |
| Электрондық дроссель жапқышы | 230 |
| Қозғалтқыш турбинасына техникалық қызмет көрсету..... | 232 |
| Салонның ауа сүзгісін ауыстыру | 232 |
| Қозғалтқыштың салқындату жүйесі | 233 |
| Тежегіш сұйықтығы..... | 234 |
| Жұғыш жүйесінің сұйықтығы | 235 |
| Әйнектазартқыштар | 235 |
| Аккумулятор батареясы | 235 |
| Шиналар мен дискілер | 243 |
| Сақтандырғыштар | 243 |
| Шанақты тазалау және лак-бояу жабынына күтім жасау | 244 |
| Жабдыққа техникалық қызмет көрсету | 246 |
| Коррозиядан қорғау | 246 |
| Автокөлік салонын тазалау..... | 247 |
| Фаралардың булануы..... | 248 |
| Фаралардың жарқырау жарықтығы | 248 |
| VII. Автокөліктің техникалық сипаттамалары | 249 |
| Автокөлік өлшемдері..... | 250 |
| Қозғалтқыш | 251 |
| Автокөліктің сипаттамалары | 252 |
| Дөңгелектер мен шиналардың спецификациясы, суық күйдегі шиналарда болуы тиіс қысым | 253 |
| Дөңгелектерді орнату бұрыштары (жүктемесіз)..... | 253 |
| Автокөліктің салмағы..... | 254 |
| Құйылатын сұйықтықтар мен олардың көлемі..... | 254 |
| Қысқартулар тізімі | 255 |

I. Автокөлікке шолу

Отын және пайдаланылған газ шығарындыларының деңгейі

Ресей нарығына арналған CHANGANCS75FL модельдеріндегі пайдаланылған газ шығарындыларының деңгейі стандарт талаптарына сай. Октан саны 92-ден кем емес жоғары октанды этилденбеген бензинді пайдалану ұсынылады.

Тек ұсынылған отын сіздің жаңа автокөлігіңізге қуаттың, динамиканың, үнемділіктің және уыттылықтың номиналды мәндеріне қол жеткізуге мүмкіндік береді және пайдаланылған газдың және оталдыру білтелеріндегі ыстың мөлшерін азайтады.

ЕСКЕРТУ

Тек этилденбеген бензинді қолданыңыз. Төмен сапалы отынды пайдалану қозғалтқыш жүйесінің зақымдануына және/немесе отынның ағып кетуіне алып келуі мүмкін. Бұл қозғалтқыштың зақымдануына және тіпті бұзылуына алып келеді, сондай-ақ каталиттік түрлендіргіште тұтануға алып келеді, ал ол, өз кезегінде, қозғалтқыштың пайдаланылған газдарын тазалау процесінің әсерін төмендетеді де, оның бұзылуына алып келуі мүмкін. Этилденген бензиннің құрамындағы қорғасын оттегі концентрациясының датчигін және пайдаланылған газдардың үшкомпонентті бейтарапандырғышын істен шығарады.

ЕСКЕРТУ

Отын жүйесінің тазартқышын және басқа қоспаларды пайдалануға тыйым салынады. Отын тазартқышты пайдалану қозғалтқыштың зақымдануына алып келеді, ал ол кепілдік міндеттемемен өтелмейді. Кез келген тазартқыш затты кездейсоқ қабылдағаннан кейін медициналық көмек алу үшін дәрігерге дереу қаралыңыз. Отын тазартқыштың құрамдас бөліктерінің бірі – бензин. Отын тазартқышты қолдану кезінде шылым шегуге және ашық жалынның болуына тыйым салынады. Отын тазартқышты балалардың қолы жетпейтін, күн сәулесі түспейтін жерде сақтаңыз.


Зауыттық тақтайшалар мен автокөліктің сәйкестендіру нөмірі (VIN)

Тақтайшалар

Автокөліктің VIN (сәйкестендіру нөмірі) және максималды рұқсат етілген жалпы салмақ көрсетілген зауыттық тақтайша алдыңғы есіктің ойығында құлып ілмегінің астында орналасқан.



Автокөліктің сәйкестендіру нөмірі (VIN)



Басылған VIN алдыңғы жолаушы орындығының астында орналасқан шанақ тақтайшасына жазылған.

VIN көрсетілген тақтайшалар мына жерлерде бекітілген:

- Аспаптар тақтасы мен алдыңғы әйнектің түйіскен жерінде, сол жақтағы төменгі бұрышта;
- Оң жақтағы алдыңғы есіктің ойығында құлып ілмегінің астындағы ақпараттық тақтайшада;
- Жүксалғыш есігінің ішкі жағындағы сол жақ жоғарғы бұрышта.

ЭББ-дан (ECU) алынған автокөліктің VIN туралы ақпаратты оқу:



1. Диагностикалық сканерді жүргізуші жақтағы консольдің сол жақ төменгі бөлігінде орналасқан OBD диагностикалық интерфейсіне жалғаңыз;
2. Диагностикалық сканердің интерфейсінде автокөліктің моделін таңдаңыз да, қозғалтқышты басқаратын EMS жүйесіне кіріңіз.
3. EMS интерфейсінде «Read Version Information» (Нұсқа туралы ақпаратты оқу) тармағын таңдаңыз да, VIN нөмірін тексеріңіз.


OBD интерфейсі нарықта ұсынылған көптеген автокөлік диагностикалау сканерін қолданады. CHANGAN компаниясы Changan Bosch диагностикалық сканерін автокөлік дилерлері қолдануы үшін бекітіп, авторизациялаған.

ЕСКЕРТПЕ

- OBD CHANGAN диагностикалық интерфейсі CAN немесе K-line бойынша ақпарат беруге қолдау көрсетеді. Алдымен диагностикалық сканердің CAN шинасы арқылы деректермен алмаса алатынын тексеріңіз. Егер ол EMS-пен істемесе, онда басқа K-line байланысын қолданатын сканерді пайдаланып көріңіз;
- Егер екі сканнер де EMS-пен байланыс орната алмаса немесе VIN оқи алмаса, CHANGAN өкілетті дилеріне хабарласыңыз.

Микротолқындардың терезесі


Микротолқындар терезесі сыртта, алдыңғы әйнектің оң жақ жоғарғы бөлігінде орналасқан. Оны жаңбыр датчигінің немесе жол қатарынан шығуды бақылау датчигінің тіректері жауып қалмауы керек



Қозғалтқыштың моделі мен нөмірі

Қозғалтқыш моделінің нөмірі және қозғалтқыштың зауыттық нөмірі қозғалтқыш цилиндрлерінің блогында жазылған


1.8T қозғалтқышы



II. Автокөліктің қауіпсіздік жүйелері

Орындық

Орындықтың қалпы



Осы автокөлік моделі үшін орындықтың белгіленген қалпы және орындық арқалығының еңкею бұрышы (орындық көпшігінің қалыңдығын ескере отырып):

- Автокөлік салонының сыйымдылығы конструктивті түрде ұлғайтылған. Артқы жолаушыларға арналған кеңістік 15 мм-ге ұлғайтылды.
- Арқалықтың есептік еңкею бұрышы (тік сызық пен дене сызығы арасындағы бұрыш): осы модель үшін 25° құрайды.

Орындықтың қалпын реттеу

Соқтығысу кезінде максималды қорғанысты тек орындықты, бас тіреуішін, қауіпсіздік белбеуін және қауіпсіздік жастығын дұрыс пайдалану арқылы қамтамасыз етуге болады. Қозғалысты бастамас бұрын орындықтың қалпын реттеңіз. Орындық пен оның арқалығы дұрыс орналасқанына көз жеткізіңіз. Арқалықты тым қатты еңкейтпеңіз. Автокөлікті жүргізбес бұрын келесі әрекеттерді орындау керек:

- Орындықтың қалпын реттеңіз. Орындық пен оның арқалығы дұрыс орналасқанына көз жеткізіңіз. Арқалықты шамадан тыс еңкейтпеңіз.
- Бассүйегіштің биіктігін оның орталығы құлақтың жоғарғы деңгейінде болатындай етіп реттеңіз. Реттеген соң бассүйегіштің қажетті күйге бекітілгеніне көз жеткізіңіз.
- Жүргізуші орындығын рульден жеткілікті қауіпсіз қашықтықта болатындай етіп реттеңіз. Рульді қауіпсіздік жастығы жүргізушінің кеуде бөлігіне тікелей қарама-қарсы болатындай етіп реттеңіз.
- Арқалық қалпын реттеңіз: түзу отыру керек, арқа орындықтың арқалығына толығымен тиіп тұруы қажет.
- Қауіпсіздік жүйесін бекітіңіз. («Қауіпсіздік белбеулері» бөлімін қараңыз).

▲ НАЗАР АУДАРЫҢИЗ

- Тасымалдау ережелеріне сәйкес барлық жолаушы өз орындарына отырмайынша қозғалысты бастамаңыз.
- Жолаушыларды орындықтың бүктелген арқалығына, жүксалғышқа немесе жүктің үстіне отырғызып тасымалдамаңыз.
- Қозғалыс барысында апаттық тежеу немесе автокөліктің соқтығысуы салдарынан туындаған жарақаттануға немесе өлімге жол бермеу үшін көлік құралының орындықтары арасында тұруға немесе қозғалуға тыйым салынады.
- Орындық үстіне ауыр немесе өткір заттарды (мысалы, инелер немесе шегелер) қоймаңыз.
- Бүйірлік қауіпсіздік жастықтарымен жабдықталған орындықтарға тыстарды кигізбеңіз, оларды жөндемеңіз. Орындықтарды және олардың қаптамасын өз бетінше өзгертпеңіз. Әйтпесе, бүйірлік қауіпсіздік жастықтарының жұмысы бұзылуы мүмкін немесе олар кездейсоқ іске қосылып, бұл жарақатқа әкелуі мүмкін.
- Төтенше апаттық тежеу немесе соқтығысу кезінде дұрыс отырмаған немесе қауіпсіздік белбеуін тақпаған жолаушылар жарақат алуы мүмкін.

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Орындықты реттеген кезде қолыңызды орындықтың астына немесе басқа қозғалмалы бөліктердің жанына қоймаңыз, өйткені қолыңыз қысылып қалып, жарақат алуыңыз ықтимал.
- Орындықтың арқалығын тым қатты еңкейтпеңіз. Дұрыс отырмаған жағдайда қауіпсіздік белбеуінің бел тұсы ішті қысып тұруы және/немесе белбеудің иық тұсы мойынға тиіп тұруы мүмкін. Соқтығыс орын алған жағдайда бұл ауыр жарақатқа немесе тіпті өлімге әкелуі мүмкін.
- Қауіпсіздік жастығы үлкен күшпен ашылады. Дұрыс отырмау немесе қауіпсіздік белбеулерін дұрыс пайдаланбау автокөлік жүргізушісінің және/немесе жолаушылардың басына, мойнына және дененің басқа осал бөліктеріне зақым келтіруі мүмкін. Мұндай жарақат балаларды өлімге жетелеуі мүмкін.

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Автокөлік қозғалысы кезінде орындықтың қалпын реттеуге жол берілмейді. Бұл орындықтың кездейсоқ қозғалуына байланысты автокөлікті басқара алмай қалуға немесе жарақат алуға әкелуі мүмкін.
- Орындықтың астына бөгде заттарды қоймаңыз. Олар орындықтың бекіту механизмін зақымдауы мүмкін және/немесе орындықтың күйін реттеу тұтқасын кездейсоқ басып жіберіп, орындық жылжып кетуі және автокөлікті басқара алмай қалуыңыз мүмкін. Бұдан бөлек, бұл орындықты реттеу механизмін зақымдауы мүмкін.

ЕСКЕРТУ

Алдыңғы орындықтарға тыстарды (бөгде заттарды) орнатуға болмайды. Тыстардың орындыққа сәйкес келмейтін өлшемі, пішіні немесе оған дұрыс орналаспауы алдыңғы орындықтың қауіпсіздік жүйесін бұзуы мүмкін, сонымен қатар қауіпсіздік белбеуінің тағылмағаны туралы ескертуді іске қосады.

Алдыңғы орындықты механикалық жолмен реттеу ※



1. Орындықтың қалпын ілгері-кейін реттеу

Орындық ① астындағы реттеу тұтқасының ортаңғы бөлігін жоғары қарай тартып тұрып, орындықты қажетті қалыпқа сырғытыңыз. Реттеу тұтқасын жіберіңіз.


2. Орындықты биіктігі бойынша реттеу ※

Орындықты биіктігі бойынша ② реттеу тұтқасын жоғары қарай тартыңыз немесе төмен басыңыз - тек жүргізуші орындығы үшін.

3. Арқалықтың еңкею бұрышын реттеу

Арқалықтың еңкею бұрышын реттеу тұтқасын жоғары тартыңыз ③ да, оны қажетті бұрышпен реттеу үшін арқалыққа шалқайыңыз, содан кейін тұтқаны жіберіңіз.

Алдыңғы орындықты электрмеханикалық жолмен реттеу ✳



1. Орындықты қалпы мен биіктігі бойынша реттеу

Басқару қосқышын ① дұрыс бағытқа ауыстырыңыз да, жіберіңіз. Орындық тоқтап, бекиді.


2. Орындық арқалығының еңкеюін реттеу

Басқару қосқышын ② дұрыс бағытта еңкейтп, жіберіңіз. Орындық арқалығы тоқтап, бекиді.

3. Бел тіреуішін реттеу түймесі ✳

Бел тіреуішін реттеу түймесінің ③ алдыңғы шетін басыңыз, сол кезде тіреуіш алға шығады; түйменің ③ артқы жиегін бассаңыз, тіреуіш ішке кіреді. Тіреуіш қажетті қалыпқа жеткенде түймені жіберіңіз.

Орындықтарды жылыту ✳



- ① Жүргізуші орындығының жылытқышының ажыратқышы;
- ② Алдыңғы жолаушы орындығы жылытқышының ажыратқышы.

Жүргізуші мен алдыңғы жолаушының орындықтары жылытқышының ажыратқыштары орталық сенсорлы басқару тақтасында орналасқан.

Жылытқыш түймесін бір рет басқан кезде екі индикатор шамы жанады және орындықтарды жылыту функциясы «high» (жоғары) режимінде іске қосылады;

Жылытқыш түймесін қайта басқан кезде бір индикатор шамы жанады, ал орындықтарды жылыту функциясы «low» (төмен) режиміне ауысады;

Жылытқыш түймесін үш рет басқан кезде индикатор шам(дар)ы сөніп, орындықтарды жылыту функциясы өшеді.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Орындықты жылыту функциясын ұзақ уақыт қолданған кезде қызып кету немесе өртену қаупі туындауы мүмкін. Әсіресе жылыту функциясын ұзақ уақыт қолданған кезде абайлаңыз. Реттеу үшін қазіргі жағдайға сәйкес жылыту қосқышын пайдаланыңыз.


Орындықтарды жылыту функциясын қолданған кезде келесі жолаушыларға ерекше назар аудару ұсынылады:

- Егде жастағы адамдар, сәбилер, балалар, науқастар, мүгедектер және жүкті әйелдер;
- Терісі аса сезімтал жолаушылар;
- Қатты шаршау күйіндегі, мас күйдегі немесе дәрі-дәрмектердің (мысалы, ұйықтататын дәрі немесе суық тиюге қарсы дәрі) әсерінен ұйқылы-ояу күйдегі адамдар.

ЕСКЕРТУ

Жылыту функциясы қосылған кезде орындықты көрпемен, жастықпен немесе басқа да жылу оқшаулағыш заттармен жаппаңыз.

Орындықтарды жылыту / желдету ✳



- ① Жүргізуші орындығының жылытқышының ажыратқышы;
- ② Жүргізуші орындығы желдеткішінің ажыратқышы;
- ③ Алдыңғы жолаушы орындығы желдеткішінің ажыратқышы;
- ④ Алдыңғы жолаушы орындығы жылытқышының ажыратқышы.


Жүргізуші мен алдыңғы жолаушының орындықтары жылытқышының/желдеткішінің ажыратқыштары орталық сенсорлы басқару тақтасында орналасқан.

Жылытқыш/желдеткіш түймесін бір рет басқан кезде екі индикатор шамы жанады және орындықтарды жылыту функциясы «high» (жоғары) режимінде іске қосылады; Жылытқыш/желдеткіш түймесін қайта басқан

кезде бір индикатор шамы жанады, ал орындықтарды жылыту/желдету функциясы «low» (төмен) режиміне ауысады;

Жылытқыш/желдеткіш түймесін үш рет басқан кезде индикатор шам(дар)ы сөніп, орындықтарды жылыту функциясы өшеді.

Орындықтың қалпын және сыртқы артқы көрініс айналарын жадқа сақтау функциясы ✳



- ① Баптау түймесі;
- ② 1-қалыптың жад түймесі;
- ③ 2-қалыптың жад түймесі.

Бұл функция жүргізуші орындығының қалпын және алдыңғы сыртқы айналардың баптауларын, сондай-ақ артқы көрініс айналарына арналған баптауларды (артқа жүру кезіндегі көмекші) бір уақытта жадқа сақтауға мүмкіндік береді.

Орындықтың қалпы баптауларын бағдарламалау процедурасы:

1. Автокөліктің қуат көзін қосыңыз (ON күйі) да, берілістерді ауыстырып қосу селекторын «P» (Тұрақ) күйіне ауыстырыңыз;
2. Алдыңғы орындықты және сыртқы айналарды қажетті күйге келтіріңіз.
3. **SET** түймесін басыңыз. Дыбыс сигналынан кейін аспаптар тақтасында «Please press memory switch» (1 немесе 2 жад түймесін басыңыз) хабарламасы 3 секунд ішінде пайда болады.
4. **L1** немесе **L2** түймесін 3 секунд ішінде басыңыз. Ескерту сигналы естіліп, аспаптар тақтасында баптаулардың сәтті сақталғанын растайтын «Seat position stored successfully» (Орындықтың қалпы сәтті сақталды) хабарламасы пайда болады.

Артқа жүру кезінде сыртқы артқы көрініс айналарының қалпын бағдарламалау рәсімі (артқа жүру кезіндегі көмекші):

5. «InCall» экранында – «Vehicle setting» (Автокөлік баптаулары) – «Body setting» (Шанақ баптаулары), - Артқа жүру кезінде сыртқы артқы көрініс айналарының көмекшісі түймесін басыңыз.
6. Берілістерді ауыстырып қосу селекторын «R» күйіне ауыстырыңыз және сыртқы артқы көрініс айнасын қажетті күйге келтіріңіз.
7. Берілістерді ауыстырып қосу селекторын

«P» күйіне ауыстырыңыз. Айналардың реттелген күйі 4-қадамда таңдалған жад түймесіне сәйкес осы қалыпта автоматты түрде сақталады.

8. Жад баптаулары аяқталды.

Егер орындық пен айналар қалпы «1» немесе «2» жад түймелері арқылы орнатылса, сыртқы айнаның қалпын селектордың «R» күйіне реттеңіз. Берілістерді ауыстырып қосу селекторын «P» күйіне ауыстырғаннан кейін артқы көрініс айнасының күйін баптау автоматты түрде ағымдағы күйде сақталады, ал сыртқы айнаның бұрын сақталған реттеулері жойылады.

Жүргізуші орындығы мен артқы көрініс айналарын жадтан қалпына келтіру

1. Автокөліктің электр қуаты кез келген күйде болғанда берілістерді ауыстырып қосу селекторын «P» күйіне ауыстырыңыз. Автокөліктің есіктері жабылған кезде тиісті жад түймесін басыңыз, сонда орындықтар мен айналардың қалпы алға жылжу үшін таңдалған түйменің астында сақталған баптауларға сәйкес автоматты түрде өзгереді.

2. Берілістерді ауыстырып қосу селекторын «R» күйіне ауыстырыңыз. Егер артқа жүру көмекшісі іске қосылса, айналар қалпы бұрын сақталған баптауларға сәйкес автоматты түрде өзгертіледі. АБҚ селекторын «R» күйінен ауыстырып қосқаннан кейін автокөлік алға жылжыған кезде сол және оң

жақ сыртқы артқы көрініс айналары тиісті қалыпқа оралады.

Жайлы отыру және автокөліктен шығу функциясы

«InCall» экранында – «VehicleSetting» (Автокөлік баптаулары) – «BodySetting» (Шанақ баптаулары) басыңыз, «Seat comfort in and out» (Ыңғайлы отыру және шығу) функциясын қосу/өшіру басыңыз.

Жайлы шығу

Жайлы шығу функциясы қосылған кезде автокөліктің электр қуатын «ON» күйінен «OFF» күйіне ауыстырғаннан кейін жүргізуші есігін ашқан кезде орындық автоматты түрде артқа жылжиды.

Жайлы отыру

Автокөлікке отыру кезінде жүргізуші есігі жабылғаннан кейін және автокөліктің электр қуатын «OFF» күйінен «ACC» немесе «ON» күйіне ауыстырғаннан кейін жүргізуші орындығы қозғалтқышты тоқтатпас бұрын баптауларды ыңғайлы кіру/шығу күйінен соңғы реттелген күйге автоматты түрде өзгертеді.

ЕСКЕРТПЕ

Егер орындықты автоматты түрде реттеу кезінде орындықты реттейтін ауыстырып қосқышқа, сыртқы айналарды реттейтін ауыстырып қосқышқа немесе жад түймелеріне қол тиіп кетсе, онда реттеу процесі тоқтайды.


Егер автоматты реттеу кезінде қозғалтқыш іске қосылса, реттеу процесі тоқтайды. Қозғалтқыш сәтті оталғаннан кейін орындық сақталған күйге қозғалуын жалғастырады.

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Орындықтың жад функциясын дұрыс пайдаланбау салдары жарақатқа әкелуі мүмкін.

Автокөлік қозғалысы кезінде жад функциясы бар орындықты реттеуге тыйым салынады.

Бассүйегішті реттеу



Бассүйегішті көтеру: бассүйегішті жоғары қарай қажетті деңгейге дейін көтеріңіз.

Бассүйегішті түсіру: бекіткішті ① басып тұрып, бассүйегішті қажетті биіктікке түсіріңіз.

Бассүйегішті шығару: ① және ② қысқыштарын бірге басып тұрып, бассүйегішті жоғары көтеріп, шығарып алыңыз.

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Автокөлік жүріп келе жатқан кезде бассүйегішті реттемеңіз.
- Бассүйегіштің қорғаныш функциялары мүмкіндігінше адамның басына жақын болған кезде тиімдірек болады. Жастықтарды орындықтың арқалықтарына қоймаңыз.
- Бассүйегіштер тиісті күйге орнатылған кезде ғана автокөлікті жүргізуге рұқсат.
- Егер артқы орындықта жолаушылар болмаса, орындықтың бассүйегіштерін мүмкіндігінше төмен түсіріңіз, сонда олар көрініске кедергі келтірмейді.
- Егер бала бекіту жүйесін екінші қатардағы қозғалыс бағытына қаратылған орындыққа орнатқан кезде бассүйегіш жүйенің қалыпты жұмысына кедергі келтірсе, бассүйегішті көтеріңіз немесе шешіп алыңыз.

Артқы орындықтарды реттеу



Арқалық бекіткішінің тұтқасын көтеріңіз. Арқалықты дұрыс бұрышқа реттеңіз (екі күйге орнатуға болады), содан кейін бекіткіштің тұтқасын жіберіңіз.

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Егер артқы орындықтың ортасында жолаушы болса, орындықтың арқалығын бірдей бұрышқа 4:6 қатынасында реттеңіз.

Жүксалғыш көлемін ұлғайту

Орындық арқалығын тік күйге орнатыңыз. Бекітпеден босату үшін арқалық бекіткішін жоғары көтеріп, арқалықты алға еңкейтіңіз де, жүксалғыш көлемін ұлғайтыңыз.



Артқы орындықтың шынтақтаянышы



Шынтақтаянышты шығарып алу үшін артқы орындықтың арқалығының ортаңғы бөлігін төмен қарай тартыңыз.

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Егер қозғалыс кезінде шынтақтаяныш пайдаланылмаса, күрт тежеу немесе апат кезінде жарақат алу қаупін азайту үшін шынтақтаянышты жабық күйде ұстаңыз.


Қауіпсіздік белбеулері

Қауіпсіздік белбеулері – жүргізуші мен жолаушыларды жол-көлік оқиғалары болған кезде ауыр жарақаттардан қорғайтын тиімді құрал.

Соқтығыс орын алған немесе автокөлік күрт тежеген жағдайда үлкен инерция күші пайда болады. Мұндай жағдайда қауіпсіздік белбеулері жүргізуші мен жолаушыларды орындықтарда ұстап қалып, автокөлік салонының ішкі элементтеріне соғылудың алдын алады және кинетикалық энергияның көп мөлшерін сіңіреді, осының арқасында жүргізуші мен жолаушылардың жарақат алу қаупі азаяды.

Қауіпсіздік белбеулерін дұрыс пайдалану – қауіпсіздік жастықтарының дұрыс жұмыс істеуі үшін маңызды шарт.

Қауіпсіздік белбеулерін дұрыс пайдаланбау және дұрыс жайғаспау салдары төтенше жағдай туындаған кезде шұғыл тежеу және/немесе қауіпсіздік жастығының жедел ашылу нәтижесінде жүргізуші мен жолаушылардың бас, мойын және дененің басқа қорғалмаған бөліктеріне жарақат келтіруі мүмкін.



Қауіпсіздік деңгейін жоғарылату үшін қозғалысты бастау алдында қауіпсіздік белбеулерін пайдалану кезінде:

- Қауіпсіздік белбеуін дұрыс және сенімді түрде тағу керек;
- Орындықты дұрыс күйге келтіру керек.

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Қауіпсіздік белбеулері мен оның бөліктерінің күйін үнемі тексеріп отырыңыз. Зақымдалған немесе істемейтін қауіпсіздік белбеулерін дереу ауыстырыңыз.

Әр орындықтағы қауіпсіздік белбеуі тек бір адамның пайдалануына арналған.

ЖКО нәтижесінде қажалған, зақымданған жерлер пайда болған жағдайда және ауыр жүктемеге ұшырағаннан кейін белбеулер міндетті түрде ауыстырылуы керек.

Қауіпсіздік белбеулерін өзіңіз бөлшектемеңіз және/немесе өзгертпеңіз!

Жөндеу немесе ауыстыру қажет болған жағдайда CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

Бекітілген қауіпсіздік белбеулерін қыспаңыз, майыстырмаңыз, бұрамаңыз немесе өткір заттарға тигізбеңіз;

Белбеудің таспасына зақым келтірмеу үшін өткір немесе сынғыш заттарды бекіту үшін қауіпсіздік белбеуін пайдаланбаңыз;

Тым үлкен көлемді киім белбеудің дұрыс жұмысын бұзуы мүмкін;

Қауіпсіздік белбеулері таза болуы керек. Лас белбеулер белбеуді автоматты түрде тарту құрылғысының жұмысын қиындатады;

Қауіпсіздік белбеуінің құлпына бөгде заттардың түспегеніне көз жеткізіңіз. Әйтпесе, белбеуді дұрыс бекіту мүмкін емес.

Тағылмаған қауіпсіздік белбеуі туралы еске салу

Аспаптар тақтасындағы қауіпсіздік белбеуінің индикаторы жүргізуші мен алдыңғы жолаушыға қауіпсіздік белбеулерін бекіту қажеттілігін еске салады.



Егер жүргізуші және/немесе алдыңғы жолаушы қауіпсіздік белбеулерімен бекітілмеген болса, қауіпсіздік белбеуінің индикаторы жанады.

Егер жүргізуші және/немесе алдыңғы жолаушы қозғалыс кезінде қауіпсіздік белбеулерімен бекітілмеген болса, қауіпсіздік белбеуінің индикаторы жанып, ескертуші дыбыс сигналын береді.

Егер жүргізуші немесе алдыңғы жолаушы 5 минут ішінде қауіпсіздік белбеуін тақпаса, ескерту сигналы өшеді.

ЕСКЕРТПЕ

Егер тағылмаған қауіпсіздік белбеуі туралы еске салу жоғарыда көрсетілген қисынға сәйкес жұмыс істемесе, бұл оның дұрыс жұмыс істемейтінін көрсетеді. CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.


Қауіпсіздік белбеуінің дұрыс орналасуы

Үш нүктелі белбеудің бел аймағын белге емес, санға қарай мүмкіндігінше төмен орналастырыңыз;

Белбеудің иық бөлігін дененің жоғарғы жағына қолтық астынан емес, кеуде қуысы арқылы өткізіңіз.


Белбеуді тағу

1. Ілгек тілшігінен ұстап, белбеуді бірқалыпты созыңыз;
2. Белбеудің иық бөлігін иық арқылы, ал бел бөлігін жамбастан өткізіңіз;
3. Ілгекті белбеудің бекітілгенін растайтын сырт еткен дыбыс естілгенше қауіпсіздік белбеуінің айылбасына салыңыз. Белбеудің бұралмауын қадағалаңыз.



Белбеуді ағыту

Белбеуді ағыту үшін құлыптың қызыл түймесін басыңыз. Бұл кезде тілшік құлып ұясынан серіппе арқылы итеріліп шығарылады. Белбеудің толық тартылуын қамтамасыз ету үшін оны тілшігінен қолыңызбен ұстап бағыттаңыз.



Балаларға арналған қауіпсіздік белбеуін пайдалану

Автокөліктің қауіпсіздік белбеулері ересектердің пайдалануына арналған. 12 жасқа дейінгі балалар үшін арнайы баланы бекіту құрылғыларын пайдалану ұсынылады («Орындық» – «Бала бала бекіту құрылғысы» бөлімін қараңыз).

Егер бала бекіту құрылғысы үшін ересек болса, оны артқы орындықта қауіпсіздік белбеуімен бекітіп тасымалдаңыз.

Жүкті әйелдердің қауіпсіздік белбеуін пайдалануы

Жүкті әйелдер қауіпсіздік белбеуінің бел тұсын мүмкіндігінше төмен және ыңғайлы етіп орналастырып қолдануы керек.

Белбеудің иық бөлігін иықтан өткізіп, іштің үстінде тұрған белбеу таспасын жылжытыңыз.

▲ НАЗАР АУДАРЫҢИЗ

Қауіпсіздік белбеулерін қолданар алдында дәрігермен ақылдасыңыз. Жүкті әйел мен оның баласының қауіпсіздігі үшін қауіпсіздік белбеулерін пайдаланған кезде сақтық шараларды сақтау бойынша дәрігердің ұсыныстарын бұлжытпай орындаңыз.


Зардап шеккендер мен мүгедектер үшін қауіпсіздік белбеуін пайдалану

Дәрігердің ұсыныстарын орындаңыз. Қауіпсіздік белбеуін нақты жағдайға сәйкес пайдаланыңыз.

Жүргізуші мен алдыңғы жолаушының қауіпсіздік белбеуі

Қауіпсіздік белбеуінің жоғарғы бекіту нүктесін реттеу

Қауіпсіздік белбеуінің жоғарғы бекіту нүктесін биіктік бойынша (биіктікті реттеу түймесін басу арқылы) үш қолжетімді күйге реттеуге болады. Орындықтың биіктігіне, күйіне және физиологиялық ерекшеліктеріне байланысты ең ыңғайлы күйді баптаңыз.



▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Автокөлік қозғалысы кезінде белбеудің күйін реттемеңіз.

Қауіпсіздік белбеуінің күшін шектеу

Алдыңғы орындықтардың қауіпсіздік белбеуінің алдын ала тартқыштары күшті реттей алады.

Бетпе-бет қатты соқтығыс болған жағдайда белбеудің кеудеге қысымы белгіленген мәннен асып кетсе, белбеуді тарту механизмі белбеудің кеудеге түсіретін қысымын азайту үшін белбеудің белгілі бір ұзындығын босатады.

Қауіпсіздік белбеулерінің тартқыштары ※

Алдыңғы орындықтардың қауіпсіздік белбеулері алдыңғы орындықта жолаушылар болмаған кезде де іске қосылатын алдын ала тарту құрылғысымен жабдықталған.

Бетпе-бет қатты соқтығысқан жағдайда тартқыш іске қосылады да, қауіпсіздік белбеуінің бос таспасы автоматты түрде тартылады.

Қауіпсіздік белбеуі алдыңғы жолаушының денесін мықтап бекітіп, оны барынша қорғауды қамтамасыз ететініне көз жеткізіңіз. Қауіпсіздік белбеуінің тартқыштарын іске қосу кезінде қатты тарс еткен дыбыс естіледі, содан кейін аз мөлшерде түтін мен шаң шығады, бұл қалыпты жағдай және зиянды

емес. Алайда бұл заттар теріде аллергиялық реакция тудыруы немесе тыныс алуды қиындатуы мүмкін. Тартқыштар іске қосылғаннан кейін теріні мұқият тазалап, салонды желдету ұсынылады.

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Іске қосылғаннан кейін немесе автокөлікті 10 жыл пайдаланғаннан кейін қауіпсіздік белбеулерінің тартқыштары жүйесін ауыстыру қажет болса, CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.


Тартқыштар жүйесіне барлық тексеру мен қызмет көрсетуді тікелей CHANGAN өкілетті сервистік станциясында жүргізу ұсынылады.

SRS жүйесін қайта жабдықтауға немесе бөлшектеуге, контроллер мен қауіпсіздік жастықтары датчиктерін соққылауға, SRS басқару схемасына өз бетінше өзгерістер енгізуге қатаң тыйым салынады. Әйтпесе, бұл тартқыштың өздігінен іске қосылуына немесе ақаулығына әкеп соғуы ықтимал.

Мыналарға тыйым салынады: тартқыштың компоненттерін қайта жабдықтауға, алуға, соғуға немесе ашуға, сонымен қатар қосылысты үзуге немесе жүйеге араласуға. Әйтпесе, бұл тартқыштың өздігінен іске қосылуына немесе ақаулығына әкеп соғуы ықтимал.

Артқы қатардағы орындықтардың қауіпсіздік белбеулері

Артқы қатардағы орындықтар үш нүктелі қауіпсіздік белбеулерімен жабдықталған. Артқы қатардағы жолаушылар қауіпсіздік белбеулерін дұрыс тағуы керек. Егер автокөлік қозғалыссыз болса, қауіпсіздік белбеуін босатыңыз және қауіпсіздік белбеу тоғасын сақтау ұясына салыңыз. Қауіпсіздік белбеуінің тоғасы арқалықтың жанындағы орындықтың көпшігінде орналасқан.



Балалардың қауіпсіздігі

Балаларды тасымалдау қағидалары

12 жасқа дейінгі немесе бойы 150 см дейінгі балаларды артқы орындықта міндетті түрде бала бекіту құрылғысын пайдалана отырып тасымалдау керек. Егер баланың бойы бала бекіту құрылғысы үшін үлкен болса, міндетті түрде қауіпсіздік белбеуін қолданыңыз.

Балаларды автокөліктің ішінде жалғыз қалдырмаңыз, себебі олар:

- Есікті ашып жіберіп, басқа адамдарға немесе жол қозғалысы қатысушыларына қауіп төндіруі;
- Автокөліктен шығып кетіп, басқа автокөліктердің қозғалысына кедергі немесе өзіне зиян келтіруі;
- Жазатайым оқиғалар мен жарақат алу қаупін тудыратын автокөліктің қозғалысына себепкер болуы мүмкін.

Жабық автокөліктің іші қызып кетіп, балалар көліктен шыға алмай қалған жағдайда олардың ауыр жарақат алуына немесе тіпті өліміне әкелуі мүмкін. Бала автокөлікке бөтен адамдардың кіріп кетуі ықтималдығына байланысты басқа да жарақаттар алуы мүмкін.



▲ НАЗАР АУДАРЫҢИЗ

Балаларды тіпті өте қысқа уақытқа да автокөлікте жалғыз қалдырмаңыз.

Автокөлік қозғалысы кезінде баланы тізеге отырғызып немесе қолға алып тасымалдауға тыйым салынады.

Мыналарға тыйым салынады:

- Баламен бірге бір қауіпсіздік белбеуін пайдалану.
- Екі немесе одан да көп жолаушының бір белбеуін бірге пайдалану.

Қауіпсіздік белбеуінің күйін ауық-ауық тексеріп отырыңыз, өйткені бала қозғалғанда, белбеудің дұрыс күйі өзгеруі мүмкін.

Бала бекіту құрылғысы

Ұлттық қауіпсіздік стандарттарына сәйкес келетін бала бекіту құрылғысын қолдануға кеңес береміз.

Тиісті бала бекіту құрылғысын таңдау және сатып алу үшін баланың бойын, жасын және салмағын ескеру қажет.

Бала бекіту құрылғысын құрылғы өндірушісінің нұсқауларына қатаң сәйкестікпен орнатыңыз және пайдаланыңыз.

Егер бала бекіту құрылғысы дұрыс орнатылмаса және қолданылмаса, балаға ауыр, мүмкін өлімге жетелейтін жарақат келтірілуі мүмкін.



Қауіпсіздік жастығымен жабдықталған алдыңғы орындыққа (белсенді күйде) қозғалыс бағытына теріс қаратылған бала бекіту құрылғысын орнатпаңыз. Бұның салдары ауыр жарақаттарға немесе өлімге

әкелуі мүмкін.



▲ НАЗАР АУДАРЫҢИЗ

Бала бекіту құрылғысын тек екінші қатардағы орындықтардың шетіне орнатуға болады. Оны алдыңғы жолаушының орындығына немесе үшінші қатардағы орындыққа орнатпаңыз ✖.

ISOFIX жүйесі бар бекіту құрылғысын орнатпас бұрын екінші қатардағы орындықтың арқалығының бекітіліп тұрғанын тексеріңіз.

Бала бекіту құрылғысын орнатқаннан кейін оның сенімді бекітілгеніне көз жеткізу үшін оны ілгері-кейін, солға және оңға қарай жұлқып көріңіз. Рұқсат етілген люфт 25 мм-ден аспауы тиіс.

Әр қолданар кезде бала бекіту құрылғысының мықтап бекітілгеніне көз жеткізіңіз.

Үш нүктелі қауіпсіздік белбеуімен бекітілетін құрылғылар үшін қауіпсіздік белбеуі құрылғы арқылы бұралмай өтетінін, ал қауіпсіздік белбеуінің ілмегі белбеудің тоғасына бекітілгенін тексеріңіз.

▲ НАЗАР АУДАРЫҢИЗ

Бала бекіту құрылғысының астына немесе артына жастықтарды немесе басқа заттарды төсеуге тыйым салынады.

Егер бала бекіту құрылғысы күн сәулесінің тікелей әсеріне ұшыраса, онда қауіпсіздік белбеуі мен құрылғының өзі қызып, бала күйіп қалуы мүмкін. Қолданар алдында орындық тысы мен тоғасының температурасын тексеріңіз.

Егер сіз бала бекіту құрылғысын пайдалануды жоспарламасаңыз, оны бекіту жүйелері арқылы автокөлікке бекітіңіз немесе шешіп алыңыз.

Егер қауіпсіздік жүйесі немесе бекіту жүйесі апат кезінде зақымдалған немесе ақаулы болса, диагностикалау және/немесе жөндеу үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Баланың дене бітімі мен салмағына сәйкес келетін бала бекіту құрылғысын қолданыңыз.

ISOFIX бекіту жүйесін тек ISOFIX жүйесімен жабдықталған бала бекіту құрылғылары үшін пайдаланыңыз.

ISOFIX бекіту жүйесіне ISOFIX жүйесімен жабдықталмаған қауіпсіздік белбеулерін, бала орындығын немесе кез келген басқа құрылғыны жалғамаңыз.

Бала орындығының орналасуы мен оны бекіту тәсілін А.1 және А.2 кестелерінде көрсетілген деректерге сәйкес ескеру қажет.


ISOFIX жүйесінің белгісі

ISOFIX – бұл екінші қатардағы орындыққа бала бекіту құрылғысын бекітуге арналған стандартты жүйе.

ISOFIX сипаттамаларына сәйкес келетін бала бекіту жүйесінің бекіту нүктелері артқы орындықтың арқалығына орнатылады. «ISOFIX» белгісі бала бекіту жүйесінің бекіту нүктелерін тез табуға көмектеседі.


**ISOFIX бекіткіштерінің орналасқан жері****ISOFIX жоғарғы бекіту нүктелері**

Жоғарғы бекіту нүктелері артқы орындықтың арқалығының артқы жағында орналасқан.



ISOFIX төменгі бекіту нүктелері

Төменгі бекіту нүктелері екінші қатардағы орындықтың көпшігінің және арқалықтың түйіскен жерінде орналасқан және орындықтың қаңқасына бекітілген.



Бала бекіту құрылғысын орнату жөніндегі нұсқаулықты «Бала бекіту құрылғысын пайдалану жөніндегі нұсқаулықтан» қараңыз. Бала бекіту құрылғысы ISOFIX бекітпесімен жабдықталған екінші қатардағы орындыққа орнатылады.

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Бір бекіткішке бірден бірнеше бала бекіту құрылғысын бекітпеңіз. Жүктеме дұрыс бөлінбейтіндіктен, бекіткіштер сынып кетіп, соның салдарынан бала ауыр жарақат алуы немесе тіпті мертігуі мүмкін.

ЕСКЕРТУ

Бала бекіту құрылғысын автокөліктің орындығына сенімді бекіту үшін бассүйегішті көтеріп қою немесе шешіп алу қажет болуы мүмкін.

Егер бала бекіту құрылғысы жоғарғы бекіту нүктесінде белбеумен бекітілетін болса, онда белбеуді бассүйегіштің екі бағыттауышының арасына өткізу керек.

Бала бекіту құрылғысын орнатпас бұрын ISOFIX бекіткіштеріне еркін қол жететінін тексеріңіз. ISOFIX бекіткіштері дұрыс орнатылған бала бекіту құрылғысының жүктемесіне төтеп береді. Бекіткіштерге қауіпсіздік белбеулерін, арқандарды және басқа заттарды немесе құрылғыларды бекітуге тыйым салынады.

Бала бекіту құрылғыларының әртүрлі күйде қолданылуы

А.1 кестесі. Бала бекіту құрылғысының әртүрлі күйлерде қолданылуы

| Салмақ санаты | Орындықтың күйі (немесе басқа күйлер) | | |
|----------------------|---------------------------------------|----------------------------------|---------------------------------|
| | Алдыңғы жолаушы орындығы | Артқы қатардағы шеткі орындықтар | Артқы қатардағы ортаңғы орындық |
| 0 санаты (10 кг аз) | X | U/L | X |
| 0+ санаты (13 кг аз) | X | U/L | X |
| I санат (9-18 кг) | X | U/L | X |
| II санат (15-25 кг) | X | U/L | X |
| III санат (22-36 кг) | X | U/L | X |

U: салмақ санатына сәйкес әмбебап кластағы бала орындығына сәйкес келеді;

OUF: салмақ санатына сәйкес алға қаратылған әмбебап кластағы бала орындығына сәйкес келеді;

L: тізімдегі арнайы кластағы бала орындығына сәйкес келеді. Мұндай бекіту құрылғыларын арнайы мақсаттағы, пайдалануы шектеулі немесе жартылай әмбебап класты автокөліктерге орнатуға болады;

B: салмақ санатына сәйкес кіріктірілген бала орындығына арналған;

X: орындық бұл салмақ санатындағы бала орындығына сәйкес келмейді.

А.2 кестесі ISOFIX бекіткіші бар бала бекіту құрылғыларын орнату

| Салмақ санаты | Өлшем класы (*) | Қысқыш құрылғы (бекіткіш) | ISOFIX жүйесінің автокөліктегі орналасуы | | |
|----------------------|-----------------|---------------------------|--|----------------------------------|---------------------------------|
| | | | Алдыңғы жолаушы орындығы | Артқы қатардағы шеткі орындықтар | Артқы қатардағы ортаңғы орындық |
| Тасымалданатын бесік | F | ISO/L1 | X | IL | X |
| | G | ISO/L2 | X | IL | X |
| | | (1) | X | X | X |
| 0 санаты (10 кг аз) | E | ISO/R1 | X | IL | X |
| | | (1) | X | X | X |
| 0+ санаты (13 кг аз) | E | ISO/R1 | X | IL | X |
| | D | ISO/R2 | X | IL | X |
| | C | ISO/R3 | X | IL | X |
| | | (1) | X | X | X |
| I санат (9-18 кг) | D | ISO/R2 | X | IL | X |
| | C | ISO/R3 | X | IL | X |
| | B | ISO/F2 | X | X | X |
| | B1 | ISO/F2X | X | X | X |
| | A | ISO/F3 | X | X | X |
| | | (1) | X | X | X |
| II санат (15-25 кг) | | (1) | X | X | X |
| III санат (22-36 кг) | | (1) | X | X | X |

(1): Таңбаланбаған бала бекіту жүйелеріне (A–G) келетін болсақ, ISO/XX өлшемдер санатына сәйкес автокөлік өндірушісі әр салмақ санаты бойынша әр орындық үшін ұсынылатын арнайы ISOFIX бала бекіту құрылғысын көрсетуі керек.

IUF — бұл өлшемді сыныптың ISOFIX жалпы алға бағытталған бала бекіту жүйесіне қатысты қолданылады.


IL — тізімдегі арнайы ISOFIX бала бекіту жүйесіне қатысты. Мұндай бекіту жүйелері арнайы, шектеулі немесе жартылай әмбебап ISOFIX жүйелері болуы мүмкін.


X — ISOFIX бала бекіту жүйесін қолдануға рұқсат етілмейді, салмақ тобына және/немесе өлшемдер санатына жатады.


(*) – ISOFIX өлшем класы ISOFIX бала орындықтарында көрсетілген «A» мен «G» аралығындағы бас әріптермен белгіленеді.

Артқы бүйір есіктердегі балаларға арналған қауіпсіздік құлпы

Артқы бүйір есіктердегі балаларға арналған қауіпсіздік құлпы артқы бүйір есіктерді өздігінен құлыптай алады. Құлыпты іске қосқан кезде артқы бүйір есіктерді ішінен ашу мүмкін емес. Оларды тек сыртынан ашуға болады.



Іске қосу: Артқы бүйір есіктің бүйір жағындағы бала қауіпсіздігі құлпын бекітілген күйге ауыстырыңыз . Іске қосылғаннан кейін құлыптың дұрыс жұмыс істейтініне көз жеткізіңіз.

Ажырату: Артқы бүйір есіктің бүйір жағындағы бала құлпын ашық күйге ауыстырыңыз .

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Егер бала автокөліктің ішінде болса, әрдайым қауіпсіздік құлпын қосып қойыңыз. Олай болмаған жағдайда бала есікті ашып жіберіп, өзіне және/немесе басқа адамдарға/жол қозғалысы қатысушыларына зиян келтіруі мүмкін.

Қауіпсіздік жастықтары (Airbag)

Қауіпсіздік жастығы – қосымша бекіту жүйесінің (SRS) элементі.

SRS жүйесі қауіпсіздік белбеулеріне көмекші құрал және оларды толығымен алмастыра алмайды. Көлік қозғалысы барысында әрдайым қауіпсіздік белбеулерін тағып отырыңыз. Қозғалысты бастамас бұрын орындықтың күйін дұрыс реттеңіз («Орындық» бөлімін қараңыз).

Жүргізуші мен жолаушылардың жарақаттану қаупін азайту үшін қатты соқтығыс болғанда, қауіпсіздік жастығы ашылған кезде жолаушы мен автокөліктің салон қаптамасы арасында буфер пайда болады.

▲ НАЗАР АУДАРЫҢИЗ

Қауіпсіздік жастықтары осы автокөлік моделі үшін арнайы конфигурацияланған. Басқа нұсқалармен немесе үлгілермен ауыстыруға болмайды, әйтпесе, бұл қауіпсіздік жүйесінің бұзылуына және жарақат алуға әкеледі.

Қауіпсіздік жастықтары іске қосылғаннан кейін немесе автокөлік 10 жыл пайдаланылғаннан кейін оның дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін қауіпсіздік жастықтарының бүкіл жүйесін ауыстыру қажет. CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

SRS жүйесінің элементтерін, қауіпсіздік жастықтарын және тиісті компоненттерді алып тастауға, бөлшектеуге, өзгертуге, жөндеуге немесе зақымдауға (ұрып-соғуға, кесуге немесе өртеуге) тыйым салынады, өйткені бұл SRS жүйесінің істен шығуына немесе дұрыс жұмыс істемеуіне әкелуі мүмкін, осылайша жүргізуші мен жолаушылардың қажетті қауіпсіздігі қамтамасыз етілмейді. Апат болған жағдайда — бұл ақауға немесе кездейсоқ ашылып кетуге, ауыр шығындарға немесе жарақаттарға әкелуі мүмкін!

SRS бекіту жүйесінің кез келген ақауы анықталған жағдайда диагностикалау және/немесе жөндеу үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

Жарақат алмау үшін қауіпсіздік жастығын өз бетінше тексермеңіз немесе жөндемеңіз!

▲ НАЗАР АУДАРЫҢИЗ

Қауіпсіздік жастықтарының орналасқан жері AIRBAG белгісімен көрсетілген. Жастықтар ашылатын беттерді жаппаңыз және осы аймаққа ешқандай заттарды қоймаңыз.

Жолаушы мен қауіпсіздік жастығының арасына адамдарды, жануарларды отырғызуға немесе бөгде заттарды орналастыруға тыйым салынады.

Қауіпсіздік жастығы іске қосылған кезде күйіп қалу немесе тұтану қаупін болдырмау үшін қозғалыс барысында темекі шекпеңіз.

12 жасқа дейінгі балаларды екінші қатардағы орындықтарға арнайы бала бекіту құрылғысына отырғызып тасымалдаңыз.

SRS жүйесі жұмысының сипаты


SRS жүйесі автокөліктің қуат көзі қосылған кезде ғана белсенді болады («ON» күйі). Қауіпсіздік жастығы қажет болған жағдайда ашылады. SRS жүйесінің бақылау шамы ақаусыз болуы керек («Аспаптар тақтасы» бөлімін қараңыз).

Автокөлік шанағының зақымдану дәрежесі қауіпсіздік жастықтарының ашылуына әсер етпейді. Автокөліктің соқтығысу фактісі қауіпсіздік жастығының міндетті түрде іске қосылу шарты емес. Қауіпсіздік жастықтары кез келген соқтығысу кезінде ашылмауы керек. Олар бірқатар факторлардың жиынтығы әсерінен ашылады және мыналарды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді: соқтығысу кезіндегі автокөліктің жылдамдығы, соқтығысу бұрышы және соқтығысу кезіндегі баяулау жылдамдығы.

Автокөлік қатты және пішімі өзгермейтін заттарға соқтығысқанға қарағанда, қозғалмалы немесе пішімі өзгертін, әсер ету күшін сіңіретін қорғаныс білеуі мен ағаш сияқты нысандарға соқтығысқан кезде қауіпсіздік жастығының ашылу жылдамдығы жоғарылауы болады.

Егер соқтығысу шұғыл тежеу кезінде орын алса, онда соқтығысу кезіндегі соққы күші қауіпсіздік жастығының ашылуы үшін жеткілікті болмауы мүмкін, сондықтан осындай жағдайларда қауіпсіздік жастығы іске қосылмауы ықтимал.

Автокөлік бірнеше рет соқтығысқан жағдайда іске қосылу талаптары орындалған кезде қауіпсіздік жастықтары тек бір рет ғана ашылады. Шамалы соққы күшімен бірнеше рет соқтығысқан кезде қауіпсіздік жастықтары ашылмауы мүмкін (①), алайда кейінгі қатты соқтығыс болған кезде олар ашылу үшін қажетті соққы күшіне жеткенде іске қосылуы мүмкін (②).




⚠️ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

SRS жүйесінің ақаусыз екеніне көз жеткізіңіз. Жүйе индикаторының шамы ақаулы болса, диагностикалау және/немесе жөндеу үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз. Әйтпесе, соқтығысқан кезде қауіпсіздік жастығы іске қосылмауы мүмкін, бұның салдарынан зақым және/немесе жарақат келуі мүмкін.

Егер автокөлік су кедергісінен өтсе және/немесе салон дымқылданған болса, қауіпсіздік жастықтарының контроллері дұрыс жұмыс істемей қалмас үшін оны диагностикалау және/немесе жөндеу мақсатында CHANGAN өкілетті сервис орталығына дереу хабарласыңыз. Әйтпесе, бұл кездейсоқ іске қосылу немесе қауіпсіздік жастықтарын ашу алгоритмін бұзу салдарынан апатқа әкелуі және/немесе жарақатқа ұшыратуы мүмкін.

SRS жүйесінің жұмыс принципі

1. Автокөлік соқтығысқан кезде SRS жүйесінің датчигі соққы күшін анықтайды. Егер ол белгіленген мәннен асып кетсе, қауіпсіздік жастығының контроллеріне жастықтардың ашылуына жауап беретін сигнал беріледі;
2. Контроллерден сигнал алғаннан кейін қауіпсіздік жастығы үрленіп ашылып, адам денесі мен салонның элементтері арасында қорғаныс кеңістігін жасайды;



3. Қауіпсіздік жастықтары соққы күшін сіңіреді, ал қауіпсіздік белбеуі бас пен дененің жоғарғы жағын ықтимал зақымданудан және/немесе жарақаттан қорғайды.



4. Қауіпсіздік жастықтары ашылғаннан кейін адамға тиетін әсерді азайту үшін тез жиырылады.

⚠️ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Қауіпсіздік жастықтары ашылғанда тарс еткен дыбыс естіліп, түтін шығады – бұл пиропатронды (газ генераторын) іске қосқан кездегі әдеттегі процесс.

Ашылған кезде шығарылатын ұнтақ улы емес, бірақ ол тыныс алуды қиындатады және/немесе теріні тітіркендіруі мүмкін. Салонды желдету үшін терезелерді дереу ашыңыз. Көзіңізді, барлық кесілген жерді және/немесе жараларды жақсылап шайыңыз.

Қауіпсіздік жастықтары ашылғаннан кейін SRS жүйесінің кейбір компоненттері өте ыстық болуы мүмкін. Оларды суығаннан кейін ғана ұстаңыз. Егер абайсызда қолыңыз тиіп кетсе, инфекцияның алдын алу үшін дереу мол сумен шайыңыз.

Қауіпсіздік жастығы бірден үлкен күшпен ашылады, оның салдарынан жарақат келеді, оның ішінде сызаттар, көгерулер және сүйектердің сынуы болады.

Қауіпсіздік жастығы – бұл бір рет қолданылатын элемент. Егер жастық ашылса, оны жаңасына ауыстыру керек.


SRS жүйесі ақауының индикаторы

SRS жүйесі ақауының индикаторы қызыл түсті.



Оталдыру жүйесі қосылған кезде (ON күйі) SRS жүйесінің және қауіпсіздік жастықтарының индикаторы шамамен 3~6 секундқа қосылып, содан кейін өшеді. Жүйе дұрыс жұмыс істеп тұрған кезде индикатор сөніп тұрады.

Қауіпсіздік жастықтары



- A: Жүргізушінің қауіпсіздік жастығы;
 B: Алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығы;
 C: Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары ※;
 D: Қауіпсіздік қалқалары ※.

Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары

Алдыңғы қауіпсіздік жастығы туралы ақпарат алдыңғы жолаушының күнқағарында орналастырылған. Онымен мұқият танысыңыз.

Жүргізушінің қауіпсіздік жастығы

Жүргізушінің қауіпсіздік жастығы рульде, «SRS AIRBAG» деген жазуы бар қаптаманың астында орнатылған. Ол іске қосылудың барлық шарты орындалған бетпе-бет соқтығысу кезінде ашылады.



Алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығы

Алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығы (АҚЖ) автокөліктің аспаптар тақтасында оң жағынан «AIRBAG» деген жазуы бар ұсақ-түйек тартпасының үстінде орнатылады. Ол іске қосылудың барлық шарты орындалған бетпе-бет соқтығысу кезінде ашылады.



▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Алдыңғы орындыққа жүріс бағытына теріс қаратылған бала бекіту құрылғысын орнатуға, сондай-ақ онда 12 жасқа толмаған және/немесе бойы 150 см аласа баланы тасымалдауға тыйым салынады. Қауіпсіздік жастығының ашылуы балаға жарақат келтіруі мүмкін

Автокөлік жүріп келе жатқан кезде дұрыс отырыңыз. Аспаптар тақтасына аяқтарыңызды қоймаңыз.

Алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығының сәндік қаптамасын сақтау жүйесі ретінде пайдаланбаңыз.


Алдыңғы жолаушы жақтағы аспаптар тақтасына және алдыңғы әйнекке заттарды қоймаңыз.

Мысалы, навигация жабдығына немесе ұялы телефонға арналған кронштейндерді немесе бекіткіштерді (соның ішінде жабысқақ таспаны пайдаланып), сондай-ақ қауіпсіздік жастығы ашылатын аймақта алдыңғы жолаушы жағынан басқа жабдықты орнатпаңыз.


Алдыңғы қауіпсіздік жастығы ашылатын жағдайлар

Төмендегі жағдайлар – алдыңғы қауіпсіздік жастығы ашылуы ықтимал соқтығысуға жүргізілген сынақ кезіндегі стандартты зертханалық жағдайлар. Алайда нақты соқтығысқан кезде қауіпсіздік жастығының іске қосылуы соқтығысу кезінде пайда болатын баяулаудың жастықтың ашылу шарттарына сәйкес келуіне байланысты.


1. Қозғалмайтын және пішімі өзгермейтін бетон қабырғаға 30 км/сағ астам жылдамдықпен бетпе-бет соқтығысқан кезде:



2. Автокөлік қозғалмайтын және пішімі өзгермейтін бетон бағанасына (бағанасына) 35 км/сағ астам жылдамдықпен бетпе-бет соқтығысқан кезде.



3. Автокөлік қозғалыс бағытына көлденең бағытта 30 градустан аспайтын бұрышпен, қозғалмайтын әрі пішімі өзгермейтін бетон қабырғаға 35 км/сағ жоғары соқтығысу нүктесінде қозғалыс жылдамдығымен бетп-бет соқтығысқан кезде.




Алдыңғы қауіпсіздік жастығы автокөліктің қатты бетп-бет соқтығысуға немесе бүйірден тиген соққы күшіне ұшырайтындай әсерге тап болғанда, сондай-ақ келесі пайдалану жағдайларында іске қосылуы мүмкін:


1. Автокөлік баспалдақтармен, жиектастармен, тротуардың жиектерімен немесе басқа ұқсас көтеріңкілеу кедергілермен соқтығысқан кезде;



2. Автокөліктің алдыңғы бөлігі өрден төмен түскенде, биік жиектастан немесе баспалдақтан ұшып түсу сәтінде жер бетіне соғылғанда;




3. Терең шұңқырға немесе ойыққа түскен кезде немесе шассидің негізгі бөлігі зақымданған кезде;



Алдыңғы қауіпсіздік жастығының іске қосылу ықтималдығы соқтығыс болған кезде автокөліктің белгілі бір теріс үдеуіне қол жеткізілгеніне байланысты. Алайда алдыңғы қауіпсіздік жастығы келесі жағдайларда тіпті біршама жоғары жылдамдықта да ашылмауы мүмкін:

1. Автокөліктер бетпе-бет соқтығысқан немесе белгілі бір бұрышпен (жабынмен) соқтығысқан кезде;



Қозғалыс бағытында автокөлікке әсер ету азаяды, өйткені екі автокөліктің де үлкен энергия сіңіретін деформация аймақтары бар.

2. Автокөлік жүк көлігінің бүйіріне немесе артына соқтығысқан кезде;



① Жүк көлігінің қорғаныс құралы – пішімі өзгереді, беріктігі төмен.


② Егер соқтығысу нүктесі автокөлік капотының аймағына немесе одан жоғары келсе, онда автокөліктің теріс үдеуі немесе әсер ету күші белгіленгеннен едәуір төмен болуы мүмкін және қауіпсіздік жастығының ашылу жағдайларына сәйкес келмейді.

3. Автокөлік ағашқа немесе майысатын шағын бағанға соғылған кезде;



Алдыңғы қауіпсіздік жастығы ашылмауы мүмкін, өйткені зардап шеккен нысандар құлап немесе сынып кетуі мүмкін.


4. Автокөлік бетон қабырғасына немесе жүрдек автомагистраль қоршауына соқтығысқан кезде;




5. Егер сіздің автокөлігіңізге басқа автокөлік соғылса және сіздің автокөлігіңіздің алдыңғы және бүйір бөліктері зақымдалмаса;




6. Автокөлік бір бағытта келе жатқан басқа автокөліктің артқы жағына соғылған кезде автокөліктің алдыңғы және бүйір бөліктері қатты зақымдалмаса;




7. Автокөлік аударылған немесе төңкерілген кезде;



8. Бүйірмен соқтығысқан кезде, соққы қозғалтқыш бөлігіне немесе жүксалғыш есігіне түссе;



9. Автокөлік шарбақ немесе қоршау сияқты икемді және пішімі өзгеретін нысандармен соқтығысқан кезде.



Бүйірлік қауіпсіздік жастығы ✖

Алдыңғы есіктің қуысында бүйірлік қауіпсіздік жастықтары туралы ескерту ақпараты бар. Ондағы ақпаратпен мұқият танысыңыз.

Бүйірлік қауіпсіздік жастығы орындықтың арқалығына кіріктірілген және «AIRBAG» жазуымен белгіленген. Бүйірлік қауіпсіздік жастығы, іске қосу шарттары сақталғанда, бүйірден соққы тиген жағдайда ашылады, жолаушы мен ішкі әрлеу элементтері арасында буфер жасап, кеуде қуысын бүйірден қорғауды қамтамасыз етеді.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Қауіпсіздік жастығымен жабдықталған орындықтарға қосымша тыстарды немесе жұмсақ жастықшаларды орнатпаңыз. Мұндай тыстарды пайдалану жүйенің тиімділігін төмендетіп, тіпті оны толығымен бейтараптандырады.

Орындықтардың қаптамасын өз бетінше өзгертпеңіз. Бұл қауіпсіздік жастығының дұрыс жұмыс істемеуіне немесе іске қосылған кезде кездейсоқ жарақат алуға әкелуі мүмкін!

Киімді орындықтың арқалығына іліп қоймаңыз.

Бүйірлік қауіпсіздік қалқалары ✘

Үрленетін бүйірлік қауіпсіздік қалқалары салонның тіреулеріндегі қаптаманың астында және алдыңғы және артқы есіктердің ойықтары үстінде орналасқан. «A/B/C» тіреулерінде «AIRBAG» деген жазба белгісі бар. Бүйірлік қауіпсіздік қалқалары жолаушылар мен автокөлік салонының ішкі элементтері арасында қорғаныс буферін жасай отырып, барлық іске қосылу жағдайын ескере отырып, бүйірмен соқтығысу жағдайында ашылады.




▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Қауіпсіздік қалқаларының орналасқан жерлеріне басыңызды немесе денеңізді сүйеңіз. Қалқалардың ашылу аймағы – автокөліктің бүйір терезелерінің ойықтары. Орындықтың арқалығы мен бүйірлік есіктердің арасына ешқандай зат қоймаңыз.


Бүйірлік қауіпсіздік жастықтарының ашылу шарттары

Төмендегі жағдайлар – бүйірлік қауіпсіздік жастығы ашылуы ықтимал соқтығысуға жүргізілген сынақ кезіндегі стандартты зертханалық жағдайлар. Алайда нақты соқтығысқан кезде қауіпсіздік жастығының іске қосылуы соқтығысу кезінде пайда болатын баяулаудың жастықтың ашылу шарттарына сәйкес келуіне байланысты.

1. Егер автокөлігіңіз қозғалыс бағытына перпендикуляр бағытта 25 км/сағ асатын қозғалыс жылдамдығымен келе жатып, салмағы 980 кг жоғары басқа көлік құралына соғылса.



2. Бүйірмен сырғу салдарынан диаметрі 254 мм астам жылжымайтын және пішінін өзгертпейтін бетон бағанаға соғылғанда және соқтығыс кезіндегі жылдамдық 35 км / сағ жоғары болса;




Нақты апат болған кезде қауіпсіздік жастығының іске қосылу ықтималдығы белгілі бір теріс үдеуге қол жеткізілгеніне байланысты. Дегенмен бүйірлік қауіпсіздік жастығы келесі пайдалану жағдайларында ашылуы мүмкін:


1. Автокөлік баспалдақтармен, жиектастармен немесе басқа ұқсас шығып тұратын кедергілермен соқтығысқан кезде;




2. Автокөлік өрден төмен қарай түскен сәтте алдыңғы бөлігімен жер бетіне соғылған кезде;



3. Терең шұңқырға немесе ойыққа түскен кезде және/немесе шассидің негізгі бөлігі зақымданған кезде;




4. Баспалдақпен жүрген кезде.




Бүйірлік қауіпсіздік жастығының іске қосылу ықтималдығы соқтығыс болған кезде автокөліктің белгілі бір теріс үдеуіне қол жеткізілгеніне байланысты. Алайда бүйірлік қауіпсіздік жастығы келесі жағдайларда соққының жылдамдығы біршама жоғары болған кезде де ашылмауы мүмкін.


1. Басқа көлік құралы қозғалыс бағытына перпендикуляр бағытта бүйірімен келіп, автокөліктің алдыңғы (алдыңғы әйнек алдында) немесе артқы бөлігін соққан кезде;




2. Автокөлік басқа көлік құралымен бүйір жағынан, белгілі бір бұрышпен соқтығысқан кезде;



3. Автокөлік аударылған немесе төңкерілген кезде;



4. Автокөліктің бүйір жағынан жеңіл салмақты нысан (велосипед, мотоцикл) ақырын соқтығысу энергиясымен соққан кезде. Бұл жағдайда соққы шектеулі аймаққа келеді, ал оның толық күшін датчиктер ажырата алмайды;



5. Жіңішке бағанға бүйірімен соғылған кезде.



III. Автокөлік функциялары

Қашықтан басқару функциясы бар кілт

Сымсыз қашықтан басқару функциясы бар кілт

Сымсыз қашықтан басқару функциясы бар кілтпен автокөліктен 20 метрге дейінгі қашықтықтан, артқы есікті қоса алғанда, барлық есікті құлыптан босатуға немесе құлыптауға болады. Осы қашықтық шеңберінде терезелерді басқаруға болады.

ЕСКЕРТПЕ

Кілтті майыстырмаңыз және оны жерге түсіріп алмаңыз. Оны басқа нысандарға әсер ету үшін қолданбаңыз. Кілтті ұзақ уақыт бойы жоғары температура әсер ететін жерде (мысалы, аспаптар тақтасының немесе қозғалтқыш капотының үстінде тікелей түсетін күн сәулелерінің астында) қалдырмаңыз.

Кілтке судың немесе басқа кез келген сұйықтықтардың тиюіне жол бермеңіз. Әйтпесе, жүйенің жұмысы бұзылуы мүмкін.

Кілтті басқа электромагниттік құралдармен (ұялы телефондар, компьютерлер, планшеттер, навигаторлар және т.б.) бірге ұстамаңыз.

Кілтпен қашықтан басқару келесі жағдайларда мүмкін емес:

- Автокөліктің электр қуаты өшірілмеген («OFF») (Өшіру) күйінде емес);
- Қашықтан басқару сигналы кепілді түрде қабылданатын қашықтық шектен асып кетті;
- Қашықтан басқару кілтіндегі қуат элементінің заряды төмен деңгейде;
- Кілттен шығатын сигналды басқа көлік құралдары немесе нысандар бөгеп тұр;
- Қоршаған ауа температурасы тым төмен немесе тым жоғары;
- Қашықтан басқару кілті радиосигнал көзінің (мысалы, радиостанция, әскери техника, әуежай немесе радиомұнара және т.б.) жанында орналасқан.

Егер қашықтан басқару кілті жұмыс істемесе, есіктерді ашу және жабу үшін механикалық кілтті пайдаланыңыз. Кілтсіз кіру жүйесімен (PEPS※) жабдықталған автокөліктер үшін қозғалтқышты «III. Автокөліктің функциялары – Кілтсіз кіру жүйесі PEPS※ – Күту режимінде оталдыру» бөліміндегі ұсыныстарға сәйкес оталдырыңыз. Қашықтан басқару жүйесінің жұмысымен байланысты барлық сұрақтар бойынша CHANGAN өкілетті сервис орталықтарына хабарласыңыз.

ЕСКЕРТПЕ


Таратқыштың қуатын өзгертпеңіз (соның ішінде бағдарламалық баптаулар немесе қуатты күшейткіштерді қолдану арқылы), сыртқы антенналар немесе толқын таратқыштар қолданбаңыз.

Қашықтан басқару кілтімен әртүрлі сымсыз және радиобайланыс құрылғыларының жұмысына бөгде кедергілер жасамаңыз. Кедергілер туындаса, дереу қашықтан басқару кілтін қолдануды тоқтатыңыз және оны қайтадан қолданар кезде мұндай кедергілерді жою шараларын қолданыңыз.

Автокөліктен шыққаннан кейін сигнал қабылданатын аймақтан тыс жерде кілттегі түймелерді баспаңыз. 2000 реттен көп (жалпы жиынтығы) басылған жағдайда кілт әрекетсіз күйге көшеді және автокөлігіңіздің жүйелерін басқармайтын болады. Бұл жағдайда кілтті қосу үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

Кілт

Негізгі кілт ✳



A: Негізгі кілт;


B: Қосымша кілт.

ЕСКЕРТУ

Автокөлік қозғалып келе жатқанда оталдыру жүйесін өшірмеңіз және кілтті оталдыру жүйесінің құлпынан шығармаңыз!

Автокөліктен шығу және оны құлыптау кезінде автокөлік ішінде кілтті қалдырмаңыз. Автокөліктен барлық кілтті алып шығыңыз.

SMART-кілт ✳




A: SMART-кілт;


B: Механикалық кілт.

Механикалық кілт SMART-кілт ішінде орналасқан. Шығару үшін «III. Автокөліктің функциялары – SMART-кілттің қуат элементін ауыстыру» бөлімімен танысыңыз.

Құлыпты ашу

Автокөліктің барлық есігінің құлын ашу үшін «Құлыпты ашу»  түймесін басыңыз. Бұрылыс көрсеткіштері бір рет жыпылықтайды.


Қашықтан басқару кілтінің көмегімен жүксалғыш есігін ашу

Автокөліктің қуат көзі сөндірілген кезде (OFF күйі) жүксалғыш есігін ашу үшін кілттің жүксалғыш есігін ашу түймесін екі рет басыңыз .

ЕСКЕРТУ

Қашықтан басқару кілтіндегі түймені басудан бұрын жүксалғыш есігінің жанында адамдардың немесе кедергілердің жоқ екеніне көз жеткізіп алыңыз.

Құлыптау

Автокөліктің барлық есігін құлыптау үшін «Құлыптау»  түймесін басыңыз. Бұрылыс көрсеткіштері екі рет жыпылықтайды.

Егер автокөлік есіктерінің бірі (соның ішінде артқы есік) немесе капот жабылмаған болса немесе автокөліктің оталдыру жүйесі өшірілмеген болса, есіктер құлыптау түймесімен құлыпталмайды.

Егер автокөліктің қуаты сөндірілмесе, құлыптау түймесін басқан кезде «Қуат сөндірілмеген» функциясы іске қосылады. Автокөлік қуат көзінің сөнгені туралы ескерту үшін 3 рет сигнал береді.

Қашықтан басқару функциясы бар кілтпен қозғалтқышты оталдыру

Автокөлік өшіп тұрғанда SMART-кілтте қашықтан оталдыру түймесін 3 секундтан ұзақ басып тұрыңыз, осы кезде қозғалтқыш іске қосылады.

Механикалық кілт **PUSH**

Бүйір түймені басып, механикалық кілтті шығарыңыз.

Есіктердің құлпын ашу режимдерін ауыстырып қосу

Құлыптау және құлыпты ашу түймелерін бірге 4 секундтан ұзақ басып тұрыңыз. Құлыптау режимінің ауысқанын хабарлайтын бір реттік сигнал естіледі. Осы кезде құлыпты ашу түймесін басыңыз. Тек жүргізуші есігінің құлпы ашылады. Қайта басқан кезде басқа есіктердің құлыптары ашылады.

Құлыптау және құлыпты ашу түймелерін қайта бірге басып, 4 секундтан артық ұстап тұрған кезде жүйе қайтадан барлық төрт есіктің құлпын ашу режиміне ауысады.

Автокөліктің орналасқан жерін анықтау

Автокөліктің орналасқан жерін анықтау функциясын іске қосу үшін барлық есік құлыптаулы тұрған кезде құлыптау түймесін 2 секунд ішінде екі рет басыңыз. Автокөліктің орналасқан жерін білдіру үшін екі рет дыбыс сигналы беріледі және бұрылыс сигналдарының шамдары шамамен 10 секунд бойы жыпылықтап тұрады. Шамдар жыпылықтап тұрған кезде құлыпты ашу түймесін бассаңыз, автокөлік есіктерінің құлыптары ашылады.

Терезелерді қашықтан басқару ※

Автокөліктің электр қуаты өшірілген (OFF) және есіктер жабылған күйде:

1. Құлыптау түймесін басып тұрыңыз, сол кезде барлық терезе жабыла бастайды. Түймені жіберсеңіз, терезелердің жабылуы тоқтайды.
2. Құлыпты ашу түймесін басып тұрсаңыз, барлық терезе ашыла бастайды. Түймені жіберсеңіз, терезелердің ашылуы тоқтайды.

Егер автокөлік қысып қалудан қорғау функциясы бар әйнеккөтергіштермен жабдықталса, құлыптау түймесін 2 секундтан артық басып тұрыңыз, сол кезде терезе әйнегі автоматты түрде жабық күйге дейін көтеріледі; құлыпты ашу түймесін 2 секундтан артық басып тұрыңыз, сол кезде әйнек толықтай ашылған күйге дейін автоматты түрде түседі.

ЕСКЕРТПЕ

Терезелерді қашықтан басқару функциясы зауыттық баптауларға сәйкес белсенді емес күйде болады. Оны іске қосу үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

Люкті қашықтан басқару ※

Егер электр қуаты өшірулі болса (OFF) және автокөліктен шығарылған оталдыру жүйесінің кілті болса (SMART-кілт автокөлік ішінде емес), автокөліктің барлық есігі жабық тұрғанда люк жабық болмаса, құлыптау түймесін 2 секундтан артық басып тұрсаңыз, люк автоматты түрде жабылады.

Терезелерді/ люкті қашықтан басқару ※

Автокөліктің қуаты сөндірілген кезде (OFF күйі) және барлық есік жабық тұрған кезде:

1. Құлыпты ашу/ құлыптау түймесін басып тұрыңыз. Барлық терезе/ люк жабыла/ ашыла бастайды. Түймені жібергенде люк пен қысып қалудан қорғайтын функциясы бар барлық терезе автоматты түрде ашылуы/ жабылуы жалғастырады.
2. Құлыпты ашу/ құлыптау түймесін басып тұрыңыз. Барлық терезе жабыла/ ашыла бастайды. Түймені жіберіңіз және барлық терезенің қозғалысы дереу тоқтайды;

ЕСКЕРТПЕ

Жүргізуші жақтағы терезе қысып қалудан қорғайтын функциямен жабдықталған автокөліктерде зауыттан шыққан кезде қашықтан басқару функциясы бар кілтпен басқару функциясы белсенді емес күйде болады. Оны іске қосу үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

Кілттің қуат элементін ауыстыру


ЕСКЕРТПЕ

Қуат элементін ауыстыру кезінде абай болыңыз. Электронды платаның бетінен ұстамаңыз – туындаған статикалық электр заряды оны зақымдауы мүмкін.

Қуат элементін ауыстыру кезінде полярлықты сақтаңыз. Қуат элементінің оң полюсіне кілт платасының бекіткіш пластинасындағы «+» белгісі сәйкес келетініне назар аударыңыз.



Қашықтан басқару функциясы бар кілттің жаңа қуат элементінің спецификациясы (CR2032, 3V) болуы тиіс.

Қуат элементін дұрыс ауыстырмаған жағдайда орнату платасы оңай зақымдалып қалады. Ауыстыру үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.



1. Жіңішке құралдың (бұрауыштың) көмегімен кілт корпусын ашыңыз;
2. Қуат элементін ауыстырыңыз;
3. Жаңа элементі бар платаны орнына салыңыз, корпусың бөлшектерін беттестіріңіз де, біріктіру үшін басыңыз.

SMART-кілттің қуат элементін ауыстыру



1. PUSH түймесін басып, механикалық кілтті шығарыңыз. Оның көмегімен корпусы ашыңыз. Қуат элементін ауыстырыңыз;
2. Жаңа элементі бар платаны орнына салыңыз, корпусың бөлшектерін беттестіріңіз де, біріктіру үшін басыңыз.
3. Механикалық кілтті қайтадан орнатыңыз.

Кілттің нөмірі

Кілттер жинағының нөмірі жинақпен бірге жеткізілетін тақтайшада (заттаңбада) басылып жазылған.

ЕСКЕРТПЕ

Кілттерді жоғалтып алсаңыз, тапсырыс беру үшін кілттің нөмірімен CHANGAN өкілетті сервис орталығына жүгініңіз.

Кілтсіз кіру жүйесі (PEPS) ※

Кілтсіз кіру жүйесінің (PEPS) келесідей функциялары бар:


- Сымсыз қашықтан басқару («III. Автокөліктің функциялары - Сымсыз қашықтан басқару функциясы бар кілт» бөлімін қараңыз)
- Кілтсіз кіру функциясы;
- Қозғалтқышты түймемен оталдыру функциясы;
- Рульді құлыптау функциясы.

Кілтсіз кіру жүйесінің (PEPS) жұмысына ықпал ететін шарттар

PEPS жүйесі төменде сипатталған жағдайларда жұмыс істемеуі мүмкін. Құлыптау/ құлыпты ашу үшін механикалық кілтті қолданыңыз.

- SMART-кілт іске қосу аймағынан тыс жерде;
- Автокөлік күшті электрмагниттік толқындар шығаратын нысандардың (телевизиялық мұнаралар, электр станциялары, жанармай құю бекеттері, радиостанциялар, кең экранды дисплейлер, әуежайлар немесе басқа да нысандар) жанында орналасқан;
- Автокөліктің жанында радиотолқындар шығаратын электронды жабдықтар (ұялы телефон, дербес компьютер, қоректендіру адаптері) бар;
- SMART-кілт металл затқа (фольга немесе құрамында металдары бар үлдір) жанасып және/немесе жабылып тұр;
- Жақын маңайда бір мезгілде жұмыс істеп тұрған көп SMART-кілттер бар;
- SMART-кілттегі қуат элементінің заряд деңгейі төмен.

Іске қосу аймағы



1. Қозғалтқышты оталдыру/өшіру аймағы автокөлік салонында орналасқан. Автокөлік салонының ішінде белсенді болады.

2. Кілтсіз кіру аймағы – жүргізушінің/алдыңғы жолаушының есігінің немесе жүксалғыш есігінің тұтқасында орналасқан PEPS түймесінен 0,8 м қашықтықта белсенді;


SMART-кілт есік тұтқасына, терезеге немесе артқы бампердің ортасына тым жақын тұрса, PEPS функциясы іске қосылмауы мүмкін.

Кілтсіз кіру жүйесі

SMART-кілт жүйенің әрекет ету аймағында орналасқан жағдайда ғана функция іске қосыла алады.

PEPS көмегімен құлыпты ашу (АБҚ, 4WD)

Барлық есік жабық және құлыпталған күйде болса, жүргізуші жақтағы немесе алдыңғы жолаушы жақтағы алдыңғы есіктің сыртқы тұтқасынан ұстаңыз. Барлық есіктің құлпы бір уақытта ашылады, ал бұрылыс көрсеткіштері бір рет жыпылықтайды.




PEPS көмегімен құлыптау (АБҚ, 4WD)

Автокөліктің құлпы ашылған есіктері жабық болса, жүргізуші немесе алдыңғы жолаушы есігінің сыртқы тұтқасын ұстаңыз. Барлық есіктің құлыптары бір уақытта ашылады, ал бұрылыс көрсеткіштері екі рет жыпылықтайды.

PEPS түймесімен құлыпты ашу (МБҚ)

Барлық есік жабық және құлыптаулы тұрғанда жүргізуші жақтағы алдыңғы есіктің сыртқы тұтқасындағы кілтсіз кіру түймесін басыңыз. Барлық есіктің құлпы бір уақытта ашылады, ал бұрылыс көрсеткіштері бір рет жыпылықтайды.



PEPS түймесімен құлыптау (МБҚ)

Автокөліктің құлыпталған есіктері жабық болса, жүргізуші есігінің сыртқы тұтқасындағы кілтсіз кіру түймесін басыңыз. Барлық есік бір уақытта құлыптанады, ал бұрылыс көрсеткіштері екі рет жыпылықтайды.

Қайта құлыптау

Егер құлып ашылғаннан кейін 30 секунд ішінде автокөлік есіктерінің бірде-бірі, соның ішінде артқы есігі ашылмаса немесе оталдыру жүйесі қосылмаса, есіктер автоматты түрде құлыпталады және жүйе қайтадан күзету күйіне ауысады.


Төменде сипатталған жағдайларда автокөлік есіктерін кілтсіз кіру түймесі (PEPS) арқылы құлыптауға болмайды:

- Жүксалғыш есігін қоса алғанда, кез келген есік және капот жабылмаған;
- Автокөліктің электр қуаты өшірілмеген (OFF күйінде емес);
- SMART-кілт автокөлік ішінде;
- SMART-кілт есік тұтқасынан 5 см-ден кем қашықтықта немесе есіктің тікелей өзінде орналасқан.

Автокөліктің есіктері құлыптана алмайтын PEPS жүйесінің жұмысына ықпал ететін басқа шарттарды «III. Автокөліктің функциялары – Кілтсіз кіру жүйесі (PEPS) – Кілтсіз кіру жүйесінің жұмысына ықпал ететін шарттар (PEPS)» бөлімінен қараңыз.

Жүксалғыш есігін ашу:

Жүксалғыш есігі құлыптаулы тұрған кезде SMART-кілт артқы есіктің әрекет ету аймағында орналасса, оны ашу үшін артқы есіктің төменгі бөлігіндегі PEPS түймесін басыңыз.

**ЕСКЕРТПЕ**

Бүйірлік есіктер құлыпталып тұрғанда SMART-кілт артқы есіктің әрекет ету аймағында қалса, оны жапқан кезде барлық бүйірлік есіктің құлпы автоматты түрде ашылады. Белгі беру үшін дыбыс сигналы беріледі.

Егер 30 секунд ішінде есіктердің ешқайсысы ашылмаса, бүйірлік есік құлыптары автоматты түрде жабылады.

Қозғалтқышты түймемен оталдыру (ENGINE START STOP)

SMART-кілт автокөлік салонында («Push – to - START» функциясы белсенді аймақта) болса, қозғалтқышты оталдыру/ өшіру немесе автокөліктің электр қуаты режимдерін ауыстыру («ACC», «ON» және «OFF») үшін «ENGINE START STOP» түймесін басыңыз.

Ақ түсті индикатор шамы:

«ACC» режимі: рульдің құлпы ашылды, электр жабдық (мысалы, радио) жұмыс істейді.

«ON» режимі: Автокөліктің қуаты қосылды, бақылау шамдары және индикаторлар қосылды.

Индикатор шамы өшірілді:

«OFF» режимі: «ENGINE START STOP» түймесі өшірілді. (Ақ жарық ескертпе режимінде баяу жыпылықтайды).

Жасыл түсті индикатор шамы:

«START» режимі: Қозғалтқышты оталдыру

Қозғалтқышты оталдыру және өшіру рәсімінің толық сипаттамасын «IV. Автокөлікті басқару – Қозғалтқышты оталдыру және өшіру» бөлімінен қараңыз.

Автокөлікті электрмен қоректендіру режимдерін ауыстырып қосу (АБҚ)

1. Тежегіш педалі басылмаса және берілістерді ауыстырып қосу селекторы «Р» күйінде тұрса, «ENGINE START STOP» түймесін басу «ACC-ON-OFF» ретімен электр қуаты режимін ауыстырып қосады:

ЕСКЕРТПЕ

Аккумулятор батареясының қуаты таусылмас үшін ACC режимінде 1 сағаттан артық жұмыс істегеннен кейін автокөліктің қуаты автоматты түрде өшіріледі (OFF).

2. Тежегіш педалі басылмаса және берілістерді ауыстыру селекторы «Р» күйінен өзге кез келген күйде тұрса, «ENGINE START STOP» түймесін басу «ACC-ON» ретімен қуат көзі режимін ауыстырып қосады.

Автокөлікті электрмен қоректендіру режимдерін ауыстырып қосу (МБК)

Ілінісу педалі басылмаса және берілістерді ауыстырып қосу селекторы кез келген күйде тұрса, «ENGINESTARTSTOP» түймесін басып «ACC – ON – OFF» ретімен қуат көзі режимін ауыстырып қосады.

ЕСКЕРТПЕ

Егер кілтсіз кіру жүйесі (PEPS) мен қозғалтқышты түймемен оталдыру жүйесі қате жұмыс істеп тұрса немесе онда ақау болса, тексерту үшін кілттердің толық жиынтығын алып, CHANGAN өкілетті сервис орталығына барыңыз.

Күту режимінде оталдыру

Бұл процедура SMART-кілт анықталмаса немесе аккумулятор батареясының заряды төмен болған кезде қозғалтқышты оталдыру немесе электр қуат режимін ауыстыру үшін қолданылуы мүмкін.

Қозғалтқышты оталдыру: тежегіш педалін (АБК) немесе ілінісу педалін (МБК) басып, SMART-кілтті стақанқойғыштың түбіне қойыңыз. «ENGINESTARTSTOP» түймесінің индикаторы жасыл түспен жанғаннан кейін «ENGINESTARTSTOP» түймесін бассаңыз, қозғалтқыш оталдырылады.

Қуат режимдерін ауыстыру: SMART-кілтті «ENGINESTARTSTOP» түймесінің жанына қойыңыз. «ENGINESTARTSTOP» түймесі басылғанда қуат режимдері «ACC – ON – OFF» реті бойынша ауысады.

Рульді құлыптау

Қозғалтқыш өшірулі болса және автокөліктің электр қуаты сөндірулі (OFF) болса, кез келген есікті ашыңыз, сол кезде электрмеханикалық құлып рульді құлыптайды. «ENGINE START STOP» түймесін басыңыз, сол кезде рульдің құлпы автоматты түрде ашылады.

ЕСКЕРТПЕ

Егер оталдыру кезінде «ENGINE START STOP» түймесінің индикаторы жасыл түспен жыпылықтаса, руль бұрылмайды, ал дисплейде «Steering lock is not released» (Руль құлыптанған) хабары көрсетіледі - бұл рульдің құлыптанғанын білдіреді. Рульді сәл бұрыңыз, автокөліктің электр қуатын сөндіріңіз (OFF). Одан кейін «ENGINE START STOP» түймесін басыңыз. Мотордың оталған дыбысын естігенде тежегіш педалін жіберіңіз, сол кезде «ENGINE START STOP» индикаторы жасыл түспен жанады. Рульдің құлпы ашылды.

Иммобилайзер

Кілтсіз кіру жүйесімен (PEPS) жабдықталмаған автокөліктерде сәйкестендіру ортақ кілт, шанақтың басқару блогы және қозғалтқыштың басқару блогы арқылы жүргізіледі.

PEPS жүйесімен жабдықталған автокөліктерде тексеру қозғалтқыштың заманауи иммобилайзер жүйесімен қамтамасыз етіледі. Түпнұсқалықты тексеру SMART-кілттің, иммобилайзердің және қозғалтқышты басқару блогының көмегімен қамтамасыз етіледі.

Автокөліктің қозғалтқышын иммобилайзерді сәйкестендіру процесі толық жүргеннен кейін ғана оталдыруға болады.

Күзетке қою

Егер есіктердің қандай да бірі немесе артқы есік жабылмаған болса, автокөлікті күзетке қою мүмкін емес.


PEPS жүйесімен жабдықталмаған автокөліктерде күзет жүйесін келесі тәсілмен іске қосуға болады:

1. Автокөлікті тұраққа қойып, қозғалтқышты өшіріңіз;
2. Кілтті оталдыру құлпынан шығарыңыз;
3. Автокөліктің капотының, артқы есігі мен барлық есігінің жабық екеніне көз жеткізіңіз;

4. Есіктерді құлыптау үшін кілттің құлыптау түймесін басыңыз. Бұру индикаторлары екі рет жыпылықтайды.

PEPS жүйесімен жабдықталған автокөліктерде күзет жүйесін келесі тәсілмен іске қосуға болады:

1. Автокөлікті тұраққа қойып, қозғалтқышты өшіріңіз. «ENGINE START STOP» түймесімен автокөліктің қуат режимін OFF күйіне аударыңыз. «ENGINE START STOP» индикаторы сөнеді;
2. Кілтті автокөлік ішінен сыртқа шығарыңыз;
3. Автокөліктің капотының, артқы есігі мен барлық есігінің жабық екеніне көз жеткізіңіз;
4. Есіктің сыртқы тұтқасындағы PEPS түймесін немесе қашықтан басқару функциясы бар кілттегі құлыптау түймесін пайдаланып, есіктерді құлыптаңыз. Бұру индикаторлары екі рет жыпылықтайды.

Жоғарыда сипатталған әрекеттерді орындағаннан кейін  аспаптар тақтасындағы иммобилайзер индикаторы қосылады және 1 секундта бір рет аралығымен жыпылықтайтын болады. Иммобилайзер іске қосылды, автокөлік күзетке қойылды.

Автокөлікті күзеттен шығару

PEPS жүйесімен жабдықталмаған автокөліктер үшін автокөліктің есіктерін ашу үшін «Unlock» құлыпты ашу түймесін басыңыз. Автокөлік күзеттен шығарылды және аспаптар тақтасындағы иммобилайзер индикаторы өшеді.

PEPS жүйесімен жабдықталған автокөліктер үшін «Unlock» құлыпты ашу түймесін немесе жүргізуші есігінің тұтқасындағы PEPS түймесін басып, автокөліктің есігін ашыңыз. Бұдан кейін автокөлік күзеттен шығарылады. Қуат көзін «ON» күйіне ауыстырсаңыз, иммобилайзерді сәйкестендіру сәтті аяқталады. Аспаптар тақтасының индикаторы сөнеді.

Егер құлып ашылғаннан кейін автокөлік есіктерінің бірде-бірі, соның ішінде артқы есігі 30 секунд ішінде ашылмаса немесе оталдыру жүйесі қосылмаса, есіктер автоматты түрде құлыпталады және жүйе қайтадан күзету режиміне өтеді.

Дабыл режимі

Автокөлік күзетке қойылған кезде келесі жағдайлардың біреуі орын алса, дабыл режимі іске қосылады:

- PEPS түймесін немесе қашықтан басқару кілтін қолданбай автокөліктің кез келген есігі ашылған (соның ішінде күзет күйіндегі есікті механикалық кілтпен құлыптан ашу);
- Артқы есік ашық;
- Мотор бөлімінің капоты ашық;
- Автокөліктің электр қуатының күйі өзгерді.

Дабыл режиміне өткеннен кейін аспаптар тақтасындағы иммобилайзер индикаторы жоғары жиілікпен жыпылықтайды; дыбыс сигналы естіледі, бұрылыс көрсеткіштері үздіксіз жыпылықтайды.

ЕСКЕРТПЕ

Жолаушы көлік құралынан шыққан кезде жүйенің апаттық күйге ауысуын болдырмау үшін иммобилайзерді автокөлік ішінде жолаушылар жоқ болған жағдайда ғана іске қосыңыз.

Қозғалтқышты дабыл режимінде оталдырмаңыз. Ол тұрақты жұмыс істей алмайды.

Дабыл режимінен шығару

Автокөлікті дабыл режимінен шығару және есіктердің құлпын ашу үшін PEPS түймесін немесе қашықтан басқару кілтін қолданыңыз. Аспаптар тақтасындағы иммобилайзер индикаторы сөнеді; дыбыс сигналы беріледі; бұрылыс көрсеткіштері 4 рет жыпылықтайды.


ЕСКЕРТУ

Автокөліктің айдап әкетуге қарсы жүйесін қайта жабдықтамаңыз және қосымша айдап әкетуге қарсы жүйелер орнатпаңыз, себебі бұл орталық басқару блогын зақымдауы және басқа электр құрылғыларына әсер етуі мүмкін.

Қайта жабдықтаудан немесе бөгде электр жүйелерін орнатудан туындаған шығындар үшін бүкіл жауапкершілікті көлік иесі көтереді. Осы себепке байланысты келтірілген кез келген зиян кепілдік арқылы өтелмейді.

Есіктердің құлпы

Есік құлпын сыртқы жағынан ашу



Есіктердің құлпын ашу үшін құлыпқа салынған кілтті – сағат тіліне қарсы бағытта, ал құлыптау үшін сағат тілінің бағытымен бұраңыз.

Жүргізуші жақтағы есікке кілтті қолданған кезде, барлық есік жабық тұрғанда, есіктердің құлпын ашу/ есіктерді құлыптау кезінде - барлық есіктің құлпы бір уақытта ашылады/ құлыпталады.

Сымсыз қашықтан басқару

«III. Автокөліктің функциялары – Қашықтан басқару функциясы бар кілт – Сымсыз қашықтан басқару функциясы бар кілт» бөлімін қараңыз.

PEPS жүйесі ※

«III Автокөліктің функциялары – Кілтсіз кіру жүйесі (PEPS) ※ – Кілтсіз кіру жүйесі» бөлімін қараңыз.


ЕСКЕРТПЕ

Суық және ылғалды ортада есіктің құлпы мен механикалық жетектеріне мұз қатып қалуы мүмкін. Бұл жағдайда автокөлік есіктерінің ыңғайлы жұмыс деңгейі төмендеуі мүмкін.

ЕСКЕРТУ

Қосалқы кілтті автокөлік ішінде қалдырмаңыз.

Автокөлікті қараусыз қалдырған кезде әрдайым кілтті өзіңізбен бірге алыңыз. Барлық терезені жабыңыз және барлық есікті құлыптаңыз.

Есіктің құлпын ішінен ашу

Құлыпты ашу: Есік құлпының пернесін құлыпты ашу күйіне ауыстырыңыз ①.

Құлыптау: Есік құлпының пернесін құлыптау күйіне ауыстырыңыз ②.

Жүргізуші есігі құлпының пернесін ауыстырған жағдайда, барлық есік құлыптанып тұрса, құлыпты ашу/ құлыптау күйінде, барлық есіктің құлпы ашылады/ құлыпталады.

Жүргізуші есігін қате құлыптаудан қорғау: жүргізуші есігін ашқаннан кейін есік құлпының түймесін құлыптау күйіне ауыстырыңыз. Егер есік кездейсоқ жабылса, құлып түймесі автоматты түрде құлыпты ашу күйіне қайтады.

Есіктің орталық құлпының ажыратқышы

Барлық есікті құлыптау үшін орталық ажыратқышты басыңыз ①;

Барлық есіктің құлпын ашу үшін орталық ажыратқышты басыңыз ②.

ЕСКЕРТПЕ

Орталық құлып пернесі есіктер жабық тұрғанда ғана істейді.

▲ НАЗАР АУДАРЫҢИЗ

- Қозғалыс кезінде есіктің абайсызда ашылып кетуін болдырмау үшін барлық есіктің құлыпталғанына көз жеткізіңіз.
- Есіктерді ашпас бұрын маңайда көлік құралдарының және/немесе жаяу жүргіншілердің жоқ екеніне көз жеткізіңіз.

Соқтығысу кезінде құлыптың ашылуы

Егер соқтығысу кезінде автокөлікті электрмен қоректендіру қосулы болса (ON күйі), автокөліктің барлық есігінің құлпы автоматты түрде ашылады (аккумулятор мен есік құлыптары жұмысқа қабілетті болған жағдайда).

Есік кұлпының электрқозғалтқышын кетуден қорғау

Құлыптарды 10 с ішінде 10 реттен көп үздіксіз ашу/құлыптау кезінде құлыптың электрмоторын қызып кетуден қорғау функциясы іске қосылады. Есік құлыптарының жұмысы тоқтатылады және тек құлыпты механикалық жолмен ашу/құлыптау мүмкіндігі қолжетімді болады. Есік құлыптың жұмысқа қабілеттілігі 1 минуттан кейін қалпына келеді. Соқтығысу кезінде құлыптардың ашылуының кез келген қарама-қайшылығы жағдайында құлыптар автоматты түрде ашылады.

Қозғалыс кезінде барлық есіктің автоматты түрде құлыпталуы

Егер автокөліктің жылдамдығы 20 км/сағ дейін артса, автокөліктің барлық есігі автоматты түрде құлыпталады.

ЕСКЕРТПЕ

Жылдамдықты үдеткен кезде есіктерді автоматты түрде құлыптау функциясы зауыттық баптауларда өшірілген күйде. Бұл функцияны іске қосу үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

Тұраққа қойған кезде есіктердің құлпын автоматты түрде ашу

Автокөлікті тоқтатқаннан және қозғалтқышты сөндіргеннен кейін, автокөліктің электр қуат көзін «OFF» күйіне ауыстырған кезде автокөліктің барлық есігінің құлпы автоматты түрде ашылады.


Балаларға арналған қауіпсіздік құлпы

«II. Автокөліктің қауіпсіздік жүйесі - Балалардың қауіпсіздігі - Балаларға арналған қауіпсіздік құлпы» бөлімін қараңыз.

Электрлі әйнеккөтергіштер

Әйнеккөтергіштерді басқару автокөліктің электр қуаты қосулы болса («ON» күйі) немесе «ON» күйінен «ACC/LOCK» режиміне ауыстырғаннан кейін 1 мин. ішінде мүмкін болады.

Электр әйнеккөтергіштерді басқару пернелері әрбір есікте орналасқан. Жүргізуші есігінде барлық терезені құлыптау мүмкіндігі бар орталық басқару блогы орналасқан.



Әйнеккөтергіштерді басқару пернелері:

- 1 – Алдыңғы сол жақ есіктің әйнеккөтергіші;
- 2 – Артқы сол жақ есіктің әйнеккөтергіші;
- 3 – Алдыңғы оң жақ есіктің әйнеккөтергіші;
- 4 – Артқы оң жақ есіктің әйнеккөтергіші;
- 5 – Әйнеккөтергіштерді құлыптау пернесі.

Терезені құлыптау

Жолаушылардың айнеккөтергіштерін құлыптау үшін құлыптау пернесін басыңыз.

Қайта басқанда жолаушылар үшін айнеккөтергіштерді басқару функциясының құлпы ашылады.

Терезелерді ашу және жабу

- **Ашу:** пернені басыңыз;
- **Жабу:** пернені жоғары тартыңыз.

Әйнеккөтергіштердің жұмысының екі түрлі режимі бар:

- Автоматты - бір рет басу арқылы ашу/ жабу;
- Қолмен ашу / жабу.

ЕСКЕРТПЕ

Суық және ылғалды қоршаған ортада мұздың қатуына байланысты электр айнеккөтергіштердің жұмысы қиындауы мүмкін.


Сақтандырғыштардың қызмет ету мерзімін ұзарту және айнеккөтергіштер жүйесінің зақымдалуының алдын алу үшін бір мезгілде екі не одан көп терезені реттемеңіз.

Бір терезені бір мезгілде ашуға және жабуға әрекет жасамаңыз, ол жұмыс істемей қалуы мүмкін.

Бір рет басу арқылы ашу/ жабу пернесі※

Әйнеккөтергіштерді автоматты басқару пернесінің (AUTO DOWN) 5 режимі бар:

1. Бір рет басу арқылы ашу;
2. Қолмен ашу;
3. Ортаңғы күй;
4. Қолмен жабу;
5. Бір рет басу арқылы жабу.



Терезені ашу немесе жабу үшін тиісті перненің алдыңғы шетін қажетті күйге дейін басыңыз немесе жоғары тартыңыз.


ЕСКЕРТПЕ

Әйнектің автоматты режимде ашылуын/жабылуын дереу тоқтату үшін пернені қарама-қарсы бағытта басыңыз/тартыңыз.

Қолмен ашу/ жабу

Әйнеккөтергіштерді қолмен басқару пернесінің 3 күйі бар

1. Ашу;
2. Ортаңғы күй;
3. Жабу.



Қысып қалудан қорғау ※

Терезе автоматты түрде ашылу/ жабылу кезінде қысып қалудан қорғау функциясымен жабдықталған. Егер әйнекті көтеру кезінде әйнек кедергіге ұшыраса, ол автоматты түрде тоқтап, белгілі қашықтыққа төмен түседі. Қысып қалудан қорғау функциясының іске қосылу аймағы терезе жақтауынан төмен 4 ~ 200 мм.

ЕСКЕРТУ

Терезенің дұрыс жабылмауына байланысты қысып қалудан қорғау функциясы өшірілуі мүмкін, бұл жарақат алу қаупін тудырады.

Қысып қалудан қорғау функциясын шектеу

Егер қысып қалудан қорғау функциясы екі рет бірдей күйде іске қосылса, ол өшеді. Терезе бір рет басу арқылы жабыла алмайды. Бұл жағдайда әйнеккөтергіштерді қолмен ғана ашуға немесе жабуға болады. Функция 10 секундтан кейін толықтай қалпына келеді.

ЕСКЕРТПЕ

Егер терезені автоматты режимде жапқан кезде екі рет кез келген кедергі анықталса, қысып қалудан қорғау функциясы уақытша сөнеді. Терезені келесі жабатын кезде кедергі жойылғанына көз жеткізіңіз.

Төменде сипатталған жағдайлар қысып қалудан қорғау функциясының қайта баптауына алып келуі мүмкін.

1. Қысып қалудан қорғау функциясы бір күйде үш рет іске қосылды және қалпына келмеді;

2. Автокөліктің аккумулятор батареясы ажыратылды немесе аккумулятордың кернеуі 6 В шамасынан кем;

3. Сыртқы әсерден терезенің жақтауы деформацияланған, ал терезе әйнегі қысып қалудан қорғау функциясының жұмыс істеу аймағынан шығып бара жатыр.

4. Әйнеккөтергіштің жұмысы кезінде кедергі күші 5%-ға ұлғайды.

Қысып қалудан қорғау функциясын қайта баптау

1. Терезе толық жабылғанша пернені көтеріңіз;

2. Пернені жіберіңіз;

3. Пернені қайта 1 секундтан ұзақ көтеріңіз де, тағы қайталаңыз;

4. Терезе толық ашылмайынша пернені басып тұрыңыз;

5. Пернені көтеріңіз және терезені автоматты түрде көтеруге әрекет жасап көріңіз.

Егер терезенің әйнегі автоматты түрде көтерілмесе және/немесе түсірілмесе, жоғарыда сипатталған баптау процедурасын қайталаңыз.

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Қысып қалудан қорғау функциясының болуына қарамастан, қысып қалу қаупі бар. Әйнектің қозғалу траекториясында кедергінің жоқ екеніне көз жеткізіңіз. Қысып қалудан қорғау функциясы келесі нысандарға және жағдайларға қарсы жұмыс істемейді:

- Иілгіш, жеңіл және жұқа заттар (мысалы, шынашақ);
- Саңылау 4 мм-ден кем болса;
- Автоматты қарсы қозғалыстан кейін бірден қолмен жапқан кезде.

Қысып қалудан қорғау функциясы мұндай жағдайларда қорғауды қамтамасыз етпейді. Люкті жапқан кезде ешқандай дене мүшелерінің әйнектің қозғалу аймағында болмайтынына көз жеткізіңіз.

Люк ✳

Люкті басқару электр қуат көзі қосулы (ON күйі) болса ғана немесе электр қуат көзі «ON» режимінен «ACC/LOCK» режиміне ауыстырғаннан кейін 1 минут ішінде мүмкін болады.

Люкті ашқан/ жылжытқан кезде ішкі қысымның өзгеруінен шу шығуы мүмкін. Бұл жағдайда люктің қалпын өзгертіңіз немесе шуды азайту немесе жою үшін оны сәл ғана ашыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

Люкті үстінде мұздың, қардың немесе басқа да қоқыстың жоқ екеніне көз жеткізгеннен кейін ғана ашыңыз, олай болмаса, қате немесе ақау туындауы мүмкін.

Автокөлікті жуар алдында люктің жабық екеніне көз жеткізіңіз. Люк әйнегінің тығыздағыш таспасын немесе оның айналасын жуу үшін қысыммен атқылаған су ағынын пайдаланбаңыз.

Люкке жүйелі түрде (үш ай сайын) техникалық қызмет көрсетіп отырыңыз. Люктің тығыздағыштары мен бағыттауыштарының бетіндегі шаңды уақтылы сүртіп, ластануын тазалап отырыңыз.

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Егер люкті жапқан кезде оған тым жақын болсаңыз, жарақат алу немесе қысып қалу қаупі туындайды.

Люкті жапқан кезде абай болыңыз және сақ болыңыз. Жапқан кезде оның траекториясындағы барлық бөтен заттарды алып тастаңыз.

Балаларды автокөлікте қараусыз жалғыз қалдырмаңыз. Балаларға люкті басқаруға жол бермеңіз, өйткені жарақат алу және қысып қалу қаупі бар.

ЕСКЕРТПЕ

- Автокөлік теріс мәндерге дейін температураның өзгеру шегінен (қыста немесе түнде) өткен кезде люкті мұзы ерігеннен кейін ғана ашыңыз. Ешқашан люкті күшпен (мәжбүрлеп) ашпаңыз.
- Егер автокөлік ойлы-қырлы жолдармен немесе таулы жерде пайдаланылатын болса, люкті ұзақ уақыт бойы толық ашық күйінде ұстамаңыз.
- Автокөліктің қозғалыс жылдамдығы 120 км/сағ шамасынан асса, люкті ашпаңыз.

Панорамалық люк

1. **Қол режимі:** панорамалық люкті басқару пернесін қысқа басу (ең көбі 0,3 с) – люк әйнегінің қадамдық қозғалысын бастайды;
2. **Автоматты режим:** панорамалық люкті басқару пернесін басып тұрыңыз (ең көбі 0,3 с) – люк автоматты қозғалысын бастайды.


Панорамалық люк автоматты режимде қозғалғанда оны тоқтату үшін люкті басқарудың кез келген түймесін басыңыз.





ЕСКЕРТПЕ

Люктің күнқағар қалқасы люкпен бірге ашу мүмкіндігімен құрастырылған. Люкті ашу кезінде күнқағар қалқаның ашылуына бөгет жасамаңыз.

Люкті басқару түймесін ұзақ уақыт бойы ұстамаңыз, өйткені электрқозғалтқыш немесе жетек жүйесінің элементтері зақымдалуы мүмкін.


Басқару пернелері





- : Люкті ашу;
- : Люкті жабу;
- : Люктің қалқасын ашу;
- : Люктің қалқасын жабу;


Келесілер, негізінен, автоматты режимде ұсынылған.


Люкті көтеру



Люкті көтеру: люк жабық болған кезде  пернесін басыңыз.

Люкті жабу: люк көтеріліп тұрса,  пернесін басыңыз. Люк жабылады.



Люкті жылжыту

Люкті жылжытып ашу:  пернесін басыңыз;

Люкті жылжытып жабу: пернені басыңыз

**Люктің күнқағар қалқасы**

Люкті ашқан кезде люктің күнқағар қалқасы люкпен бір уақытта автоматты түрде ашылады.

Люкті жапқаннан кейін күнқағар қалқаны  пернесін басып ашуға;  пернесін басып жабуға болады.

Кілттің көмегімен люкті қашықтан басқару

«III. Автокөліктің функциялары – Қашықтан басқару функциясы бар кілт – Люкті қашықтан басқару ※» бөлімін қараңыз.

Жаңбыр жауған кезде люктің жабылуы

Әйнеккөтергіштердің жұмысы үшін алдыңғы әйнекте жаңбыр датчигімен жабдықталған автокөліктер үшін қолжетімді.

Егер автоматты әйнеккөтергіштері бар автокөліктің электр қуат көзі сөндірулі болса (OFF күйі) және төбедегі люк әйнегі жабылмаса, жаңбыр кезінде люк автоматты түрде жабылады.

ЕСКЕРТПЕ

Жаңбыр датчигі алдыңғы әйнектің жоғарғы жағында орналасқан. Оны жаппаңыз және бөгемеңіз.

Қысып қалудан қорғау

Егер жапқан кезде -20°C бастап 80°C дейінгі температурада люк кедергіге ұшыраса, ол тоқтайды және қарама-қарсы бағытта қозғала бастайды.

Панорамалық люктің қысып қалудан қорғау функциясы тек люктің автоматты жүру режимінде іске қосылуы мүмкін.

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін жарақаттануды және/немесе соғылуды болдырмау үшін люктен басыңызды немесе дене мүшелеріңізді шығармаңыз. Егер қозғалыс кезінде люк жабылып, люк механизмі болмашы кедергіні анықтаса, онда қысып қалудан қорғау режимі іске қосылады және люк қозғалысы тоқтайды. Люктің қозғалу жолында кедергілердің жоқ екеніне көз жеткізіңіз.

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Қысып қалудан қорғау функциясының болуына қарамастан қысып қалу қауіп сөйілмейді. Люк әйнегінің қозғалу аймағының кедергілерден босатылғанына көз жеткізіңіз. Қысып қалудан қорғау функциясы келесі нысандарға және жағдайларға қарсы жұмыс істемейді:

- Иілгіш, жеңіл және жұқа заттар (мысалы, шынашақ);
- Саңылау 4 мм-ден кем болса;
- Автоматты қарсы қозғалыстан кейін бірден қолмен жапқан кезде.

Қысып қалудан қорғау функциясы мұндай жағдайларда қорғауды қамтамасыз етпейді. Люкті жапқан кезде ешқандай дене мүшелерінің әйнектің қозғалу аймағында болмайтынына көз жеткізіңіз.

Қызып кетуден қорғау

Панорамалық люкті ұзақ уақыт бойы үзіліссіз басқармаңыз. Панорамалық люктің жетегі қызып кетуден қорғау функциясымен жабдықталған. Мотор үздіксіз жұмыс істеген жағдайда қызып кетуден қорғаныш қосылады, люктің қозғалысы тоқтайды және қауіпсіз температураға дейін суығаннан кейін ғана қайта жалғастырылады.


Люкті қайта баптау

Келесі жағдайлар туындаса, төбедегі панорамалық люкті қайта баптаңыз:

- Панорамалық люк қозғалыс кезінде тоқтайды;
- Панорамалық люк қозғалтқышы ауыстырылды немесе люктің панорама әйнегі реттелді;
- Панорамалық люкті қолданғаннан кейін біраз уақыт ішінде (әдетте шамамен 2 жыл) люк әйнегі жабылмайды.


Люкті қайта баптау:

1. Автокөліктің электр қуат көзі қосулы болса («ON» режимі), люктің панорама әйнегін және люктің күнқағар қалқасын толықтай жабыңыз.

2. Люкті жабу пернесін басып тұрыңыз . 6-8 секундтан кейін панорамалық люк


механикалық қозғалыс дыбысымендірілдей бастайды.

3. Пернені жіберіңіз.

4.  люкті жабу пернесін жібергеннен кейін 3с ішінде; люк келесі ретпен үздіксіз қозғала бастайды «Люк қалқасы ашылады → Люк әйнегі ашылады → Люк әйнегі толықтай ашық → Люк қалқасы толықтай ашық → Люк әйнегі жабылады → Люк қалқасы жабылады», содан кейін тоқтайды.

5. Цикл аяқталғаннан кейін қайта баптауды аяқтау үшін пернені жіберіңіз.

ЕСКЕРТПЕ

- Қайта баптау жүргізер алдында әйнек және люк қалқасы толықтай жабылғанына көз жеткізіңіз.
- Жоғарыда аталған қадамдардың ешқайсысы  люктің панорама әйнегін жапқан сәтке дейін үзіле алмайды. Әйтпесе, қайта баптау тоқтайды және қайта орындалуы тиіс.
- Қайта баптауды аккумулятор батареясы толықтай қуатталған және жарамды болғанда және автокөліктің электр қуаты қосулы (ON күйі) кезде жүргізіңіз. Егер қайта баптау барысында қуат сөндірілсе, қайта баптау тоқтайды.

Артқы көрініс айналары

Сыртқы артқы көрініс айналары

Сыртқы артқы көрініс айнасы кеңірек көріністі қамтамасыз ететін иілген айнадан тұрады.

Қозғалмас бұрын сыртқы артқы көрініс айналарын дұрыс реттеңіз.

Сыртқы артқы көрініс айналарын автокөліктің электр қуат көзі «ACC/ ON» режимінде тұрғанда реттеуге болады.


▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ


Сыртқы артқы көрініс айнасында көрінген нысан шынайы орналасқан жерінен жақынырақ болып көрінеді.

Арттағы автокөлікке дейінгі қашықтықты айнадағы көрініске қарап бағаламаңыз. Автокөліктің артқы жағына дейінгі нақты қашықтықты әрдайым тексеріп отырыңыз. Кері жағдайда бұның салдарынан апат орын алуы мүмкін.

Сыртқы артқы көрініс айналарын автокөлік жүріп келе жатқан кезде реттемеңіз. Бұл автокөлікті бақылауды жоғалтуға және оның салдарынан апатқа алып келуі мүмкін.

Сыртқы артқы көрініс айналарын реттеу



1. Артқы көрініс айнасын таңдаңыз: ауыстырып-қосқыш тұтқасын бұрып, сол жақ (L) немесе оң жақ (R) сыртқы артқы көрініс айнасын таңдаңыз.
2. Артқы көрініс айнасының күйін реттеңіз: айнаны реттеу үшін (жоғары, төмен, сол жақ және/немесе оң жақ) тұтқаны тиісті бағытта еңкейтеңіз. Реттеу аяқталғаннан кейін қателесіп реттеуді болдырмау үшін ауыстырып қосқышты ортаңғы күйге (0) қойыңыз.
3. Артқы көрініс айналарының жиылу режимі.  ※.

ЕСКЕРТПЕ

Егер сыртқы артқы көрініс айналарына мұз қатқан болса, айна бетінің зақымдалуына жол бермеу үшін оларды реттемеңіз.

Сыртқы артқы көрініс айнасы максималды мүмкін болатын реттеу бұрышына жеткен кезде айнаның электрқозғалтқышының зақымдалуына жол бермеу үшін реттеуді тоқтатыңыз.

Сыртқы айнаны күш салып қолмен реттемеңіз. Кері жағдайда айна компоненттері зақымдалуы мүмкін.

Сыртқы артқы көрініс айналарының жиылуы ※

Айналарды реттеу тұтқасын айналарды жию күйіне бұрғанда айналар автоматты түрде жиылады. Тұтқаны кез келген басқа күйге бұрғанда екі артқы көрініс айнасы автоматты түрде жайылады.

Сыртқы артқы көрініс айналарының автоматты жиылуы ※

Автокөліктің электр қуат көзі сөндірулі (OFF күйі) болса, автокөлікті қашықтан басқару функциясы бар кілтпен немесе «PEPS» түймесімен құлыптаңыз. Сол жақ және оң жақ сыртқы артқы көрініс айнасы автоматты түрде жиылады.

Автокөліктің құлпын қашықтан басқару функциясы бар кілтпен немесе PEPS түймесімен ашқан кезде екі сыртқы айна автоматты түрде жайылады.

Артқа жүргенде сыртқы артқы көрініс айнасын автоматты түрде реттеу ※

Автокөліктің электр қуат көзі қосулы (ON күйі) болса және АБК селекторын «R» күйіне ауыстырған кезде жүйе автоматты түрде артқы көрініс айнасын соңғы сақталған баптауларға сәйкес артқа жүруге баптайды.

Толық сипаттамасы «III. Автокөліктің функциялары - Орындық күйінің және сыртқы артқы көрініс айналарының реттеулерін жадқа сақтау функциясы ※»

Қолмен реттеу

Айналарды реттеу жетегі зақымдалса немесе басқа электр ақауы пайда болған кезде сыртқы артқы көрініс айнасының айна элементінің шеттерін басу арқылы абайлап реттеңіз.

ЕСКЕРТПЕ

Электржетекпен жиылатын сыртқы артқы көрініс айналарын қолмен жинау қажет болса, мұны артқы көрініс айналарының статикалық күйінде ғана жасаңыз. Кері жағдайда айна бекітілмеуі немесе қалпына келмеуі мүмкін. Компоненттері де зақымдалуы мүмкін.

Егер артқы көрініс айнасының күйі қалпына келмесе немесе бекітілмесе, олардың жұмысқа қабілеттілігін қалпына келтіру үшін электржетекпен жию функциясын іске қосып көріңіз.

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Зақымдалуына жол бермеу үшін автоматты жиылуы барысында артқы көрініс айналарын ұстамаңыз.


Қозғалысты бастамас бұрын екі артқы көрініс айнасын әрдайым ашып, тиісінше реттеңіз.

Сыртқы артқы көрініс айналарын жылыту

Автокөліктің электр қуат көзі қосулы болса (ON күйі), жылытқыш түймесін басыңыз



(«III. Автокөліктің функциялары - Кондиционер жүйесі» бөлімін қараңыз), сонда сыртқы артқы көрініс айнасын жылыту элементі айна элементін қыздырады.

Жол қатарын ауыстыру кезіндегі көмек


«III. Автокөліктің функциялары - Автокөліктің артындағы нысандар туралы ескерту жүйесі ※» бөлімін қараңыз.

Салон ішіндегі артқы көрініс айнасы

Максималды артқы көрініске қол жеткізу үшін қозғалысты бастамас бұрын салон ішіндегі артқы көрініс айнасын реттеп алыңыз. Артқы орындыққа немесе жүк бөліміне көрініске кедергі келтіретін заттарды орналастырмаңыз.

Механикалық түрде көзді қарықтырмайтын айна

Түнгі уақытта көлік жүргізген кезде жүргізушінің көздерін қарықтырудан сақтау үшін салон ішіндегі артқы көрініс айнасының астындағы тұтқаны тартыңыз.

**Автоматты түрде көзді қарықтырмайтын режимі бар айна**

Кіріктірілген фотосезімтал датчигі бар салондағы жарық шағылыстырмайтын артқы

көрініс айнасы автокөліктің айналасын жарықтандыру қарқындылығын автоматты түрде бағалайды және жүргізушінің көзін қарықтырмау үшін өздігінен күңгірттеледі.




ЕСКЕРТПЕ

Жарықтандыру қарқындылығын бағалауға кері әсерін болдырмау және көзді қарықтырмауға сезімталдықты төмендету үшін салондағы айнаны таза ұстаңыз. Жарықтандыру датчигінің артқы аймағын жаппаңыз.

Егер көзді қарықтырудың алдын алатын автоматты функциясында ақау болса, диагностикалау және жөндеу үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

Жүксалғыш есігі

Жүксалғыш есігін ашу



S303021

Автокөлік есіктерінің құлпын ашқаннан кейін 30 секундтың ішінде жүксалғыш есігін ашу түймесін басыңыз және есікті жоғары қарай тартыңыз. Автокөлік есігі автоматты түрде ашыла бастайды. Ортаңғы күйге жеткен кезде жүксалғыштың жарығы қосылады.

Жүксалғыш есігін жабу

Жабу және құлыптау үшін артқы есікті тепе-теңдік күйіне дейін төмен қарай тартыңыз, содан кейін оның үстінен басыңыз.


⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Жүксалғыш есігін жабу үшін оның сыртқы жағынан басыңыз. Қысып қалудан сақтану үшін көмекші тұтқаны есікті жабу үшін қолданбаңыз.
- Қысып қалу қаупі болғандықтан, балаларға артқы есік құлпының түймесін пайдалануға жол бермеңіз.
- Артқы есік толық ашық тұрғанда ғана жүксалғышты пайдалануға болады. Артқы есік жартылай ашық тұрған кезде жүксалғышты пайдалану есік жабылып қалған жағдайда жарақат алуға алып келуі мүмкін.

Артқы есіктің құлпын апаттық жағдайда ашу

Егер жүксалғыш есігі құлыпталған болса және жүксалғыш есігін ашу түймесі жұмыс істемесе, артқы есікті ішкі жағынан ашыңыз: артқы орындықтарды жиыңыз («II. Автокөліктің қауіпсіздік жүйелері - Орындық - Артқы орындықтарды реттеу» бөлімін қараңыз). Суретте көрсетілгендей артқы есіктің қаптамасындағы салманы алыңыз.

Артқы есік құлпының тұтқасы төсеніштің артындағы тесікте орналасқан. Құралдың (бұрағыштың) көмегімен тұтқаны теріс бағытта ең шеткі қалыпқа бұрыңыз, артқы есікті жоғары басып ашыңыз.



S303022

Артқы есік құлпының апаттық сымарқанын астыға тартып, артқы есікті жоғары басып, ашыңыз.

Артқы есік құлпының апаттық сымарқаны бар кейбір модельдерде металл сақинаны күшпен тартып, артқы есікті жоғары басып ашыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

Егер апаттық ашу режимі және жүксалғыш есігінің құлпын ашу режимі қажет болса, онда артқы есікте ақау бар. Диагностикалау және жөндеу үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

Жүк тасымалдау кезіндегі сақтық шаралары

- Жүктің өлшемдері жүксалғыш есігінің ойығының өлшемдерінен аспауы тиіс. Қозғалысты бастамай тұрып, жүксалғыш есігі жабылғанына көз жеткізіңіз;
- Жүксалғыш қаптамасының элементтерін зақымдамау үшін жүк салмағы 40 кг-дан аспауы тиіс;
- Жұмыр немесе цилиндр заттар қаптамаларға және жүксалғыш есігіне соғылмауы үшін сенімді бекітілуі қажет.

ЕСКЕРТУ


Жанғыш, жеңіл тұтанғыш, улы және күйдіргіш жүктерді тасымалдауға тыйым салынады.

Жүксалғыш есігі ашық кезде жүктерді тасымалдауға тыйым салынады.


Қозғалтқыш капоты

Капотты ашу

1. Автокөлік салонының сол жағындағы алдыңғы қаптамасындағы аспаптар тақтасының астында орналасқан қозғалтқыш капотының құлпын ашу тұтқасын жоғары тартыңыз.



2. Капоттың алдыңғы бөлігінің ортасында орналасқан капотты құлыптау иіңтірегін жылжытып, капотты көтеріңіз.



3. Қозғалтқыш капотының тірек өзегі пневматикалық тіреу қызметін атқарады. Қозғалтқыштың капотын қажетті биіктікке көтеріңіз және қозғалтқыш капоты автоматты түрде ашық қалпында бекітіледі.

ЕСКЕРТУ

Капотты тек автокөлікті электрмен қоректендіру өшірулі күйде (OFF күйі) және тұрақ тежегіші қосылғанда ашыңыз.

Капотты ашпас бұрын алдыңғы әйнектазартқыштардың алдыңғы әйнекке түсіріліп тұрғанына көз жеткізіңіз. Әйтпесе, әйнектазартқыштар немесе қозғалтқыш капоты зақымдалуы мүмкін.

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Капоты ашық автокөлікті жылжитпаңыз.

Жарақат алу қаупі бар болғандықтан, ешбір жағдайда мотор бөлімінен бу шығып тұрған кезде қозғалтқыш капотын ашпаңыз.

Күйік шалмауы үшін тірек өзектің пластик бөлігінен ұстаңыз.

Қозғалтқыш капотын жабу

1. Капотты жапқан кезде теңгерім нүктесіне дейін капотты төмен тартыңыз,
2. Капотты төмен жібере салыңыз. Капоттың толықтай құлыпталғанын тексеріңіз және көз жеткізіңіз.

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Қозғалтқыш капоты кенет ашылып кетіп, көру мүмкіндігін шектеу себебінен жазатайым оқиғалар мен апаттардың алдын алу үшін қозғалысты бастамас бұрын қозғалтқыш капоты жабылғанына және бекітілгеніне көз жеткізіңіз.

Автокөліктің қозғалысы кезінде қозғалтқыш капотының құлпын ашу иінтірегінен тартпаңыз.

Отын құю аузының люгі


Отын құю аузы автокөліктің артқы сол жағында орналасқан.

Отын құю аузының люгін ашу иінтірегі жүргізуші орындығының алдында сол жақта орналасқан.

Автокөлікке отын құю


1. Автокөліктің электр қуат көзін өшіріңіз (OFF күйі) және барлық есік пен терезелерді жабыңыз;

2. Отын құю аузының люгін ашу иінтірегін жоғары қарай тартыңыз, люк сәл ашылады.



3. Отын құю аузының люгін толық ашыңыз;

4. Отын құю аузының қақпағын алып тастау үшін оны сағат тіліне қарсы бағытта бұраңыз.



5. Отын құю пистолетінің ұшын отын багына толық сұғыңыз, шүріппесін бекітіңіз де, отын құюды бастаңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Тек сапалы автокөлік бензинін қолданыңыз. Отын жүйесіне сапасыз отын берілсе, отын жүйесі мен қозғалтқыш зақымдалуы мүмкін.
- Құрамында метил немесе этил спирті бар бензинді пайдаланбаңыз.
- Отынның боялған беттерге тиюіне жол бермеңіз. Лак-бояу жабыны зақымдалуы мүмкін.
- Егер отын құю аузының люгіне мұз қатып қалған және оны ашу мүмкін емес болса, люкті жеңіл басыңыз және мұзын кетіру үшін бетін сүртіңіз, содан кейін люкті ашыңыз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Отын жеңіл тұтанады. Тұтануға жол бермеу үшін ұшқындардан, ашық оттан немесе түтіннен сақтаныңыз.
Отын құймас бұрын қозғалтқышты өшіріңіз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Бактағы артық қысымнан отынның шашырауына жол бермеу үшін отын құю аузының қақпағын жайымен ашыңыз.
- Отын құю пистолетінің ұшын мүмкіндігінше тереңірек сұғыңыз. Әйтпесе, отын бактан ағып төгілуі және өртке және жарылысқа алып келуі мүмкін.
- Егер отын пистолеті автоматты түрде өшіп қалса, бұл отын багының толғанын білдіреді. Отын құюды жалғастырмаңыз. Бұл отынның төгілуіне немесе отын жүйесінің зақымдалуына алып келуі мүмкін.
- Отын құю аузының қақпағын ашпас бұрын статикалық электр зарядын тарқату үшін автокөлік корпусынан немесе отын құю пистолетінен ұстаңыз. Статикалық электр разрядының болуына жол бермеу үшін отын құю кезінде автокөлікке отырмаңыз.

Автокөлікке отын құюды аяқтау

1. Қақпақты қайтадан отын құю аузына орнатыңыз және оны айқын сырт еткен дыбыс естілмейінше оң бағытқа бұрап жабыңыз.
2. Отын құю аузының люгін жабыңыз.

Руль

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Рульде отырғанда дұрыс қалпыңызды сақтаңыз. Автокөлік қозғалған кезде рульдің қалпын реттеуге тыйым салынады. Руль бағанының абайсызда бекітілмей қалуынан апат орын алуы мүмкін.

Рульді реттеу

1. Руль бағанын реттеу механизмін құлыптан шығару үшін рульді реттеу иінтірегін төмен тартыңыз;



2. Рульді қажетті күйге келтіріңіз;
3. Рульді реттеу иінтірегін бастапқы күйіне ауыстырыңыз. Рульдің күйі бекітілді.

ЕСКЕРТПЕ

Рульде жүргізушінің қауіпсіздік жастығы мен сигнал түймесі орналасқан.

Автокөлік рулі жылжымауы үшін рульді реттеу иінтірегін тығыз қысылуы және бекітілуі тиіс.

Қозғалысты бастамас бұрын руль берік бекітілгеніне көз жеткізу үшін рульді жоғары және төмен ырғаңыз.

Рульдегі басқару түймелері

1-модель ※



2-модель ※






Круз-контроль жүйесін басқару түймелері (ACC/CC), «III. Автокөліктің функциялары – Круз-контроль (CC/ACC)※» бөлімін қараңыз.

 +: Дыбыс деңгейін ұлғайту;

 -: Дыбыс деңгейін азайту.

 Дыбысын сөндіру

 Басып қалу: FM/ AM/, онлайн-радио, USB, жергілікті және Bluetooth-музыка ауқымдары арасында ауыстыру.

Сыртқы құрылғыларды қосқан кезде жүйе автоматты түрде жаңғырту режиміне ауысады және ағымдағы режимді көрсетеді. Егер қосулы сыртқы құрылғылар болмаса, жүйе автоматты түрде осы режимді өткізіп жібереді.

Егер экранға навигация режимі шығарылса, ауыстыру процесі фондық режимде жүргізіледі.



телефон қоңырауын аяқтау/алдыңғы іздеу/алдыңғы трек.

Басып қалу: телефон қоңырауын аяқтау/алдыңғы радиостанцияны іздеу/алдыңғы тректі таңдау.

Басып тұру: сақталған радиостанцияны таңдау/артқа айналдыру.



кіріс қоңырауға жауап беру, келесі радиостанцияны іздеу / келесі трек

Басып қалу: кіріс қоңырауға жауап беру, келесі радиостанцияны іздеу / келесі тректі таңдау.

Басып тұру: келесі сақталған радиостанцияны таңдау / алға жылдам айналдыру.



жоғарғы бет/растау/төменгі бет

Түймелерді басып қалу: ▼/▲ - жүріс көрсеткіштері, отынның орташа шығындары, A/B жүру қашықтығы, шинадағы қысым туралы ақпарат және круз-контроль жылдамдығы арасында ауыстыру (※).

OK түймесін басып тұру - отынның орташа шығынын және кезектілік бойынша A/B жүру қашықтығын ысыру.



DISP - Дисплей

Басып қалу: борттық компьютердің интерфейсін, автокөлік туралы ақпаратты, баптаулар интерфейсін және навигация интерфейсін (навигация функциясы бар автокөліктер) бірізді көрсету.

Аспаптар тақтасы

10.25 дюйм



S303030

| | | |
|------------------------|--------------------------------|--|
| 1. Индикаторлар; | 2. Қозғалтқыштың тахометрі; | 3. Салқындату сұйықтығы температурасының көрсеткіші; |
| 4. Ақпараттық дисплей; | 5. Отын деңгейінің көрсеткіші; | 6. Спидометр. |

7 дюйм



| | | |
|------------------------|--|--------------------------------|
| 1. Индикаторлар; | 2. Спидометр; | 3. Отын деңгейінің көрсеткіші; |
| 4. Ақпараттық дисплей; | 5. Салқындату сұйықтығы температурасының көрсеткіші; | 6. Қозғалтқыштың тахометрі. |

Спидометр

Автокөлік жылдамдығын км/сағ деп көрсетеді.

Қозғалтқыш тахометрі

Қозғалтқыштың ағымдағы айналу жиілігін (айн./мин) көрсетеді. Көрсетілген мән ×1000 айн./мин-қа тең.

Отын деңгейінің датчигі

Отын бағындағы отынның болжамды қалдық деңгейін көрсетеді;

Егер индикатор 8 (F (full)) сектор деңгейінде болса - отын бағы толған;

Егер индикатор 1 (E (empty)) сектор деңгейінде болса - отын бағы бос.

Қозғалтқышты салқындату сұйықтығының температура датчигі

Қозғалтқышты салқындату сұйықтығының температурасын көрсетеді. Егер индикатор шкаланың ортасында тоқтаса, онда салқындату сұйықтығының температурасы қалыпты шекте. Егер индикатор 7 немесе одан жоғары белгіде болса, демек, қозғалтқыш қызып кетті.

Қозғалтқышты дереу тоқтатыңыз. Салқындатқаннан кейін қызып кету себептерін табыңыз және жойыңыз.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

Қызып кетуге әкелген ақау себептерін жоймайынша қозғалтқышты қайта іске қосуға тыйым салынады.

Сигнал шамдары мен индикаторлар

Автокөлікті электрмен қоректендіру қосылған кезде (ON күйі) төменде келтірілген ескерту шамдары мен индикаторлар аз уақытқа қосылады және шамамен 3 секундтан кейін сөнеді:

- Қауіпсіздік жастығының индикаторы;
- Отынның төмен деңгейінің индикаторы;
- Шина қысымының индикаторы ※;
- Тежегіш сұйықтығы деңгейінің индикаторы;
- EPB (Электрмеханикалық тұрақ тежегіші) ақауының индикаторы;
- EPB (Электрмеханикалық тұрақ тежегіші);
- ABS;
- ESC (Бағыт тұрақтылығын сақтайтын электрондық жүйе);
- ESP_OFF (Тұрақтылықты электрондық бақылау СӨНД.);
- EPS;
- Қозғалтқыштың салқындату сұйықтығының температурасы;
- Беріліс қорабы ақауының индикаторы (АБҚ бар автокөліктер үшін)

Егер автокөліктің қуат көзін қосқаннан кейін (ON күйі) немесе қозғалтқышты оталдырғаннан кейін қандай да бір ескерту шамы немесе индикатор қосылмаса немесе қосылғаннан кейін өшпесе, бұл жүйеде ақау барын көрсетеді. Диагностикалау және жөндеу үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

Шалғай жарық фаралары 

Индикатор шалғай жарықтың қосулы фараларын көрсетеді.

Таяу жарық фаралары 

Индикатор таяу жарықтың қосулы фараларын көрсетеді.

Тұман фаралары 


Индикатор қосулы тұрған тұман фараларын көрсетеді

Артқы тұман шамдары 

Индикатор қосулы артқы тұман шамдарын көрсетеді

Габарит жарықтары 

Индикатор габарит жарықтарының қосылғанын көрсетеді.


Бұрылыс сигналдары көрсеткішінің шамдары 

Руль астындағы бұрылыс ауыстырып-қосқышымен бұрылыс көрсеткіштерін қосқан кезде немесе апаттық сигнал беру жүйесін қосқан кезде бұрылыс сигналдарының индикаторы «сырт еткен дыбыспен» сүйемелденіп жыпылықтайды. Егер қандай да бір басқа ескерту сигналы бірге қосылса (мысалы, тағылаған қауіпсіздік белбеулері туралы ескерту), бұрылыс сигналының дыбысы шықпайды.


Май қысымының индикаторы 

Автокөліктің қуатын қосқан кезде (ON күйі) май қысымының индикаторы жанады және қозғалтқышты оталдырғаннан кейін өшеді. Егер май қысымының индикаторы қозғалтқышты оталдырғаннан кейін жана берсе немесе автокөлік қозғалған кезде жанса, бұл майдың төмен деңгейін немесе майлау жүйесінің ақауын көрсетеді. Мұндай жағдай туындаса, мүмкіндігінше тездетіп автокөлікті тұраққа қойыңыз, қозғалтқышты өшіріңіз және қозғалтқыштағы май деңгейін тексеріңіз.

Егер электр қуат көзі қосылса (ON күйі) және өзін-өзі диагностикалау кезіндемай қысымының индикаторы жанбаса, диагностикалау және жөндеу үшін CHANGAN өкілетті сервис орталықтарына хабарласыңыз.

Аккумулятор батареясының зарядталу индикаторы 

Автокөліктің қуатын қосқан кезде (ON күйі) аккумулятор батареясының индикаторы жанады және қозғалтқышты іске қосқаннан кейін өшеді. Егер индикатор автокөліктің жұмысы кезінде жанса, бұл аккумулятор батареясын зарядтау жүйесінің ақауын көрсетеді. Артық энергия тұтынушы құралдарды өшіріңіз және диагностикалау және жөндеу үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

Қауіпсіздік жастығының индикаторы 

Автокөліктің қуатын қосқан кезде (ON күйі) қауіпсіздік жастығының индикаторы жанады және 3 секунд бойы жануды жалғастырады. Бұл жүйе өзін-өзі диагностикалайтынын және жарамды екендігін көрсетеді. Егер индикатор шамы жана берсе немесе жанбаса, жүйеде ақау бар.

Жұмыс күйінде бұл бақылау шамы сөнуі тиіс. Егер қауіпсіздік жастығының индикаторы жыпылықтаса немесе автокөліктің қозғалысы

кезінде жанса, бұл SRS жүйесі жұмысының ақауын көрсетеді. Диагностикалау және жөндеу үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

Қауіпсіздік белбеулерінің индикаторы 

Автокөліктің қуатын қосқан кезде (ON күйі) тағылмаған қауіпсіздік белбеуінің индикаторы бірден жанады. Ол жүргізуші мен алдыңғы жолаушы қауіпсіздік белбеулерін таққаннан кейін сөнеді.

Қозғалтқыш ақауының индикаторы 

Автокөліктің қуатын қосқан кезде (ON күйі) қозғалтқыш ақауының индикаторы жанады және қозғалтқышты оталдырғаннан кейін өшеді. Егер қозғалтқыш оталғаннан кейін ескерту шамы жанып тұрса, бұл қозғалтқышты басқару модулінің немесе түтіннің шығарылуын бақылау жүйесінің ақауын көрсетеді. Диагностикалау және жөндеу үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

Имобилайзер 

Имобилайзерді іске қосқаннан кейін бақылау шамы автокөлік күзетке қойылғанын көрсететін төмен жиілікпен жыпылықтайды. Дабыл күйінде жоғары жиілікпен жыпылықтайды.

«III. Автокөліктің функциялары – Иммобилайзер».

Отынның төмен деңгейінің индикаторы



Егер индикатор 8 (F (full)) сектор деңгейінде орналасса – отын багы толған; егер индикатор 1 (E (empty)) сектор деңгейінде болса, отын багы бос және индикатор жанады.

Егер автокөлік қозғалысы кезінде отынның төмен деңгейінің индикаторы жанса, автокөлікке дереу отын құйыңыз. Отынның төмен деңгейінің индикаторы қосылғаннан кейін автокөлікке уақтылы отын құйыңыз. Отын құю бекетіне дейінгі қашықтық дисплейде көрсетіледі. «Ақпараттық дисплей – Отын құю бекетіне дейінгі қашықтық (DTE)» бөлімін қараңыз.

Қозғалтқышты салқындату сұйықтығы температурасының индикаторы



Көрсеткіш 7 белгісіне жетсе, қозғалтқыштың салқындату сұйықтығының температура индикаторы жанады. Егер қозғалтқышты оталдырған соң индикатор үздіксіз жанса немесе автокөліктің қозғалысы кезінде жанса, диагностикалау және жөндеу үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз

Круз-контроль индикаторы ※(CC)



Пернені басып, круз-контроль функциясын іске қосқан кезде индикатор қосылады.

Бейімделетін круз-контроль индикаторы



Егер бейімделетін круз-контроль жүйесінің индикаторы ақ түспен жанса – жүйе күту режимінде; егер индикатор жасыл түсті болса – жүйе іске қосылған.

START-STOP (сары) жүйесінің индикаторы



«START-STOP» функциясы белсенді болса, бірақ ағымдағы күйі қозғалтқышты қосуға/сөндіруге мүмкіндік бермесе, индикатор сары түспен жанады.

START-STOP (жасыл) жүйесінің индикаторы ※



«START-STOP» функциясы белсенді болса, индикатор жасыл түспен жанады.

Шина қысымының индикаторы ※



Егер автокөлік жүріп келе жатқан кезде шиналардағы қысым индикаторы қосылатын болса немесе оталдыру жүйесін қосқан кезде жанбаса, диагностикалау және жөндеу үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

Электрмеханикалық тұрақ тежегіші (EPB) ақауының индикаторы



Төмендегі жағдайлар туындаса, диагностикалау және жөндеу үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына мүмкіндігінше тезірек хабарласыңыз.

- Индикатор қозғалтқышты оталдыру кезінде жанбайды;
- Жануын жалғастырады;
- Индикатор автокөлікті оталдыру кезінде жанады.

Электрмеханикалық тұрақ тежегішінің (EPB) индикаторы



Автокөлікті тұрақ тежегішіне қойған кезде индикатор жанады; тұрақ тежегішін жіберген кезде индикатор сөнеді.

Егер тұрақ тежегішінің индикаторы оның нақты күйін көрсетпесе, тексерту және қызмет көрсету үшін мүмкіндігінше тездетіп CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

ЕСКЕРТУ

Автокөлік жүріп келе жатқан кезде тұрақ тежегішін пайдалануға тыйым салынады. Пайдаланған жағдайда автокөліктің қозғалысы қиындайды және тұрақ тежегіші жүйесі зақымдалуы мүмкін.

Тежеу жүйесі ақауының индикаторы

Егер тежеу жүйесі ақауының индикаторы оталдыру жүйесін қосқан кезде жанбаса немесе содан кейін өшпесе, қызмет көрсету үшін мүмкіндігінше тезірек CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

Егер тежеу жүйесінің ыдысында тежегіш сұйықтығының деңгейі төмен болса, келесі әрекеттерді жасаңыз:

- Автокөлікті ең жақын қауіпсіз жерге абайлап бағыттаңыз да, тоқтатыңыз;
- Қозғалтқышты өшіргеннен кейін резервуардағы тежегіш сұйықтығының деңгейін дереу тексеріп, қажет болған жағдайда тежегіш сұйықтығын құйыңыз. Тежеу жүйесінің барлық элементтерінде тежегіш сұйықтығының жылыстауын тексеріңіз. Жылыстау байқалса, тежеу жүйесінің ақау индикаторы әрдайым қосулы болады немесе тежеу жүйесі тиімді жұмыс істемейді. Автокөлікті пайдалануға тыйым салынады.

ABS жүйесінің индикаторы

Егер жүйе индикаторы автокөлік жүріп келе жатқан кезде қосылса, бұл ESC жүйесінің ақауын көрсетеді. Бұл жағдайда тежеу жүйесі ABS жүйесінсіз жұмыс істейді. Қызмет көрсету үшін мүмкіндігінше тездетіп CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

Бағыт тұрақтылығын сақтайтын электрондық жүйенің индикаторы (ESC) ※



Егер автокөлік қозғалысы кезінде бағыт тұрақтылығын сақтайтын электрондық жүйенің индикаторы жыпылықтап, одан кейін өшсе, бұл ESC жүйесінің іске қосылғанын көрсетеді.

Егер индикатор қозғалтқышты оталдырғаннан кейін жана берсе, бұл бағыт тұрақтылығын сақтайтын электрондық жүйенің (ESC) ақауын білдіреді. ESC жүйесі ақау бар кезде сөнбейді. Диагностикалау және жөндеу үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына дереу хабарласыңыз.

Бағыт тұрақтылығын сақтайтын электрондық жүйенің индикаторы (ESC_OFF) ※

ESC жүйесі оталдыру жүйесін қосқан сайын қосылады. ESC_OFF түймесін басыңыз және бағыт тұрақтылығын сақтайтын электрондық жүйе сөнгенін көрсететін бақылау шамы жанады. Бұл ESC функциясы сөндірілгенін білдіреді. Түймені тағы да бассаңыз, ESC функциясы қосылады.

Егер бағыт тұрақтылығын сақтайтын электрондық жүйені сөндіру индикаторы жанбаса немесе жануын жалғастырса, қызмет көрсету үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

EPS индикаторы

Егер EPS ақауының индикаторы автокөлік жүріп келе жатқан кезде жыпылықтап тұрса немесе күдік тудырып қосылатын болса, бұл EPS жүйесінің ақауын көрсетеді. Диагностикалау және жөндеу үшін мүмкіндігінше тезірек CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

Трансмиссия ақауының индикаторы ※



Егер автокөлік қозғалысы кезінде трансмиссия ақауының индикаторы жанса немесе жануын/жыпылықтауын жалғастырса, бұл оның дұрыс жұмыс істемейтінін көрсетеді. Диагностикалау және жөндеу үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

120Km/h жылдамдықты шектен асыру ※



Спидометр 120 км/сағ және одан жоғары жылдамдықты көрсетсе, индикатор жыпылықтайды.

Қозғалыс жолағын қиып өту туралы

ескерту жүйесінің индикаторы ※



Егер индикатор ақ түспен жанса, демек, қозғалыс жолағын қиып өту туралы ескерту жүйесі күту режимінде. Егер индикатордың түсі жасыл түспен жанса, онда қозғалыс жолағын қиып өту туралы ескерту жүйесі - белсенді күйде.

Жабылмаған есіктің индикаторы



Егер алдыңғы сол жақ есік, алдыңғы оң жақ есік, артқы сол жақ есік, артқы оң жақ есік, капот немесе жүксалғыш есігі жабық болса, тиісті ақпарат СК-дисплейде көрсетіледі. Барлық есік жабылғаннан кейін бұл хабар жойылады.

Негізгі ақпараттық LCD шамы



Бұл индикатор ақау пайда болғанда немесе жүйе істен шыққанда жанады. Ақау туралы тиісті ақпарат индикатор қосылған кезде және ақау туындаған кезде ақпаратты хабарда көрсетіледі.

Параллель тұраққа қою жүйесінің ақауы ※



Сары түсті индикаторлық шам параллель тұраққа қою жүйесінде ақау барын немесе соқтығысу қаупі бар екендігін білдіреді.

Өрден түсуге көмектесетін жүйенің индикаторы ※



Жасыл түсті индикатор өрден түсуге көмектесетін жүйенің іске қосылғанын білдіреді.

Осьаралық дифференциалды бекіту индикаторы ※



Сары түсті индикатор шамы толық жетектің бекітілгенін білдіреді.

Батарея зарядының индикаторы ※



- Қызыл түсті индикатор – заряд деңгейі төмен;
- Жасыл түсті индикатор – заряд толық;
- Индикатор қызыл түспен жыпылықтайды – батарея зарядталып жатыр.

Дыбыстық ескертулер мен еске салулар

Жабылмаған есік

Автокөліктің қуат көзін қосқан кезде (ON күйі) немесе қозғалтқышты іске қосқан кезде есіктердің біреуі жабылмаса, ескерту сигналы естіледі.

Тағылмаған қауіпсіздік белбеуі туралы еске салу

Егер жүргізуші және/немесе алдыңғы жолаушы қауіпсіздік белбеуін тақпаса, ал автокөліктің жылдамдығы белгіленген мәннен (7 км/сағ) асып кетсе, дыбыс сигналы естіледі. Егер жағдай өзгермесе, 5 минуттан кейін дыбыс сигналы тоқтайды.

Ескертпе: Дыбыстық ескерту тек алдыңғы жолаушыларға арналған тағылмаған қауіпсіздік белбеулері туралы еске салу функциясымен жабдықталған автокөліктерде қолжетімді.

Сөндірілмеген жарық туралы ескерту

Егер оталдыру жүйесін ажыратқаннан (OFF күйі) және жүргізуші есігін ашқаннан кейін шамдар немесе автокөліктің габарит жарықтары сөнбесе, ескертуші дыбыс сигналы естіледі.

Жабылмаған есік туралы ескерту

Егер автокөліктің электр қуат көзін сөндіргеннен кейін (OFF күйі) кілттегі құлыптау түймесін (Lock) басқан кезде бүйір есіктердің кез келгені, капот және артқы есік жабылмаса, 3 рет дыбыс сигналы естіледі, ал есіктер құлыпталмайды.

«Follow Me Home» (Үйге дейін шығарып салу) функциясын қосу

Автокөліктің электр қуат көзі сөніп тұрған кезде (OFF күйі) 2 секунд ішінде сөнген жарықтарды (OFF) таяу жарық күйіне, кейін қайтадан (OFF) күйіне ауыстырыңыз. «Үйге дейін шығарып салу» функциясы іске қосылған кезде дыбыс сигналы беріледі.

Қашықтан басқару кілтінің қуат элементі зарядының төмен деңгейі туралы ескерту

Электр қуат көзі режимін ACC күйіне немесе өшірулі «OFF» күйіне ауыстырған кезде кілттегі құлыпты ашу түймесін (Unlock) басыңыз және автокөліктің жүргізуші есігін ашыңыз. Қашықтан басқару функциясы бар кілттің қуат элементі зарядының төмен деңгейі кезінде дыбыс сигналы 9 рет естіледі.

Кілт анықталмады

Егер электр қуатын ON/ACC күйіне қосқан кезде автокөлікте кілт болмаса немесе кілт анықталмаса, 3 рет ескертуші дыбыс сигналы естіледі.

Автокөліктегі кілт туралы ескерту

Егер электр қуатын сөндіргеннен кейін (OFF күйі) кілт автокөліктің ішінде қалса, 3 рет ескертуші дыбыс сигналы естіледі.

АБҚ селекторын «P» күйіне ауыстыру туралы ескерту ※

Егер қозғалтқышты оталдыру кезінде берілістерді ауыстырып қосу селекторы «P» күйінде болмаса, дыбыс сигналы естіледі.

Жабылмаған люк туралы ескерту

Егер электр қуатын өшіргеннен кейін (OFF күйі) люк жабылмаса, ұзақ дыбыс сигналы естіледі.

Имобилайзердің белсенді күйін ауыстыру туралы ескерту

Электр қуат көзін ACC/OFF күйіне ауыстырған кезде имобилайзердің белсенді күйі ауыстырылса, ескертуші дыбыс сигналы 4 рет естіледі.

Төмен отын деңгейі туралы ескерту

Отын деңгейі бақылау нүктесіне бірінші рет жеткен кезде қысқа дыбыстық ескерту естіледі және төмен отын деңгейінің индикаторы жанады.

Жүргізуші есігінің құлпын ашу режимін баптау

Автокөліктің электр қуат көзі сөндірілсе (OFF күйі), жүргізуші есігінің құлпын ашу режимін қосу немесе сөндіру кезінде ескертуші дыбыс сигналы естіледі.

Жылдамдықты шектеу режимін баптау

Автокөліктің электр қуат көзі қосулы (ON күйі) тұрғанда жылдамдықты шектеу режимін қосу немесе сөндіру кезінде ескертуші дыбыс сигналы естіледі.

Орындықтардың жадын орнату ※

Орындық жадының баптаулары сәтті бағдарламаланған кезде ескертуші дыбыс сигналы естіледі.

Артқа жүріп тұраққа қою датчиктерінің ақаулары туралы ескерту

Автокөліктің электр қуат көзін қосқан кезде (ON күйі), егер артқа жүріп тұраққа қою датчиктерінде ақау болса, 3 қысқа ескерту сигналы естіледі.

Радар көмегімен кедергілерді анықтау туралы ескерту

Автокөліктің электр қуат көзі қосулы кезде (ON күйі), тұраққа қою датчиктері кедергілерді анықтағанда автокөлік пен кедергінің арасындағы қашықтыққа байланысты әртүрлі жиіліктерде ескерту сигналы естіледі.


Автокөлікті тұраққа қою жүйесінің ескертуі ※

Автокөліктің электр қуат көзі жүйесі қосулы кезде (ON күйі), автокөлікті тұраққа қойғанда тұрақ орнын, тұрақ кедергісін анықтағанда, сәтті тұраққа қойғандадыбыс сигналы естіледі.


Ақпараттық дисплей**Отын құю бекетіне дейінгі қашықтық (DTE)**

Ақпараттық дисплей (DTE) автокөліктің қалған отынмен жүре алатын қашықтығын көрсетеді.

Отын құю бекетіне дейінгі қашықтық қалдық отын мөлшері және отынның соңғы орташа шығыны бойынша есептеледі. Оған жүру ерекшеліктері және қозғалыс бағдары әсер етуі мүмкін. Есептік көрсеткіштерден ауытқу – қалыпты жағдай. Егер автокөліктің қозғалысы кезінде көрсеткі отынның төмен деңгейін көрсетсе және ескерту шамы жанса, автокөлікке тезірек отын құйыңыз. Отын құюға дейін қалған қашықтық дисплейде көрсетіледі.


Жалпы жүрілген жол (ODO)

Автокөліктің жалпы жүрген жолы 0 – 999 999 км ауқымында көрсетіледі. Егер автокөліктің жалпы жүрген жолы 999 999 км жетсе, одометрдің көрсеткіштері бекітіледі және одан әрі өзгермейді.

Бір сапардың қашықтығы

Сапардың қашықтығы туралы ақпарат 0,0 км бастап 9999,9 км дейінгі ауқымда бір сапарда жүріп өткен қашықтығын көрсетеді. Егер мән 9999,9 км-ден асып кетсе, одометрдің көрсеткіштері автоматты түрде нөлденеді.

Сапар туралы ақпаратты нөлдеу үшін тиісті көмексөздерге сәйкес ОК түймесін басыңыз.

Автокөліктің орташа жылдамдығы※

Автокөліктің орташа жылдамдығының ауқымы 0,0 бастап 99,9 км дейін.

Ақпаратты нөлдеу үшін тиісті көмексөздерге сәйкес ОК түймесін басыңыз.

Шиналардағы қысым туралы ақпарат ※



Шиналардағы қысым мәнін көрсетеді және шиналардағы төмен қысым туралы ескертеді.

Айналдыру моменті туралы ақпарат ※



Автокөлік қозғалған кезде дисплейде төрт дөңгелектің айналдыру моментін үлестіру туралы ақпарат және жүйенің жұмыс режимі туралы ақпарат көрсетіледі.

Қысқа мерзімді қозғалыс туралы ақпарат



Отын шығынын, жүрілген қашықтықты және ағымдағы сапар уақытын көрсетеді.

Қозғалтқыш бос жүріспен жұмыс істеген кездегі отын шығыны - бұл нақты уақыттағы мән, ал автокөлік қозғалысы кезіндегі отын шығыны - орташа мән.

Қозғалтқышты сөндіргеннен кейін қысқа мерзімді қозғалыс туралы ақпарат тазартылады.

Ұзақ мерзімді қозғалыс туралы ақпарат


Отын шығынын, жүрілген қашықтықты және ұзақ мерзімді сапар уақытын көрсетеді.

Ақпаратты нөлдеу үшін тиісті көмексөздерге сәйкес ОК түймесін басыңыз.

Отын құйылғаннан кейін жүрілген қашықтық

Отынның орташа шығынын, жүрілген қашықтықты және соңғы рет отын құйылғаннан бастап осы рет отын құйғанға дейінгі уақытты көрсетеді.


Отын құюға дейін бірінші рет қозғалтқышты оталдырған сәттен басталған ақпарат көрсетіледі.

Ағымдағы сапар туралы ақпарат

Қозғалтқышты оталдырған сәттен бастап, автокөлік тоқтағанға дейінгі сапар туралы ақпаратты көрсетеді.

Қозғалтқышты сөндірген сәттен басталған ақпарат көрсетіледі.

Қозғалыс жолағын бақылау жүйесі (LAS)※



Қозғалыс жолағындағы белгілеу сызықтарын анықтау туралы ақпаратты көрсетеді және автокөліктің жол белгісі сызығын абайсызда кесіп өтуі туралы хабарлайды.

«III. Автокөліктің функциялары – Жол белгісін абайсызда кесіп өту туралы хабарлау жүйесі (LDW) ※».

Крузи-контроль жүйесі ※




Ағымдағы ақпаратты көрсетеді:

- Алдағы автокөлікке дейінгі қашықтық (уақыт аралығы) ;
- Крузи жылдамдығы;
- Крузи-контроль жүйесінің тиісті еске салулары мен апаттық ескертулері.

«III. Автокөліктің функциялары– Крузи-контроль (CC/ACC)※» бөлімін қараңыз.


Ескертулер және дабыл сигналдары

Артқа жүргенде сигнал беру жүйесінің тұраққа қою датчиктерінің интерфейсі



Кедергі анықталған кезде автокөліктен кедергіге дейінгі қашықтық дыбыстық сигнал беру жүйесі іске қосылған сәтке дейін көрсетіледі.

Мәтіндік хабарлама немесе ақпараттық хабарламалар



Мәтіндік хабарламалар немесе ақпараттық хабарлар жүйенің тиісті бөліміне кірген кезде көрсетіледі.

Қос интерактивті экран ✳

Навигация



1. Қос экранда көрсетіледі:

- Навигация картасы;
- Бұру туралы ақпарат;
- Қалған қашықтық;
- Қалған уақыт.

2. Орталық басқару дисплейін сол жаққа үш/ төрт саусақпен жылжытыңыз және карта тахометрдің аймағында көрсетіледі. Егер оң жаққа жылжытса, дисплей жойылады.

Қоңыраулар және байланыс ақпараты



Байланыс ақпараты немесе қоңырау күйі синхронды түрде көрсетіледі.

Мультимедиа туралы ақпарат



Орталық басқару дисплейін сол жаққа жылжытыңыз немесе дисплей мәзірін қолданыңыз. Дисплейде мультимедианы ойнату туралы ақпарат көрсетіледі.

Рульдегі ақпараттық дисплейді басқару түймелері



Құрамдас ауыстырып-қосқыш рульдегі төрт позициялы түйме болып келеді.

Мәзір түймесі (сол жақ/оң жақ): ақпараттық дисплейдің мәзірін кезекпен ауыстыру.

Ауыстырып-қосқыш (жоғары/төмен): ауыстырып қосу түймесімен дисплейге қажетті ақпаратты шығаруға болады. Мысалы, борттық компьютердің интерфейсінде - аралық жүрілген жол туралы ақпарат, қысқа мерзімді жүрілген қашықтық туралы ақпарат, ұзақ мерзімді жүрілген қашықтық туралы ақпарат, шиналардағы ауа қысымы туралы ақпарат және т.б.


Ауыстыру түймелерінің өзара әрекеттесуі

Мәзір түймелері (сол жақ және оң жақ) ауыстырып қосу мүмкіндігінің өзара әрекеттесуі:


Өзге ақпараттық хабарлар немесе ақаулар болмаса, автокөліктің электр қуат көзі қосұлы кезде (ON күйі) ақпараттық дисплей әдепкі түрде автокөліктің жүрген қашықтығын көрсетеді.

Электр қуат көзін сөндіргеннен кейін автокөлікті қосқан кезде ақпараттық дисплейде сөндірудің алдында соңғы орнатылған интерфейс көрсетіледі. Оны ауыстыру үшін мәзір түймесін сол жаққа немесе оң жаққа басыңыз.

Түймелерді басқан кезде ақпараттық дисплей мәзірін ауыстырып қосу реттілігі (Дисплейі 10,25 дюйм)




Түймелерді басқан кезде ақпараттық дисплей мәзірін ауыстырып қосу реттілігі (Дисплейі 7 дюйм)




Ауыстырып-қосқыш (жоғары/төмен) ауыстыру кезінде өзара әрекеттесу

1. Борттық компьютердің қозғалыс кезіндегі интерфейсі

Борттық компьютердің түймелерін жоғары/төмен басқанда қозғалыс кезінде келесі реттілікпен ауысады. Егер функция іске қосылмаса немесе автокөлік конфигурациясында болмаса, тиісті интерфейс көрсетілмейді.




2. Тақырыптың ауыстырып-қосқышы  Көмескі жарық түсін өзгерту;



3. Автокөлік туралы ақпарат

Егер автокөлік жадында бірнеше ақпараттық хабар немесе ақаулар сақталса, оларды жоғары/төмен ауыстырып-қосқыш көмегімен қарауға болады.

4. Толық жетек (4WD)



Ақпараттық дисплейдегі хабарламалар

Егер ақпараттық дисплейде келесі хабарламалар көрсетілсе, ақауларды жою үшін келесі әрекеттерді орындаңыз.

Кілт және PEPS жүйесі ※

| Хабарлама | Әрекеттер | Хабарлама | Әрекеттер |
|---|---|--|---|
| Key not detected Кілт табылмады. | Қозғалтқышты өшіріп, кілтті тексеріңіз. | Please close the door and press the remote lock button Есікті жабыңыз және кілттегі құлыптау түймесін басыңыз. | Есікті жабыңыз және кілттегі құлыптау түймесін басыңыз. |
| Low Battery of Key Кілттің қуат элементінің заряд деңгейі төмен. | Кілттің қуат элементін ауыстырыңыз. | Depress Brake Pedal to Start Қозғалтқышты оталдыру үшін тежегіш педалін басыңыз. | Қозғалтқышты оталдыру үшін тежегіш педалін басыңыз. |
| Key in Vehicle Кілт автокөлікте. | Есікті жаппай тұрып, кілтті автокөліктен алып шығыңыз. | Depress clutch to Start Қозғалтқышты оталдыру үшін ілінісу педалін басыңыз. | Қозғалтқышты оталдыру үшін ілінісу педалін басыңыз. |
| Step on brake pedal and clutch pedal when start Қозғалтқышты оталдырған кезде тежегіш педалін және ілінісу педалін басыңыз. | Қозғалтқышты оталдырған кезде бір уақытта тежегіш педалін және ілінісу педалін басыңыз (МБК, PEPS жоқ). | | |

Ескерту

| Хабарлама | Әрекеттер | Хабарлама | Әрекеттер |
|--|---|--|--|
| Startup system fault Қозғалтқышты оталдыру жүйесінің қатесі | Диагностикалау және жөндеу үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз. | Powerdistributionfault (Автокөліктің электр қуат көзі жүйесінің ақауы) | Диагностикалау және жөндеу үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз. |
| ImmobilizerAuthenticationFailed Иммобилайзердің түпнұсқалығын тексеру қатесі | 1. Кілттің дұрыстығын тексеріңіз 2. Диагностикалау және жөндеу үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз. | Reversing radar fault Тұраққа қою датчиктерінің ақауы | 1. Реверс датчигінің нұсқаулықтарын қараңыз 2. Диагностикалау және жөндеу үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз. |
| Failure to satisfy the cruise conditions Круиз-контроль жүйесі шарттарының орындалу қатесі | Круиз-контроль функциясының нұсқаулығын қараңыз | | |

Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі

| Хабарлама | Әрекеттер | Хабарлама | Әрекеттер |
|---|--|--|--|
| Tire pressure monitoring system fault Шиналардағы қысымды бақылау жүйесінің ақауы | Автокөлікті қауіпсіз жерге ақырын тоқтатыңыз да, шиналардағы қысымды бақылау жүйесінің ақпаратына сәйкес шиналарды тексеріңіз. | Tirepressurewarning Шинаның төмен қысымы туралы ескерту. | Автокөлікті қауіпсіз жерге ақырын тоқтатыңыз да, шиналардағы қысымды бақылау жүйесінің ақпаратына сәйкес шиналарды тексеріңіз. |

Электрмеханикалық тұрақ тежегіші жүйесі (EPB)

| Хабарлама | Әрекеттер | Хабарлама | Әрекеттер |
|--|---|--|--|
| Insufficient clamping force of electrical parking brake Электрмеханикалық тұрақ тежегішінің қысу күшінің жеткіліксіздігі | Автокөліктің электрмеханикалық тұрақ тежегішінің нұсқаулығын қараңыз. | AUTOHOLDWorking Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру жүйесі жұмыс істеп тұр | Автоматты түрде ұстап тұру функциясының іске қосылғаны туралы хабарлама. Ешқандай шара қолдану қажет емес. |
| Excessive gradient for parking Тұраққа қою үшін шамадан тыс еңіс | Автокөліктің электрмеханикалық тұрақ тежегішінің нұсқаулығын қараңыз. | Electrical parking brake is not released. Электрмеханикалық тұрақ тежегіші іске қосылған | Электрмеханикалық тұрақ тежегішін босатыңыз. |
| Please tread brake pedal to release parking. Тұрақ тежегішінен шығару үшін тежегіш педалін басыңыз. | Тежегіш педалін басыңыз және электр тежегішті босатыңыз. | | |

Руль

| Хабарлама | Әрекеттер | Хабарлама | Әрекеттер |
|--|--|--|---|
| Steeringlocknotreleased (Рульдің құлпы ашылмады) | 1. Құлыпты ашу үшін рульді абайлап бұрыңыз; 2. «Рульді құлыптау» бөлімін қараңыз. | Checksteeringlocksystem. (Рульді құлыптау жүйесін тексеріңіз). | 1. «Электрмеханикалық руль» бөлімін қараңыз; 2. CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз. |

Автокөлікке қызмет көрсету※

| Хабарлама | Әрекеттер | Хабарлама | Әрекеттер |
|--|---|--|---|
| <p>Insufficient oil pressure (Майдың төмен қысымы).</p> | <p>Автокөлікті жайымен қауіпсіз жерге тоқтатыңыз да, қозғалтқыштағы май деңгейін тексеріңіз. Деңгейді бақылай отырып, май құйыңыз. Диагностикалау және жөндеу үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.</p> | <p>Highcoolanttemperature (Салқындату сұйықтығының жоғары температурасы).</p> | <p>Автокөлікті жайымен қауіпсіз жерге тоқтатыңыз да, салқындату сұйықтығының деңгейін тексеріңіз. Қажет болса, салқындату сұйықтығын қосымша құйыңыз. Егер салқындату сұйықтығының деңгейі мен температурасы қалыпты болса, бірақ хабарлама көрсетіліп тұрса, CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.</p> <p>Назар аударыңыз: суымаған автокөлікте қозғалтқышты салқындату жүйесінің қақпақтарын ашпаңыз. Бұл күйік шалуға алып келуі мүмкін.</p> |
| <p>Please carry out maintenance immediately. (Автокөлікке дереу қызмет көрсету жүргізіңіз).</p> | <p>Қызмет көрсету үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.</p> | | |

Трансмиссия ※

| Хабарлама | Әрекеттер | Хабарлама | Әрекеттер |
|--|---|--|--|
| <p>Shift to P position (АБҚ селекторын «P» күйіне ауыстырыңыз).</p> | <p>1. АБҚ селекторын P күйіне ауыстырыңыз. 2. Егер берілістерді ауыстыру селекторы «P» күйінде болса, ал дисплейдегі ақпарат бұрынғыдай көрсетілсе, тексеру үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.</p> | <p>Please shift to neutral position. (АБҚ селекторын «N» күйіне ауыстырыңыз).</p> | <p>1. АБҚ селекторын «N» бейтарап күйіне ауыстырыңыз. 2. Егер берілістерді ауыстыру селекторы «N» күйінде тұрса, ал дисплейдегі ақпарат бұрынғыша көрсетіліп тұрса, тексерту үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.</p> |
| <p>Transmission system fault (Трансмиссия ақауы).</p> | <p>CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.</p> | | |

Жарық

| Хабарлама | Әрекеттер | Хабарлама | Әрекеттер |
|---|---|--|---|
| <p>Low beam lamp is on. (Таяу жарық фаралары қосылып тұр).</p> | <p>Көріну шарттарына және жол қозғалысының ережелеріне сәйкес фаралардың таяу жарығын қолданыңыз.</p> | <p>«Follow Me Home» function is ON. «Үйге дейін шығарып салу» функциясы қосулы.</p> | <p>«Үйге дейін шығарып салу» функциясының қосулы тұрғанын білдіреді. Ешқандай іс-әрекет жасау қажет емес, жүйе дұрыс жұмыс істеп тұр.</p> |

Жол белгісін абайсызда қиып өту туралы хабарлау жүйесі (LDW)

| Хабарлама | Әрекеттер | Хабарлама | Әрекеттер |
|--|---|---|---|
| LASNotCalibrated LAS (қозғалыс жолағын бақылау жүйесі) калибрленбеді | Жол белгісін абайсызда қиып өту туралы хабарлау жүйесінің (LDW) нұсқаулығын қараңыз | LASCalibrated LAS (қозғалыс жолағын бақылау жүйесі) калибрленді | Жол белгісін абайсызда қиып өту туралы хабарлау жүйесінің (LDW) нұсқаулығын қараңыз |
| FaultinLanedepartureSystem Жол белгісін абайсызда қиып өту туралы хабарлау жүйесінің ақауы | Жол белгісін абайсызда қиып өту туралы хабарлау жүйесінің (LDW) нұсқаулығын қараңыз | FaultinLaneAssistanceSystem Жол қатарын бақылау жүйесінің ақауы | Жол белгісін абайсызда қиып өту туралы хабарлау жүйесінің (LDW) нұсқаулығын қараңыз |
| Camera Being Covered Камера жабылып қалды | Жол белгісін абайсызда қиып өту туралы хабарлау жүйесінің (LDW) нұсқаулығын қараңыз | | |

Круз-контроль ※

| Хабарлама | Әрекеттер | Хабарлама | Әрекеттер |
|---|---|--|---|
| Automatic emergency braking Шұғыл тежеу | Шұғыл тежеу жүйесі (PAB) жұмысының нұсқаулығын қараңыз | Collision danger Соқтығысу қаупі | Шұғыл тежеу жүйесі (PAB) жұмысының нұсқаулығын қараңыз |
| Keep a safe distance with the ahead vehicle Алдағы көлік құралымен қауіпсіз қашықтықты сақтаңыз | Шұғыл тежеу жүйесі (PAB) жұмысының нұсқаулығын қараңыз | Fault in precautions of auxiliary brake system Қосалқы тежеу жүйесінің ақауы | Круз-контроль жүйесі (CC/ACC) жұмысының нұсқаулығын қараңыз ※ |
| ACCradariscovered Бейімделетін круз-контроль радары жабылған | Круз-контроль жүйесі (CC/ACC) жұмысының нұсқаулығын қараңыз ※ | Fault in Cruise Control System Круз-контроль жүйесінің ақауы | Круз-контроль жүйесі (CC/ACC) жұмысының нұсқаулығын қараңыз ※ |


Жарықты басқару


Руль астындағы жарық ауыстырып-қосқышы



Өшіру: руль астындағы жарық ауыстырып-қосқышы өшірулі («OFF» күйі) болғанда және автокөліктің электр қуаты ажыратылған жағдайда («OFF/ ACC» күйі) – автокөліктің барлық жарығы сөндірілген. Автокөліктің электр қуат көзін қосқан кезде (ON/ START күйі) габариттік күндізгі жүріс жарықтарын қоспағанда, барлық жарық сөндірілген.

Ауыстырып қосқыштағы белгілеме:

: габарит жарықтары, нөмірлік белгінің жарығы;


: фаралар, габарит жарықтары, нөмірлік белгінің жарығы;

AUTO※: автоматты режимге (AUTO) ауысу кезінде - фаралар қоршаған ортаны жарықтандырылуына байланысты автоматты түрде жанады және сөнеді.

ЕСКЕРТПЕ

Қоршаған ортаны жарықтандыру датчигі алдыңғы тақтада, алдыңғы айнек дефлекторларының ортасында орнатылған. Датчиктің жұмысына бөгет жасамау үшін бұл аймаққа ешқандай заттар орналастырмаңыз.

Бұрылыс көрсеткіштерінің руль астындағы ауыстырып-қосқышы





Автокөліктің электр қуат көзі қосулы болса (ON күйі), бұрылыс көрсеткіштерінің руль астындағы ауыстырып-қосқышын жоғары/төмен ауыстырыңыз, сол кезде бұрылыстың оң жақ/ сол жақ сигналы жыпылықтай бастайды. Егер бұрылыс көрсеткіштерінің руль астындағы ауыстырып-қосқышы жоғары/ төмен ауыстырылса, содан кейін бірден бейтарап күйге қайтарылса, бұрылыс көрсеткіштерінің тиісті сигналы 3 рет жыпылықтайды.

Бұрылыс көрсеткішінің жарқылдарының санын өзгерту үшін мультимедиалық дисплейде «Автокөлік баптаулары - Жарықтандыру баптаулары» тармағын таңдаңыз

Егер бұрылыс көрсеткішін қосқан кезде сигнал шамы бұрынғыдан екі есе жылдам жыпылықтаса, бұл бұрылыс сигналы шамында ақау барын көрсетеді.

Шалғай/ таяу жарық фараларының ауыстырып-қосқышы







Жарық ауыстырып-қосқышын  күйіне бұрыңыз, сонда фаралардың таяу жарығы қосылады. Фаралардың шалғай жарығын қосу үшін жарықтың руль астындағы ауыстырып-қосқышын «өзіңізден әрі» бағытта басыңыз.

Шалғай жарықты жыпылықтату үшін, мысалы, басып озу кезінде жарық ауыстырып-қосқышын өзіңізге қарай тартыңыз. Тұтқа босатылған бойда бастапқы қалпына қайтады.

Тұман фараларының ауыстырып-қосқышы



Жарықты басқару ауыстырып-қосқышын  немесе  күйіне бұрыңыз және тұман фараларын қосу  үшін тұман фараларының ажыратқышын теріс бағытқа бұрыңыз.

Артқы тұман фараларын қосу үшін тұман фараларының ауыстырып-қосқышын теріс бағытқа  бұрыңыз. Бұдан кейін тұман фараларының ауыстырып-қосқышы бірден алдыңғы тұман фараларын қосу күйіне қайтады.


Егер жарық ауыстырып-қосқышы AUTO күйіне орнатылса, алдыңғы/артқы тұман фаралары жоғарыда сипатталған логикаға сәйкес қосылады.

Фаралардың таяу жарығы деңгейін реттеу



Автокөліктің күйі жүктемеге, үдетуге, тежеуге және басқа шарттарға байланысты өзгерсе, жол қозғалысының басқа қатысушыларының көздерін қарықтырмау үшін деңгей реттегішімен фаралардың таяу жарығының жарықтандыру деңгейін реттеуге болады. Реттегішті жоғары айналдырыңыз, сонда фаралардың таяу жарық деңгейі максималды деңгейге көтеріледі (-->0, жарықтандырудың максималды қашықтығы); төмен айналдырыңыз, сонда фаралардың жарықтандыру бұрышы төмендейді (-->5, жарықтандырудың минималды қашықтығы).

Көмескі жарықты реттеу




Габарит жарықтарын қосыңыз және көмескі жарық реттегішін жоғары/ төмен бұрыңыз. Автокөліктің көмескі жарығы жарық/ қараңғы болады.

Күндізгі жүріс жарықтарының (КЖЖ) ажыратқышы

Егер қозғалтқышты оталдыру кезінде фаралар сөндірулі болып, жарықтарды басқару ауыстырып-қосқышы «OFF» (сөндірулі) немесе «AUTO» күйінде болса, күндізгі жүріс жарықтары қосылады.

Фаралардың жарығын автоматты реттеу ✖

Жүйе автокөліктің күйіне және жүктемесіне қарамастан, көлденең қалыптағы бас жарықтандыру фараларының жарық шоғын сақтай алады. Бұл фара жарығының жол қозғалысының басқа қатысушыларына көзді қарықтыратын әсерін азайтады.

Егер аспаптар тақтасындағы  бақылау шамы жана берсе, бұл жүйенің ақауын көрсетеді. Диагностикалау үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

Автокөлік аспасын жөндеген немесе ауыстырған соң, фараларды реттеу және фаралардың жарығын автоматты реттеу жүйесін тексеру үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

Салонның көмескі жарығы ✖

Салонның көмескі жарығын қосу: есіктердің құлпы ашылған соң, аспаптар тақтасының көмескі жарығы және орындықтар күйінің индикаторы жанады және жануын жалғастырады.

Салонның көмескі жарығын сөндіру: барлық есік құлыптанған.

Көмескі жарықты баптау: талғамдар мен көңіл күйге қарай жарықтандыру деңгейін баптау үшін мультимедиалық дисплейде – «VehicleSettings» (автокөлік баптаулары) – «LightSettingsinterface» (жарықты баптау интерфейсі) басыңыз.

Алдыңғы жарықтандыру плафоны



1. Салонды жарықтандыру шамдары;
2. Салонның көмескі жарығы ※: Автокөліктің электр қуат көзі қосылған кезде (ON күйі) салонның қоршаған көмескі жарығы автоматты түрде қосылады және берілістерді ауыстыру селекторының аймағын жарықтандырады;
3. Салонды жарықтандыру ажыратқышы;
4. Есік жабылмаған кезде жарықтарды қосу пернесі: есік жабылмаған кезде (Door) жарықтарды қосу пернесін басыңыз. Егер есік ашық болса, жарық қосұлы. Барлық есікті жапқаннан кейін жарық біртіндеп өшеді. Есік жабылмаған кезде жарықтарды сөндіру үшін пернені тағы бір басыңыз.

5. Көзілдірік қабы;
6. Люкті басқару пернесі (ашу/көтеру);
7. Люкті басқару пернесі (жабу/түсіру);
8. Люк қалқасын жабу пернесі;
9. Люк қалқасын ашу пернесі («III. Автокөліктің функциялары - Панорамалық люк» ※ бөлімін қараңыз).
10. SOS түймесі (төтенше жедел қызметтерді шақыру) ※ («V. Төтенше жағдайлар- Төтенше жедел қызметтерді шақыру жүйесі бөлімін қараңыз).


Салонның артқы бөлігінің жарығы




Салонның артқы жағындағы жеке жарықтарды қосу үшін тиісті қосқышты басыңыз. Қайтадан басу жеке жарықтарды сөндіреді.

Әйнектазартқыш және әйнекжуғыш

Руль астындағы әйнектазартқыш ауыстырып-қосқышы



Әйнектазартқыштың автоматты түрде қосылуы ✳



Руль астындағы ауыстырып-қосқыш алдыңғы және артқы әйнектазартқыштардың ауыстырып-қосқыштарынан және алдыңғы әйнектазартқыш жұмысының жылдамдығын реттегіштен тұрады.

Алдыңғы әйнектазартқыштар

OFF: Алдыңғы әйнектазартқыштар өшірілген;

MIST (Тұман): Ауыстырып-қосқышты сәл ғана жоғарғы басып, оның еркін қайтуына жол беріңіз. Әйнектазартқыш бір рет жұмыс істейді.

AUTO ✳: Алдыңғы әйнектазартқыш автоматты режимде жұмыс істейді. Оның

жұмыс жылдамдығы жауын-шашын мөлшерінің өзгеруіне байланысты автоматты түрде өзгереді.

INT: Алдыңғы әйнектазартқыштар үзік режиммен жұмыс істейді;

LO: Алдыңғы әйнектазартқыштар тұрақты төмен жылдамдықпен жұмыс істейді;

HI: Алдыңғы әйнектазартқыштар тұрақты жоғары жылдамдықпен жұмыс істейді.

Әйнектазартқыштардың жұмыс аралығын реттеу ✳

Руль астындағы ауыстырып-қосқыштың реттегішін барынша кең сегментке бұру кезінде әйнектазартқыштың жұмыс аралығы біртіндеп қысқарады, ал жұмыс жылдамдығы артады.

Еркін жұмыс (Әйнектазартқыштың автоматты түрде қосылуы) ✳

Әйнектазартқыштың жұмыс жылдамдығы автоматты түрде жауын-шашын мөлшеріне байланысты өзгереді. Реттегішті кең ауқымға қарай бұрғанда жауын-шашынды анықтау сезімталдығы азаяды және әйнектазартқыштың жұмыс жылдамдығы бәсеңдейді.

ЕСКЕРТПЕ

Жаңбыр датчигі алдыңғы әйнектің жоғарғы бөлігінде орналасқан. Оны жаппаңыз.

ЕСКЕРТПЕ

Егер жарықтандыру датчигінің беті ластанса, бұл әйнектазартқыштың үздіксіз жалған іске қосылуына әкелуі мүмкін.

Егер датчик ұзақ уақыт бойы ластанса, жауын-шашын мен жарықтардың автоматты жүйесі датчиктерінің сезімталдығы азаяды. Тұз қалдықтары, жәндіктер және су дақтары датчикті ластауы мүмкін. Зақымдалғаннан кейін алдыңғы әйнекті ауыстырған кезде датчикті де ауыстыру қажет.

Артқы әйнектазартқыш

OFF: Әйнектазартқыш өшірулі;

ON: Әйнектазартқыш үзілістермен жұмыс істейді.

Әйнекжуғыштар



Алдыңғы әйнектің әйнекжуғышы

Әйнекжуғышты қосу үшін әйнектазартқыштың руль астындағы ауыстырып-қосқышын өзіңізге тартыңыз, осы кезде әйнекжуғыш жұмыс істей бастайды. Жұмысы аяқталған соң, әйнектазартқыштар қысқа уақыт ішінде жұмысын жалғастырады.

Артқы әйнекжуғыш

Артқы есіктегі әйнекжуғышты қосу үшін әйнектазартқыштың руль астындағы ауыстырып-қосқышын сәл ғана «өзіңізге қарай» басыңыз. Жұмысы аяқталған соң, әйнектазартқыштар қысқа уақыт ішінде жұмысын жалғастырады.

Егер әйнекжуғыш жұмыс істемесе, жуу сұйықтығының деңгейін тексеріңіз, қажет болса, қосымша құйыңыз.

ЕСКЕРТУ

Жуу сұйықтығының деңгейі төмен болғанда әйнекжуғышты пайдаланбаңыз, себебі бұл әйнекжуғыш моторының зақымдалуына әкелуі мүмкін.

Әйнектазартқышты құрғақ әйнектің бетінде қоспаңыз, әйнекті сырып алуыңыз, щеткаларды зақымдауыңыз немесе әйнектазартқыштың моторы күйіп кетуі мүмкін.

Қоршаған ортаның теріс мәнді температураларында әйнектазартқышты қоспас бұрын оның әйнекке мұздап жабысып қалмағанына және мұзының толық ерігеніне көз жеткізіңіз. Жуғышты қолданар алдында мұзды еріту тиісінше жүргізілгеніне көз жеткізіңіз. Олай болмаса, жуу сұйықтығы алдыңғы әйнектің бетінде қатып қалуы мүмкін, бұл көру мүмкіндігіне және қауіпсіздікке әсер етуі мүмкін.

Кондиционер жүйесі

Жалпы сипаттамасы

Ауаны сырттан алу

Кондиционер жүйесінің қалыпты жұмыс істеуі үшін алдыңғы әйнектің алдындағы ауа өткізгіштердің және кондиционер жүйесінің дефлекторларының қар және жапырақтар секілді бөтен заттардан таза екеніне көз жеткізіңіз.

Салон ішіндегі ауа циркуляциясы

Ұзақ уақыт бойы салон ішіндегі ауа циркуляциясы терезелерге мұздың қатуына алып келуі мүмкін. Ауаны құрғату функциясы немесе әйнектердің булануына қарсы функция қосулы тұрғанда салон ішіндегі ауа циркуляциясы режимін қоспаңыз.

Салон ішіндегі ауа циркуляциясы режимі қосылғаннан кейін салон ішінде темекі шекпеңіз, себебі темекі түтіні мен шайыры буландырғышқа шөгеді де, иісі тұрақты сақталады.

Жылыту

Жылыту жүйесі қозғалтқыш жұмыстық температураға дейін қызғаннан кейін ғана салондағы температураны жоғарылата алады. Ауа ағындарын аяққа арналған кеңістікке және буланған кезде алдыңғы әйнекке бағыттау ұсынылады.

Салқындату

Кондиционер жүйесін пайдалану отын шығынының артуына әсер етеді.

Ауа буландырғыш арқылы өткен сайын салқындатылады. Терезелердің булануына жол бермеу үшін ауадағы ылғал сіңіріледі. Бұның нәтижесінде түзілетін конденсат сыртқа ағады. Осының салдарынан автокөліктің астында азын-аулақ су іздерінің түзілуіне жол беріледі.

Алдымен ауа ағындарын бетіңізден сыртқа қарай бағыттауға, содан кейін ішкі ауа циркуляциясы режимін іске қосуға кеңес беріледі.

Салонды тез жылыту

| | Кондиционерді қолмен басқару жүйесі | Кондиционерді автоматты түрде басқару жүйесі |
|---|--|---|
| 1 | Ауа ағынының қарқынын 8-ші деңгейге қойыңыз; | «Auto» түймесін басыңыз. |
| 2 | Ауа температурасын ең ыстық күйге орнатыңыз | Ауа температурасын ең ыстық күйге орнатыңыз |
| 3 | Ауа ағынының бағытын аяқтарға ауыстырыңыз. | Ауа ағынының бағытын аяқтарға ауыстырыңыз. |

Ұсынылатын жылыту қондырғылары

| | Кондиционерді қолмен басқару жүйесі | Кондиционерді автоматты түрде басқару жүйесі |
|---|---|---|
| 1 | Ауа ағынының қарқынын 5-ші деңгейге қойыңыз; | «Auto» түймесін басыңыз. |
| 2 | Реттеу тұтқасын қызыл аймаққа бұрып, қажетті температураны орнатыңыз; | Реттеу тұтқасын қызыл аймаққа бұрып, қажетті температураны орнатыңыз; |
| 3 | Ауа ағынының бағытын аяқтарға ауыстырыңыз. | |

Салонды тез салқындату


| | Кондиционерді қолмен басқару жүйесі | Кондиционерді автоматты түрде басқару жүйесі |
|---|---|--|
| 1 | Ішкі ауа циркуляциясы режимінің қосылғанына көз жеткізіңіз; | Ішкі ауа циркуляциясы режимінің қосылғанына көз жеткізіңіз |
| 2 | Ауа ағынының қарқынын 8-ші деңгейге қойыңыз; | «Auto» түймесін басыңыз. |
| 3 | Жан-жаққа үрлеу режимін орнатыңыз | Жан-жаққа үрлеу режимін орнатыңыз |
| 4 | Салқындату пернесін басыңыз | Ауа температурасын ең суық күйге орнатыңыз |
| 5 | Ауа температурасын ең суық күйге орнатыңыз | |

Ұсынылатын салқындату қондырғылары

| | Кондиционерді қолмен басқару жүйесі | Кондиционерді автоматты түрде басқару жүйесі |
|---|---|---|
| 1 | Ішкі ауа циркуляциясы режимінің қосылғанына көз жеткізіңіз; | Ішкі ауа циркуляциясы режимінің қосылғанына көз жеткізіңіз; |
| 2 | Ауа ағынының қарқынын 5-ші деңгейге қойыңыз; | «Auto» түймесін басыңыз. |
| 3 | Жан-жаққа үрлеу режимін орнатыңыз | Жан-жаққа үрлеу режимін орнатыңыз |
| 4 | Салқындату пернесін басыңыз | Реттеу тұтқасын көк аймаққа бұрып, қажетті температураны орнатыңыз; |
| 5 | Реттеу тұтқасын көк аймаққа бұрып, қажетті температураны орнатыңыз; | |

Алдыңғы әйнек жылытқышын реттеу


| | Кондиционерді қолмен басқару жүйесі | Кондиционерді автоматты түрде басқару жүйесі |
|---|---|---|
| 1 | Алдыңғы әйнек жылытқышының түймесін басыңыз | Алдыңғы әйнек жылытқышының түймесін басыңыз |
| 2 | Ауа ағынының қажетті күшін орнатыңыз; | «Auto» түймесін басыңыз. |
| 3 | Реттеу тұтқасын қызыл аймаққа бұрып, қажетті температураны орнатыңыз; | Реттеу тұтқасын қызыл аймаққа бұрып, қажетті температураны орнатыңыз; |
| 4 | Ішкі ауа циркуляциясы режимінің сөнгеніне көз жеткізіңіз | Ішкі ауа циркуляциясы режимінің сөнгеніне көз жеткізіңіз |

Климат жүйесін басқару тақтасы және пайдалану**(1-конфигурация: Автоматты кондиционер)※**


Климат жүйесін басқару тақтасы және пайдалану

(2-конфигурация: Автоматты кондиционер)※



Климат жүйесін басқару тақтасы және пайдалану**(3-конфигурация: Автоматты кондиционер)※**

**Кондиционерді басқару тақтасы және пайдалану
(4-конфигурация: Қолмен басқарылатын кондиционер)※**



S303103

1. Жүргізушінің орындығының жылытқышын қосу түймесі



Орындықты қыздыру түймесін бір рет басқан кезде екі индикатор шамы жанады және орындықты қыздыру функциясы («high» жоғары) режимінде іске қосылады;

Жылытқыш түймесін қайта басқан кезде бір индикатор шамы жанады, ал орындықты жылыту функциясы «low» (төмен) режиміне қосылады;

Жылытқыш түймесін үш рет басқан кезде индикатор шам(дар)ы сөніп, орындықтарды жылыту функциясы өшеді.

2. Жүргізушінің орындығының желдеткішін қосу түймесі



Орындықтың желдеткіш түймесін бір рет басқан кезде екі индикатор шамы жанады және орындықты желдету функциясы «high» (жоғары) режимінде іске қосылады;

Желдету түймесін қайта басқан кезде бір индикатор шамы жанады, ал орындықты желдету функциясы «low» (төмен) режиміне қосылады;

Желдету түймесін үш рет басқан кезде индикатор шам(дар)ы сөніп, орындықтарды желдету функциясы өшеді.

3. Кондиционерді қосу түймесі



Түймені басқан кезде кондиционердің көмегімен автокөліктің салонын салқындататын қол режимі іске қосылады немесе өшеді. Ол қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде және үрлеу желдеткіші қосылған кезде ғана іске қосылады.

4. Ішкі ауа циркуляциясы



Ішкі ауа циркуляциясына ауысу үшін түймені басыңыз - индикатор қосылады, ал ауа салон ішінде айнала бастайды. Түймені қайта басқан кезде сырттан таза ауа автокөлік салонына кіреді, ал индикатор сөнеді.

ЕСКЕРТУ

Ұзақ уақыт бойы салон ішіндегі ауа циркуляциясы автокөлік ішіндегі ауаның ластануына және оттегінің төмен мөлшеріне алып келуі мүмкін. Қажет болса, желдету үшін автокөліктің терезелерін ашыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

Автокөлік ішінде әрқашан таза ауаның бар екеніне көз жеткізіңіз. Кондиционер өшірулі тұрғанда терезелердің булануын барынша азайту үшін мүмкіндігінше жиірек сыртқы ауа циркуляциясы режимін пайдаланыңыз.

Сыртқы ауа циркуляциясы режимін қосқан кезде температура ауыстырып қосқышы қызыл түсті күйге қойылған болса, қыздырылған ауа беріледі; ал ауыстырып қосқыш көк түсті күйге қойылған болса, берілетін ауа қоршаған орта температурасына сәйкес болады. Егер күн онша суық болмаса, аяқтарды жылыту функциясымен бірге ауаны аяқтар аймағына беру мен сыртқы циркуляция режимін қосуға болады.

Сыртқы ауа циркуляциясы режимі қосулы тұрғанда сырттағы иістер кедергісіз автокөлік ішіне кіреді. Автокөлік ауаның сапасы нашар және шаң-тозаң мөлшері көп аймақта тұрған кезде салон ішіндегі ауа циркуляциясына ауыстырып қосуға кеңес беріледі.

5. Автоматты режим ※

Автоматты режимді таңдау үшін түймені басыңыз. Оның жұмысы кезінде бұрын орнатылған температура орнайды және сақталады, сондай-ақ ауа ағынының күші және режимі автоматты түрде реттеледі.

Автоматты режим (AUTO) қосұлы кезде көрсетілген түймелердің кез келгенін басыңыз: салқындату, ауа ағынын реттеу, үрлеу және ауа циркуляциясы режимін өзгерту, сол кезде жүйе автоматты режимнен шығады.

6. Кондиционерді сөндіру

Кондиционерді өшіру түймесін (A/C) басыңыз, сонда жүйе күту режиміне өтеді. Дисплейде ауаны беру режимі көрсетіледі және сыртқы/ ішкі ауа циркуляциясының индикаторы қосылады.

7. Жолаушы орындығының желдеткішін қосу түймесі ※

Жолаушы орындығының желдеткіш түймесін бір рет басқан кезде екі индикатор шамы жанады және жолаушы орындығын желдету функциясы «high» (жоғары) режимінде іске қосылады;

Желдету түймесін қайтадан басқан кезде бір индикатор шамы жанады және жолаушы орындығын желдету функциясы «low» (төмен) режимінде іске қосылады;

Желдету түймесін үш рет басқан кезде индикатор шам(дар)ы сөніп, жолаушы орындығын желдету функциясы өшеді.

8. Жолаушы орындығының жылытқышын қосу түймесі ※

Жолаушы орындығының жылытқыш түймесін бір рет басқан кезде екі индикатор шамы жанады және жолаушы орындығын жылыту функциясы («high» жоғары) режимінде іске қосылады;

Жылытқыш түймесін қайта басқан кезде бір индикатор шамы жанады, ал жолаушы орындығын жылыту функциясы «low» (төмен) режиміне қосылады;

Жылытқыш түймесін үш рет басқан кезде индикатор шам(дар)ы сөніп, орындықтарды жылыту функциясы өшеді.

9. Ауа ағынын реттеу

Ауа ағынын арттыру үшін – жоғары, азайту үшін төмен түймесін басыңыз. Ауа ағынының ағымдағы мәні экранда көрсетіледі.

10. Артқы әйнек жылытқышы

Түймені басыңыз, артқы әйнекті жылыту функциясының және сыртқы артқы көрініс айналарының қосылғанын растайтын индикатор жанады. Булануды болдырмау және жылыту функциясы шамамен 14 минут жұмыс істейді, содан кейін ол автоматты түрде өшеді. Қолмен өшіру үшін түймені тағы бір рет басыңыз.

11. Иондар генераторы ※

Түймені басыңыз, индикатор жанады, кейін анионды генератор жұмыс істей бастайды.

12. Режимді таңдау

Ауа берілетін 4 режимнің бірін таңдау үшін түймені басыңыз:

- а. Бет:** Ауа ортаңғы және бүйірлік ауа өткізгіштерден шығады;
- б. Бет және аяқтар:** ауа орталық, бүйірлік ауа арналарынан және аяқ тұсындағы ауа арнасынан шығады;
- с. Аяқтар:** Ауа негізінен аяқтар аймағындағы ауа өткізгіштерден шығады;
- Д. Аяқтар мен алдыңғы әйнек:** ауа алдыңғы әйнекке үрлейтін ауа арналарынан, бүйірлік ауа арналарынан және аяқ тұсындағы ауа арналарынан шығады.

13. AQS ауа сапасын бақылау жүйесі※



Түймені басыңыз, сонда ауа сапасын бақылау (AQS) жүйесінің индикаторы жанады және ол іске қосылады. Сыртқы ауаның ластануына байланысты жүйе автоматты түрде ішкі/сыртқы ауа ағынының циркуляциясын басқарады.

14. Алдыңғы әйнекті мұздан еріту және булануын болдырмау

Түймені басыңыз, сол кезде алдыңғы әйнек жылытқышының индикаторы жанады. Алдыңғы әйнекті мұздан еріту және булануын болдырмау режимі іске қосылады. Ауа ағыны әдепкі түрде 5-ші деңгейге орнатылған және сыртқы ауа циркуляциясы режимі іске қосылады. Алдыңғы әйнекті жібіту тиімділігін температураны және ауа ағынын арттыру арқылы ұлғайтуға болады.

15. Температураны реттеу



Автокөлік салонындағы ауаны арттыру үшін


 түймесін басыңыз, төмендету үшін

 басыңыз.

Температураның ағымдағы мәні кондиционердің экранында көрсетіледі.




Ауа ағынын реттеу

Ауа өткізгіштердің орналасуы



| | |
|---|---|
| A | Алдыңғы әйнектердің бүйірлік дефлекторлары |
| B | Ортаңғы ауа өткізгіштер |
| C | Алдыңғы әйнекке үрлеу дефлекторлары |
| D | Бүйірлік ауа өткізгіштер |
| E | Алдыңғы жолаушылардың аяқтары аймағындағы ауа өткізгіштер |
| F | Артқы жолаушылардың аяқтары аймағындағы ауа өткізгіштер |
| G | Артқы жолаушылардың ауа өткізгіштері |

Ауа өткізгіштерді реттеу



①: Ауа бағытын өзгерту үшін ауа өткізгіш жапқыштарын жоғары/ төмен немесе сол жаққа/ оң жаққа реттеңіз;

②: Ауа өткізгішті ашу/ жабу үшін жапқышты солға/ оңға жылжытыңыз.

Шынтақтаяныштағы ауа өткізгіштер

Ашу: Шынтақтаянышты ашыңыз да, жапқышты оңға бұрыңыз.

Жабу: Жапқышты теріс бұрыңыз.

Кондиционер артқы жолаушыларға үрлеу (салқындату/қыздыру) режимінде жұмыс істесе, оны сусындарды және шынтақтаяныштағы басқа заттарды тоңазытқыш/қыздырғыш ретінде қолдануға болады.

Егер шынтақтаянышқа үрлеу қажет болмаса, артқы бетке үрленетін желдің ықпалын болдырмау үшін жапқышты жабыңыз.

Кондиционер жүйесін пайдалану

Кондиционер жүйесі жұмыс істеген кезде туындайтын иістердің деңгейін азайту үшін келесі әрекеттерді орындаңыз:

1. Жұмыс істейтін қозғалтқышта;
2. Кондиционер жүйесін өшіру үшін салқындату түймесін басыңыз;
3. Желдеткішті ауа ағынының максималды деңгейіне қосыңыз;
4. Температураны максималды жоғары мәнге қойыңыз;
5. Сыртқы ауа циркуляциясы режимін қосыңыз;
6. 3~5 минут күтіңіз, содан кейін қозғалтқышты өшіріңіз.

Мультимедиа

Жалпы сипаттамасы

Радио

Сенімді қабылдау аймағынан тысқары жерге шыққанда радиосигнал әлсірейді. Биік ғимараттар немесе жер бедерінің ауытқуы радиосигналдың таралу жағдайларын қатты нашарлатуы мүмкін. Артқы есік әйнегінің жылытқышын қосу радиосигналдың сенімді қабылдануына кедергі болуы мүмкін; қабылдау жағдайларын жақсарту үшін жылытқышты өшіріңіз.

Жел, жаңбыр, күннің күркіреуі, найзағайлар және т.б. радиотолқындарда кедергілер тудыруы, сигналдың қабылдануын әлсіретуі немесе қабылдауды мүлдем үзіп жіберуі мүмкін.


Егер автокөлік бірдей немесе ұқсас хабар тарату жиілігі бар екі радиостанцияның қамту аймағында орналасса, бұл станциялардың сигналдары бір-біріне кедергі келтіретін болады.

Радиоантеннаны өз бетіңізше ауыстыру радиоқабылдағыштың дұрыс жұмыс істемеуіне немесе оның зақымдалуына алып келуі мүмкін.

USB интерфейсі

Сыртқы құрылғыларды қосу үшін қолданылады. Нашар түйісу немесе USB интерфейсімен сәйкессіздік ақпаратты салыстырып оқу қателеріне, үзіліспен, кідірістермен немесе баяу ойнатуға әкелуі мүмкін.

Әртүрлі USB жад құрылғыларының саны көп болғандықтан, барлық жад құрылғысының USB интерфейсіне сәтті іске қосылатынына кепілдік беру мүмкін емес.



Зарядтау үшін ұялы телефонды қосар алдында нұсқаулықпен танысыңыз. Ұялы телефонның зарядтау тогы USB-жалғағыш тогына сай келетініне көз жеткізіңіз. Әйтпесе, телефонды немесе USB-жалғағышты зақымдамау үшін телефонды зарядтамаған жөн.

Алдыңғы орындықтар қатарының USB-порты зарядтауды және тректерді ойнатуды қолдайды; ал артқы қатардың USB-порты тек қана зарядтау функциясын атқарады.



SD жад карталары✳

Сапарлардың бейнежазбаларын сақтау үшін жадтың TF картасын қолданыңыз (MicroSD). Бұл интерфейс тек қозғалған кезде панорамалық жазба жүйесі үшін қолжетімді.

TF картасының сенімді өндірушісін таңдау қажет. Картаның оқу/жазу жылдамдығы 10-шы кластан жоғары.

InCall жүйесі

InCall жүйесінің функциялары (мысалы, навигация) ұялы телефон мен автокөліктің басты құрылғысы арасында Bluetooth және интернетке қосылатын WLAN қосылысы (Wi-Fi) орнатылса іске қосыла алады.

ЖҚЕ бұзуға және ЖКО орын алуына жол бермеу үшін жүргізушіге автокөліктің қозғалысы кезінде видео көруге және құрылғыны басқаруға алаңдауға кеңес берілмейді.

Телефонға қоңырау шалу немесе телефонды автокөліктегі жолаушыға қоңырау шалу үшін қолдану ұсынылмайды. Бұл жаңғырықтың туындауына, дыбыстың бұрмалануына және дыбыс қуатының күшейткіші мен телефон арасындағы өзара кедергілерден туындаған басқа мәселелерге әкеледі.

Жүйенің қауіпсіз және қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін құрылғыны өз бетіңізше шешіп алмаңыз және оған қызмет көрсетпеңіз. Бұл зақымдануларға немесе жазатайым оқиғаларға әкелуі мүмкін. Толық ақпарат алу үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

InCall жүйесін пайдаланар алдында дербес деректеріңізді қолданып, тіркеліңіз. Әйтпесе, тек жергілікті музыкаға, бейнеге, радиоға және фотосуреттерге қолжетімділік беріледі. Жүйенің басқа функциялары қолжетімді болмайды.

Сыртқы құрылғылардың жұмысы туралы ескерту

Bluetooth қосылысы

Автокөлікте Bluetooth-терминалының 4.0 нұсқасы орнатылған. Терминал A2DP, HFP, AVRCP, PBAP, SPP, HID, GATT, PXP, LLS және TTP хаттамаларын қолдайды.

Терминал Apple, Samsung, Nokia, Huawei, HTC, MI және т.б. қоса алғанда, Bluetooth 4.0 нұсқасымен үйлесімді телефондарды қолдайды.

Bluetooth-дің әртүрлі нұсқаларының және ұялы телефондарға арналған бағдарламалық құралдар нұсқаларының санының көп болуына байланысты, телефондардың белгілі функцияларында айырмашылық болуы немесе тіпті автокөлік жүйесімен үйлесімсіз болуы мүмкін.

WLAN қосылысы

Терминал Apple, Samsung, Nokia, Huawei, HTC, MI және т.б. қоса алғанда, WLAN функциясымен жабдықталған кеңінен таралған телефондарды қолдайды.

WLAN терминалдарының әртүрлі нұсқалары болғандықтан, автокөліктің WLAN терминалы барлық ұялы телефондармен WLAN қосылысын қолдайтынына кепілдік бере алмаймыз.

Мультимедиялық басты құрылғы (InCall 3.0+) ※



S303054



Тақтаның сипаттамасы

1. Апаттық сигнал беру жүйесінің түймесі



«V. Төтенше жағдайлар– Апаттық жарық сигналын беру жүйесі».

2. HOME/ Үйге



Басты бетке қайту үшін басыңыз.

3. Mute (дыбысты сөндіру) /Standby(Күту)



Басып қалу: дыбысты қосу/сөндіру/дыбысты қосу.

Басып тұру: Сөндіру.

4. Алдыңғы трек/артқа айналдыру



Басып қалу: Алдыңғы радиостанцияны/алдыңғы тректі іздеу:

Басып тұру: Қайта айналдыру.

5. Дыбыс деңгейін реттеу



Жоғары: Дыбыс деңгейін арттыру +

Төмен: Дыбыс деңгейін төмендету -

6. Келесі трек/алға айналдыру;



Басып қалу: Келесі радиостанцияны/келесі тректі іздеу.

Басып тұру: Алға айналдыру.

7. Панорамалық шолу



Панорамалық кескін жүйесіне кіру үшін оны басыңыз, «III. Автокөліктің функциясы-панорамалық шолу жүйесі» бөлімін қараңыз.

8. Дисплейді сөндіру



Дисплейді сөндіру үшін басыңыз.

9. Навигация



Навигация интерфейсіне кіру үшін басыңыз.

10. Bluetooth телефон



Телефонның Bluetooth интерфейсіне кіру үшін басыңыз.

Сенсорлық экран ерекшеліктері

| |
|--|
| ЕСКЕРТПЕ |
| Мультимедиалық жүйенің дисплейін басып тұрмаңыз, себебі бұл көлемді экран. |

Тұраққа қою көмекші жүйесі ✳


▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Тұраққа қою көмекші жүйесі көмекші функция болып табылады және жүргізушінің әрекеттерін алмастыра алмайды. Автокөліктің қауіпсіз қозғалуы/ тұраққа қойылуы үшін жүргізуші мұқият және абай болуы және автокөліктің адамдарға, жануарларға немесе басқа да нысандарға тиіп кетпеуін қадағалауы тиіс.

Артқы жүріспен жүрген кезде ескерту

Артқы жүріспен жүрген кезде ескерту жүйесі - ультрадыбыстық датчиктермен жабдықталған автокөлікті тұраққа қою кезінде көмектесетін электронды жүйе. Датчиктердің көмегімен жүйе көлік құралының айналасындағы жағдайды бағалайды, визуалды және дыбыстық ескерту арқылы жүргізушіге көлік құралы мен анықталған нысан арасындағы қашықтық туралы хабарлайды.

Алдыңғы және/немесе артқы датчиктер кедергіні анықтаған кезде дыбыстық хабарландыру сигналы әртүрлі жиіліктерде беріледі. Дыбыстарды тану кезінде абай болыңыз.



1. Алдыңғы орталық датчиктердің анықтау аймағы ✳;
2. Артқы орталық датчиктердің анықтау аймағы;
3. Алдыңғы бүйірлік датчиктердің анықтау аймағы ✳;
4. Артқы бүйірлік датчиктердің анықтау аймағы;
5. Автокөліктің жүріп өткен жолы және бұрын қолданылған датчиктің деректері негізінде еркін кеңістікті анықтау және қадағалау ✳

Тұраққа қою көмекші жүйесін сөндіру ✳


Тек алдыңғы датчиктерді сөндіруге болады.

Автокөліктің қуатын қосқан кезде (ON күйі) алдыңғы реверсті радарлар жүйесі әдепкі түрде қосылады, ал тұраққа қою көмекші жүйесін ауыстырып қосу индикаторы сөндіріледі;

Тұраққа қою көмекші жүйесін сөндіру түймесін басыңыз, индикатор жанады және датчиктердің алдыңғы жүйесі сөндіріледі. Жүйеде ақау болған кезде ақау туралы ақпарат 3 секунд аспаптар тақтасында көрсетіледі;

Тұраққа қою көмекші жүйесін сөндіру түймесі қайтадан басылса, индикатор өшеді, ал алдыңғы датчиктер қосылады.

Датчиктердің анықтау аймағы



| | |
|---|----------------|
| A | Шамамен 60 см |
| B | Шамамен 100 см |
| C | Шамамен 60 см |
| D | Шамамен 150 см |

Датчиктер кедергіні анықтағанға дейінгі ең көп қашықтық кедергі көлеміне байланысты ауытқиды. Баған және жол белгісі секілді шағын кедергілер үшін датчиктердің анықтауына дейінгі қашықтық 150 см-ден кем болуы мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ

Тұрақ радары келесі нысандарды анықтамауы мүмкін:

- Жіңішке заттар (электр сымы, арқан және т.б.);
- Дыбыс толқындарын жұтатын нысандар (мысалы, мақта, қар);
- Үшкір қырлары бар заттар;
- Үстіңгі бөлігі шығыңқы биік нысандар
- Аласа және қысқа нысандар.

Тұрақ радары кейбір көзге көрінбейтін аймақтарды және нүктелі кедергілерді анықтамауы мүмкін:

- Анықтау диапазонының төменгі шегі: балалар және жануарлар секілді нысандар.
- Анықтау диапазонының жоғарғы шегі - сырттан ілінетін тиелген тауарлар және фаркоп секілді нысандар.

Артқы жүріспен жүрген кезде ескерту датчиктері келесі жағдайларда қате жұмыс істеуі мүмкін:

- Бампер зақымдалған;
- Датчиктер немесе қосымша жабдық соқтығысудың нәтижесінде зақымдалған;
- Датчиктердің анықтау аймағында басқа аксессуарлар орналасқан;
- Датчиктің беті ластанған немесе бөгде заттармен (қар, балшық, ылғал, қырау немесе су тамшылары) жабылған;
- Автокөлік еңкейіп тұр;
- Өте ыстық немесе суық ауа райы;
- Автокөлік тегіс емес жолмен қозғалып келе жатыр;
- Автокөлік айналасында ультрадыбыстық толқын шығару көзі, мысалы, басқа автокөліктің жұмыс істеп тұрған пневмосигналы және/немесе жүк көлігінің пневматикалық тежегішінің дыбысы орналасқан.
- Автокөлік радиоантеннамен, қорғаныш доғаларымен және фаркоппен жабдықталған;
- Автокөлік жолдың биік жиегіне немесе еңіс шығыңқы жерге жақындап келеді;
- Кедергі датчикке өте жақын орналасқан.

Келесі жағдайлардың кез келгені туындайтын болса, CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

- Оталдыру жүйесі қосылды («ON» күйі), тұрақ радары ұзақтығы 3 секунд сигналын шығарса, экранда датчиктерден бөтен заттарды және кірді кетіргеннен кейін жойылмайтын реверсті радар қатесі көрсетіледі;

- Экранда тұрақ радарының ақауы көрсетіледі, ол датчиктерден бөтен заттар мен ласты алып тастағаннан кейін де жойылмайды;

- Жүйе автокөлік айналасында кедергілер болмаса да ескерту сигналын береді;

- Жүйе кедергіге соқтығысу кезінде ескертуші сигналды көрсетпейді және бермейді.

Датчик зақымдалса, жүйе ақау туралы ескертеді және дабыл сигналы естіледі.

Ескертулер дисплейі

Кедергі анықталған кезде тақтада тиісті ескертуші индикатор жанып, ескертуші сигнал естіледі. Автокөлік кедергіге жақындаған сайын сигналдар арасындағы аралық азаяды. Көлік құралы мен кедергі арасындағы қашықтық 30 см-ге жетсе, ескерту сигналы үздіксіз болады.

Үш түсті индикатор сызықтары кедергіге дейінгі қашықтыққа байланысты автокөліктің артындағы қашықтықты көрсетеді. Алдында және артқы бүйір жағында, сондай-ақ автокөліктің сол жағында және оң жағында индикатор сызықтарының екі түсі бар.

| Сызық түсі \ Ескерту аймағы | Алдыңғы/ артқы бүйірлік датчик (см) | Алдыңғы/ артқы бұрыштық датчик (см) | Алдыңғы орталық датчик (см) | Артқы орталық датчик (см) |
|-----------------------------|-------------------------------------|-------------------------------------|-----------------------------|---------------------------|
| 3 (Жасыл) | - | - | 60- 100 | 60- 150 |
| 2 (Қызғылт сары) | 30- 60 | 30- 60 | 30- 60 | 30- 60 |
| 1 (Қызыл) | ≤30 | ≤30 | ≤30 | ≤30 |

Тұраққа қою көмекші жүйесінің алдыңғы датчиктері

Алдыңғы датчиктер автокөліктің 15 км/сағ шамасынан төмен жылдамдығында жұмыс істейді. Олар автокөліктің алдыңғы бөлігінен белгілі бұрыштағы кедергіге дейінгі болжамды қашықтықты анықтайды;

Егер берілістерді ауыстырып қосу селекторы «Р» (тұраққа қою) күйінде болса немесе тұраққа қою көмекші жүйесі сөндірулі болса, алдыңғы тұрақ датчиктері жұмыс істемейді;

Баяулаған кезде алдыңғы тұрақ датчиктері автокөліктің жылдамдығы 8 км/сағ шамасына дейін төмендеген кезде қайта қосылады.

Тұраққа қою көмекші жүйесінің артқы датчиктері

Тұраққа қою көмекші жүйесінің артқы датчиктері берілістерді ауыстырып қосу селекторын «R» (артқа жүру) күйіне ауыстырған кезде іске қосылады. Олар автокөліктің артқы бөлігінен белгілі бұрыштағы кедергіге дейінгі болжамды қашықтықты анықтайды.

Тұраққа қою көмекші жүйесінің бүйірлік датчиктері

Ескерту жүйесінің бүйірлік алдыңғы/артқы датчиктері алдын ала уақтылы ескерту үшін алдыңғы және артқы датчиктерге қолжетімді емес аймақты бақылайды. Жүйе анықталған кедергілерді жадқа сақтап, нақты уақытта маңызды және маңызды емес кедергілерге дейін автокөліктің қашықтығын есептейді. Егер автокөлік нысанға тым қатты жақындаса, дисплейде ескертуші ақпарат көрсетіледі.

Тұраққа қою көмекші жүйесі сөндірулі болса, алдыңғы датчиктер жұмыс істемейді, ал бүйірлік қашықтық туралы ішінара ескерту функциялары сөндіріледі.

Артқы көрініс камерасы ✖

Артқы көрініс камерасы – бұл тұраққа қоюға көмектесетін визуализацияланған құрал. Автокөліктің артқы бөлігіне орнатылған бейнекамера автокөлікті тұраққа қою кезінде басты құрылғының экранына қосалқы сызықтар салынатын сурет жібереді.

| ЕСКЕРТПЕ |
|---|
| <ul style="list-style-type: none"> ● Әрдайым жүргізу жылдамдығы мен мәнерін көру мүмкіндіктеріне, ауа райы жағдайларына және қозғалыс тығыздығына қарай таңдаңыз. ● Тұраққа қою кезінде қозғалыс бағытын және айналадағы мән-жайды мұқият қадағалаңыз. Артқы жүріспен жүру кезінде автокөліктің алдыңғы бөлігінің артқы бөлікпен салыстырғанда үлкенірек радиуспен бұрылатынын ескеріңіз. ● Артқы есік толық жабық болған жағдайда ғана артқы көрініс камерасынан алынған кескінге сүйенуге болады. ● Артқы көрініс камерасы автокөліктің сыртына орнатылған және жеңіл ластаныады. Егер камерадан алынған кескін анық болмаса, объективтің бетін жұмсақ шүберекпен сүртуге кенес беріледі. |

ЕСКЕРТУ

- Артқы көрініс камерасынан алынған кескінде экрандағы нысандардың контурлары бұрмаланып көрсетілуі мүмкін. Көлік құралы мен артқы жүріспен жүру кезінде экранда көрсетілетін кедергі (автокөлік, жаяу жүргінші және т.с.с.) арасындағы қашықтық дәл болмауы мүмкін екенін және бұл апатқа алып келуі мүмкін екенін ескеру қажет.
- Камерадан алынған кескін ажыратымдылығының шектелуіне байланысты кейбір нысандар, мысалы, жіңішке қоршаулар, торлар және ағаштар көрсетілмеуі немесе анық көрсетілмеуі мүмкін;
- Артқы көрініс камерасының көзден тас аймақтары бар. Мұқият болыңыз, себебі артқы көрініс камерасы ешбір жағдайда адамдарды және кейбір шағын нысандарды, мысалы, кішкентай балаларды және кішкентай жануарларды анықтай алмайды.
- Артқы көрініс камерасынан алынған кескін дисплейде тек 2D-форматта көрсетіледі. Кеңістіктің тереңдігі болмағандықтан, камерадан алынған кескіннің көмегімен жол төсеміндегі дөңестерді немесе ойықтарды анықтау қиын немесе мүмкін емес.

Пайдалану бойынша кеңестер

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін артқы көрініс камерасын қолданар алдында келесі тексерулерді орындаңыз:

1. Артқы есіктің жабық екеніне көз жеткізіңіз;
2. Автокөлік зақымдалмаған, камераның орнатылған күйі және оның орнатылу бұрышы өзгермеген;
3. Камера объективінің беті таза;
4. Камераның көрінісі қиындатылмаған.
5. Артқы көрініс камерасының кескінін тұраққа қою көмекшісі ретінде ғана жақсы көру мүмкіндіктері бар және ашық ауа райы жағдайларында пайдалануға кеңес беріледі.

Артқы көрініс камерасының көрінісін қосу/өшіру

Артқы көрініс кескінін қосу:

- АБҚ селекторын «R» күйіне ауыстырыңыз;
- Ауыстырып-қосқышты артқы көрініс күйіне [Back Side] жылжытыңыз.

Арты көрініс кескінін өшіру:

- АБҚ селекторын «R» күйінен ауыстырыңыз;
- Ауыстырып-қосқышты [Right Side] оң жақтағы көзден таса аймақты көруге жылжытыңыз.

Тұраққа қою кезіндегі көмекші сызықтар

Артқа жүріп тұраққа қою кезіндегі көмекші жолақтарды қосу/өшіру үшін [Parkingguideline] түймесін басыңыз.




Тұраққа қою кезінде экранда көрсетілетін екі түрлі көмекші сызық: статикалық және динамикалық. Олар ені сыртқы артқы көрініс айналарымен бірге автокөліктің еніне тең келетін, артқы бамперден артқа қарай 3м қашықтықтағы автокөліктің болжалды траекториясын көрсетеді.

1. Қызыл сызық: автокөліктің артқы бамперінен шамамен 1 м дейінгі қашықтық;
2. Сары сызық: автокөліктің артқы бамперінен шамамен 2 м дейінгі қашықтық;
3. Жасыл сызық: автокөліктің артқы бамперінен шамамен 3 м дейінгі қашықтық;
4. Динамикалық көмекші жолақ: рульді бұраған кезде рульдің бұрылу бұрышына қарай өзгереді. Ол автокөлік қозғалысының есептік траекториясы болып табылады. Руль нөлдік күйде болғанда динамикалық көмекші сызық жасырылған.


Артқы жүріспен тұраққа қою үлгілері

1. Тұраққа арналған орынды таңдаңыз және автокөлікті төмендегі суретте көрсетілгендей қалыпта тоқтатыңыз. АБҚ селекторын «R» күйіне ауыстырып, артқа жүріспен тұраққа қою режимін таңдаңыз



2. Динамикалық сызықты бақылап, рульді бұрыңыз. Рульдің бұрылу бұрышы таңдалған траекторияға сәйкес келген кезде жайымен қозғалысты бастаңыз. Артқы жүріспен жүрген кезде автокөліктің орналасуына байланысты рульмен траекторияны түзетіңіз.

3. Автокөлік таңдалған тұрақ орнына параллель тұрған кезде автокөлікті түзеу үшін рульді нөлдік күйге қайтарыңыз және тұраққа қоюды аяқтаңыз.



ЕСКЕРТПЕ

- Бұл артқы жүріспен жүру кезіндегі көмекші жүйе болып табылады. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін шешімдерді нақты жағдайға байланысты қабылдаңыз.
- Тұрақ орнының өлшемдері көмекші жолақтардың енінен үлкенірек немесе оған тең болуы тиіс.

Оң жақтағы көзден таса аймақты көрсету ✖

Тұраққа қою көмекшісі автокөліктің оң жағындағы көзден таса аймақтың кескінін көрсетеді. Сурет алынып, алдыңғы артқы көрініс айнасында орналасқан камерамен дисплейге шығарылады. Дисплейдегі сурет автокөліктің оң жағындағы көзден таса аймақты айтарлықтай азайтуға және тар жолдар мен тұйық көшелерден өтуге көмектеседі.

ЕСКЕРТПЕ

- Әрдайым жүргізу жылдамдығы мен мәнерін көру мүмкіндіктеріне, ауа райы жағдайларына және қозғалыс тығыздығына қарай таңдаңыз;
- Маневрлер жасаған кезде қозғалыс бағытын және айналадағы мән-жайды мұқият қадағалаңыз. Артқы жүріспен жүру кезінде автокөліктің алдыңғы бөлігінің артқы бөлікпен салыстырғанда үлкенірек радиуспен бұрылатынын ескеріңіз;
- Оң жақтағы көзден таса аймақтың кескінін артқы есік толық жабық тұрған кезде ғана қолдануға болады;
- Шолу камерасы автокөліктің сыртына орнатылған және жеңіл ластанады. Егер бейне анық болмаса, объективтің бетін жұмсақ шүберекпен сүртуге кеңес беріледі.

ЕСКЕРТУ

- Автокөліктің оң жағындағы көзден таса аймақтың кескінінде экрандағы нысандардың контурлары бұрмаланып көрсетілуі мүмкін. Көлік құралы мен артқы жүріспен жүру кезінде экранда көрсетілетін кедергі (автокөлік, жаяу жүргінші және т.с.с.) арасындағы қашықтық дәл болмауы мүмкін екенін және бұл апатқа алып келуі мүмкін екенін ескеру қажет.
- Камерадан алынған кескін ажыратымдылығының шектелуіне байланысты кейбір нысандар, мысалы, жіңішке қоршаулар, торлар және ағаштар көрсетілмеуі немесе анық көрсетілмеуі мүмкін;
- Камераның көзден тас аймақтары бар. Мұқият болыңыз, себебі артқы көрініс камерасы ешбір жағдайда адамдарды және кейбір шағын нысандарды, мысалы, кішкентай балаларды және кішкентай жануарларды анықтай алмайды;
- Көзден таса аймақтың кескіні дисплейде тек 2D-форматта көрсетіледі. Кеңістіктің тереңдігі болмағандықтан, камераның көмегімен жол төсеміндегі дөңестерді немесе ойықтарды анықтау қиын немесе мүмкін емес.


Пайдалану бойынша кеңестер

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін артқы көрініс камерасының кескінін қолданар алдында келесі тексерулерді орындаңыз:

1. Артқы есіктің жабық екеніне көз жеткізіңіз;
2. Автокөлік зақымдалмаған, камераның орнатылған күйі және оның орнатылу бұрышы өзгермеген;
3. Камера объективінің беті таза;
4. Камераның көрінісі қиындатылмаған.


Оң жақтағы көзден таса аймақтың кескіні бар дисплейді қосу/ сөндіру

Оң жақтағы көзден таса аймақты шолу камерасынан алынған кескінді көрсету:

- Оң жақтағы көзден таса аймақты шолу түймесін басыңыз ;
- Ауыстырып қосқышты оң жақты шолу [Right Side] күйіне жылжытыңыз;
- Руль астындағы бұрылыс ауыстырып-қосқышымен оң жақтағы көзден таса аймақтың кескіні көрсетілсе, руль астындағы ауыстырып-қосқышты оң жақ бұрылыс көрсеткішінің күйіне аударыңыз;
- Автоматты радар ауыстырып-қосқышын қосқан кезде оң жақ алдыңғы бөлікте кедергілер анықталады.



Оң жақтағы көзден таса аймақтың кескінін өшіру:

- Оң жақтағы көзден таса аймақты көрсету түймесін басыңыз ;
- Дисплейде [Close] (жабу) түймесін басыңыз;
- Ауыстырып-қосқышты [Right Side] күйінен артқы көрініс күйіне [Back Side] жылжытыңыз.
- Бұру сигналын немесе тұраққа қою датчигін автоматты түрде қосқан кезде оң жақтағы көзден таса аймақ кескіні шарттар сақталған кезде 5с кейін автоматты түрде сөндіріледі.


ЕСКЕРТПЕ

- Руль астындағы бұрылыс ауыстырып қосқышының көмегімен оң жақтағы көзден таса аймақтың кескінін қосу функциясын алдын ала баптау қажет.
- Маневрлар жасаған кезде қозғалыс бағытын және айналадағы мән-жайды мұқият қадағалаңыз.



Баптау

Оң жақтағы кескінді беру функциясының баптауларын өзгерту және тұрақ радарын іске қосу үшін дисплейдің сол жақ бөлігіндегі Баптаулар [Setting] түймесін басыңыз.



360° HD панорамалық кескін жүйесі ✳

Панорамалық кескін жүйесі – бұл 4 камераның көмегімен (алдыңғы/артқы/оң жақ/сол жақ) кескінді тіркейтін, алынған кескіндерді үстіңгі 360° көрініске үйлестіретін және орталық дисплейге шығаратын тұраққа қою көмекші жүйесі. Жүйе автокөліктің айналасындағы көзден таса аймақты айтарлықтай азайтады, автокөлікті тұраққа дұрыс қоюға және тар көшелер мен тұйық көшелерде маневр жасауды жеңілдетуге көмектеседі.

ЕСКЕРТПЕ

- Маневрлер жасаған кезде қозғалыс бағытын және айналадағы мән-жайды мұқият қадағалаңыз;
- Тұрақ орнының ені көмекші жолақтардан үлкенірек немесе олардың еніне тең екеніне көз жеткізіңіз.
- Панорамалық кескінді артқы есік толық жабық тұрған кезде ғана қолдануға болады.
- Панорамалық кескін камералары автокөліктің сыртына орнатылған және оңай ластанады. Егер кескін анық болмаса, объективтің бетін жұмсақ шүберекпен сүрту керек.

ЕСКЕРТУ

- Панорамалық кескін экрандағы нысандардың контурларын бұрмалауы мүмкін. Көлік құралы мен дисплейде көрсетілетін кедергі (автокөлік, жаяу жүргінші және т.с.с.) арасындағы қашықтық дәл болмауы мүмкін екенін және бұл апатқа алып келуі мүмкін екенін ескеру қажет.
- Камерадан алынған кескін ажыратымдылығының шектелуіне байланысты кейбір нысандар, мысалы, жіңішке қоршаулар, торлар және ағаштар көрсетілмеуі немесе анық көрсетілмеуі мүмкін;
- Панорамалық кескін камераларының көзден тас аймақтары бар. Мұқият болыңыз, себебі камералар ешбір жағдайда адамдарды және кейбір шағын нысандарды, мысалы, кішкентай балаларды және кішкентай жануарларды анықтай алмайды;
- Панорамалық кескін дисплейде тек 2D-форматта көрсетіледі. Кеңістіктің тереңдігі болмағандықтан, камерадан алынған кескіннің көмегімен жол төсеміндегі дөңестерді немесе ойықтарды анықтау қиын немесе мүмкін емес.

Функциялық шектеу

Келесі жағдайларда 360° камерасы жұмыс істемейді немесе кейбір функциялар шектеледі:

- Есіктердің біреуі ашылды;
- Сыртқы артқы көрініс айналары жиылды;
- Жүксалғыш есігі жабылмады;
- Ерекше ауа райы жағдайлары (қатты жаңбыр, қар немесе тұман):
- Түнде немесе әлсіз жарықтандыру жағдайларында;
- Камера қатты жарықтандыру әсеріне ұшырайды;
- Аймақ люминесцентті шамдармен немесе жарықдиодты шамдармен жабдықталған (дисплей жыпылықтайды).
- Температураның күрт өзгеруі кезінде (мысалы, суық мезгілде автокөлік жылытылатын үй-жайға кіреді).

Егер камера орнатылған автокөліктің бөлшектері зақымдалса, камералардың күйін тексеру және оларды калибрлеу үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

Панорамалық кескін режимін қосу

Автокөліктің электр қуат көзі қосулы күйде (ON күйі) және автокөлік 27 км/сағ шамасынан аспайтын жылдамдықпен қозғалғанда.



- Панорамалық кескінді қосу түймесін басыңыз және дисплей автоматты түрде панорамалық кескін режиміне ауысады;
- АБҚ селекторын «R» күйіне ауыстырған кезде дисплей автоматты түрде панорамалық кескін режиміне ауысады.
- Егер руль астындағы бұрылыс сигналдарының ауыстырып-қосқышымен панорамалық кескінді қосу функциясы іске қосылса (баптауларда қосу/ өшіру нұсқасын таңдаңыз), бұрылыс сигналын қосыңыз, сол кезде орталық дисплей панорамалық кескін режиміне ауысады.
- Тұраққа қою датчиктерін іске қосқан кезде панорамалық кескін режимін қосу функциясы

белсенді кезде, берілістерді ауыстыру селекторы «P» немесе «R» күйінде болмаса, ал автокөлік жылдамдығы 15 км/сағ аспаса, алдыңғы тұраққа қою датчигі кедергіні анықтаса, орталық дисплей автоматты түрде панорамалық кескін режиміне ауысады.

Панорамалық кескін режимін сөндіру

- Түйменің көмегімен панорамалық кескін режимін қосқан кезде автокөлік жылдамдығы 30 км/сағ шамасына дейін жетсе, дисплей автоматты түрде сөнеді;
- АБҚ селекторын «R» күйінен ауыстырғаннан кейін панорамалық кескін режимі автоматты түрде 20 секундтан кейін сөнеді;
- «R» берілісінен басқа АБҚ селекторының кез келген берілісінде панорамалық кескінді сөндіру және орталық дисплейдегі алдыңғы интерфейске оралу үшін панорамалық кескін режимінің интерфейсінде [Close] (Жабу) түймесін басыңыз.
- Бұрылыс сигналының руль астындағы ауыстырып-қосқышы немесе тұраққа қою датчигін іске қосу арқылы панорамалық кескін режимін қосқан кезде панорамалық кескін режимі қосу шарттары болмаған кезде (кедергі анықталмады) 5 секундтан кейін автоматты түрде сөнеді.

Панорамалық кескін + алдыңғы жақтан/ артқы жақтан/ сол жақтан/ оң жақтан қарағандағы көрініс режимдерін ауыстырып қосу

Панорамалық кескін режимі қосулы кезде алдыңғы/артқы/сол жақ немесе оң жақ кескінді таңдаңыз. Интерфейс панорамалық кескінге және бір мезгілде алдыңғы/артқы/сол жақ немесе оң жақ кескінге ауысады:



АБҚ селекторын «R» күйінен «D» күйіне ауыстырған кезде кескін автоматты түрде панорама + артқы жақтан қарағандағы көріністен панорама + алдыңғы жақтан қарағандағы көрініске ауысады.

Панорамалық кескін + сол жақтан/ оң жақтан қарағандағы көрініс режимдерін ауыстырып қосу

Панорамалық кескін + көріністердің бірі режимінде панорамалық кескін + сол жақтан/ оң жақтан қарағандағы көрініске ауыстырып қосу үшін автокөліктің суретін (E) басыңыз.



Алдыңғы/артқы ірі кескін режиміне ауысу

Панорамалық кескін + алдыңғы/артқы көріністердің бірі режимінде көріністердің біреуінің жеке кескінін басып, сол көріністердің бірі режиміне ауыстырыңыз.

Тиісті панорамалық кескін+бір таңдалған көрініске қайтадан ауысу үшін бір көрінісі бар кескінді басыңыз.



Тұраққа қою кезіндегі көмекші сызықтар

Панорамалық кескін+ алдыңғы/артқы көрініс режимінде белгінің көмекші сызықтары панорамалық режимде және жеке режимде болады.



- ① Ескерту сызығы: автокөлік дөңгелектерінен бүйірлік қашықтық шамамен 20 см құрайды.
- ② Дөңгелектер траекториясы: автокөлік дөңгелектерінің қозғалу траекториясы.
- ③ Қауіпсіздік сызығы: автокөліктен шамамен 50 см.

Панорамалық режим+ сол жақ/оң жақ көрініс және панорамалық кескін + сол жақ және оң жақ көріністер режимдерінде көмекші сызық жеке кескін режимінде бүйір жақта болады.





① Алдыңғы көмекші жолақ; алдыңғы бамперден шамамен 20 см күйін білдіреді.

② Бүйірлік көмекші сызық; ол автокөліктің сол жақ және оң жақ бортынан шамамен 20 см күйін білдіреді.

3D шолу режимін ауыстыру

3D режиміне ауысу үшін [3Dview] түймесін басыңыз. Тиісті 3D-көрініске ауысу үшін автокөліктің айналасында 3D басқару мүмкіндігін басыңыз.



- ① 3D басқару мүмкіндігі;
- ② 3D мозаикасы;
- ③ Автокөліктің 3D үлгісі;
- ④ Көзден таса аймақ камерасы.

Баптау

Панорамалық кескін немесе көріністердің бірі режимінде көмекші жолақтарды қосу, панорамалық кескіннің қосылуын баптау және тиісінше тұраққа қою датчиктерін қосу функциясы үшін дисплейдің сол жағында [Settings] (баптаулар) түймесін басыңыз.



ЕСКЕРТПЕ

- Панорамалық кескінді және тұраққа қою датчиктерін қосу функциясын алдын ала баптау қажет.
- Маневрлар жасаған кезде қозғалыс бағытын және айналадағы мән-жайды мұқият қадағалаңыз.

Кескіндерді интеллектуалды ауыстыру

Панорамалық кескін режимінде бұрылыс сигналын қосқан кезде сол жаққа/оң жаққа бұрудың тиісті сигналы қосылады және панорамалық кескін автоматты түрде сол жақ/оң жақ көрініске ауысады.

Панорамалық кескін режимінде тұрақ датчиктерін іске қосу кезінде тұрақ датчиктері автокөліктің жанында кедергіні анықтаса, кескін панорамалық кескіннен кедергісі анықталған кескінге автоматты түрде ауысады. Егер кедергі автокөліктің алдыңғы немесе артқы бөлігіне жақын болса (50 см шамасында) панорамалық көрініс автоматты түрде жоғарыдан қарағандағы көрініске ауысады.



360° панорамалық кескін ※

Панорамалық кескін – бұл 4 камераның (алдыңғы/ артқы/ оң жақ/ сол жақ) көмегімен автокөліктің айналасындағы көріністі тіркейтін, алынған көріністі жоғарыдан қарағандағы 360° шолуға біріктіретін және орталық дисплейге шығаратын тұраққа қою көмекші жүйесі. Жүйе автокөлік айналасындағы көзден таса аймақты айтарлықтай азайтуға, автокөлікті тұраққа дұрыс қоюға және тар көшелер мен тұйық көшелерде маневр жасауды жеңілдетуге көмектеседі.

ЕСКЕРТПЕ

- Маневрлер жасаған кезде қозғалыс бағытын және айналадағы мән-жайды мұқият қадағалаңыз;
- Тұрақ орнының ені көмекші жолақтардан үлкенірек немесе олардың еніне тең екеніне көз жеткізіңіз.
- Панорамалық кескінді есіктер толығымен жабылып, артқы сыртқы көрініс айналары жайылғанда ғана қолдануға болады.
- Панорамалық кескін камералары автокөліктің сыртына орнатылған және оңай ластанады. Егер кескін анық болмаса, объективтің бетін жұмсақ шүберекпен сүрту керек.

ЕСКЕРТУ

- Панорамалық кескін экрандағы нысандардың контурларын бұрмалауы мүмкін. Көлік құралы мен дисплейде көрсетілетін кедергі (автокөлік, жаяу жүргінші және т.с.с.) арасындағы қашықтық дәл болмауы мүмкін екенін және бұл апатқа алып келуі мүмкін екенін ескеру қажет.
- Камерадан алынған кескін ажыратымдылығының шектелуіне байланысты кейбір нысандар, мысалы, жіңішке қоршаулар, торлар және ағаштар көрсетілмеуі немесе анық көрсетілмеуі мүмкін;
- Панорамалық кескін камераларының көзден тас аймақтары бар. Мұқият болыңыз, себебі камералар ешбір жағдайда адамдарды және кейбір шағын нысандарды, мысалы, кішкентай балаларды және кішкентай жануарларды анықтай алмайды;
- Панорамалық кескін дисплейде тек 2D-форматта көрсетіледі. Кеңістіктің тереңдігі болмағандықтан, камерадан алынған кескіннің көмегімен жол төсеміндегі дөңестерді немесе ойықтарды анықтау қиын немесе мүмкін емес.

Функциялық шектеу

Келесі жағдайларда 360° камерасы жұмыс істемейді немесе кейбір функциялар шектеледі:

- Есіктердің біреуі ашық тұр;
- Сыртқы артқы көрініс айналары жиылды;
- Жүксалғыш есігі жабылмады;
- Ерекше ауа райы жағдайлары (қатты жаңбыр, қар немесе тұман);
- Түнде немесе әлсіз жарықтандыру жағдайларында;
- Камера қатты жарықтандыру әсеріне ұшырайды;
- Аймақ люминесцентті шамдармен немесе жарықдиодты шамдармен жабдықталған (дисплей жыпылықтайды).
- Температураның күрт өзгеруі кезінде (мысалы, суық мезгілде автокөлік жылытылатын үй-жайға кіреді).

Егер камера орнатылған автокөліктің бөлшектері зақымдалса, камералардың күйін тексеру және оларды калибрлеу үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

Панорамалық кескін режимін қосу



Автокөліктің электр қуат көзі қосулы күйде (ON күйі) және автокөлік 27 км/сағ шамасынан аспайтын жылдамдықпен қозғалғанда.

- Панорамалық кескінді қосу түймесін басыңыз және орталық дисплей автоматты түрде панорамалық кескін режиміне ауысады;
- АБҚ селекторын «R» күйіне ауыстырған кезде дисплей автоматты түрде панорамалық кескін режиміне ауысады.
- Егер руль астындағы бұрылыс сигналдарының ауыстырып-қосқышымен панорамалық кескінді қосу функциясы іске қосылса (баптауларда қосу/ өшіру нұсқасын таңдаңыз), бұрылыс сигналын қосыңыз, сонда орталық дисплей панорамалық кескін режиміне ауысады.

Тұрақ датчиктерін іске қосқан кезде панорамалық кескін режимін қосу функциясы белсенді болса, берілістерді ауыстыру селекторы «P» немесе «R» күйінде болмаса, ал автокөлік жылдамдығы 15 км/сағ шамасынан аспаса, алдыңғы тұрақ датчигі кедергіні анықтаса, орталық дисплей автоматты түрде панорамалық кескін режиміне ауысады.

Панорамалық кескін режимін өшіру

- Түйменің көмегімен панорамалық кескін режимін қосқан кезде автокөлік жылдамдығы 30 км/сағ шамасына дейін жетсе, дисплей автоматты түрде сөнеді;
- АБҚ селекторын «R» күйінен ауыстырғаннан кейін панорамалық кескін режимі автоматты түрде 20 секундтан кейін сөнеді.
- «R» берілісінен басқа АБҚ селекторының кез келген берілісінде панорамалық кескінді сөндіру және орталық дисплейдегі алдыңғы интерфейске оралу үшін панорамалық кескін режимінің интерфейсінде [Close] (Жабу) түймесін басыңыз.
- Бұрылыс сигналының руль астындағы ауыстырып-қосқышы немесе тұраққа қою датчигін іске қосу арқылы панорамалық кескін режимін қосқан кезде панорамалық кескін режимі қосу шарттары болмаған кезде (кедергі анықталмады) 5 секундтан кейін автоматты түрде сөнеді.

Панорамалық кескін + алдыңғы жақтан/ артқы жақтан/ сол жақтан/ оң жақтан қарағандағы көрініс режимдерін ауыстырып қосу

Панорамалық кескін режимі қосулы кезде алдыңғы (A)/ артқы (C)/ сол жақ (D) немесе (B) оң жақ аймақты таңдаңыз және кескін панорамалық кескінге және + тиісті алдыңғы/артқы/сол жақ немесе оң жақ кескінге ауысады:



АБҚ селекторын «R» күйінен «D» күйіне ауыстырған кезде кескін автоматты түрде панорама + артқы жақтан қарағандағы көріністен панорама + алдыңғы жақтан қарағандағы көрініске ауысады.

Панорамалық кескін + сол жақтан/оң жақтан қарағандағы көрініс режимдерін ауыстырып қосу

Панорамалық кескін + көріністердің бірі режимінде панорамалық кескін + сол жақтан/оң жақтан қарағандағы көрініске ауыстырып қосу үшін автокөліктің суретін (E) басыңыз.



Алдыңғы/артқы ірі кескін режиміне ауысу



Панорамалық кескін + алдыңғы/артқы түрлердің бірі режимінде түрлердің бірінің жеке кескінін немесе түрлердің бірінің режиміне ауысу үшін 120° немесе 180° шолуды таңдаңыз. Қайтадан тиісті панорамалық

кескінге+бір таңдалған түрге ауысу үшін бір түрі бар кескінді басыңыз.



Тұраққа қою кезіндегі көмекші жолақтар

Көмекші жолақтардың екі түрі бар – алдыңғы/артқы көрініс және 120° шолу. Тұраққа қою кезіндегі көмекші жолақтар екі бөліктен тұрады: статикалық жолақтар және динамикалық жолақтар. Олар ені сыртқы артқы көрініс айналарымен бірге автокөліктің еніне тең келетін, артқы бамперден артқа қарай 3м қашықтықтағы автокөліктің болжалды траекториясын көрсетеді.



① Қызыл жолақ: автокөліктің артқы бамперінен шамамен 1м дейінгі қашықтық;

- ② Сары жолақ: автокөліктің артқы бамперінен шамамен 2 м дейінгі қашықтық;
- ③ Жасыл жолақ: автокөліктің артқы бамперінен шамамен 3 м дейінгі қашықтық;
- ④ Динамикалық көмекші жолақ: руль айналған кезде рульдің бұрылу бұрышына байланысты өзгереді. Ол автокөлік қозғалысының есептік траекториясы болып табылады. Руль нөлдік күйде болғанда динамикалық көмекші жолақ жасырылған.



Панорамалық режим+ сол жақ/оң жақ түр және панорамалық кескін + сол жақ және оң жақ түрлер режимдерінде көмекші жолақ жеке кескін режимінде бүйір жақта болады.



① Алдыңғы көмекші жолақ: алдыңғы бамперден шамамен 20 см күйін білдіреді.

② Бүйірлік көмекші жолақ: автокөліктің сол жақ және оң жақ бортынан шамамен 20 см күйін білдіреді.

Баптау

Панорамалық кескін немесе көріністердің бірі режимінде көмекші жолақтарды қосу, панорамалық кескіннің қосылуын баптау және тиісінше тұраққа қою датчиктерін қосу функциясы үшін дисплейдің сол жағында [Settings] (баптаулар) түймесін басыңыз.



ЕСКЕРТПЕ

- Панорамалық кескінді және тұраққа қою датчиктерін қосу функциясын алдын ала баптау қажет.
- Маневрлар жасаған кезде қозғалыс бағытын және айналадағы мән-жайды мұқият қадағалаңыз.

Тұраққа қоюға көмектесетін автоматты жүйе (APA4.0)※



Тұраққа қоюға көмектесетін автоматты жүйе төрт функцияны біріктіреді: параллель тұраққа қою, артқа жүріп тұраққа қою (перпендикулярлы), диагональ бойынша тұраққа қою және көлік құралының ішінен де, сыртынан да қашықтан басқару кілтімен тұраққа қою.

Автокөлікті басқарған кезде функцияны іске қосыңыз. Жүйе автокөлік шанағында орналасқан 12 радардың көмегімен жолдың екі жағындағы тұраққа қою орындарының көлемін өлшейді және тұраққа қою орнын анықтайды.

Орталық дисплей арқылы тұраққа қою орнын анықтағаннан кейін таңдауға сәйкес тұраққа автоматты түрде қою режимі іске қосылады. Растағаннан кейін автокөлік жоспарланған қозғалу бағдарына сәйкес таңдалған тұрақ орнына тұраққа қойылады. Осы процесс

барысында берілістерді ауыстырып қосу тұтқасын, тежегіш педалін және акселератор мен рульді басқарудың қажеті жоқ.

Тұраққа қоюға көмектесетін автоматты жүйе бағыт тұрақтылығын сақтайтын электрондық жүйенің (ESC) жұмысы жарамды кезде ғана іске қосыла алады. Бағыт тұрақтылығын сақтайтын электрондық жүйені (ESC) қосу/сөндіру тәсілдерін «IV. Автокөлікті басқару – Тежеу жүйесі – Бағыт тұрақтылығын сақтайтын электрондық жүйе (ESC) – ESC жүйесін қосу және сөндіру» бөлімінен қараңыз;

Жүйенің ескертуі

- ① Автокөлікті басқарған кезде мұқият және сақ болыңыз, тұраққа қою процедурасын мұқият орындаңыз. Қажет болса, автокөлікті дереу өзіңіз басқарыңыз. Әйтпесе, жазатайым оқиғалар қаупі орын алуы мүмкін.
- ② Жүйе өлшенген тұраққа қою орындарында болған өзгерістерді ескермейді.
- ③ Жүйе тұраққа қою кезінде автокөліктен шығатын жүктемені ескермейді.

④ Рульді басқару кезінде тұраққа қоюға көмектесетін автоматты жүйе жиектасқа шығып кетуі немесе оған соғылуы мүмкін. Кез келген уақытта автокөлікті басқаруға араласу мүмкіндігін қамтамасыз ету қажет, әйтпесе, автокөліктің дөңгелектері мен шиналары немесе автокөліктің өзі зақымдалуы мүмкін.

⑤ Автокөлікті тұраққа қою немесе тұрақ орнынан шығу кезінде автокөлік бұрылып, қарсы жүру жолағына шығуы мүмкін. Бұл жол қозғалысының басқа қатысушыларымен соқтығысуға әкелуі ықтимал. Соның себебінен жазатайым оқиғаның орын алу қаупі бар. Жол қозғалысының басқа қатысушыларына қатысты абай болыңыз. Қажет болса, тұраққа автоматты түрде қою бағдарламасын тоқтатыңыз немесе одан бас тартыңыз.

⑥ Жүйені қолданар алдында капот және жүксалғыш есігі жабылғанына көз жеткізіңіз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Автоматты тұраққа қою көмекші жүйесі белсенді тежеуді қолдана алмайды немесе таңдалған тұрақ орны өлшемдерінің кенет өзгеруіне (мысалы, көршілес көлік құралдарының кенет қозғалуы немесе адамдардың/нысандардың кіруі) әсер ете алмайды. Ол артта, сол жақта және/немесе оң жақта қозғалатын көлік құралдарын анықтай алмайды немесе оларды айналып өте алмайды. Тұраққа қою кезінде тұраққа қою

орны бос екендігіне көз жеткізіңіз және жиі тежеуге дайын болыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Ультрадыбыспен өлшеу әдісімен кейбір кедергілерді анықтау физика заңдарымен шектеледі. Төменде мұндай жағдайлардың бірнеше мысалы келтірілген:

- Тарту-тіркеу құрылғысын, тіркемені және сүйрейтін ілмекті қолданған кезде;
- Жұқа немесе сына тәрізді нысандарды тану;
- Биіктікте орналасқан немесе шығып тұратын нысандар. Мысалы, қабырғаның кеңеюі немесе шығып тұратын жүк;
- Өткір бұрыштары және өткір жиектері бар нысандар;
- Жұқа беті немесе құрылымы бар нысандар. Мысалы, дуал;
- Анықтау ауқымынан жоғары нысандар. Датчик тұраққа қою көмекші жүйесінің жұмысы белсенді кезінде оны анықтай алмайды және автокөлікті тоқтата алмайды;
- Нысандарды тануға ықпал ететін басқа жағдайлар.

ЕСКЕРТУ

• Тұраққа қоюға көмектесетін автоматты жүйе автокөлікті басқаруға және тиісті операцияларға жауапты жүргізушіні толықтай алмастыра алмайды. Жүргізуші қоршаған ортаны тексеруі, автокөліктің жылдамдығын бақылауы және қажет болса, автокөлікті басқаруға араласуы тиіс.

• Жүйе көлік құралының айналасында адамдарды, жануарларды немесе кедергілерді сәйкестендіре алмайды. Тұраққа қою кезінде абай болыңыз.

• Жүйе анықтау сигналдарын айқындамайтын беті бар нысандарды, мысалы, тиісті киімдегі адамдарды сәйкестендіре алмайды.

• Сыртқы дыбыс көздері жүйенің жұмысына кедергі жасауы мүмкін, нәтижесінде жүйенің датчиктері кедергілерді дұрыс анықтай алмай қалады. Кейде жүйе жок кедергілер туралы қате хабарлауы мүмкін.

• Жүйе жер деңгейінен жоғары немесе төмен тұрған тұрақ орнындағы нысанды анықтамауы мүмкін (мысалы, тіркегіш платформа немесе ашық құдық (шұңқыр)).

ЕСКЕРТУ

- Жүйе шаршы бағаналармен шектелген стандартты емес бүйірлік тұрақ орындарына тұраққа қоюды орындай алмайды.
- Датчик жол төсемінде шұңқырлардың болуын анықтайды. Автокөлікті зақымдау қаупін болдырмау үшін, жүйені тас төселген жолдарда қолданбаңыз.
- Жүйені биіктіктерінде болмашы ауытқулары бар жол жағында (күз, жартас жағы немесе деңгейі көршілес жол төсемінен жоғары тұрақ орнында), сондай-ақ жаяужолдарда, пандустарда, жиектастарда немесе автокөлік құлап кетпеуі үшін баспалдақта қолданбаңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Тұрақ орнын іздеу барысында жүйеден шыққан кезде, тұраққа қою аяқталады және жүйе белсенді басқару режиміне ауысады.
- Тұраққа қою кезінде жүйе рульді, тежегіштерді, дроссель жапқышын басқарады және берілісті таңдайды.
- Тұрақ орнынан өту алдында АРА4.0 қосу ұсынылады. Егер оны қосуды ұмытсаңыз, оны тұраққа қою орнынан өткеннен кейін қосуға болады. Автокөлік 27 км/сағ жылдамдықпен қозғалған кезде, АРА4.0 фондық режимде тұрақ орнын іздеу функциясына ие болады.

Жадта сақталатын максималды қашықтық 10 метрден аспайды.

- Тұрақ орнын іздеу барысында автокөлік тұрақ орнын шектейтін кедергілерден 0,5м - 1,5м шегінде қашықтықты бақылайды. Егер тұрақ орны алыс жерде болса, тұрақ орны табылмауы мүмкін.
- Тұрақ орнын іздеген кезде түзу жүруге және жақсы анықтау үшін тұрақ орнынан толықтай асып өтуге тырысыңыз.
- Бұл тұраққа қою функциясын тігінен тұраққа қою және диагональ бойынша тұраққа қою үшін қолданбаңыз.
- Тұраққа қою режимін іске қосу үшін жүйенің қауіпсіз жұмысы үшін қауіпсіздік белбеулері тағылғанына, есіктер жабылғанына, ал автокөліктің АБҚ селекторы қол режимінде («М») күйі тұрмағанына көз жеткізіңіз.
- Қашықтан кіру функциясын іске қосу үшін есіктер жабылғанына, ал автокөліктің АБҚ селекторы «Р» күйінде тұрғанына көз жеткізіңіз.

ЕСКЕРТПЕ

- Автоматты тұраққа қою көмекші жүйесі келесі кедергілер болса, тұраққа қою үшін қолданылмайды: велосипед немесе моторсыз үш дөңгелекті велосипед; үздіксіз физикалық пішіні (мысалы, жүк көлігі; цистернасы бар жүк көлігі, тіркеме және т.б.) немесе физикалық пішінсіз (жол белгісі, тұраққа қою шектегіштері және жиектас) кедергілері жоқ шанағы төмен көлік құралдары.
- Жол төсеміне қатысты биіктіктері әртүрлі жол төсемінде немесе жабындарда жүйені қолданбаған жөн.
- Автокөлікті тұраққа қою алдында жиектастар, жұқа бағаналар, керілген жіптер немесе тіркеменің тарту-тіркеу құрылғысы сияқты кедергілердің жоқтығына көз жеткізіңіз, өйткені бұл жүйе осындай кедергілерді анықтай алмайды.
- Жүйе кейбір нысандарды, мысалы, сымды дуалды және ұлпа қарды анықтамауы мүмкін.
- Жүйе тапқан орын тұрақ орны болады. Жүйе тұраққа қоюға арналған қолжетімді орын ретінде өткелдерді, дуалдарды және есік ойықтарын, сондай-ақ қиылыстарды сәйкестендіруі мүмкін.
- Жүйе дөңгелектердің шеңберін есептеу негізінде тұраққа қою орнына дейін автокөліктің тиімді бағдарын көрсетеді. Егер автокөлікке мөлшері түпнұсқа емес дөңгелектер орнатылса, сырғытпайтын шынжырлармен жабықталған дөңгелектер

орнатылса немесе қосалқы дөңгелек орнатылса; немесе шиналардағы қысым ұсынылған шиналарға сәйкес келмесе, онда жүйе дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін және автокөлікті тұраққа қою күйі түпкілікті өзгеруі мүмкін.

- Жүйе кейбір нысандарды, мысалы, сымды дуалды және ұлпа қарды анықтамауы мүмкін.
- Егер автокөлікке жүктелген ұзын өлшемді жүк автокөліктің габариттерінен айтарлықтай асып кетсе, тұраққа қоюға көмектесетін автоматты жүйені қолданбаңыз.
- Егер автокөлікке сырғытпайтын шынжырлар орнатылса, тұраққа қою кезінде тұраққа қоюға көмектесетін автоматты жүйені қолданбаңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Абай болыңыз. Қоршаған жағдайды бақылаңыз.
- Тұрақ орнының ені көмекші сызықтың енінен артық немесе тең болуы тиіс.
- Панорамалық шолу жүйесін алдыңғы есіктері, артқы есігі толықтай жабылған және артқы көрініс айналарын жазылған күйде қолданыңыз.
- Панорамалық шолу камерасы автокөліктің сыртына орнатылған және кірлеуге ұшырайды. Егер бейне анық болмаса, объективтің бетін жұмсақ шүберекпен сүртіңіз.


Автоматты тұраққа қою



- ① Тұраққа қою көмекші жүйесін қосыңыз және тұраққа қою орнын іздеу үшін автокөлікті басқарыңыз;
- ② Тұраққа қою орнын таңдаңыз;
- ③ Автокөлікті тұраққа автоматты түрде қою;
- ④ Тұраққа қою аяқталды.


Қадамдап басқару

1. Қозғалтқышты оталдырыңыз;
2. Автокөлік жылдамдығы 27 км/сағ шамасынан төмен болған кезде және АБК селекторы «М» күйінде (қол режимі) болмаса,

тұраққа қою функциясын іске қосу үшін  орталық басқару блогындағы АРА ауыстырып-қосқышын басыңыз.

3. Автокөліктің қозғалу бағытына қарай екі жағынан тұраққа қоюға арналған жерді автоматты іздеу үшін автокөлікті басқарыңыз. Тұраққа қою орнын анықтаған кезде ақпараттық дисплейде тұрақ орны және оның орналасуы туралы тиісті ақпарат көрсетіледі.



4. Тұрақ орны туралы ақпарат динамикалық түрде дисплейде көрсетіледі. Бір уақытта автокөлікті тоқтату сәтіне дейін 4 тұрақ орны көрсетіле алады.
5. Дисплейде растау үшін қажетті тұрақ орнын таңдаңыз.
6. Ақпараттық дисплейде жүргізушіге рульден екі қолын алу, тежегіш педалін және  2S тұраққа қою түймесін басу ұсынылады.



Жоғарыда сипатталған әрекеттерді орындағаннан кейін дисплейде «тежегіш педалін босатыңыз» хабары пайда болады. Тежегіш педалін босатқаннан кейін жүйе автокөлікті тұраққа қою процесін бастайды. Бұл процедура жүргізуші тарапынан қандай да бір әрекеттерді талап етпейді, бірақ автокөлікті басқаруға араласу арқылы ықтимал қауіпті жағдайларды кепілді түрде болдырмау үшін тұраққа қою кезінде қоршаған жағдайды мұқият бақылау қажет.



Автокөлікті таңдалған тұраққа қою орнына тоқтатқаннан кейін жүйе пайдаланушыға тұраққа қоюды аяқтау туралы хабарлайды, автоматты түрде селекторды «Р» күйіне аударады және автокөлікті тұрақ тежегішіне орнатады.




Параллель тұраққа қою



- ① Тұраққа автоматты түрде қою функциясын іске қосыңыз және тұраққа қою бағытын таңдаңыз;
- ② Автокөлікті тұраққа қою расталды;
- ③ Жүйе бүйірлік тұрақ орындарында тұраққа автоматты түрде қоюды орындай алады. Бұл функцияны тігінен тұраққа қою үшін қолданбаңыз.

Қадамдап басқару

1. Автокөлік қозғалыссыз тұр, АБК селекторы «Р» күйінде;
2. Қозғалтқышты іске қосыңыз;
3. Параллель тұраққа қою функцияларын іске қосу үшін АРА  түймесін басыңыз.
4. Тұраққа қою бағытын таңдаңыз және растаңыз.



5. Жүйе тұраққа қоюдың аяқталғанын хабарламайынша, тұраққа автоматты түрде қою барысында жүйенің нұсқауларын сақтаңыз. Автокөлікті өзіңіз басқарыңыз.

Тұраққа қою режимінен шығу

Жүйе автоматты түрде келесі жағдайларда тұраққа автоматты түрде қою режимінен шығады:

- Егер тұраққа қою орнын іздеу барысында автокөлік жылдамдығы 30 км/сағ шамасынан асып кетсе.
- Егер тұраққа қоюды үзген соң 60 секунд өткеннен кейін пайдаланушы сұрауға сәйкес тұраққа қоюды жалғастырмаса;
- Автокөлікті тұраққа автоматты түрде қою жүйесінің түймесін қайтадан басқан кезде.
- ESC бағыт тұрақтылығын сақтайтын электрондық жүйені сөндіру.
- Егер тұраққа автоматты түрде қою процесінде жүргізуші рульді белсенді басқарса;
- Егер автоматты түрде тұраққа қою процесінде жүргізуші 180 с ішінде қауіпсіздік белбеуін тақпаса немесе есік жабылмаса.
- Егер қашықтан басқару кезінде автокөліктің алдында немесе оның артында қозғалмайтын кедергі анықталса, автокөлік тұраққа қою процесін аяқтай алмайды. Біраз уақыттан кейін жүйе автоматты түрде сөндіріледі.

Қашықтан басқару

Тұраққа қоюды қашықтан басқару функциясы қашықтан басқару пультімен автокөлікке тар тұраққа қою орнына кіруге және шығуға мүмкіндік береді. Пайдаланушы қозғалтқышты қашықтан басқару кілтімен оталдыра алады немесе қозғалтқыш жұмыс істеген кезде қашықтан ашу функциясын қолдана алады.




Жүйені қолданудың артықшылығы


- Жайлы отыру және автокөліктен шығу;
- Автокөлікке отыру және одан шығу кезінде есіктердің зақымдануын және басқа кедергілерге тиюін болдырмау;
- Тұрақ кеңістігін барынша тиімді қолдану.


Қашықтан ашу

1. Қозғалтқышты оталдырғаннан кейін автокөлік «P-stop» күйінде.


2. Автокөлік екі рет жыпылықтамайынша және жүйе іске қосылмайынша, қашықтан басқару кілтінде  түймесін басып тұрыңыз.

3. Автокөлікті қашықтан басқару кілтімен басқару үшін жүйені іске қосқаннан кейін, автокөліктің нақты күйіне қатысты тиісінше

алға немесе артқа жүру үшін «алға»  немесе

«артқа»  түймесін басыңыз. Бұл операцияны жүйені іске қосуды екі рет жарқ етумен растағаннан кейін 5 секунд ішінде орындау қажет. Әйтпесе, жүйе автоматты түрде сөнеді.

4. Пайдаланушы белгілеген қашықтыққа жеткен кезде, жүйе автоматты түрде автокөлікті тоқтатады. Тұраққа қоюды аяқтағаннан кейін жүйе автоматты түрде сөнеді және бұл туралы екі рет жарқ етіп хабарлайды. Тұраққа қоюды аяқтағаннан кейін қашықтан басқару кілтімен автокөлікті мәжбүрлеп сөндіріңіз және құлыптаңыз.

5. Қашықтан тұраққа қою барысында пайдаланушы кез келген уақытта апаттық жағдайға жол бермеу үшін «алға» немесе «артқа» түймесін босата алады. Бұл сәтте автокөлік тоқтайды және түймелерді басу арқылы кейінгі пәрмендерді күтеді. Егер 15 секунд ішінде пайдаланушы түймелерді босатпаса, онда жүйе автокөлікті белсенді түрде тұраққа қояды да артынша сөнеді және екі рет жарқ етеді. Қашықтан тұраққа қою режимінде пайдаланушы  түймесін басып қалып, қашықтан тұраққа қою жүйесінен шыға алады. Қашықтан тұраққа қоюды аяқтағаннан кейін қашықтан басқару кілтімен автокөлікті мәжбүрлеп сөндіру және құлыптау қажет.

Режимнен шығу

Жүйе автоматты түрде келесі жағдайларда қашықтан тұраққа қою режимінен шығады:

- Есік, капот немесе жүксалғыш есігі ашылған;
- Тежегіш немесе акселератор педалі басылған (Жүргізуші немесе автокөліктегі жолаушы);

- Басқаруға белсенді араласу;
- Тұрақ тежегішін іске қосу немесе берілістерді ауыстыру селекторын ауыстырып қосу (жүргізуші немесе жолаушы);
- Жүйе белгілеген максималды қашықтықтан асып кету;
- Кілттен басқа функцияны таңдау;
- Жүйенің қатесі;
- Ultrasonic жүйесінің ультрадыбыстық датчигінің ақауы немесе ластануы анықталғанда;
- Қашықтан тұраққа қою түймесі босатылды;
- Бөтен шу немесе кедергілер;
- Жүйе орнатқан кедергіге дейін автокөліктен минималды рұқсат етілген қашықтыққа қол жеткізілді;
- Қауіпті аймақта кедергіні анықтаған кезде жүйе автокөлікті 15 секундтан артық уақытқа толықтай тоқтатады;
- Пайдаланушы автокөлікте жүйеден шығу түймесін басты.
- Автокөлік қатты қисайып тұр.

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Жүйе жүргізушіні қозғалу және тұраққа қою шарттарын дұрыс бағалау жауапкершілігінен босатпайды.

Жүйенің әрекет ететін шектеулері себебінен, ол әрқашан автоматты түрде тиісінше әсер ете бермейді. Жазатайым оқиғаның орын алу қаупі бар. Пайдаланушылар жол жағдайын және тұраққа қою шарттарын өз бетінше бағалауы және нақты жағдайларға байланысты белсенді шараларды қолдануы қажет.

Бөтен адамдар, мысалы, балалар, автокөліктің ішінде адамдар болмаған кезде кілтпен автокөлікті іске қосып жіберуі мүмкін. Жазатайым оқиғаның орын алу қаупі бар. Кілтті рұқсатсыз қолдануға жол бермеу үшін, кілтті балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.

Жүйе датчик үнемі анықтайтын кедергіге ұшыраған кезде ғана тежейді. Тым жалпақ немесе датчикті анықтау ауқымынан тыс кедергілер анықталмайды. Егер жүргізуші оларды елемей қойса, апат немесе затты зақымдау қаупі бар.

Қашықтан ашуды баптау

Пайдаланушы қашықтан басқару пультінің қашықтан басқару және қауіпсіз қашықтықты қажетті қашықтыққа баптау үшін көпфункционалы дисплейде «VehicleSettings» (Автокөлік баптаулары)–«ParkingAssist» (Тұраққа қою кезінде көмектесу) таңдай алады.



Автокөліктің жүріп өткен жолы автокөлік баптаудан кейін алға жүріп өте алатын кездегі белгіленген қашықтыққа сай келеді. Жүйе әдепкі бойынша белгілеген қашықтық - 4 м. Жүйе жұмысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында, баптаулар автокөлікті қайта іске қосқаннан кейін қолжетімді болады.

Қауіпсіз қашықтық тұрақ орны мен қашықтан басқару режимінде автокөлік алдында немесе артында анықтағаннан кейін кедергі арасындағы қашықтыққа сай келеді. Жүйе әдепкі түрде белгілеген қашықтық кедергіден 0,3 м құрайды. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында бұл екі баптауды автокөлікте қайта орнату қажет. Баптаулар автокөлікті қайтадан іске қосқаннан кейін қолжетімді болады.

Бүйір жақтағы кедергілер туралы хабарлау функциясы автокөліктің жан-жағында орналасқан датчиктердің екі жинақтамасы көмегімен автокөліктің екі жағында орналасқан кедергілерді анықтауға және пайдаланушыға дыбыс сигналы және визуалды кескін арқылы автокөліктің жан-жағында орналасқан кедергілер туралы ескертуге көмектеседі. Пайдаланушы анықталған кедергілер туралы дыбыстық хабарламаны қоса немесе сөндіре алады.

Айнала шолу жүйесі

Айнала шолу жүйесі автокөлікке орнатылған (алдында, артында, сол жақта және оң жақта) 4 камерамен автокөліктің қоршаған жағдайының кескінін алады және оны TF картасына сақтайды. Жазылған бейнені орталық дисплейде көрсетуге немесе оны компьютер экранында қарауға болады.

ЕСКЕРТУ

- Айнала шолуды жазу жүйесінің камераларындағы кескін камера линзасының технологиялық ерекшеліктеріне байланысты нақты қашықтықты визуалды өзгертетін бұрмалаумен сақтайды.
- Камера ажыратымдылығының шектеулеріне байланысты кейбір нысандар көрсетілмеуі мүмкін немесе айқын көрсетілмеуі мүмкін, мысалы, жұқа қоршаулар, бағаналар, торлар және ағаштар.
- [Циклді жазу] ауыстырып-қосқышы қосулы болса, көруді және жылжытуды жазу жүйесі қозғалыс кезінде фондық режимде болады.
- Осындай тәсілмен жазылған бейнелер жол-көлік оқиғасы сияқты дәлелдерді жинау үшін қолданыла алады және басқа заңсыз мақсаттарда қолданыла алмайды.

ЕСКЕРТПЕ


- Белгілі өндірушілердің TF жад карталарын қолданыңыз. Оқу және жазу жылдамдығы CLASS 10 төмен болмауы тиіс. U1 және одан жоғары таңбалауы бар TF карталарын қолданған жөн.
- Сыйымдылығы үлкен 4 камерадан бейнежазба файлы, шамамен 4Гб/сағ. Сыйымдылығы 32Гб кем емес жад картасын қолданған жөн.
- TF жад картасын алғаш орнатқан кезде, жүйе автоматты түрде жадқа сақтау құрылғыларының сыйымдылығын 3 сақтау аймағына бөледі: үздіксіз бейне, апаттық бейне аймағы және фотосуреттерге арналған сектор.
- Үздіксіз бейне қалтасы толғаннан кейін, жүйе автоматты түрде жазбаны жалғастыру үшін анағұрлым ескі бейнені жояды.
- Апаттық бейнежазбалар немесе фотосуреттер автоматты түрде жойылмайды. Егер бөлінген көлемі 100% толуға жақындаса, орынды қолмен босату қажет. Әйтпесе, апаттық жазбаларды, фотосуреттерді немесе скриншоттарды жасау мүмкін емес.
- TF картасы сезімтал және үздіксіз бейнені және/немесе апаттық жазбаны жазған кезде зақымдалуы мүмкін, ағымдағы бейнежазба зақымдалуы мүмкін және ойнатыла алмайды. TF картасын жазу циклін немесе апаттық жазбаны аяқтағаннан кейін және кескіннің

жоғарғы сол жақ бұрышында «Save» (Сақтау) сөзі жойылғаннан кейін сөндіру керек.

- Көрсету шектеулеріне байланысты компьютерде тек құрамдас кескінді көрсетуге болады. Бір таңдалған көріністі көрсету мүмкін емес.
- Жад картасы болмаса немесе оның ақауы болса, бейнені тек нақты уақыт режимінде қарауға болады, ал жазу немесе түсірілім сияқты қосымша функциялар орындалмайтын болады.


Пайдалану

Бейнежазбаларды сақтау үшін TF-жад картасын сатып алу және оны карталарға арналған ұяға орнату қажет. Жад карталарына арналған ұя шылымтұтатқыштың жанында орналасқан.



Автокөліктің электр қуатын қосыңыз (ON күйі). Сақталған бейнежазбаларды қарау үшін орталық дисплейдегі [қозғалыс жазбаларын қарау] түймесін басыңыз немесе тиісті баптаулар жасаңыз.

Жазбаларды қарау үшін [camera] (камера), [album] (альбом), [setup] (баптау) үш режимнің бірінің APP қолданбасын (интерфейс) таңдаңыз. Функциялардың сипаттамасы төменде келтірілген.

Жазу интерфейсінен шығу үшін іздеу жазбалары жүйесінің интерфейсінде [Home](Үйге)  түймесін басыңыз.

Камераның жазу режимін таңдау

1. Үздіксіз жазу режимінің ауыстырып-қосқышы: камера режимінде үздіксіз жазу режимін қосуға/ сөндіруге болады. Егер ол қосылса, бейнесапар TF картасына жазылады. Ол сөндірулі болса, бейне жазу тоқтатылады.

2. Апаттық жазба: [EmergencyRecording] (апаттық жазба) ауыстырып-қосқышын жылжытыңыз. Бейне ағымдағы уақытқа дейін және одан кейін (шамамен 30 секунд) 15 секунд ішінде жазылады және апаттық бейне қалтасына сақталады.

3. Фотосурет: таңдалған шолу бағытында камерадан кескінді алу үшін [Photo] (фото) түймесін басыңыз және жүйе автоматты түрде экрандағы бұрмалануды түзетеді. Камера түймесі тек жекелей (алдыңғы/артқы/сол жақ/оң жақ) қолжетімді және құрамдас түрде қолжетімді емес.

4. Көріністі таңдау: сіз қарау үшін алдыңғы/артқы/сол жақтағы/оң жақтағы түрдің тіркесімін таңдай аласыз.

Альбом




1. Үздіксіз бейне: TF жад картасында сақталатын циклдік бейнені қарау. Егер үздіксіз бейнежазбаға бөлінген қалта толып кетсе, жүйе бұрын жасалған бейнежазбаларды автоматты түрде жояды. Бір бейнені жазу ұзақтығын баптаудан орнатуға болады.

2. Апаттық бейне: TF картасында сақталған апаттық бейнежазбаны қарау. Бұл қалтадағы бейнежазбалар автоматты түрде жойылмайды және оны тек пайдаланушы қолмен жоя алады.

3. Фотосурет: TF картасында сақталған фотосуреттерді немесе скриншоттарды қарау. Бұл қалтадағы фотосуреттер автоматты түрде жойылмайды және оны тек пайдаланушы қолмен жоя алады.

Баптаулар




1. Циклді жазу режимінде бір бейнежазбаның ұзақтығын орнату.
2. TF картасын форматтау – жад картасындағы барлық деректерді жою. Осы функцияны таңдаған кезде абай болыңыз.

Апаттық жазба

Апаттық жағдайлардың бейнежазбалары міндетті түрде сақталу үшін, бейнежазғыштың апаттық жағдайларды жазу функциясы ағымдағы уақытқа дейін және одан кейін (шамамен 30 сек) 15 сек ішінде іске қосылады және жазбаны осыған арналған қалтаға сақтайды. Оны жүйе автоматты түрде өшіре алмайды.

Қолмен қосу:

- Бейнежазбаларды басқару режиміне ауысу үшін [EmergencyRecording] (Апаттық жағдайларды жазу) таңдаңыз.
- Тақтадағы  жазу түймесін басыңыз.



Автоматты түрде іске қосылу:


- Автокөлікке қатты соққы тиген кезде:
- Автокөлікте айдап әкетуден сақтайтын сигнал беру жүйесі іске қосылса (бейнежазба ұзақтығы үздіксіз циклдік жазба кезіндегідей).

Шиналардағы ауа қысымын бақылау жүйесі (TPMS)※

Негізгі сипаттамасы


Автокөлік қозғалған кезде шина қысымын бақылау жүйесі барлық төрт шинадағы қысымды және температураны бақылайды. Егер жүйе шиналарда ұйғарынды мәндерден жоғары қысымның және/немесе температураның өзгергенін анықтаса, жүйе ескерту береді.

Шиналардағы қысым туралы ақпарат көп функциялы дисплейде көрсетіледі. Автокөлік жүріп келе жатқан кезде шиналардағы қазіргі

қысымды тексеру үшін [TRIP]  түймесінің көмегімен шиналардағы қысым туралы деректі шығаруға болады.

Шиналарда ауа қысымы өзгерсе, тиісті индикатор жанады. Егер бұл ауа қысымының өзгеруінен туындаса, автокөлік тақтайшасында көрсетілген ұсынылған салқын қысымға сәйкес шиналардағы қысымды реттеңіз. Шиналардағы қысым индикаторы автоматты түрде қозғалыс басталғаннан кейін бірнеше минуттан соң өшеді.

Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі қысым датчиктері автокөліктің барлық 4 дөңгелегіне орнатылған жағдайда жұмыс істейді. Қосалқы дөңгелекте шинадағы қысымды бақылау датчигі орнатылмаған. Қосалқы дөңгелекті орнатқаннан кейін, біраз

уақыттан соң шиналардағы қысым индикаторы жанады . Түпнұсқа зауыттық қысым датчигін орнатыңыз және оны бейімдеу рәсімін жүргізіңіз.

Сақтық шаралары

Шиналардағы қысымды жүргізу жағдайларына байланысты ұсынылған салқын қысымға сәйкес сақтау қажет. Салқын күйдегі шиналардағы қысымды тексеріңіз, қажет болса, айына кемінде бір рет реттеңіз. Шиналар келесі жағдайларда қысымды тексеру үшін салқын күйде болады:

- Автокөлік тікелей күн сәулесінің әсерінен алшақ жерде кемінде 3 сағат қозғалыссыз тұрды.
- Қозғала бастағаннан кейін автокөлік 1,6 км-ден аспайтын жол жүрген.

Манометр көрсеткіштері бойынша салқын күйде орнатылған шиналардағы қысым TPMS жүйесінің көрсеткіштерінен өзгеше болуы мүмкін. TPMS бақылау мәні басым күшке ие.

Шина қысымын бақылау жүйесі қысымды дереу толықтай жоғалтуды, мысалы, шинаны қандай да бір зат тесіп өткен кезде хабарлай алмайды. Бұл жағдайда, рульді басқарудан кенет айырылып қалмау үшін рульді күрт бұрмастан баяу тоқтаңыз.

Шиналардағы қысымды қалпына келтірген соң, қысым туралы ақпарат жаңартылады және қысым индикаторы автоматты түрде қозғалыс басталғаннан кейін бірнеше минуттан соң өшеді.

ЕСКЕРТПЕ

Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі жүргізушіге уақтылы хабар бере отырып, шиналардағы қысымды бақылауға көмектеседі, алайда апаттың алдын ала және ақауды жоя алмайды.

Қысымды бақылау жүйесі автокөлік жүріп бара жатқан кезде ғана шиналардағы қазіргі нақты қысымды көрсетеді. Жүйе статикалық күйде шиналардағы қысымды көрсетпейді. Статикалық автокөлік үшін шиналардағы қысым анықтама ретінде келтірілген.

Шиналарды ауыстыру керек болса, қысым датчигін зақымдамау үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

Дөңгелектерді орындарымен алмастырған кезде, жүйе шинаның орналасқан жерін уақтылы анықтауы үшін жүйедегі датчиктерді үйрету процесін қайталау қажет.

Шина қысымын бақылау жүйесі деректерді жіберу үшін радиоарнаны қолданады. Шиналардағы қысымның апаттық индикаторы келесі жағдайларда қате қосылуы мүмкін:

- Автокөлік әуежай, радиобаған және т.б. сияқты электр немесе радио мұнаралардың жанынан өтеді;
- Автокөліктің ішінде немесе жанында электрондық құрылғыларды және радиотаратқыштарды (мысалы, ноутбук, сымсыз құлаққаптар, диктофондар және т.б.) қолданады;
- Автокөлік сырғытпайтын шынжырлармен жабдықталған.

ЕСКЕРТПЕ

Автокөлікке қысқы шиналар және/немесе сырғытпайтын шынжырлар орнатқан кезде қысым датчиктерінің сигналының берілу қуаты төмендеуі және қабылдағыш құрылғы сигналды анықтай алмауы мүмкін, бұл индикатордың қосылуына алып келеді.

Қысымды бақылау жүйесінің бұрыс жұмыс істеуіне және индикатордың жөнсіз іске қосылуына жол бермеу үшін шиналардағы қысымды бақылау жүйесінің қысқы режимі функциясын қосу немесе өшіру үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

Шиналардағы қысымды бақылау жүйесінің ескертуі

Егер шиналардағы қысымды бақылау жүйесі бір немесе бірнеше шинадағы қысым өзгергенін анықтаса, дисплейде ескерту хабары пайда болады және тиісті индикатор қосылады. Шұғыл маневрлер жасаудан сақтанып, автокөлікті жайымен қауіпсіз жерге тоқтатыңыз. Суығаннан кейін шиналардағы қысымды тексеріңіз және түзеңіз. Қажет болса, шиналарды ауыстырыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

Егер шиналардағы қысым жылы жағдайларда реттелген болса, қысым индикаторы суық аймаққа кірген кезде қосылуы мүмкін. Бұл температураның өзгеруі салдарынан қысымның өзгеруіне байланысты әрі жүйенің ақауы бар екенін білдірмейді. Автокөлікті әртүрлі температуралық аймақтарда қолданған кезде, шиналардағы қысымды уақтылы тексеріңіз және түзетіңіз.


TPMS жүйесінде ақау болса, дисплейде ескерту пайда болады және шиналардағы қысым индикаторы жанады. Диагностикалау үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

Круз-контроль (СС/АСС)※


Круз-контроль жүйесі екі режимге бөлінеді: шектелген қозғалыс жылдамдығы (СС) бар круз-контроль және автокөліктің жинақтамасына байланысты бейімделетін круз-контроль (АСС). АСС+СС бейімделетін круз-контроль жүйесінің жұмысы қысқа толқынды радиолокатормен істейді.

Режимдерді ауыстыру (АСС+СС)

АСС бейімделетін круз-контрольді СС режиміне ауыстыру

Көпфункционалы дисплейде [VehicleSettings](Автокөлік баптаулары) - [CruiseControl] (Круз-контроль) - [CruiseMode](Круз-контроль режимі) - [SpeedCruise] (Круз-контроль жылдамдығы) басыңыз және дисплейдегі круз-контроль белгішесі  болып өзгереді.

СС круз-контрольді АСС бейімделетін круз-контроль режиміне ауыстыру

Көпфункционалы дисплейде [VehicleSettings](Автокөлік баптаулары) - [CruiseControl] (Круз-контроль) - [CruiseMode](Круз-контроль режимі) - [AdaptiveCruise] (Бейімделетін круз-контроль) басыңыз және дисплейдегі круз-контроль белгішесі  болып өзгереді.


Круз-контрольдің бекітілген жылдамдығын орнату (СС)


Круз-контроль жүйесі (СС) таңдалған жылдамдықпен автокөліктің қозғалуын бақылайды.


АСС+СС үлгісінің жинақтамасына байланысты, рульде круз-контрольді бақылау түймелері.


Бейімделетін круз-контроль функциясы бар автокөліктің рулі



 Автоматты круз-контроль функциялары;

 Круз-контроль режимінен шығу;

 Круз-контроль режимін қалпына келтіру немесе белгіленген жылдамдықты ұлғайту;

 Круз-контрольді орнату немесе жылдамдықты төмендету.

Круз-контроль функциясы бар автокөліктің рулі



Круз-контроль функциясын қосу/сөндіру;



Круз-контрольден бас тарту;



Круз-контрольді қалпына келтіру немесе крейсерлік жылдамдықты ұлғайту;



Круз-контрольді орнату немесе жылдамдықты төмендету.

Дисплей





1. Круз-контрольдің жылдамдығы; орнатылған
2. Автокөліктің визуалды кескіні;
3. Жүйе жұмысының күй индикаторы;

Ақ: Күту режиміндегі жүйе;

Жасыл: Жүйе іске қосылды;

Сары: Жүйенің ақауы;

СС круз-контрольді іске қосу

Жүйені іске қосу үшін рульде  круз-контроль түймесін басыңыз. Жүйе күйінің индикаторы  жасыл түспен жанады.

Бейімделетін круз-контроль жүйесі жұмысының ерекшеліктері (30-150 км/сағ) ACC+CC ✳

Егер бейімделетін круз-контроль жүйесін қосқан сәтте автокөліктің жылдамдығы 30 км/сағ төмен болса, онда крейсерлік жылдамдығы 30 км/сағ тең болады; егер автокөлік жылдамдығы 30 км/сағ тең немесе одан жоғары болса, онда крейсерлік жылдамдық ағымдағы жылдамдық болады.

Автокөлік жылдамдығы 150 км/сағ артық болса, жүйе іске қосылмауы мүмкін, өйткені круз-контроль жүйесінің жұмыс жылдамдықтары шектен асып кетті.

Крузи-контроль жүйесі жұмысының ерекшеліктері (40 – 180 км/сағ)

Егер крузи-контроль жүйесін қосқан сәтте автокөліктің жылдамдығы 40 км/сағ төмен болса, онда крейсерлік жылдамдығы 40 км/сағ тең болады; егер автокөлік жылдамдығы 40 км/сағ тең немесе одан жоғары болса, онда крейсерлік жылдамдық ағымдағы жылдамдық болады.

Автокөлік жылдамдығы 180 км/сағ артық болса, жүйе іске қосылмауы мүмкін, өйткені крузи-контроль жүйесінің жұмыс жылдамдықтары шектен асып кетті.

ЕСКЕРТПЕ

Жүйені қолданған кезде абай болыңыз. Алдағы жол жағдайын бақылаңыз және қажет болса, дереу крузи-контроль режимінен шығыңыз немесе оны сөндіріңіз.

Жүргізуші апат қаупі бар деп ойлайтын кез келген қауіпті жағдай туындағанда крузи-контрольдің күшін жойыңыз немесе оны өшіріңіз және автокөлікті басқаруды дереу өз қолыңызға алыңыз.

Бейімделетін крузи-контроль жүйесі келесі шарттар орындалса, іске қосылмауы мүмкін. Жүйені іске қосу үшін көмексөздерге сүйеніңіз:

- ESC жүйесі іске қосылды.
- ABS жүйесі іске қосылды.
- Автокөлік жылдамдығы 150 км/сағ жоғары (ACC+CC бейімделетін крузи-контроль жүйесі бар автокөліктер үшін).
- Автокөлік жылдамдығы 30 км/сағ төмен (ACC+CC бейімделетін крузи-контроль жүйесі бар автокөліктер үшін).
- Автокөлік жылдамдығы 180 км/сағ жоғары (CC крузи-контролі бар автокөліктер үшін).
- Автокөлік жылдамдығы 40 км/сағ төмен (крузи-контролі бар автокөліктердің модификациялары үшін).

ЕСКЕРТПЕ

Крузи-контроль (CC) функциясын қолданған кезде, крейсерлік жылдамдықты жол қозғалысы қауіпсіздігінің ережелеріне сәйкес орнатыңыз.

Крейсерлік жылдамдықты реттеу

Крузи-контроль (CC) режимін іске қосқаннан кейін, крейсерлік жылдамдықты арттыру үшін **RES+**, азайту үшін **SET-** басыңыз.

RES+ түймесін немесе **SET-** түймесін бір рет басып, крейсерлік жылдамдықты 5 км/сағ еселі жақын мәнге арттыруға/азайтуға болады. Әр басқан сайын, крейсерлік жылдамдық 5 км/сағ артады/азаяды.

RES+ немесе **SET-** түймесін басып тұрған кезде крейсерлік жылдамдық 1 км/сағ жылдамдығымен артады/азаяды. Қалаған мәнге жеткен кезде, түймені жіберіңіз.

Бейімделетін крузи-контроль жүйесі бар (ACC+CC) автокөліктер үшін, крейсерлік жылдамдықты тек қана 30 км/сағ пен 150 км/сағ аралықта реттеуге болады.

Крузи-контроль жүйесі бар (CC) автокөліктер үшін, крейсерлік жылдамдықты тек қана 40 км/сағ пен 180 км/сағ аралығында реттеуге болады.

СС круиз-контроль режимінен шығу

- Тежегіш педалін басы;
- Рульде  түймесін басы.

СС круиз-контроль режимін сөндіру

- ABS жүйесі іске қосылды;
- ESC жүйесі іске қосылды;
- Автокөлікті 15 минуттан артық белсенді басқару;
- Автокөлік жылдамдығы 155 км/сағ асты; (ACC+СС бейімделетін круиз-контроль жүйесі бар автокөліктер үшін);
- Автокөлік жылдамдығы 25 км/сағ төмен; (ACC+СС бейімделетін круиз-контроль жүйесі бар автокөліктер үшін);
- Автокөлік жылдамдығы 185 км/сағ артық (СС круиз-контролі бар автокөліктер үшін).
- Автокөлік жылдамдығы 35 км/сағ төмен. (СС круиз-контролі бар автокөліктер үшін).


ЕСКЕРТПЕ

Жүргізуші апат қаупі бар деп ойлайтын кез келген қауіпті жағдай туындағанда круиз-контрольдің күшін жойыңыз немесе оны өшіріңіз және автокөлікті басқаруды дереу өз қолыңызға алыңыз.

СС жүйесінің жұмысын жаңғырту

Егер круиз-контроль жүйесі (СС) бұрын күту режиміне аударылса,  түймесін басқанда ол қайта қосылады, ал автокөлік жылдамдығы бұрын орнатылған жылдамдыққа қалпына келтіріледі.  түймесін басқан кезде, круиз-контроль жүйесі іске қосылады және автоматты түрде ағымдағы жылдамдықты круиздік жылдамдық ретінде орнатады. Егер автокөліктің ағымдағы жылдамдығы круиз-контрольдің жұмыс ауқымынан асса, жүйе қалпына келе алмайды.

ЕСКЕРТПЕ

Круиз-контроль функциясын жаңғырту үшін  түймесін басқан кезде, бұрын орнатылған жылдамдықты қалпына келтіру ағымдағы қозғалыс жылдамдығынан айтарлықтай өзгере алады. Автокөлік жылдамдығы жүріп келе жатқан аймақ үшін ұйғарылған жылдамдықты шектеу ережелеріне сай келетініне көз жеткізу қажет. Автокөліктің үдеуі және бәсеңдеуі кезінде мұқият және сақ болыңыз.

Белсенді үдеу режимі

Круиз-контроль жүйесінің (СС) жұмысы кезінде автокөлік белсенді үдеуі, мысалы, басып озу үшін акселератор педалін басыңыз. Жүйе белсенді үдеу режиміне өтеді. Педальді жібергенде круиз-контроль автоматты түрде круиздік жылдамдықты қалпына келтіреді.

Бейімделетін круиз-контроль (ACC)

Бейімделетін круиз-контроль жүйесі алдыңғы бампердің төменгі торында орнатылған қысқа толқынды радар (MMW) арқылы алдағы автокөлікке дейін белгіленген қашықтықты сақтауға немесе қозғалысқа кедергі болмаса, белгіленген қозғалыс жылдамдығын сақтауға арналған.

Егер алдағы көлік құралы белгіленгеннен төмен жылдамдықпен жүрсе, ACC автоматты түрде жылдамдап және бәсеңдеп, осы көлік құралына дейінгі қашықтықты сақтайды. Автокөлік алдағы көлік құралының қозғалысына байланысты жүретініне/тоқтайтынына көз жеткізіңіз.

Бейімделетін круиз-контрольді (ACC) қолданған кезде осы тараудың бүкіл мазмұнымен мұқият оқып танысыңыз. Бұл бөлім ACC деп аталады.



ЕСКЕРТПЕ

Тіркемені қолдану бейімделетін круиз-контроль жүйесінің динамикалық сипаттамаларын төмендетеді.

Автокөлікті модификациялау (мысалы, жол саңылауын төмендету, автокөліктің алдыңғы панелін/ бамперін өзгерту және т.б.) бейімделетін круиз-контрольдің өнімділігінің төмендеуіне және/немесе оның істен шығуына алып келуі мүмкін.

ЕСКЕРТУ

Бұл жүйені кептелістерде, қала көшелерінде, келесі нашар көрінетін жағдайларда: тұман, нөсер жаңбыр немесе қар түсу қолданбаңыз, өйткені радар әртүрлі жағдайларда алдағы автокөліктерді анықтауға кепілдік бере алмайды. Бейімделетін круиз-контрольді (ACC) өшіріңіз және автокөлікті қолмен басқаруға көшіңіз.

Радиолокациялық сигналдар күшті шағылысатын жерлерде (мысалы, көп қабатты автотұрақтар, туннельдер және т.б.) радиолокациялық сипаттамалар айтарлықтай төмендеуі мүмкін. Бейімделетін круиз-контрольден (ACC) бас тартыңыз немесе сөндіріңіз.

Бейімделетін круиз-контроль жүргізушінің іс-әрекетін алмастырмайды. Автокөлікті басқару кезінде мұқият және абай болыңыз, ЖҚЕ және жылдамдық режимін сақтаңыз.

ЕСКЕРТУ


Бейімделетін круиз-контрольді тек қолайлы жағдайларда, яғни жолақтар бойынша реттелген көлік легі бар автомагистральдарда қолданыңыз. Бейімделетін круиз-контрольді қалалық немесе таулы жердің жолдарында





қолдануға кеңес берілмейді. Оны пандустармен немесе тоннельдермен қозғалу кезінде қолданбаңыз.

Бейімделетін круиз-контроль алда орналасқан, бір қозғалыс жолағында бір бағытта қозғалып бара жатқан көлік құралдарын ғана бақылайды. Ол қарсы келе жатқан/ көлденең бағытта жүріп бара жатқан/ стационарлы немесе баяу қозғалып бара жатқан көлік құралдарын елемейді. Жаяу жүргіншілерді, жануарларды және басқа жол нысандарын байқамайды.

Жүйені экстремалды ауа райы жағдайында (мысалы, тұман, жаңбыр, қар, бұршақ және т.б.), шұғыл немесе тік бұрылыстардан өткен кезде, таулы, мұзды, дымқыл және тайғақ жолдарда қолданбаңыз.


Рульдегі басқару түймелері



-  Жүйені іске қосу түймесі (Қос./Сөнд.);
-  Круиз-контроль функциясын сөндіру;
-  Круиз-контрольді қалпына келтіру немесе белгіленген жылдамдықты ұлғайту;
-  Круиз-контрольді орнату немесе белгіленген жылдамдықты төмендету.

Көлік құралдарының арасындағы интервалды реттеу. Дисплейде графикалық түрде бастаушы және ілесуші автокөлік арасындағы интервалдың өзгерісі белгіленген.

Круиз-контроль интерфейсі





- ①. Белгіленген круиздік жылдамдық;
- ②. Алда жүріп бара жатқан автокөлік;
- ③. Алдағы автокөлікке дейінгі белгіленген аралық;
- ④. Круиз-контроль жүйесінің индикаторы^
Ақ: жүйенің күту режимі;
Жасыл: жүйені іске қосу күйі;
Сары: Жүйенің ақауы

ЕСКЕРТПЕ

ACC іске қосқан кезде тежеу жүйесі әлдебір дыбыстар шығаруы мүмкін. Бұл ақау емес және жүйені қолдана беруге болады.

Егер алдағы автокөлік анықталмаса, бейімделетін круиз-контроль жүйесі қосылған автокөлік қозғалысты белгіленген жылдамдықпен жалғастырады және автокөлік пен алдағы көлік құралы арасындағы қашықтықты бақыламайды, Бұл жағдайда автокөлікті дереу өзіңіз басқарыңыз.

ACC бейімделетін круиз-контроль жүйесін іске қосу

ACC жүйесін қосу үшін, рульдегі  круиз-контроль жүйесін іске қосу түймесін басыңыз. ACC жүйесінің  күй индикаторы жасыл түспен жанады.

Егер ACC жүйесін қосқан сәтте автокөліктің жылдамдығы 30 км/сағ төмен болса, онда крейсерлік жылдамдығы 30 км/сағ тең болады; егер автокөлік жылдамдығы 30 км/сағ тең немесе одан жоғары болса, онда крейсерлік жылдамдық ағымдағы жылдамдық болады.

Егер автокөліктің жылдамдығы 150 км/сағ асып кетсе; ACC іске қосыла алмайды, өйткені ACC жұмыс жылдамдықтарының ауқымы шектен асып кетті

Бейімделетін круиз-контроль жүйесі келесі шарттар орындалса, іске қосылмауы мүмкін. Жүйені іске қосу үшін көмексөздерге сүйеніңіз:

- Жүргізуші қауіпсіздік белбеуін тақпаған;
- Тұрақ тежегіші іске қосылған;
- АБҚ селекторы «D» күйінде тұрған жоқ;
- ESC жүйесі сөндірілді. Функцияны қосу/сөндіру амалын «IV. Автокөлікті басқару – Тежеу жүйесі – Бағыт тұрақтылығын сақтайтын электрондық жүйе (ESC)» бөлімінде қараңыз;
- Автокөлік жылдамдығы 150 км/сағ шамасынан асады;
- Капот/ жүргізуші есігі жабылмаған;
- Автокөлік жүріп келе жатқанда тежегіш педалі басылып тұр;
- HDC/ESP/ABS жүйелері іске қосылған;
- Круиз-контроль күйінің индикаторы сары түсті, радиолокаторда ақау бар/ жүйенің радиосигналы бүркелген.

Крейсерлік жылдамдықты реттеу

Бейімделетін круиз-контроль (ACC) режимін іске қосқаннан кейін, крейсерлік жылдамдықты арттыру үшін **RES+**, азайту үшін **SET-** басыңыз.

RES+ түймесін немесе **SET-** түймесін бір рет басып, крейсерлік жылдамдықты 5 км/сағ еселі жақын мәнге арттыруға/ азайтуға болады. Әр басқан сайын крейсерлік жылдамдық 5 км/сағ артады/ азаяды.

RES+ немесе **SET-** түймесін басып тұрған кезде крейсерлік жылдамдық 1 км/сағ жылдамдығымен артады/азаяды. Қалаған мәнге жеткен кезде, түймені жіберіңіз.

Бейімделетін круиз-контроль жүйесі бар (ACC+CC) автокөліктер үшін крейсерлік жылдамдықты тек қана 30 км/сағ пен 150 км/сағ аралығында реттеуге болады.

ЕСКЕРТПЕ

Круиз-контроль (CC) функциясын қолданған кезде, крейсерлік жылдамдықты жол қозғалысы қауіпсіздігінің ережелеріне сәйкес орнатыңыз.

Алдағы автокөлікке дейінгі аралықты реттеу

Бейімделетін круиз-контрольді іске қосқаннан кейін, алдағы көлік құралына дейінгі қашықтықты реттеу үшін (уақытша аралық)



түймесін басыңыз. Алдағы көлік құралына дейінгі қашықтық неғұрлым қысқа болса, жүргізушінің әрекет етуге уақыты соғұрлым аз қалады.

Уақытша аралықтың 4 режимінің бірін таңдауға болады: ең қысқа аралықтан - 1.0 с ең ұзын аралыққа дейін - 2.4 с. Әдепкі түрде жүйе ең ұзын уақытша аралыққа орнатылған.

Белсенді круиз-контроль жүйесінің жұмысы кезінде алдағы автокөлікке дейінгі уақыт аралығы жасыл, сары немесе қызыл түспен көрсетілуі мүмкін:

- жасыл - автокөліктер арасындағы нақты аралық орнатылған мәнге сай келеді;
- сары - алдағы көлік құралына дейінгі нақты аралық белгіленген мәннен кем;
- қызыл - автокөлік алдағы автокөлікке тым жақын орналасқан. Өте сақ болыңыз және қашықтықты алшақтатыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

Алдағы автокөлікке дейін қысқа уақытша аралықты таңдаған кезде, жүргізушіде әрекет етуге уақыты аз болады.

Аралықты таңдаған кезде қауіпсіз қозғалыс жылдамдығын сақтау және ауа райы жағдайларына және қауіпсіз жүру үшін жол төсемінің күйіне байланысты алдағы көлік ағынына дейінгі қашықтықты ескеру қажет.

Алдағы көлік құралы жүйенің жұмыс шегінде және жүргізушінің көру аймағында болуын қадағалаңыз.

Бейімделетін круиз-контроль (ACC) режимінен шығу

Бейімделетін круиз-контрольді (ACC) іске қосқаннан кейін, келесі шарттар орындалса немесе келесі шарттар сақталса, круиз-контроль жүйесі уақытша сөнеді және күту күйіне өтеді:

- Тежегіш педалінің басылуы;
- Автокөліктің 3 минуттан ұзақ тоқтауы;
- Автокөлік алдағы автокөліктің артында тоқтағаннан кейін артқа жылжыды;
- Сөндіру түймесін басу;

- Жүргізуші есігі/капот ашылды;
- ESC жүйесі сөндірілді. Функцияны қосу/сөндіру амалын «IV. Автокөлікті басқару – Тежеу жүйесі – Бағыт тұрақтылығын сақтайтын электрондық жүйе (ESC)» бөлімін қараңыз;

- Тұрақ тежегіші іске қосылды;
- АБҚ селекторы «D» күйінде тұрған жоқ;
- Қауіпсіздік белбеуі тағылмаған;
- HDC/ ESP/ ABS жүйелері және автоматты түрде төтенше тежеу жүйесі іске қосылды;
- Автокөлікті 15 минуттан артық белсенді басқару;

- Автокөлік жылдамдығы 155км/сағ шамасынан жоғары;

- Жақын қашықтықта автокөліктің ізінен ілесіп отырғанда мақсат жоғалтылды;

- Радар ластанған/ жүйеде ақау бар.

Егер ACC жүйесі автокөлікті толық тоқтағанға дейін басқарса, онда ол тежегіш педалін басқанға дейін сөнбейді.

ЕСКЕРТПЕ

Жүргізуші апат қаупі бар деп ойлайтын кез келген қауіпті жағдай туындағанда круиз-контрольдің күшін жойыңыз немесе оны өшіріңіз және автокөлікті басқаруды дереу өз қолыңызға алыңыз.

ACC жүйесінің жұмысын жаңғырту

Егер ACC жүйесі бұған дейін іске қосылған және күту режиміне ауыстырылған болса:

RES+ түймесін басыңыз, жүйе іске қосылып, бұрын орнатылған жылдамдыққа қайтарылады;

SET- түймесін басыңыз, ACC жүйесі іске қосылады және автоматты түрде ағымдағы жылдамдықты круиздік жылдамдық ретінде орнатады. Егер автокөліктің нақты жылдамдығы 30 км/сағ шамасынан кем болса, онда крейсерлік жылдамдық 30 км/сағ деңгейінде белгіленеді.

ЕСКЕРТПЕ

Круиз-контроль функциясын жаңғырту үшін

RES+ түймесін басқан кезде, бұрын орнатылған жылдамдықты қалпына келтіру ағымдағы қозғалыс жылдамдығынан айтарлықтай өзгере алады. Автокөлік жылдамдығы жүріп келе жатқан аймақ үшін ұйғарылған жылдамдықты шектеу ережелеріне сай келетініне көз жеткізу қажет. Автокөліктің үдеуі және бәсеңдеуі кезінде мұқият және сақ болыңыз.

ACC белсенді үдеу режимі

Бейімделетін круиз-контроль жүйесінің (ACC) жұмысы кезінде автокөліктің белсенді үдеуі, мысалы, басып озу үшін акселератор педалін басыңыз. Жүйе белсенді үдеу режиміне өтеді. Педальді жібергенде бейімделетін круиз-контроль автоматты түрде круиздік жылдамдықты қалпына келтіреді.



ЕСКЕРТПЕ

Белсенді үдеу режимінде басқару толығымен жүргізушіге беріледі. Белгіленген қашықтықты сақтау функциясы - белсенді емес.

Бейімделетін круиз-контроль режимінде толық тоқтауға дейін басқару

Егер алдағы көлік құралы баяу тоқтаса, ACC жүйесі автокөлікті толықтай тоқтағанша басқарады. Егер алда тұрған көлік құралы 3 секунд ішінде қозғалысын бастаса, ACC жүйесі қосулы тұрған автокөлік оның артынан ілесіп қозғала бастайды.

3 секундтан артық уақытқа тоқтаған кезде, круиз-контроль индикаторы ақ түсті болады. Бұл кезде жүйе автокөлікті басқармайды. Алдағы көлік құралының артынан ілесу

режимі сөндірулі. **RES+** түймесін басқаннан кейін немесе акселератор педалін сәл ғана басқаннан кейін ACC автокөлікті басқаруды жаңғыртып, қозғала бастайды.



ACC жүйесінің көмегімен толық тоқтағаннан кейін автокөлік келесі жағдайларда автоматты түрде электрмеханикалық тұрақ тежегішін іске қосады:

- 3 минуттан ұзақ аялдау;
- Жүргізуші есігі ашық тұр;
- Жүргізушінің қауіпсіздік белбеуі тағылмаған;
- Қозғалтқыш өшірілген;
- Капот ашық;
- ESC жүйесі сөндірілді;
- АБҚ селекторы «D» күйінде тұрған жоқ.

ЕСКЕРТПЕ

Егер алдағы көлік құралы 3 секундқа тоқтаса немесе төмен жылдамдықпен қозғалуын жалғастырса, ал руль сәйкестендірілген көлік құралы жағына қатты бұрылса, бейімделетін круиз-контроль жүйесі (ACC) сөнеді, осы кезде жүргізуші автокөлікті өзі басқаруы тиіс.

Бейімделетін круиз-контроль жүйесінің ескертулері

Бейімделетін круиз-контроль жүйесі автокөлік мүмкіндіктерінен шамамен 40% тежеу күшін қолдана алады. Егер ACC жүйесінің тежеу күші алдағы көлік құралына дейінгі қашықтықты сақтауға жеткіліксіз болса, 4Гц жиілігімен үздіксіз дыбыс сигналы және тежегіш педалін басу қажеттілігін хабарлайтын дисплейдегі ескерту естіледі. Соқтығысып қалмау үшін дереу автокөлікті басқаруға араласу қажет.



Ақауларды жою

Жүйе радар ақауын немесе оның құлыпталғанын анықтаса, сондай-ақ тиісті жүйе істен шықса (мысалы, ESC), аспаптар тақтасындағы бейімделетін круиз-контроль жүйесі (ACC) сары түспен жанады. Дисплейде тиісті хабарлама пайда болады.

1. Радар бүркелген

Егер дисплейде «Radar being covered» (Радар құлыпталған) хабары шықса, радиолокатор бетін тазартыңыз. Егер радардың бетін тазалағаннан кейін хабарлама ұзақ уақыт бойы өшпей тұрса, диагностикалау және/немесе жөндеу үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

2. ACC бейімделетін круиз-контроль жүйесінің ақауы

Егер ақау туралы ескерту автоматты түрде жойылмаса және ұзақ уақыт бойы жойылмаса, соның ішінде автокөлікті іске қосқаннан кейін, диагностикалау және/немесе жөндеу үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

Келесі жағдайлар туындайтын болса, радарды кәсіби калибрлеу үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

- Радар немесе алдыңғы төменгі белтемір қайта алынды және/немесе қайтадан орнатылды;
- Радар бекітілмеген немесе сыртқы әсердің себебінен дұрыс орнатылмаған;
- Автокөлік зақымдалды, автокөлікке сырттан күш әсер етті
- ACC жүйесінің өнімділігі төмендеді (мысалы, анықтау қашықтығы қысқарды немесе жүйе көршілес жол қатарындағы көлік құралын жиі қателесіп сәйкестендіреді).

ЕСКЕРТПЕ

Автокөліктің алдыңғы бөлігіне қате техникалық қызмет көрсету және сапасыз жөндеу радардың орнынан ығысып кетуіне әкеліп, ACC функциясының жұмысына теріс әсер етуі мүмкін. Техникалық қызмет көрсетуді тек CHANGAN өкілетті сервис орталығында ғана жүргізіңіз.

Радар әрекетін шектеу

Бейімделетін круиз-контрольдің негізгі компоненті – алдыңғы бампердің төменгі торына орнатылған қысқа толқынды радар, оның көмегімен алдағы автокөлік сәйкестендіріледі.



ЕСКЕРТУ

Бұл жүйені кептелістерде, қала көшелерінде, келесі нашар көрінетін жағдайларда: тұман, нөсер жаңбыр немесе қар түсу қолданбаңыз, өйткені радар әртүрлі жағдайларда алдағы автокөліктерді анықтауға кепілдік бере алмайды. Бейімделетін круиз-контрольді (ACC) өшіріңіз және автокөлікті қолмен басқаруға көшіңіз.

ЕСКЕРТУ

Көлік құралының артынан ілесу режимінде, сондай-ақ тұрақсыз нысандардың жанында (үлкен жүк көліктері, автоцистерналар, автобустар, тіркемелер және т.б.) бұрылыстардан жоғары жылдамдықпен өткен кезде, бейімделетін круиз-контроль (ACC) нысандарды кешігіп анықтауы мүмкін. Абай болыңыз және автокөлікті басқаруды дер кезінде қолға алыңыз.

Радиолокациялық сигналдар күшті шағылысатын жерлерде (мысалы, көп қабатты автотұрақтар, туннельдер және т.б.) радиолокациялық сипаттамалар айтарлықтай төмендеуі мүмкін. Бейімделетін круиз-контрольден (ACC) бас тартыңыз немесе сөндіріңіз.


Автокөлік конструкциясына өзгерістер енгізу (мысалы, шасси биіктігін төмендету, автокөліктің алдыңғы нөмір белгісінің тақталарын өзгерту және т.б.) ACC жүйесінің өнімділігін нашарлатуы және, тіпті, істен шығаруы мүмкін.

Бейімделетін круиз-контроль жүргізушінің іс-әрекетін алмастырмайды. Автокөлікті басқару кезінде мұқият және абай болыңыз, ЖҚЕ және жылдамдық режимін сақтаңыз.

Алдағы көлік құралын анықтау мүмкін болмаса немесе ол кешігіп анықталса, төменде сипатталған жағдайларда, жүргізуші автокөлікті өзі басқаруы керек.


1. Бұрылыстардан өту

Бұрылыстардан және жолдың ирелең телімдерінен өткен кезде радиолокатор алда жүріп бара жатқан көлік құралын анықтай алмайды немесе көршілес қозғалыс жолағындағы көлік құралын анықтауы мүмкін.




2. Арнайы жүктері немесе арнайы жабдықтары бар көлік құралдары

Радиолокатор алдағы көлік құралының бүйіріндегі, артындағы немесе үстіндегі габарит өлшемдерінен асып кететін заттарды немесе көлік құралында орналасқан керек-жарақтарды анықтамауы мүмкін. Егер алда жүріп немесе озып бара жатқан көлік құралы жоғарыда аталған арнайы керек-жарақтармен немесе құрал-жабдықтармен жабдықталса немесе габариті олардан асып кетсе, жүргізушіге абай болу керек және қажет болған кезде АСС-ны сөндіріп, автокөлікті өзі басқаруы қажет.




3. Алда жүріп бара жатқан шағын габаритті көлік құралы

Радиолокатор мотоциклдер және велосипедтер секілді шағын габаритті көлік құралдарын анықтай алмайды.




4. Жол қозғалысының басқа қатысушыларының жолақты ауыстыруы

Егер алдағы көлік құралы қозғалыс жолағынан шығып кетсе және ол анықтау аймағында толықтай орналаспаса, радиолокатор көлік құралын анықтамауы мүмкін және/немесе қандай автокөліктің артынан ілесу керектігіне қатысты белгісіздік туындайды.




5. Өрде жүру.

Автокөлік пандусқа мінген кезде немесе төбелері бар жол телімімен қозғалғанда радиолокатор алда жүріп бара жатқан көлік құралын анықтай алмайды.



6. Мақсаттарды ауыстыру.

Алда жүріп бара жатқан көлік құралы кенеттен жолақты ауыстырған жағдайда радиолокатор қозғалыссыз тұрған көлік құралын анықтай алмайды.



Шұғыл тежеуге көмектесетін жүйе (PAB)※

Шұғыл тежеу жүйесі (PAB) бетпе-бет соқтығысу туралы ескерту жүйесі мен автоматты түрде төтенше тежеу жүйесін біріктіреді.

Бетпе-бет соқтығысу туралы ескерту жүйесі алдағы көлік құралына соқтығысу қаупі туындаса, жүргізушіге тежеу қажеттілігі туралы уақтылы хабарлайды.

Егер жүргізуші қолданатын тежеу күші жеткіліксіз болса, онда автоматты түрде шұғыл тежеу жүйесі жүргізушіге тежеуге көмектеседі. Егер жүргізуші жүйе ескертулерін елемесе немесе кешігіп әрекет етсе, онда төтенше тежеу жүйесі соқтығысуға жол бермеу үшін соқтығысудың алдында бәсеңдеу немесе соқтығысудан келетін зақымды азайту үшін қажетті тежеу күшін қолданады.

Осы тараудың барлық мазмұнымен мұқият танысыңыз.

ЕСКЕРТУ

РАВ жүйесі жүргізушіге белгілі жағдайларда ғана көмектесе алады. Автокөлікті басқару кезінде мұқият болу және жағдайды толық бақылауда ұстау қажет. Жүргізуші автокөлікті басқаруға және соқтығысу қауіп-қатерлері үшін жауапкершілік көтереді. Шұғыл тежеу жүйесі белсенді және агрессивті жүргізу мәнерінде, сондай-ақ жүйенің жұмысына кедергілер жасаған жағдайда жұмыс істемейді.

РАВ жүйесі алда орналасқан, бір қозғалыс жолағында бір бағытта қозғалып бара жатқан көлік құралдарымен ғана жұмыс істейді. Ол қарсы келе жатқан/ көлденең бағытта жүріп бара жатқан/ стационарлы немесе баяу қозғалып бара жатқан көлік құралдарын елемейді. Жаяу жүргіншілерді, жануарларды және басқа жол нысандарын байқамайды. Ол мотоциклдер және велосипедтер секілді радиотолқындарды аз шағылыстыратын нысандармен жұмыс істемеуі мүмкін.

Автокөлікті басқару кезінде тек шұғыл тежеу жүйесінің жұмысына сенумен шектелмеңіз. РАВ жүйесінің триггерлерін әдейі сынап көрмеңіз және оның іске қосылуына әдейі себептер тудырмаңыз. Жүйеге тән шектеулерге байланысты оның жалған іске қосылуын толығымен болдырмау мүмкін емес.

РАВ жүйесі және бейімделетін круиз-контроль жүйесі (ACC) алдағы көлік құралын анықтау үшін бір қысқа толқынды радарды (MMW) қолданады. Радардың анықтау бойынша шектеулері де РАВ жүйесінің өнімділігіне әсер етеді.

ЕСКЕРТУ

Автокөлік күрделі ауа райы және климаттық жағдайларда, тығыз қозғалыс жағдайларында және сыртқы факторлардың әсеріне ұшырап қозғалып келе жатқанда радиолокатор алда орналасқан көлік құралдарын анықтауды кепілдендіре алмайды. Егер радиолокатор көлік құралдарын анықтай алмаса, РАВ жүйесі жұмыс істемейді.

Қолайсыз ауа райы жағдайлары (нөсер жауын, қар, бұршақ және т.б.) және тайғақ жол төсемі (мұз, қар, ылғал немесе лайлы жолдар) жүйе жұмысының сапасын нашарлатуы мүмкін.

РАВ жүйесінің өнімділігі айтарлықтай төмендейді және жол қатарын ауыстырғаннан кейін, қозғалыс жолағына шыққаннан кейін және/немесе күрт бұрылыстар кезінде анықтау ауқымынан ауытқыған нысандарды анықтаған кезде үлкен шектеулерге ұшырайды, жүйе жаңа нысандарды анықтайды.

Қоршаған орта факторлары (электр өрісінің әсері, жерасты автотұрағы, тоннельдер, металл көпірлер мен теміржол өткелдері,

құрылыстар, шектен тыс биік қақпалар және т.б.) радиолокатор жүйесінің жұмысына әсер етуі мүмкін. Олар анықталған жағдайда РАВ жүйесінің өнімділігі азаяды және/немесе триггердің жалған іске қосылуларының саны артады.

Күшті немесе мардымсыз соққы радиолокатордың калибрленуіне әсер етуі мүмкін. РАВ жүйесі жұмысының өнімділігі төмендеуі мүмкін және/немесе жалған іске қосылулар саны артады. Радиолокатордың күйін тексеріңіз және қажет болғанда оны калибрлеңіз.

Автокөлікті түрлендіру (мысалы, клиренсін төмендету, автокөліктің алдыңғы панелін/бамперін өзгерту және т.б.) РАВ жүйесінің өнімділігін төмендетуге және/немесе триггердің жалған іске қосылуының көбеюіне әкелуі мүмкін.

Жүйенің жұмысы

РАВ жүйесін «VehicleSettings» (Автокөлік баптаулары) - «FrontCollisionAssistance» (Бетпе-бет соқтығысу кезіндегі көмек) бөліміндегі In Call жүйесі арқылы іске қосуға/өшіруге болады.

ЕСКЕРТУ

Келесі жағдайларда РАВ жүйесін іске қосуға тыйым салынады:

- Автокөлікті сүйрету;
- Автокөлік сынақ стендінде тұр;
- Радарға сыртқы күштердің әсер етуі.

Жүйелер жұмысының сипаттамасы

1. Бетпе-бет соқтығысу туралы ескерту жүйесі

Егер автокөлік ұзақ уақыт бойы алдағы көлік құралына жақын қашықтықта жүрсе, жүйе «Maintainasafedistance»/ (Қауіпсіз қашықтықты сақтаңыз) хабарымен қауіпсіз қашықтықты сақтау қажеттілігі туралы ескертеді және ескерту сигналы естіледі.

Баптауларда жарық ескертпесін таңдаған кезде, бетпе-бет соқтығысу қаупі кезінде жарық ескертуі тұрақты жанып тұрады.

«Pleasekeepthesafetydistance» (Қауіпсіз қашықтықты сақтаңыз) ескертуі тек 70 км/сағ – 150км/сағ жылдамдық ауқымында жүріп келе жатқан көлік құралдары үшін белсенді.

Автокөлік орташа және жоғары жылдамдықпен қозғалған кезде, алдағы көлік құралына соғылу қаупі туындаса, жүйе «Collisionrisk» (соқтығысу қаупі) соқтығысу қаупі туралы хабарлайды және үздіксіз дыбыс сигналы естіледі.

Баптауларда жарық ескертуін таңдаған кезде, бетпе-бет соқтығысу қаупі кезінде жарық ескертуі жыпылықтайтын болады.

Егер соқтығысу қаупі артса, онда шұғыл төтенше тежеу жүйесі күрт тежеп қалады.

Соқтығысу қаупі туралы дыбыс ескертуі стационарлық көлік құралдары үшін 30 км/сағ – 85км/сағ және қозғалатын көлік құралдары үшін 30 км/сағ-150 км/сағ ауқымында жұмыс істейді

Егер келесі шарттар орындалса, алдыңғы жақтан соқтығысу туралы ескерту жүйесі жұмыс істемейді:

- Жүйе қосылмаған;
- АБҚ селекторы «D» күйінде тұрған жок;
- Автокөліктің жылдамдығы жүйе жылдамдықтарының жұмыстық диапазонынан шығып кеткен;
- Жүргізуші тежегіш педалін басты;
- Жүргізуші автокөлікті (рульді) белсенді басқарады;
- Жүргізуші акселератор педалін күрт басты;
- Қозғалтқыш өшірілген;
- Соқтығысу қаупі сейілді;
- Автокөлік тұрақсызданған;
- Жүйе қайта бапталады;
- ESC жүйесінде ақау бар;
- РАВ жүйесінде ақау бар;
- Бейімделетін круиз-контроль жүйесінде (ACC) ақау бар;
- Радар бүркелген.

Жүргізуші бетпе-бет соқтығысу туралы ескерту жүйесінің сезу мүмкіндігінің үш деңгейінің бірін таңдай алады: жеке жүргізу мәнеріне тікелей сай келетін жоғары, стандартты және төмен. Жүйенің сезімталдығы неғұрлым жоғары болса, ол соқтығысу қаупі туралы соғұрлым ертерек хабарлайды, ал ескертулер анағұрлым жиілей түседі.

2. Автоматты түрде төтенше тежеу жүйесі:

Егер бетпе-бет соқтығысу туралы ескертуден кейін жүргізуші тежегіш педалін басса, бірақ қолданылатын тежеу күші жеткіліксіз болса, автоматты түрде төтенше тежеу жүйесі соқтығысуды болдырмау үшін толық тоқтатқанға дейін автокөлікті бәсеңдетуге көмектеседі және дисплейде «Automatic emergency brake» шұғыл тежеу туралы хабарды көрсетеді.

Ескерту стационарлық көлік құралдары үшін 4км/сағ пен 85км/сағ аралығындағы, қозғалатын көлік құралдары үшін 4км/сағ пен 150км/сағ аралығындағы жылдамдық ауқымында іске қосылады.

Егер жүргізуші жүйенің ескертулерін елемесе немесе кешігіп әрекет етсе, онда автоматты түрде шұғыл тежеу жүйесі соқтығысу нәтижесінде келуі ықтимал зақымдарды азайту немесе оны болдырмау үшін соқтығысу алдында жылдамдықты төмендету үшін қажетті тежеу күшін өз бетінше қолданады. Дисплейде «Automatic emergency brake» шұғыл тежеу туралы хабар пайда болады.

Төтенше тежеу жүйесі мына жағдайларда жұмыс істемейді:

- Жүйе қосылмаған;
- Жүргізушінің қауіпсіздік белбеуі тағылмаған;
- АБК селекторы «D» күйінде тұрған жоқ;
- Автокөліктің жылдамдығы жүйе жылдамдықтарының жұмыстық диапазонынан шығып кеткен;
- Жүргізуші тежегіш педалін басты;
- Жүргізуші автокөлікті (рульді) белсенді басқарады;
- Жүргізуші акселератор педалін күрт басады;
- Қозғалтқыш өшірілген;
- Соқтығысу қаупі сөйілді;
- Автокөлік тұрақсызданған;
- Жүйе қайта бапталады;
- ESC жүйесінде ақау бар;
- PAB жүйесінде ақау бар;
- Бейімделетін круиз-контроль жүйесінде (ACC) ақау бар;
- Радар бүркелген.

ЕСКЕРТПЕ

Шұғыл тежеу жүйесі фондық режимде жұмыс істейді және жүргізуші үшін көрінбейді. Егер жүйе алда жүріп бара жатқан автокөлікті анықтаса, ол дисплейде көрсетілмейді.

Жүйенің көмегімен соқтығысуды болдырмау үшін толық тоқтағанша шұғыл тежегеннен кейін, тоқтаған соң 2 с кейін жүйе тежегішті босатады, ал жүргізуші басқаруды өз қолына алуы тиіс.

Жаяу жүргіншілерді анықтау

Қозғалыс жолағын бақылау жүйесімен жабдықталған автокөліктерде төтенше тежеу жүйесі жолдан өтетін/жүгіріп өтетін жаяу жүргіншілерді анықтай алады.

Жол үстіндегі жаяу жүргіншілерді анықтау кезінде төтенше тежеу жүйесі бетпе-бет соқтығысу туралы ескерту жүйесі мен шұғыл тежеудің автоматты жүйесін біріктіреді. Жолдан өтетін жаяу жүргіншіге соқтығысу қаупі туындаса, жаяу жүргіншімен соқтығысу туралы ескерту жүйесі жүргізушіге тежеу қажеттігі туралы уақтылы хабарлайды.

Егер жүргізуші жүйенің ескертулерін елемесе немесе кешігіп әрекет етсе, онда автоматты түрде шұғыл тежеу жүйесі соқтығысу нәтижесінде келуі ықтимал зақымдарды азайту немесе оны болдырмау үшін соқтығысу алдында жылдамдықты төмендету үшін қажетті тежеу күшін өз бетінше қолданады.

Жаяу жүргіншілерді анықтау жүйесі қысқа толқынды радар (MMW) және бейімделетін круиз-контроль жаяу жүргіншілерді анықтау үшін қолданатын қозғалыс жолағын бақылау жүйесі көмегімен жаяу жүргіншілерді анықтайды. Камералар мен радардың анықтау шектеулері жаяу жүргіншілерге арналған PAB жүйесінің өнімділігіне әсер етеді.

ЕСКЕРТУ

Автокөлік қолайсыз ауа райы және климат жағдайларында, тығыз жол жағдайында және сыртқы факторлардың әсерінде қозғалса, радиолокатор автокөліктің алдындағы жаяу жүргіншілерді анықтай алмай қалуы мүмкін. Егер радиолокатор жаяу жүргіншілерді анықтай алмаса, PAB жүйесі жұмыс істемейді. Қолайсыз ауа райы жағдайлары (нөсер жауын, қар, бұршақ және т.б.) және тайғақ жол төсемі (мұз, қар, ылғал немесе лайлы жолдар) жүйе жұмысының сапасын нашарлатуы мүмкін.

Қоршаған орта факторлары (электр өрісінің әсері, жерасты автотұрағы, тоннельдер, металл көпірлер мен теміржол өткелдері, құрылыстар, шектен тыс биік қақпалар және т.б.) радиолокатор жүйесінің жұмысына әсер етуі мүмкін. Олар анықталған жағдайда PAB жүйесінің өнімділігі азаяды және/немесе триггердің жалған іске қосылуларының саны артады.

Автокөлікті түрлендіру (мысалы, клиренсін төмендету, автокөліктің алдыңғы

панелін/бамперін өзгерту және т.б.) PAB жүйесінің өнімділігін төмендетуге және/немесе триггердің жалған іске қосылуының көбеюіне әкелуі мүмкін.

Камера салқын, қатаң ауа райы жағдайларында жұмыс істемеуі мүмкін. Жаңбыр, қар, тұман және нашар жарықтандыру камера көмегімен жаяу жүргіншілерді анықтауға теріс әсер етуі мүмкін және бүкіл жүйенің өнімділігі төмендейді.

Құс саңғырығымен, кірмен, мұзбен, жәндіктермен және т.б. жабылып қалса, датчиктер жұмыс істемеуі мүмкін. Алдыңғы әйнектің датчик орналасқан (ішкі айна күйі) жерін жөндеуге қатаң тыйым салынады.

Жүйенің жұмысы

Хабарлау жүйесін сөндірген кезде, жаяу жүргіншіні анықтау функциясы да сөнеді. PAB жүйесін қосу/сөндіру үшін InCall жүйесінің интерфейсында «VehicleSetting» (Автокөлікті баптау) – «Frontcollisionassist» (Бетпе-бет соқтығысу туралы ескерту) түймесін басыңыз.

ЕСКЕРТУ

Келесі жағдайларда PAB жүйесін іске қосуға тыйым салынады:

- Автокөлікті сүйрету;
- Автокөлік сынақ стендінде тұр;
- Радарға сыртқы күштердің әсер етуі.

Жүйе жұмысының сипаттамасы

1. Бетпе-бет соқтығысу туралы ескерту жүйесі

Егер автокөлік қозғалған кезде жолдан өтетін жаяу жүргіншіге соқтығысу қаупі болса, үздіксіз дыбыс сигналы естіледі және «collisionhazard» соқтығысу қаупі туралы ескерту пайда болады. Баптауларда жарық ескертуін таңдаған кезде, бетпе-бет соқтығысу қаупі кезінде жарық ескертуі жыпылықтайтын болады.

Шамамен 30 км/сағ пен 60 км/сағ аралығындағы жылдамдықта «collisionhazard» (соқтығысу қаупі) хабарламасы, соның ішінде жаяу жүргіншілер үшін.

2. Автоматты түрде төтенше тежеу жүйесі:

Егер жүргізуші жүйе ескертулерін елемесе немесе кешігіп әрекет етсе, онда төтенше тежеу жүйесі соқтығысуға жол бермеу үшін соқтығысудың алдында бәсеңдеу немесе соқтығысудан келетін зақымды азайту үшін қажетті тежеу күшін қолданады. Дисплейде «Automatic emergency brake» шұғыл тежеу туралы хабары пайда болады. Ескерту 4 пен 60 км/сағ аралығындағы жылдамдықта көлік құралдарына және жаяу жүргіншілерге қатысты әрекет етеді.

Ақауларды жою

Егер PAB жүйесі радардың құлыпталғанын, радарда ақау бар екенін немесе ілеспе жүйелерде (мысалы, ESC) ақау бар екендігін анықтаса, көпфункционалы дисплейдегі индикатор сары түспен жанады және «Radarblocked» (радар құлыпталған) немесе «alarmassistedbrakesystemerror» (төтенше тежеу жүйесінің ақауы) хабары пайда болады. ACC және PAB жүйелері бір уақытта істен шықса, көпфункционалы дисплейдегі қосалқы апаттық тежеу жүйесінің индикаторы сары түсті болады, бейімделетін круиз-контроль белгішесі сары түсті болады және «Radarblocked» (радар жабылып қалды) немесе «warningauxiliarsystemfault» (төтенше тежеу жүйесінің ақауы) хабары пайда болады.

1. Автоматты түрде төтенше тежеу жүйесінен бас тарту туралы ескерту:

Егер көпфункционалы дисплейде «AlarmAuxiliaryBrakeSystemFailure» (төтенше тежеу жүйесінің ақауы) хабары пайда болса және ұзақ уақыт бойы, сондай-ақ автокөлікті іске қосқаннан кейін автоматты түрде жойылмаса, тексеру және қызмет көрсету үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

2. Келесі жағдайлар туындаса, радарды кәсіби калибрлеу үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.


- Радар немесе алдыңғы төменгі белтемір қайта алынды және/немесе қайтадан орнатылды;
- Радар бекітілмеген немесе сыртқы әсердің салдарынан дұрыс орнатылмаған;
- Автокөлік соқтығысқаннан (ЖКО) немесе автокөлікке сыртқы факторлардың әсері тигеннен кейін автокөлік зақымдалған кезде;
- PAB жүйесі дұрыс жұмыс істемейді (жүйенің жиі қате іске қосылуы немесе дұрыс тежемеуі және т.б.).

ЕСКЕРТПЕ


Автокөліктің алдыңғы бөлігіне қате техникалық қызмет көрсету және сапасыз жөндеу радардың орнынан ығысып кетуіне әкеліп, PAB функциясының жұмысына теріс әсер етуі мүмкін. Техникалық қызмет көрсетуді тек CHANGAN өкілетті сервис орталығында ғана жүргізіңіз.

Автокөліктің артындағы нысандар туралы ескерту жүйесі ✖

Автокөліктің артындағы нысандар туралы ескерту жүйесі мыналардан тұрады: жолақ ауыстыру кезіндегі көмекші жүйелер (көрінбейтін аймақты бақылау, қозғалыс жолағын ауыстыру кезіндегі көмекші (LCDA)), қозғалмалы лектен өту кезіндегі хабарлау жүйелері (СТА), арттан соққы тию туралы ескерту жүйелері (RCW) және ашық есіктер туралы ескерту функциялары. Жүйе артқы бампердің сол және оң жақтарында орналасқан екі қысқа толқынды радармен (MMW) автокөліктің артынан соқтығысуға жақындайтын қауіпті нысанды анықтайды.



Дыбыстық хабарлау, сыртқы артқы көрініс айналарына және аспаптар тақтасына орнатылған индикаторлармен, жүйе жүргізушілерді ескертеді және артқа жүргенде апаттың алдын алуға көмектеседі.



1. Дабыл сигналының индикаторы
Дабыл сигналының индикаторы сыртқы қолдану жағдайларына байланысты жарықты автоматты түрде реттейді. Егер жарық қосылса, сигнал жарықтығы әлсіз болады және жарық өшірілсе, сигнал жарықтығы ашық болады.

ЕСКЕРТПЕ

- Артқа жүруге көмектесетін жүйе – бұл жүргізушіге арналған қосалқы функция. Жүргізуші автокөліктің, оның жолаушыларының және жол қозғалысының басқа да қатысушыларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында автокөлікті абайлап және мұқият басқаруға әрдайым жауапты болады.
- Датчиктер мен оларды орнату орындарын таза ұстаңыз. Автокөлікті жолдың ластанған учаскелерінде және жолдан тыс жерлерде ұзақ уақыт пайдаланғаннан кейін, қажет болған жағдайда, артқы бамперді шешіп алып, мұқият тазалаңыз.
- Аксессуарларды орнатпаңыз және қоспаңыз, датчиктерге және оларды орнату орнына затбелгі жабыстырмаңыз;
- Датчикті өзіңіз шешіп, ауыстырмаңыз;
- Датчиктердің кез келген шамалы ығысуы жүйені істен шығаруы мүмкін. Егер датчик немесе оның орнатылған жері қатты қысылған болса, техникалық қызмет көрсету үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

Жүйенің өзін-өзі диагностикалауы

Автокөліктің электр қуатын ауыстыру кезінде (OFF күйінен ON күйіне) жүйе өзін-өзі диагностикалау процесін бастайды. Сыртқы артқы көрініс айналарындағы индикатор жанады, содан кейін жүйенің дұрыс жұмыс істейтінін растап, шамамен 3 секундтан кейін сөнеді. Егер индикаторлар жануын жалғастыра берсе, бұл жүйенің дұрыс жұмыс істемейтінін көрсетеді. Диагностикалау және техникалық қызмет көрсету үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

Қосу / Өшіру

Жүйені баптау үшін көпфункционалы дисплейде – «VehicleSettings»(Автокөлік баптаулары) – «RearWarning»(Артқа жүргенде ескерту) түймесін басыңыз.

Жолақ ауыстыруға көмектесетін жүйе

Жолақ ауыстыруға көмектесетін жүйе көзден таса аймақтарды анықтау жүйесінен және жол қатарын ауыстыру көмекшісінен тұрады

Қозғалыс кезінде, әсіресе бұрылу немесе жол қатарын ауыстыру кезінде, жүйенің анықтау аймағында көлік құралы болса, сыртқы айналардағы индикаторлар жүргізушіге көзден таса аймақта қырағылықты арттыру қажеттілігі туралы ескертеді.


ЕСКЕРТПЕ

Көзден таса аймақтарды бақылау функциясы жүріп өту кезінде қауіп туралы ескертуі мүмкін:

- Қорғаныс қоршаулары;
- Көпірлер мен тоннельдер;
- Бұталар мен ағаштар;
- Телефон тіректері, көше шамдары және пирстер;
- Жол жұмыстары.

Автопойыздар сияқты ұзын көлік құралдарымен қатарласып жүрген кезде ескертулер тоқтауы мүмкін.

Көршілес қозғалыс жолағын бақылау жүйесі




1. Көзден таса аймақты бақылау аумағы;
 2. Жолақ ауыстыруға көмектесетін аймақ
- A Автокөлік
B Басқа көлік құралы


Жүйенің жұмыс істеу шарттары

Қозғалыс жолағын және автокөліктің жылдамдығын 15 км/сағ шамасынан асатын қадағалау көмекшісі іске қосылған кезде табылған нысан жағынан мынадай жағдайларда ескерту индикаторы жанады:


1. Сіз басқаратын автокөлік (A) жылдамдықтың салыстырмалы айырмашылығы 15 км/сағ шамасынан төмен болған кезде көлік құралын 1-аймақта басып озады;



2. Басқа көлік құралы (B) Сіз басқаратын автокөлікті (A) 1-аймақтан басып озады;




3. Басқа көлік құралы (B) үшінші қозғалыс жолағынан немесе Сіз басқаратын автокөлік орналасқан жолақтан (A) жақындайды және 1-аймақ арқылы өтіп, Сіз басқаратын автокөлікті басып озады;



4. Басқа көлік құралы (B) 2-аймақтан автокөлікке тез жақындап келеді, максималды ескерту қашықтығы шамамен 70 м құрайды;



5. Басқа көлік құралы (B) үшінші жолақтан немесе Сіз басқаратын автокөлік (A) орналасқан жолақтан жақындап, 2-аймаққа тез жетеді.



6. Егер жүйе анықтаған көлік құралына қарай бұрылу сигналын қоссаңыз, ескертуші индикатор шамы жыпылықтайды.

Артқа жүру кезіндегі ескертулер


Артқа жүргенде кедергі туралы ескерту жүйесі қосылған кезде, АБҚ селекторын «R» күйіне ауыстыру кезінде, автокөлікке нысан жақындаса, ал оның қозғалыс бағыты автокөлік қозғалысының бағытымен қиылысса, ескерту іске қосылады. Жақындап келе жатқан нысанның сыртқы артқы көрініс айнасындағы индикатор дыбыс сигналымен сүйемелдеп жыпылықтайды және жақындап келе жатқан нысанның дисплейіндегі қызыл түспен жыпылықтайды.



ЕСКЕРТПЕ


Жүйе қозғалатын көлік құралдарын анықтауға арналған. Велосипед, жаяу жүргінші және бала арбасы сияқты кішігірім нысандарды жүйе қолайлы жағдайларда ғана анықтай алады. Мұқият болыңыз және артқа жүру кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз етіңіз.

Бүйірден жақындаған нысанды анықтау аймағы




Бүйірден жақындаған нысанды анықтау жүйесі әрдайым барлық тұрақ алаңдарында тиімді жұмыс істей алады. Мысалы, төменде сипатталған жағдайларда радар автокөліктің айналасында орналасқан нысандармен тасаланады, сондықтан оны анықтау аймағы айтарлықтай азаяды. Нәтижесінде, жүйе басқа көлік құралы автокөлікке өте жақын орналасқан кезде ғана іске қосылады.

● Жақын орналасқан көлік құралына байланысты анықтау аймағы азаяды;



● Қабырғамен, гүлзармен және басқа нысандармен тосқауыл қою себебінен анықтау аймағы азаяды;



Арттан соқтығысу туралы ескерту

Арттан соғу туралы ескерту функциясын қосқаннан кейін, автокөліктің беріліс қорабының селекторы D күйінде болған кезде, автокөлік тез жақындаса, жүйе соқтығысу қаупі бар екенін анықтайды. Көпфункционалы дисплейде жүргізушіні хабардар ету және сонымен бірге қауіп туралы ескерту арқылы қауіпті хабарды көрсетеді. Индикатор (қос жарқыл) арттағы қауіп туралы ескертіп, тез жыпылықтайды.




ЕСКЕРТПЕ

Жүйе қозғалатын көлік құралдарын анықтауға арналған. Велосипед, жаяу жүргінші және бала арбасы сияқты кішігірім нысандарды жүйе қолайлы жағдайларда ғана анықтай алады. Мұқият болыңыз және артқа жүру кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз етіңіз.

Арттан соғу туралы ескерту функциясын іске қосу соқтығысу қаупін болдырмауға немесе азайтуға мүмкіндік бермейді. Қозғалыс кезінде абай болыңыз және қоршаған жағдайды бақылаңыз.

Арт соғу қаупін анықтау аймағы




Есікті ашу туралы ескерту

Автокөлік тоқтағаннан кейін есіктер ашылған кезде немесе арттағы немесе бүйірдегі қозғалатын нысанмен соқтығысу қаупі болған кезде, көпфункционалы экранда сыртқы артқы айналарындағы сигнал индикаторы жүргізуші мен жолаушыға есіктерді ашу қаупі немесе автокөліктен шығу туралы ескертеді.

ЕСКЕРТПЕ

Есіктерді ашу туралы ескерту жүйесі келе жатқан көлік құралдарын анықтауға арналған. Велосипед, жаяу жүргінші және бала арбасы сияқты кішігірім нысандарды жүйе қолайлы жағдайларда ғана анықтай алады. Есіктерді ашу немесе автокөліктен шығу кезінде абай болыңыз және қауіпсіздікті қамтамасыз етіңіз.

Есіктерді ашқан кезде ескертуді қадағалау аймағы



Есіктерді ашу туралы ескерту жүйесінің жұмыс шарттары

Автокөлік тоқтағаннан кейін, электр қуаты қосулы (ON күйі) кезде немесе OFF күйіне ауыстырылғанда, автокөлік құлпы ашылғаннан кейін 5 минут ішінде.

Есікті ашу туралы ескерту функциясы қосулы, барлық есіктер жабық. Егер автокөліктің есігіне соқтығысуы мүмкін нысан артқы қапталдан жақындаса, жүргізушіге соқтығысу қаупі туралы ескерту үшін келесі әдіс қолданылады:

- Сигнал индикаторы жақындап келе жатқан нысан жақтан сыртқы артқы көрініс айнасында жанады.
- Көпфункционалы дисплейде қауіп туралы ескерту көрсетіледі.

Егер осы уақытта жақындайтын нысан жағынан кез келген есік ашылса, сигнал индикаторы жыпылықтай бастайды, ал дисплейде қауіп туралы ескертетін егжей-тегжейлі ақпарат пайда болады.



Есіктерді ашу туралы ескерту функциясының күту режимі

Автокөліктің электр қуатын ON күйінен OFF күйіне ауыстырғаннан кейін 5 минуттан соң, есікті ашу туралы ескерту функциясы күту режиміне өтеді.

Бұл уақытта дисплейге шығу туралы ақпарат шығады.

Бұл функция қуат өшірілгенге дейін жұмыс істемейді және қуат келесі қосылған кезде қалпына келтіріледі.

Жүйе қатесі

Төменде сипатталған жағдайларда дисплейде «BackwardAuxiliarySystemFailure» (артқа жүруге көмектесу жүйесінің ақауы) көрсетіледі, ал артқы сыртқы көрініс айнасында дабыл индикаторы жанады.

- Датчикте ақау бар;
- Контроллердің басқа байланысты ақауы.

Сыртқы күштердің әсерінен (мысалы, соққы кезінде) датчиктің орналасу орны радардың қалыпты жұмыс ауқымынан асып кетуі мүмкін.

Келесі жағдайларда дисплейде «BackwardAuxiliaryRadarOcclusion» (Артқа жүруге көмектесу жүйесінің радиолокаторында ақау бар) хабарламасы пайда болады және артқы сыртқы көрініс айнасының дабыл сигналының индикаторы үздіксіз жанып тұрады.

- Радар датчиктерін кір, мұз, қар, өзгертілген/ бекітілген керек-жарақтар, жапсырмалар және т. б. жапқан.

Егер радардың беті жабылған болса, радиолокациялық датчиктен бөгде жабдықты алыңыз. Шаң көтерілетін немесе лай жолмен ұзақ уақыт жүрген соң, артқы бампердің ішкі және сыртқы жағын радиолокациялық датчик бекітілген жерлерді жуып тастаңыз. Датчикті және оның айналасын таза ұстаңыз.

Егер ақау туралы ақпарат ұзақ уақыт бойы көрсетілсе, тексеру және техникалық қызмет көрсету үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

Жүйені анықтауды шектеу (нысанды анықтау мүмкін емес)

Жүйе келесі жағдайларда тұрақты жұмыс істемеуі мүмкін.

- Қарсы бағытта қозғалатын көлік құралдарына, стационарлық көлік құралдарына немесе басқа нысандарға
- Көлік кір, құм немесе қармен жабылған жолмен жүріп келеді.
- Автокөлік қолайсыз ауа райында жүреді (қатты жаңбыр, тұман немесе қалың қар);
- Автокөлік тауға немесе тау астына жүреді;
- Автокөлік шұғыл бұрылыстардан өтеді немесе тез үдейді және баяулайды;
- Автокөлік пен мақсатты көлік арасында биіктікте айтарлықтай айырмашылық бар;
- Кең қозғалыс жолағы, ал автокөлік сол жолақта көрші көлік құралдарынан алыс орналасқан;
- Автокөлік басқа көлік құралын сүйрейді.

Келесі жағдайларда жалған іске қосылу артуы мүмкін

- Артқы бампер кір, мұз немесе қармен жабылған;
- Автокөлік бөлу кедергісінің жанында немесе ұқсас стационарлық жолақ бөлгіштің, гүлзарлардың, жиектастардың және жол жиегіндегі басқа да жылжымайтын заттардың жанында жүреді;
- Автокөліктің айналасында немесе қоршаған ортада көп мөлшерде металл бар (зауыт немесе контейнерлік док).
- Автокөліктің артына велосипед және т.с. сияқты нысандар бекітілген

Жол белгісін абайсызда басып кету туралы хабарлау жүйесі (LDW) ✖

Жол белгісінің абайсызда басып кету туралы хабарлау жүйесі (LDW) автокөлік жоғары жылдамдықпен қозғалған кезде жол белгілерін абайсызда басып кету туралы жүргізушіні хабардар ететін көмекші жүйе. Жүйе автокөлік алдындағы жол белгілерін автокөліктің алдыңғы әйнегіне орнатылған камера арқылы таниды. Жол белгілері сызығынан өткен кезде ескерту хабары шығады, дыбыс сигналы естіледі, ал руль дірілдеп, жүргізушіге осы жағдай туралы хабарлайды.

ЕСКЕРТУ

Жол белгілерінің кездейсоқ қиылысуы туралы ескерту жүйесі (LDW) - бұл кейбір қозғалыс жағдайларына арналмаған көмекші функция. Жүргізуші автокөліктің, оның жолаушыларының және жол қозғалысының басқа қатысушыларының қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып, автокөлікті әрдайым ұқыпты және мұқият басқаруға жауапты. Жүргізуші барлық басқа жол белгілерінің, таңбалардың талаптарын сақтауға және LDW жүйесі оларды таппаған немесе танымаған жағдайларда жол жағдайына қарай бейімделуге міндетті. Мұқият болыңыз және автокөлікті басқаруға бірден араласуға дайын

болыңыз. LDW жүйесі қолайсыз ауа райында дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін, өйткені жаңбыр, қар, тұман немесе әлсіз жарықтандыру (мысалы, туннельге кіру және шығу кезінде) датчикке әсер етуі мүмкін.

LDW жүйесі келесі жағдайларда және жол шарттарында жұмыс істемеуі немесе жалған ескерту беруі мүмкін:

- Автокөлікті сүйреу кезінде;
- Жол жөндеу және жол құрылысы кезінде жол төсеміне таңбалардың уақытша сызықтары салынған;
- Жол төсемі зақымданған немесе сумен шайылған;
- Жол белгілерінің сызықтары балшықпен/ қармен жабылған;
- Датчик беті жабылып қалған;
- Датчик жол бетіндегі жол таңбалау сызықтарын көре алмайды.
- Автокөлік тар жолмен жүріп келе жатыр немесе шұғыл бұрылыстардан өтеді;
- Камераға қысқа уақыт ішінде жарқын жарық шағылысатын жағдайларда.

Алдыңғы әйнектегі датчиктің маңын (салонішілік артқы көрініс айнасы аумағында) қоршауға қатаң тыйым салынады.


Сызаттар, жарықшақтар және басқа да әйнек ақаулары жүйенің өнімділігіне және жұмысына, сондай-ақ камераның сапасына әсер етуі мүмкін. Алдыңғы әйнектегі датчик орналасқан (ішкі айнаның күйі) аймағын

жөндеуге қатаң тыйым салынады. Қажет болса, алдыңғы әйнекті ауыстырыңыз.

Жол белгісін байқаусызда басып кету туралы хабарлау жүйесін пайдалану

LDW жүйесі автокөлік 65км/сағ шамасынан жоғары жылдамдықпен қозғалғанда және жол белгісінің айқын ажыратылатын сызықтары болғанда іске қосылады. Егер қозғалыс жолағының ені 2,5 м-ден кем болса, LDW жүйесі өшіп, күту режиміне өтеді. Егер жол жеткілікті кең болса, LDW жүйесі қайтадан қосылады.


Автокөлікті электр қуат көзі қосулы кезде (ON күйі) жүйені қосу/ өшіру үшін, жол белгілерін (LDW) байқаусызда басып кету туралы хабарлау жүйесін қосатын түймені басыңыз: «VehicleSettings» (Автокөлікті баптау)– «LaneAssist» (Қозғалыс жолағын бақылау)– «LaneDepartureWarning» (Қозғалыс жолағын бақылау).

Жол белгілерінің байқаусызда басып кету туралы ескерту  жүйесінің индикаторы көпфункционалы дисплейдің төменгі сол жақ бұрышында орналасқан.

- Ақ: жүйе белсенді емес;
- Жасыл: қосылған және белсенді;
- Сары: жүйе ақаулы немесе калибрленбеген.

Қосылған және белсенді жұмыс істейтін жүйеде, егер датчик екі жағынан жол белгілерін анықтаса, қозғалыс жолағы екі ақ сызықпен белгіленеді. Егер қозғалыс жолағы қандай да бір жағынан анықталмаса, онда бұл жақтан жолақтың белгісі сұр түспен көрсетіледі.

Екі жағынан да анықталмаған



Екі жағынан да анықталған



LDW жүйесі туралы ескерту

Автокөлік жол белгілерінің сызығын байқаусызда басып кеткен жағдайда, көпфункционалы дисплейдегі басып кеткен жақтағы қозғалыс жолағының сызығы қызыл түсті болады және жүйе ескертуші дыбыс сигналын шығарады. Егер қозғалу жолағын байқаусызда басып кету туралы ескерту пайда болса, автокөліктің қозғалыс бағытын дереу реттеңіз.



Ақауларды жою

Егер жол белгілерін (LDW) байқаусызда басып кету туралы ескерту жүйесі камераның беті жабылғанын, жүйенің дұрыс жұмыс істемегенін, калибрлеудің орындалмағанын немесе ілеспе жүйенің істен шыққанын анықтаса, көпфункционалы дисплейдегі LDW индикаторы сары түсті болып, ақау себепін көрсетеді.

1. Камера жабылып қалды:

Камераның бөгде затпен немесе сұйықтықпен жабылып қалғаны туралы хабарлаған кезде, әйнектасартқышты қосыңыз, алдыңғы әйнекті тазалаңыз және автокөлікті өшіріп, қайта қосыңыз. Егер ақау жойылмаса, тексеру және қызмет көрсету үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.



2. LAS (қозғалыс жолағын бақылау жүйесі) калибрленбеген;

Егер ұзақ уақыт бойы жүйенің қате туралы хабары автоматты түрде өшпесе, сондай-ақ автокөлікті өшіріп, қайта іске қосқаннан кейін жойылмаса, тексеру және техникалық қызмет көрсету үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.



3. Жол белгісін байқаусызда басып кету туралы хабарлау жүйесінің ақауы:

Егер ұзақ уақыт бойы жүйенің қате туралы хабары автоматты түрде өшпесе, сондай-ақ автокөлікті өшіріп, қайта іске қосқаннан кейін жойылмаса, тексеру және техникалық қызмет көрсету үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.



Пайдаланылған газ шығарындыларын бақылау жүйесі

Егер қозғалтқыш өшіп қалса және тоқтағаннан кейін қозғалтқышты қайтадан және үздіксіз оталдыруға әрекет жасаған кезде қайта оталмаса, пайдаланылған газдардың бөлінуін бақылау жүйесі зақымдалған болуы мүмкін.

Пайдаланылған газдардың бөлінуін бақылау жүйесін қайта жабдықтауға тыйым салынады, себебі бұл автокөліктің сипаттамаларына әсер етуі немесе сәйкес заңдарды немесе ережелерді бұзуы мүмкін. Автокөліктің кез келген зақымдары мен ақаулары, сондай-ақ осындай қайта жабдықтау салдарынан қуаттың төмендеуі кепілдік міндеттемелермен өтелмейді.

Сақтық шаралары

Егер автокөлік салонында пайдаланылған газдардың иісін сезсеніз, дереу автокөлік ішін желдетіңіз. Егер пайдаланылған газдардың автокөлікке қозғалыс кезінде сырттан кіргеніне сенімді болмасаңыз, барлық терезені ашыңыз да, автокөлікті желдетіңіз.

Егер автокөлікпен ішінде жүру немесе сыртқа шығып кету қажет болмаса, қозғалтқышты жабық немесе желдетілмейтін үй-жайларда (мысалы, гаражда) оталдырмаңыз.

Автокөлікті ашық аумақта ұзақ уақытқа қозғалтқышы оталып тұрған күйі қалдыру қажет болса, желдету жүйесін сырттан ауа кіргізуге баптаңыз (сырттан ауа келтіру желдеткіші). Мұндай жағдайларда автокөлік ішінде ұзақ уақыт бойы отырмаңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Қозғалтқыштан бөлініп шығатын пайдаланылған газдардың құрамында көміртек тотығы (CO), канцерогендер мен уытты компоненттер (бензол туындылары) бар. Пайдаланылған газдарды ұзақ уақыт бойы мөлшерден тыс ішке жұту денсаулығыңызға тіпті өлім жағдайына дейін алып келетін зиян келтіруі мүмкін.

Каталитикалық бейтараптандырғышқа байланысты сақтық шаралары

- Жалынды бәсеңдеткіштің ақауы немесе қуаттың айтарлықтай төмендеуі сияқты қозғалтқыш ақаулары байқалған автокөлікті жүргізбеңіз.

- Қозғалтқышты белгіленген тәртіптен тыс қолданбаңыз, мысалы, оталдыру жүйесі өшірілген күйінде (OFF күйі) қозғалуға немесе берілісі өшірілген күйі тік ылдиға қарай түсуге жол бермеңіз.

- Қозғалтқыштың жүктемесіз ұзақ уақыт бойы (бес минуттан ұзақ) жоғары айналымдармен жұмыс істеуіне жол бермеңіз.

- Қозғалтқыштың немесе пайдаланылған газдардың бөлінуін бақылау жүйесінің кез келген компоненттерін қайта жабдықтауға тыйым салынады. Барлық тексерулер мен реттеулерді CHANGAN өкілетті сервис орталығында жүргізу қажет.

- Отын деңгейі төмен автокөлікті жүргізбеңіз. Егер отын таусылса, қозғалтқыш өшеді және каталиттік бейтараптандырғыш зақымдалуы мүмкін.

Жоғарыда көрсетілген профилактикалық шараларды сақтамау каталиттік бейтараптандырғыштың зақымдалуына алып келуі мүмкін, бұл кепілдік міндеттемелермен қамтылмайды.

ЕСКЕРТУ

Автокөлікті тұраққа қоймаңыз және оны қозғалтқышы жұмыс істеп тұрған күйде шөп, қағаз немесе жапырақ сияқты жанғыш заттардың жанында қалдырмаңыз. Қозғалтқыштан және түтін шығару жүйесінен бөлінетін жылу өртке алып келуі мүмкін. Түтін шығару жүйесі жұмысын тоқтатқанша және суығанша қандай да бір қорғаныш құрылғыларды пайдаланбастан түтін шығару жүйесінің компоненттерінен (мысалы, түтін шығаратын құбырдан) ұстауға тыйым салынады. Әйтпесе, күйіп қалуыңыз мүмкін.

Техникалық қызмет көрсеткен кездегі сақтық шаралары

- Саңылаусыз ағытпаларға су, май және басқа да бөгде заттардың түсуіне немесе жүйенің жұмысына әсер етуі мүмкін басқа да зақымдарға жол бермеу үшін электрондық отын құю жүйесінің бөліктерін немесе ағытпаларын ажыратпаңыз және шешпеңіз.
- ЭББ (ECU) басқару блогы саңылаусыз емес. Ылғалды және жаңбырлы ауа райында немесе автокөлікті жуу кезінде автокөлікті тексеру және жөндеу кезінде ЭББ-ға су кіріп кетуіне жол бермеңіз.
- ECU блогының жанында радиоантенналарды және автокөлік жүйелеріне радио кедергілерін тудыруы мүмкін басқа ұқсас жабдықты орнатпаңыз.
- Температураның жоғарылауына әкелуі мүмкін ақауларды тексеру немесе жою және басқа да техникалық қызмет көрсету жұмыстарын жүргізу кезінде ЭББ бетінен 1 см қашықтықта температура 105°C-тан аспайтынына көз жеткізіңіз.
- Автокөлікте дәнекерлеу жұмыстарын жүргізу алдында ЭББ блогын (ECU) ажыратыңыз.

- Қажеттілік болмаса, оның ішінде қозғалтқыш жұмыс істемей тұрған кезде, отын түтіктерін шешіп алмаңыз. Барлық отын түтігі ыстыққа төзімді, олардың бойында жоғары қысымды отын бар. Отын түтіктерін немесе отын сүзгісін ауыстыру қажет болса, CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз. Бұл операцияларды отын жүйесіндегі қысымды төмендеткеннен кейін жақсы желдетілетін үй-жайда маман орындауы керек.

- Отын магистралін шешіп алу алдында қысымды келесі тәсілмен төмендету қажет: отын сорғысының релесін алыңыз және қозғалтқышты бос жүрісте іске қосып, қозғалтқыш өздігінен тоқтағанша күтіңіз. Отын түтіктерін ажыратқан кезде, ағып жатқан отын таралып кетпеу үшін және өрт қаупін азайту үшін қосылыстардың айналасына таза сүлгі салыңыз.

- Отын желісінің қосылыстарын босатар кезде қосылған жерлер мен оның айналасын мұқият тазалаңыз. Алынған бөліктерді таза бетке қойып, олардың үстін жауып қойыңыз. Талшықты шүберекті пайдаланбаңыз. Егер жөндеу жұмыстарын жедел аяқтау мүмкін болмаса, ашық қалған бөліктердің тесіктерін жауып қойыңыз.

- Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде аккумулятордың клеммаларын ажыратуға тыйым салынады.

- Аккумулятордың клеммаларын қосқан кезде аккумулятор полюстерінің дұрыс орналасқанына көз жеткізіңіз. Әйтпесе, бұл электрондық элементтерге зақым келтіруі мүмкін.

- Отын бағынан отын сорғысын шығарған кезде абай болыңыз. Отын сорғысын ажыратыңыз және қоспаңыз, себебі бұл ұшқынның пайда болуына әкелуі мүмкін.

- Отын сорғысының қуат көзінің оң және теріс клеммалары дұрыс қосылғанына көз жеткізіңіз.

- Қозғалтқыш цилиндрлеріндегі компрессияны өлшемес бұрын, отын бүріккіштерінің ағытпаларын ажыратыңыз.

- Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде сымдарды немесе ағытпаларды ажыратуға қатаң тыйым салынады. Сымдардың оқшауламасын бұзу/тесу арқылы электр тізбектерін тексеруге қатаң тыйым салынады.

Басқа жабдық

Сақтау орындары

ЕСКЕРТУ

Егер автокөлік салонына заттар дұрыс орналастырылмаса, олар күрт тежеу кезінде немесе шұғыл бұрылу кезінде сырғып немесе құлап, жүргізушіге немесе жолаушыға тиіп, жарақат келтіруі мүмкін:

- Автокөлік қозғалысы кезінде ұсақ-түйек тартпасын жабық ұстаңыз;
- Барлық нысанды сенімді бекітіңіз және автокөлікте бекітілмеген заттардың жоқ екенін көз жеткізіңіз;
- Сақтауға арналған жәшіктерден және бекіткіштерден ешқандай заттардың құлап түспейтініне көз жеткізіңіз;
- Ауыр, қатты, үшкірленген, өткір немесе сынғыш заттарды жүксалғышқа салып, сенімді етіп бекітіп қойыңыз.

Ұсақ-түйек тартпасы




Ашу: ұсақ-түйек тартпасының тұтқасынан тартыңыз. Қақпақ толығымен ашылғанша баяу төмендейді. Ұсақ-түйек тартпасы тұтқа бекіткішімен және банктік және басқа пластик карталар ұясымен жабықталған.

Жабу: қақпақты жоғары тартып, оны дұрыс жабыңыз.

ЕСКЕРТУ

- Автокөліктің қозғалысы кезінде қолданғаннан кейін ұсақ-түйек тартпасын бірден жауып қойыңыз. Әйтпесе, жазатайым жағдайлардың нәтижесінде жарақаттар келтірілуі мүмкін.
- Ұсақ-түйек тартпасының ішінде бағалы заттарыңызды қалдырмаңыз.
- Ұсақ-түйек тартпасын ашқаннан кейін оны толық ашу үшін күш қолданбаңыз. Бұл демпферді зақымдауы мүмкін.

Чектер мен түбіртектер қыстыратын бөлім

Ашу: Тұтқаны тартып, чектер мен түбіртектер бөлімін ашыңыз.

Жабу: қақпақты көтеріп, чектер мен түбіртектер бөлімін дұрыс жабыңыз.

ЕСКЕРТУ

- Автокөліктің қозғалысы кезінде қолданғаннан кейін түбіртектер мен қағаздар бөлімін бірден жауып қойыңыз. Әйтпесе, жазатайым жағдайлардың нәтижесінде жарақаттар келтірілуі мүмкін.
- Сақтандырғыштар бөлімінде бағалы заттарды қалдырмаңыз.

Шынтақтаяныш**▲ НАЗАР АУДАРЫҢИЗ**

Автокөлік қозғалысы кезінде соққылар мен жарақаттар алу қаупін азайту үшін шынтақтаяныш қақпағын жабық күйде ұстаңыз.

Алдыңғы шынтақтаяныш

Шынтақтаяныштың тартпасын ашу үшін тұтқаны жоғары қарай тартыңыз. Шағын ішкі қорапты ұлғайтуға болады.

Шынтақтаяныштағы ұсақ-түйек бөлімі

Шынтақтаяныштағы ұсақ-түйек бөліміндегі желдету мүмкіндігі ауаны салқындату/жылыту және артқы қатардағы жолаушыларға үрлеу режимінде жұмыс істеген кезде сусындар мен басқа заттарды салқындату немесе жылыту функциясын орындай алады.

«III. Автокөліктің функциялары – Кондиционер жүйесі – Ауа ағынын реттеу» бөлімін қараңыз.

Артқы шынтақтаяныш


«III. Автокөліктің қауіпсіздік жүйелері – Орындық – Артқы орындықты реттеу – Артқы орындықтың шынтақтаянышы» бөлімін қараңыз.

Стақанқойғыш

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Стақанқойғышқа орнату үшін жеңіл және сынбайтын ыдыстарды қолданыңыз. Ыдыстағы сусынның ыстық емес екеніне көз жеткізіңіз. Әйтпесе, бұл жазатайым оқиғалар нәтижесінде жарақат алу қаупін арттыруы мүмкін. Стақанқойғышқа оның мөлшеріне сәйкес келетін қақпағы бар ыдысты орнатыңыз. Әйтпесе, контейнердегі сусын шашырауы мүмкін.

Алдыңғы стақанқойғыш



Ашу: шынтақтаяныш жағында қақпақтың артқы шетін басыңыз және оны босатыңыз. Қақпақ ашылады.

Жабу: қақпақты бекітілгенше жабыңыз.

Стақанқойғышта резеңке шектегіштер орнатылған, оларды алып тастағаннан кейін стақанқойғыштың сақтау кеңістігін ұлғайтуға болады.

Артқы стақанқойғыш

Артқы орындықтың ортасында орналасқан шынтақтаянышты төмен түсіргенде, екінші қатардағы жолаушыларға арналған стақанқойғыш қолжетімді болады.




Артқы орындық қалтасы

Қалталар алдыңғы орындықтардың арқалықтарында орналасқан.



⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Ауыр немесе өткір заттарды орындықтың қалтасына салмаңыз.

Алдыңғы жақтағы ұсақ-түйек бөлімі

Ашу: қақпақты саусағыңызбен алға қарай итеріп қалыңыз, сонда ұсақ-түйек бөлімі автоматты түрде ашылады.

Жабу: ұсақ-түйек бөлімінің қақпағын толығымен жабылғанша итеріңіз.

Екінші қатардағы жолаушыларға арналған орталық консольдегі ұсақ-түйек бөлімі

Ашу: тұтқаны тартыңыз және екінші қатардағы жолаушыларға арналған орталық консольдегі ұсақ-түйек бөлімі толығымен ашылады.

Жабу: қақпақты көтеріп, бөлімді дұрыс жабыңыз.

Кірістірілген USB порты – зарядтауға арналған. Ұсақ-түйек бөлімін ұялы телефондарды, кілттерді, қағаз майлықтарды және басқа заттарды орналастыру үшін пайдалануға болады.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Автокөліктің қозғалысы кезінде ұсақ-түйек бөлімін қолданып болғаннан кейін

бірден жауып қойыңыз. Әйтпесе, жазатайым жағдайлардың нәтижесінде жарақаттар келтірілуі мүмкін.

- Сақтандырғыштар бөлімінде бағалы заттарды қалдырмаңыз.

Жүксалғыштың қапталындағы ұсақ-түйек бөлімі



Бұл тартпада ұсақ заттарды сақтауға болады, оларға қол жеткізу жүксалғыштың ашық есігі арқылы жүзеге асырылады.

Есік қаптамаларындағы ұсақ-түйек бөлімі




Суы бар ыдысты, сусын құйылған бөтелкелерді және т.б. төменгі ұсақ-түйек бөлімінде орналастыруға болады. Ұсақ заттарды жоғарғы ұсақ-түйек бөліміне қойыңыз.

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Есік қаптамасындағы ұсақ-түйек бөлімдеріне сынғыш және үшкір заттар салмаңыз. Бұл жазатайым оқиғалар немесе апат салдарынан болатын жарақат алу қаупін арттырады.

Көзілдірікті сақтау бөлімі



Бөлім көзілдірікті сақтауға арналған. Бөлімді ашу пернесі люкті басқару блогының жанындағы төбе консолінде орналасқан. Бөлімді ашу үшін пернені басып, оны жабу үшін бөлім қақпағын жоғары көтеріңіз.

Шылымтұтатқыш және розеткалар



Шылымтұтатқышты қолданар алдында шылымтұтатқыштың ұяға толық орнатылғанына көз жеткізіңіз. Шылымтұтатқышты басыңыз. Шылымтұтатқыш атып шыққан кезде оны қолдануға болады.


ЕСКЕРТУ

Шылымтұтатқыштың ұясын розетка ретінде пайдаланбаңыз. Әйтпесе, шылымтұтатқыш сақтандырғышы күйіп кетуі мүмкін және оның жұмысы бұзылады.

12В тұрақты ток розеткасы алдыңғы жолаушыларға және жүксалғышқа қол жетімді. Қосылатын электр аспаптарының қуаты 120 Вт шамасынан аспауы тиіс.

Киімге арналған ілмек


Жүксалғыштың екі жағында заттарды іліп қою немесе бекіту үшін қолдануға болатын киім ілмектері бар.



ЕСКЕРТУ

- Киім ілмекке ілулі тұрған кезде жүргізушіге кедергі жасамауы керек.
- Ілгішке ауыр заттарды (2 кг астам) ілмеңіз; әйтпесе, ілгіш шамадан тыс жүктеме салдарынан сынып кетіп, тежеу немесе төтенше тежеу кезінде жүргізуші мен жолаушыларға қауіп төндіруі мүмкін.

Күнқағар



- ① Косметикалық айна;
- ② Күнқағар бекітпесінің кронштейні.

Күнқағар жүргізушіні және жолаушыларды шағылысулардан және тікелей түсетін күннің жарығынан қорғайды.

Күнқағарды төмен түсіріп, ұстап тұрған кронштейннен күнқағардың ішкі жағын шығарыңыз. Бүйірден түсетін сәуленің шағылысуынан қорғану үшін күнқағарды шетке қайырып қойыңыз.


ЕСКЕРТПЕ

Күнқағарды бастапқы орнына қайтармас бұрын косметикалық айнаның қақпағын жабыңыз.


Жүксалғыш қалқасы

Жүксалғыш қалқасын орнату

1. Жүксалғыш қалқасының серіппелі механизмін екі жағынан да қысыңыз (қалқаның екі жағындағы қақпақтардың астында серіппелі механизмдер бар) және сол және оң жақтарын жүксалғыш қаптамасының арнайы ойықтарына салыңыз. Назар аударыңыз, қалқа заттаңбасы төмен қарауы тиіс;




2. Тұтқасынан тартып, қалқаны шығарыңыз. Қалқаның сыртқы екі жағын автокөліктің артқы қаптамасының сол және оң жақтарындағы тиісті орнату ойықтарына бекітіңіз.



Қалқаны шешіп алу

Бұған дейін көрсетілген әрекеттерді кері ретпен орындаңыз.

Төбедегі рейлингтер ※



Жүкті бекіту үшін төбедегі рейлингтерді пайдаланған кезде, кем дегенде екі түпнұсқа көлденең CHANGAN бағыттауыштарын немесе төбеде орнатылған рейлингтердің өлшемдеріне сәйкес келетін балама бағыттауыштарды орнату және бекіту қажет.



ЕСКЕРТУ

Төбе жүксалғышын пайдаланған және оған жүк тиеген кезде келесі сақтық шараларын сақтаңыз:

- Жүктің салмағы 30 кг-нан аспауы тиіс;
- Жүкті алдыңғы және артқы осьтердің арасына біркелкі етіп бөліп орналастыру қажет;
- Жүктің габариттері автокөліктің өлшемдерінен аспауы тиіс;
- Қозғалысты бастамас бұрын жүктің сенімді бекітілгеніне көз жеткізіңіз. Қозғалыс кезінде жүктің бекітілуін тексеріңіз;
- Қозғалыс кезінде мүмкіндігінше кілт орыннан қозғалу әрекеттерінен, шұғыл бұрылыстардан немесе шұғыл тежеуден сақтаныңыз.

Педальдар**ЕСКЕРТУ**

- Акселератор педальін басқан кезде шектен тыс күш қолданбаңыз;
- Педальдің астына сырғып кіріп кетуіне жол бермеу үшін педальдар мен басқару тетіктерінің астына заттар қоймаңыз. Бұл жүргізу қауіпсіздігіне әсер етуі мүмкін.

МБҚ бар автокөліктің педаль торабы**АБҚ бар автокөліктің педаль торабы**

- A. Ілінісу педальі;
 B. Тежегіш педальі;
 C. Акселератор педальі.


IV. Автокөлікті басқару

Автокөлікті пайдалану кезіндегі сақтық шаралары

CHANGAN CS75FL автокөлігі — ойлы-қырлы жерде пайдалануға болатын, ауырлық ортасы биік және клиренсі ұлғайтылған көпфункционалы автокөлік.

- Автокөліктердің басқа түрлерімен салыстырғанда, ауырлық ортасы жоғары автокөлік аударылуға аса орнықты емес;
- Биік клиренсі жақсы көріністі қамтамасыз етеді;
- Жолсыз жерлерді жақсы еңсеру үшін SUV типті автокөліктердің баптаулары мен сипаттамалары аспасы төмен шағын жолаушы автокөліктеріне немесе спорттық купелерге тең қозғалыс жылдамдықтарында сай келмейді. Жоғары жылдамдықпен күрт бұрылу салдарынан автокөлік аударылып кетуі мүмкін;
- Шатырда орналасқан жүксалғышта ауыр жүктерді тасымалдау автокөліктің ауырлық ортасын арттырып, оның тұрақтылығын нашарлатады. Шатырда ауыр жүктерді тасымалдаудан аулақ болыңыз;
- Қапталдан екпінді жел соққанда жылдамдықты шектен асырмаңыз. Пішіні мен жоғары ауырлық ортасының арқасында автокөлік, әдеттегі жолаушы автокөлігіне қарағанда, қапталдан соққан жел екпініне анағұрлым сезімтал болып келеді. Жылдамдықты төмендету автокөлік басқаруды жеңілдетеді әрі жақсартады;

- Тік өрге шыққанда оның өту қабілетін анықтайтын автокөліктің өлшемдерін ескере отырып, өрдің бойымен тік (тікелей жоғары немесе төмен) қозғалуға тырысыңыз. Өрге қиялай шығу не түсу кезінде, автокөліктің алға немесе артқа сырғып кетуінен гөрі, аударылып кету ықтималдығы жоғары болады.


НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Автокөлік қозғалысы кезінде барлық жолаушы қауіпсіздік белбеулерін тағып отыруы керек. Аударылған жағдайда қауіпсіздік белбеулерін тақпаған жолаушылардың жарақат алу қаупі жоғары болады.
- Күрт бұрылыстар мен маневрлерден, бір орыннан ытқып қозғалудан, жоғары жылдамдықпен жүруден және күрт тежеуден аулақ болыңыз. Автокөлікті күрт үдетіп жүргізу мәнері және дұрыс пайдаланбау көлікті басқара алмай қалуға немесе автокөліктің аударылуына әкелуі мүмкін.
- Жолсыз жермен немесе ойлы-қырлы жермен жүрген кезде қатты жылдамдықпен жүрмеңіз. Шұғыл бұрылу, шұңқырлар мен тастардың үстінен жоғары жылдамдықпен өте шығу, бөгде заттардың соғылуы және т.б. автокөліктің аспа элементтері мен шассиіне күрделі зақым келтіруі мүмкін, ал бұл автокөлікті басқара алмай қалуға немесе аударылуға алып келеді.

Жолсыз жерлермен жүру кезіндегі сақтық шаралары

- Жолсыз жерге шықпас бұрын қозғалтқыштағы мотор майының деңгейін тексеріп, қажет болған жағдайда үстемелеп құйыңыз. Дөңгелектегі қысымды, шиналардың күйін тексеріңіз. Автокөлікке жиналмалы күректі, баллон кілтін, сүйрейтін арқанды және т.б. салыңыз;
- Жолсыз жермен жүру көлік құралының зақымдану ықтималдығын арттырады. Жүргізу мәнері бағдар мен төңірек жағдайларына сәйкес мұқият түзетілуі керек;
- Жолсыз жермен жүргенде АБҚ селекторын «N» қалпында қалдырмаңыз;
- Жолсыз жермен жүріп өткен соң автокөлікті мұқият жуыңыз және қарап тексеріп шығыңыз;
- Жолсыз жермен жүрген кезде тежегіш жүйесіне құм, су немесе май-су қоспасы кіріп кетуі мүмкін, ал ол тозуды арттырады, тежеу тиімділігін төмендетеді және тежегіштердің істен шығуына әкеледі. Жолсыз жерден жүріп өткеннен кейін тежегіш жүйесін тазалаңыз.
- Бөгде үйкеліс шуы пайда болғанда немесе тежеу тиімділігінің төмендеуі байқалғанда тежеу жүйесін тексеру үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына дереу хабарласыңыз.

Қозғалысты бастау алдындағы сақтық шаралары

Автокөліктің сыртын тексеру

- Барлық терезе, айналар және жарықтандыру аспаптары таза екеніне көз жеткізіңіз;
- Шиналарда зақымдардың бар-жоғын немесе бөгде заттардың жиналып қалмағанын қарап тексеріңіз. Шинаның қысымын тексеріңіз.
- Автокөліктің астында май аққан жерлердің бар не жоғын тексеріңіз;
- Қозғалтқыштағы май деңгейі және басқа сұйықтықтар қалыпты екеніне көз жеткізіңіз;

Қозғалтқышты іске қоспас бұрын

- Барлық есікті жабыңыз және бекітіңіз;
- Дұрыс отыру үшін орындықтың, арқалықтың және бассүйегіштің қалпын тексеріп, реттеңіз;
- Артқы көрініс айналарын реттеңіз;
- Салондағы барлық жолаушының қауіпсіздік белбеуін таққанына көз жеткізіп алыңыз;
- Автокөліктің қуат көзі қосылып тұрған кезде (ON күйі) габарит шамдарының (КЖЖ) жұмысын тексеріңіз;
- Тұрақ тежегішін (EPB) босатып, апаттық жарық сигналын беру жүйесінің өшірілгеніне көз жеткізіңіз.

Қозғалтқышты оталдырғаннан кейін

- Қозғалтқышты суықтай оталдырғаннан кейін бос жүріс айналымдары жылытылған автокөлікке қарағанда жоғары болады. Бұл қозғалтқышты тез жылыту үшін қажет және ақау емес.
- Автокөліктің қозғалысы кезінде тежегіш педалін басқанда бөгде дыбыстар естілсе (қатты шуыл немесе үйкеліс шуылы, шықырлау, металдың «сыртылдауы»), тежегіш қыспақтарын жақын маңдағы CHANGAN өкілетті сервис орталығында дереу тексеру және ауыстыру қажет.
- Пайдаланылған газ шығару жүйесінен артық дыбыс шығып тұрмағанын тыңдап тексеріңіз. Егер қандай да бір артық дыбыс байқалса, өкілетті CHANGAN сервис орталығына дереу хабарласыңыз.

Турбиналы қозғалтқышы бар автокөліктерге арналған сақтық шаралары

- Қозғалтқышты ұзақ уақыт бойы (20 минуттан артық) бос жүрісте жұмыс істетпеген жөн. Турбодеткіштен майдың ағып кетуінен сақтаныңыз;
- Турбодеткіштен майдың ағып кетуіне жол бермес үшін еркін жүрісті (үдету — қозғалтқышты тоқтату — еркін жүргізу) пайдаланбаңыз.

Жоғарыда аталған сақтық шараларын сақтамау салдарынан турбодеткіш зақымдалады немесе үдеткішке май ағып кетеді, ал бұл жағдай кепілдік міндеттемелерімен өтелмейді.

Қозғалтқышты оталдыру және өшіру

Оталдыру жүйесінің құлпы



LOCK (Құлыпталған): Оталдыру жүйесі өшірілі. Кілт алынғаннан кейін руль бағаны құлыптанады.

ACC (Жабдық): Руль бағаны құлыптан шығарылған. Электр жабдықтары (мысалы, радио) қозғалтқышты оталдырмай жұмыс істейді.

ON(Қосулы): Қуат көзі автокөліктің барлық тұтынушысына беріліп тұр. Габарит (КЖЖ) жарықтар мен көмескі жарық қосылған.

START (Оталдыру): Қозғалтқышты оталдыру. Қозғалтқыш оталғаннан кейін кілт бірден автоматты түрде «ON» күйіне оралады.

ЕСКЕРТПЕ

Егер құлыпта тұрған кілт бұралмаса, рульді солға және оңға қарай сәл бұраңыз, содан кейін кілтті қайта бұраңыз.

Оталдыру жүйесінің ажыратқышы өшірілген кезде кілтті оталдыру жүйесінің құлпында қалдырмаңыз. Өйткені аккумулятор батареясының заряды таусылуы мүмкін.

Аккумулятор зарядының таусылуына жол бермес үшін кілтті ұзақ уақыт бойы «ACC/ON» күйінде қалдырмаңыз.

Қауіпсіздік жастығы мен қауіпсіздік белбеуінің алдын ала тартқышы оталдыру жүйесінің ажыратқышы өшірілген кезде жұмыс істемейді.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Автокөліктің қозғалысы кезінде оталдыру жүйесі құлпындағы кілтті «LOCK» күйіне бұрамаңыз. Руль құлыпталып қалып, оның салдары жазатайым оқиғалар мен өлімге әкелуі мүмкін.

Кілтсіз оталдыру

Қозғалтқышты іске қоспас бұрын

1. Автокөліктегі артық энергия тұтынатын аспаптар мен жарықтандыру жүйесін сөндіріңіз.
2. SMART-кілт автокөлік ішінде іске қосу аймағында тұрғанына көз жеткізіңіз.

«ENGINE START STOP» түймесі арқылы оталдыру

ІІІ бөлімді қараңыз. Автокөліктің функциялары – «ENGINE START STOP» түймесі арқылы оталдыру.

МБҚ бар автокөліктің қозғалтқышын оталдыру

1. Ілініс педалін тірелгенше басыңыз. Қауіпсіздік мақсатында берілістерді ауыстырып қосу селекторын бейтарап күйге ауыстыру ұсынылады.

2. «ENGINE START STOP» түймесінің индикаторы жасыл түспен жанған кезде қозғалтқышты оталдыруға арналған түймені басыңыз.

АБҚ бар автокөліктің қозғалтқышын оталдыру

1. Берілістерді ауыстырып қосу селекторын «Р» (Тұраққа қою) немесе «N» (Бейтарап күй) күйіне қойыңыз.

2. Тежегіш педалін басыңыз.

3. «ENGINE START STOP» түймесінің индикаторы жасыл түспен жанған кезде қозғалтқышты оталдыруға арналған түймені басыңыз.

ЕСКЕРТУ

Автокөлік қозғалысы кезінде «ENGINE START STOP» түймесін басушы болмаңыз.

Қозғалтқышты іске қоспас бұрын тежегіш педалін (АБК) және/немесе ілінісу педалін (АБК) толық басыңыз. Егер «ENGINE START STOP» түймесінің индикаторы жасыл түспен жанбаса, қозғалтқыш іске қосылмайды.

Қозғалтқышты оталдырғаннан кейін қозғалтқыштың салқындату сұйықтығының температурасы жұмыс аумағына жеткенше қозғалысты төменгі жылдамдықпен бастаңыз. Бұл қозғалтқышты жұмыс температурасына дейін тез қыздыру үшін қажет.

Қозғалтқышты сәтсіз оталдыру

Егер «ENGINE START STOP» оталдыру түймесін басқаннан кейін қозғалтқыш іске қосылмаса, келесі тексерулерді орындаңыз:

1. SMART-кілт пен автокөлік арасында байланыс жоқ. Кілт анықталмады немесе кілттің қуат элементінің заряды таусылған. Қозғалтқышты «III. Автокөліктің функциялары – Қозғалтқышты түйме арқылы оталдыру (ENGINE START STOP) – Күту режимінде оталдыру» бөлімінде көрсетілген әдістермен оталдырыңыз.

2. Руль құлыптанған, «Steeringlockisnotreleased» хабарламасы көрсетіледі. «ENGINE START STOP» оталдыру түймесін басқан кезде рульді абайлап бұраңыз.

3. Қоршаған орта жағдайлары, аккумулятор батареясы зарядының деңгейі, отынның төмен деңгейі және т.б. факторлар қозғалтқыштың дұрыс оталмауына себеп болуы мүмкін. Егер қозғалтқыш оталмаса, диагностика жүргізу және қызмет көрсету үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

Қозғалтқышты өшіру

Қозғалтқышты өшіру (МБК)

Автокөліктің жылдамдығы 3 км/сағ төмен болған кезде «ENGINE START STOP» түймесін басып, қозғалтқышты сөндіріңіз.

Қозғалтқышты өшіру (АБК) ※

1. Берілістерді ауыстырып қосу селекторын «Р» (Тұраққа қою) күйіне ауыстырыңыз;

2. «ENGINE START STOP» түймесін бассаңыз, қозғалтқыш сөнеді.

Төтенше жағдайда, автокөлік қозғалысы кезінде қозғалтқышты өшіру қажет болса, жылдамдықты 40 км/сағ дейін төмендетіңіз, «ENGINE START STOP» іске қосу түймесін 5 секундтан артық басып тұрыңыз.

Қозғалтқышты оталдыру**ЕСКЕРТПЕ**

Қоршаған ортаның қалыпты температурасы кезінде қозғалтқышты оталдыру уақыты 5 секундтан аспауы тиіс. -15°C-қа дейінгі температурада оталдыру уақыты 10 секундтан аспауы тиіс. Оталдыру сәтсіз болған жағдайда оталдыруды 30 секундтан кейін қайталаңыз. Қозғалтқышты оталдыру әрекеті 6 рет сәтсіз болғаннан кейін қайтадан оталдыруды кемінде 10 минуттан кейін орындап көріңіз. Қозғалтқышты қатарынан бірнеше рет оталдыру мүмкін болмаса, өкілетті CHANGAN сервис орталығына жүгініңіз.

Қозғалтқышты оталдыру

1. Автокөліктің тұрақ тежегішіне орнатылғанына көз жеткізіңіз;
2. МБҚ бар автокөліктер үшін берілістерді ауыстырып қосу селекторын «N» (Бейтарап) күйіне орнатыңыз; АБҚ бар автокөліктер үшін берілістерді ауыстырып қосу селекторын «P» (Тұраққа қою) күйіне ауыстырыңыз.
3. Қозғалтқышты оталдыру үшін кілтті «START» күйіне бұраңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Қозғалтқышты оталдырғаннан кейін кілтті бірден жіберіңіз;
- Қозғалтқышты оталдырғаннан кейін оны бос жүрісте жоғары айналымдармен істетуге болмайды.
- Суық күйде оталдырған кезде кейбір гидравликалық элементтер (мысалы, гидравликалық итергіш және кергіш) металл дыбыстарын/соққыларын шығара алады, өйткені қозғалтқыштағы май қысымы қажетті мөлшерге толық жетпеген. Бұл ақау емес. Қозғалтқыштың жұмыс қысымы орнаған соң бөгде дыбыс жоғалып кетеді.

Қозғалтқышты сәтсіз оталдыру

Қозғалтқышты оталдыру кезінде акселератор педалін басаңыз. Егер қозғалтқыш қатарынан бірнеше рет іске қосылмаса, оны келесідей оталдыруға болады:

МҚБ берілістерін ауыстырып қосу селекторын «N» бейтарап күйінде (МБҚ) ұстап тұрып, ілінісу педалін басыңыз да, акселератор педалінің толық жүрісінің 1/4 бөлігін біркелкі басыңыз. Қозғалтқышты оталдыру үшін кілтті «START» күйіне бұраңыз. Егер қозғалтқыш іске қосылмаса, ақауларды жою үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

• Қозғалтқыш айналмайды немесе баяу айналады:

1. АБҚ бар автокөліктер үшін: Берілістерді ауыстырып қосу селекторы «N» (Бейтарап) немесе «P» (Тұраққа қою) күйінде тұрғанына көз жеткізіңіз;
2. Автокөліктің тұрақ тежегішіне орнатылғанына көз жеткізіңіз;
3. Аккумулятор батареясы клеммаларының қосылғанын және күйін тексеріңіз (түйіспелер таза және сенімді түрде қосылған);
4. Қозғалтқыш стартерінің ағытпалары сенімді жалғанғанын тексеріңіз. Стартер қалыпты айналады;
5. Салонның көмескі жарығын қосыңыз. Стартер жұмыс істеп тұрған кезде жарық әлсіз болса немесе сөнсе, аккумулятор заряды таусылған.

• Қозғалтқыш айналады, бірақ оталмайды:

1. Отын деңгейін тексеріңіз;
2. Автокөліктің қуат көзі ажыратулы тұрған кезде оталдыру жүйесінің шарғысы мен оталдыру бітелелерінің сенімді қосылғанын тексеріңіз;
3. Мотор бөліміндегі отын мен отынның құбырын тексеріңіз.
4. Егер қозғалтқыш іске қосылмаса, диагностика жүргізу және жөндеу үшін өкілетті CHANGAN сервис орталығына хабарласыңыз.

ЕСКЕРТУ

Қозғалтқышты оталдыру жүйесі бұзылған жағдайда оталдыруды дереу тоқтатыңыз.

Автокөлікті еркін жүргізіп немесе ұзақ уақыт сүйреп қозғалтқышты оталдырмаңыз. Қозғалтқышты оталдыру үшін каталиттік бейтараптандырғышты зақымданудан қорғау мақсатында көмекші сымдардың көмегімен қосалқы батареяны қосыңыз.

Қозғалтқышты өшіру

Егер автокөлік ұзақ уақыт бойы қозғалтқыштың үлкен жүктемесінде және қозғалтқыштың жоғары айналымында жұмыс істеген болса, оны өшіргеннен кейін қозғалтқыш қызып кетуі мүмкін. Зақым келтірмеу үшін қозғалтқышты бірден өшірмеңіз. Оны өшірмес бұрын шамамен 2 минут бойы бос жүрісте істетіп қойыңыз.

ЕСКЕРТУ

- Автокөлік жүріп келе жатқанда қозғалтқышты өшірмеңіз. Бұл қауіпсіздікке, яғни руль мен тежегіш жүйесінің жұмысына әсер етуі мүмкін. Жазатайым оқиға орын алу қаупі бар

- Қозғалтқышты өшіргеннен кейін салқындату жүйесінің желдеткіші біраз уақыт бойы жұмыс істеуі мүмкін. Мотор бөлімінде жұмыс істеген кезде абай болыңыз.

- Қозғалтқышты өшіргеннен кейін АБК селекторын «Р» күйіне ауыстырыңыз.

Автокөлікті тұраққа қою


Егер автокөлік төрт аптадан астам уақытқа тұраққа қойылса, аккумулятор батареясының заряды таусылып, зарядтың шамадан тыс таусылуына байланысты ол жөндеуге жарамсыз болып қалуы мүмкін.

Автокөлікті тұраққа ұзақ уақыт қойған кезде шиналарды қозғалтқыштан, аккумулятор батареясынан және ЖЖМ-нан (жанар-жағармай материалдарынан) алыс ұстаған жөн. Автокөлікті күн сәулесі мен жаңбырдың тікелей әсерінен, жоғары температура мен ылғалдың әсерінен қорғаңыз. Резеңке тығыздағыштарды тазалаңыз да майлаңыз, барлық есікті жауып, автокөлікті құлыптаңыз. Егер автокөлік үй-жайда тұраққа қойылса, есік терезелерін сәл ашық қалдырыңыз.

Ұзақ уақыт бойы сақтайтын болсаңыз автокөлікті жақсылап жуып, құрғатып сүртіңіз де балауызбен өңдеңіз. Автокөлікті құрғақ, жақсы желдетілетін жерге тұраққа қойыңыз және автокөліктің астындағы балауыздың қорғаныс қабатын тексеріңіз. Шиналарды зауыттық тақтайшада көрсетілген максималды қысымға дейін үрленіз. Шиналардың деформациялануына жол бермеу үшін шиналардың күйін өзгерту мақсатында автокөлікті аптасына бір рет жылжытып отырыңыз. Ай сайын шиналардағы қысым көрсеткіштерін тексеріңіз.

Берілістерді таңдау селекторы

МБҚ селекторы



1-беріліс: селекторды бейтарап күйден солға қарай сәл тартып, алға қарай итеріңіз;

2-беріліс: селекторды бейтарап күйден солға қарай сәл тартып, артқа тартыңыз;

3-беріліс: селекторды бейтарап күйден алға жылжытыңыз;

4-беріліс: селекторды бейтарап күйден артқа тартыңыз;

5-беріліс: селекторды бейтарап күйден оңға қарай сәл апарып, алға жылжытыңыз;

6-беріліс: селекторды бейтарап күйден оңға қарай сәл апарып, артқа қарай жылжытыңыз;

R (Артқа жүру): селектор тұтқасындағы артқа жүру құлпын ашу түймесін бейтарап күйден

жоғары қарай тартыңыз да, содан кейін беріліс селекторын солға қарай шеткі күйге апарып, алға қарай жылжытыңыз.

- Артқа жүру берілісін қоспас бұрын ілінісу педалін тірелгенше басып, автокөлік тоқтағаннан кейін шамамен 3 секунд күтіңіз де, артқа жүру берілісін қосыңыз.

- Суық ауа райында берілістерді ауыстыру қиындауы мүмкін. Беріліс қорабындағы май жұмыс температурасына дейін қызғаннан кейін ауыстырып қосу кезінде қиындық жоғалады.

- Егер автокөлік тоқтағаннан кейін 1-ші беріліс немесе артқы (R) беріліс қосылмаса, берілістерді ауыстырып қосу селекторын «N» (бейтарап) күйіне ауыстырыңыз, ілінісу педалін жіберіңіз, содан кейін оны қайтадан тірелгенше басып, қажетті берілісті таңдаңыз.

- Ілінісу педалін басқаннан кейін бірден жібере салмаңыз. Өйткені автокөлік күрт соққы жасап, «секіруі» және қозғалтқыш сөніп қалуы мүмкін.

МБҚ орнатылған автокөліктерде отынды үнемдеу мақсатында тегіс көлденең жолдарда қозғалысты бастау үшін 2-ші берілісті және 100 км/сағ астам жылдамдықпен қозғалған кезде 6-шы берілісті пайдалануға рұқсат етіледі.

ЕСКЕРТУ

- Ілінісу педалін баспай немесе ішінара басып, берілістерді мәжбүрлеп ауыстырып қосу кезінде берілістерді ауыстырып қосу қиын болады. Бұл трансмиссия компоненттерінің мерзімінен бұрын тозуына немесе оның бұзылуына әкеледі.

- Автокөлік қозғалысы кезінде ілінісу педалін толығымен жіберу керек. Аяқты ілінісу педалінің үстінде ұстамаңыз және педальға сүйеменіз, педальді ұзақ уақыт басып отырмаңыз және автокөлікті еңіс жерге тұраққа қоймаңыз – бұл ілінісу механизмінің қызмет ету мерзімін қысқартады.

- Селектор тұтқасындағы «R» артқа жүру берілісінің құлпын ашу түймесін тек артқа жүру берілісін таңдау қажет болған жағдайда басыңыз. Кері жағдайда бұның салдарынан берілістер қате ауыстырылуы мүмкін.

- Берілісті ауыстырғаннан кейін автокөлік тоқтап қалмас үшін берілісті ауыстырмай тұрып, қозғалтқыш айналымын арттырыңыз.

- Автокөлік қозғалысы кезінде берілістерді ауыстырып қосу селекторын ұстап отырмаңыз. Әйтпесе, берілістерді ауыстырып қосу ашасы мерзімінен бұрын істен шығуы мүмкін.

АБҚ берілісінің қол режимі

Автоматты беріліс қорабы келесі 2 ауыстырып қосу режимімен жабдықталған: автоматты және қолмен. Ауыстырып қосу режимін берілістерді ауыстырып қосу селекторының көмегімен таңдауға болады.


▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Автокөліктен шықпас бұрын оны тұрақ тежегішіне қойыңыз. Берілістерді ауыстырып қосу селекторы «Р» (тұраққа қою) күйінде тұрғанына көз жеткізіңіз, оталдыру жүйесінің ажыратқышын «LOCK/OFF» күйіне ауыстырыңыз.
- Тұрақ тежегішіне балама ретінде селектордың «Р» (тұраққа қою) күйін пайдаланбаңыз.

Режимдерді ауыстыру

АБҚ-ны қолмен ауыстыру режиміне өту үшін АБҚ селекторын «D» күйінен оңға қарай жылжытыңыз.

Берілістерді ауыстырып қосу



«Р» - тұраққа қою. АБҚ селекторының «Р» күйі – қозғалтқыштың тұраққа қою және оталдыру режимі:

- Автокөлікті толығымен тоқтатқаннан кейін және тұрақ тежегішін іске қосқаннан кейін АБҚ берілістерін ауыстырып қосу селекторын «Р» күйіне ауыстыруға болады (EPB пернесі жоғары көтерілген);
- Ауыстырып қосу педалі үшін — акселератор педалін жіберіп, тежегіш педалін басыңыз. Тұраққа қою және ауыстырып қосу режимінен шығару үшін АБҚ селекторының тұтқасында құлыптан шығару түймесін басыңыз.

«Р» күйіне ауыстыру:

1. Тежегіш педалін толық басыңыз;
2. Автокөлік толық тоқтағаннан кейін тұрақ тежегішінің (EPB) пернесін жоғары тартыңыз;
3. Селекторды «N» күйіне ауыстырып, 3 секундтай күтіңіз. Тежегіш педалін жіберіңіз;
4. Берілістерді ауыстырып қосу селекторын «Р» күйіне ауыстырыңыз да, қозғалтқышты өшіріңіз.

АБҚ селекторын «Р» күйінен ауыстыру үшін - қозғалтқышты оталдырып, тежегіш педалін басыңыз. «Р»→«R», «R»→«P», «N» → «R» күйлерінің арасында ауыстыру үшін берілісті ауыстырып қосу селекторының тұтқасындағы құлыптан шығару түймесін басыңыз:



ЕСКЕРТПЕ

Автоматты беріліс қорабының қызмет ету мерзімін ұзарту және оның төмен температурада (-20°C-тан бастап) жұмыс істеу тиімділігін арттыру үшін қозғалтқышты суықтай оталдырғаннан кейін 30 секунд өтпестен автокөлік қозғалысын бастамаңыз.

Автокөлік тұрақта ұзақ тұрған кезде оны тұрақ тежегішіне орнатыңыз, АБҚ селекторын «Р» (тұраққа қою) күйіне ауыстырыңыз да, қозғалтқышты өшіріңіз.

Қозғалтқышты жұмыс істеп тұрған автокөлік уақытша тоқтаған кезде тежегіш педалін басыңыз, автокөлікті тұрақ тежегішіне орнатыңыз, АБҚ селекторын «N» (Бейтарап) күйіне ауыстырыңыз.

АБҚ селекторын «Р» күйіне бекіту

АБҚ селекторы «Р» (тұраққа қою) күйіне дұрыс орнатылмаған болса, құлыптанып қалуы мүмкін. Мысалы, пандус үстінде немесе өрде тұраққа қойғанда. Селектордың құлыпталуы – қалыпты жағдай. Бұл жағдайда АБҚ бекіткішіне автокөліктің толық салмағы әсер етеді. АБҚ бекіткіші мен берілістер қорабының тістегеріштері АБҚ селекторын «Р» (тұраққа қою) күйінен ауыстырып қосу үшін АБҚ селекторына көп күш жұмсауды талап ете отырып, үлкен үйкеліс жасайды. Бұл қиын процесс және белгілі бір күшті қажет етеді. Ауыстырып қосу процесі соққымен бірге жүруі мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ

Егер АБҚ құлыпталып қалса және берілістерді ауыстырып қосу селекторын «Р» (тұраққа қою) күйінен ауыстыру мүмкін болмаса, онда басқа көлік құралының көмегімен автокөлігіңізді өрге қарай бағытта тартыңыз. АБҚ бекіткішіндегі қысымды абайлап босатыңыз, содан кейін берілістерді ауыстырып қосу селекторын «Р» (тұраққа қою) күйінен шығарыңыз.

«R» (Reverse) – Артқа жүру:

Берілістерді ауыстырып қосу селекторын толығымен қозғалыссыз тұрған автокөлікте ғана «R» берілісіне ауыстырып қосуға болады.

«N» (Neutral) – Бейтарап күй

- Қозғалтқыштың жұмыс істеп тұрғанына/тұрмағанына қарамастан, бұл берілісті автокөлік қозғалысы кезінде қолданушы болмаңыз.

- Берілістерді ауыстырып қосу селекторы «N» (Бейтарап) күйінде болса, қозғалтқышты оталдыруға болады.

- Автокөлікті жұмыс істеп тұрған қозғалтқышпен біршама уақытқа тоқтату қажет болса, мысалы, кептеліс кезінде автокөліктің тежегішін алдын ала қосып, осы берілісті қолданыңыз;

- Автокөлікті тіркеп сүйреу кезінде осы берілісті қолданыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

Егер ақауға байланысты қозғалтқышты «Р» (тұраққа қою) күйінен іске қосу мүмкін болмаса, қозғалтқышты «N» (Бейтарап) күйінен іске қосуға болады.

«D» (Drive) – Алға жүру

Бұл режимде беріліс қорабы 1-ден 6-ға дейінгі берілісті автоматты түрде ауыстырып отырады, бұл кезде қозғалтқыштың айналу жылдамдығы, отын шығыны және қозғалтқыштың шуылы оңтайлы күйде болады. Келесі жағдайларда қолданылады:

- Барлық қалыпты қозғалыс жағдайлары үшін;
- Селектордың бұл күйінде АБҚ 6-шы беріліске дейін жетуі мүмкін.

+/-- қол режимінде жоғары және төмен беріліске ауысу:

Жоғары беріліске ауысу: АБҚ селекторын алға жылжытыңыз;

Төменгі беріліске ауысу: АБҚ селекторын артқа тартыңыз.


АБҚ күйі мен жұмыс режимдерін көрсету

Таңдалған режим туралы ақпарат (**P, R, N, D таңбасы**) көпфункционалы дисплейде көрсетіледі. АБҚ қол режимінде жұмыс істегенде дисплейде нақты беріліс туралы ақпарат көрсетіледі (мысалы, 1, 2... және т. б.).

Берілістерді ауыстырып қосу селекторын құлыптау

«P» күйінде АБҚ-ның құлыптау функциясы істейді. «P» (тұраққа қою) күйінен берілістерді ауыстырып қосу селекторын ауыстырып қосу үшін автокөліктің электр қуат көзін қосыңыз (ON күйі) да, қозғалтқышты оталдырыңыз; тежегіш педалін басыңыз; АБҚ селекторының тұтқасындағы құлыптау түймесін басыңыз да, селекторды ауыстырыңыз.


Егер жоғарыда аталған бекітпеден шығару тәсілі сәтсіз болса, қолмен бекітуден шығару тәсілін қолданыңыз: беріліс қорабының қабын ашыңыз да, құралдың көмегімен қолмен құлыптан шығару түймесін басыңыз.



ЕСКЕРТУ

- Қозғалыс кезінде және тасымалдау кезінде АБҚ селекторын «P» (тұраққа қою) күйіне ауыстыруға қатаң тыйым салынады. Әйтпесе, АБҚ-ны құлыптау бекіткіші зақымданып, АБҚ сынып кетуі мүмкін.
- Автокөліктің қозғалысы кезінде АБҚ селекторын N (Бейтарап) күйіне ауыстыруға тыйым салынады. Әйтпесе, май сорғысының өнімділігі төмендейді, ал мұның салдарынан беріліс қорабының ішіндегі температура жоғарылап, оның компоненттеріне толық зиян келтіріледі
- «D» (алға жылжу) және «R» (артқа жүру) режимдері арасында ауыстырып қосуды автокөлік толығымен тоқтағаннан кейін ғана жүзеге асыру қажет. Әйтпесе, беріліс қорабы зақымдалуы мүмкін.

АБҚ-ның электрондық селекторы




Автоматты беріліс қорабы келесі 2 ауыстырып қосу режимімен жабдықталған: автоматты және қолмен. Ауыстырып қосу режимін берілістерді ауыстырып қосу селекторының көмегімен таңдауға болады.

▲ НАЗАР АУДАРЫҢИЗ

- Автокөліктен шығар алдында «Р» (тұраққа қою) түймесін басып, автокөліктің «Р» тұраққа қою режиміне ауысқанына көз жеткізіңіз. Оталдыру жүйесін өшіріңіз (LOCK/OFF күйі).
- «Р» (тұраққа қою) режимін тұрақ тежегіші ретінде пайдаланбаңыз.

Режимдерді ауыстыру


АБҚ-ны қолмен ауыстырып қосу режиміне өту үшін АБҚ селекторын «D» күйінен солға қарай жылжытыңыз.



ЕСКЕРТПЕ

Берілістерді ауыстырып қосу селекторының екі тұрақты - сол және оң күйі бар, оларды қолмен ауыстыруға болады. Қол режиміне қосымша ретінде, оң жақтағы тұрақты күйде АБҚ селекторын басқарыңыз.

Берілістерді ауыстыру



«Р» - тұраққа қою. Қозғалтқышты оталдыру және тұраққа қою режимі:

- Автокөлікті «Р» (тұраққа қою) режиміне қою үшін – автокөлікті толығымен тоқтатыңыз және тұрақ тежегішін іске қосыңыз (EPB пернесі жоғары көтеріледі);
- Құлыптан шығару үшін — акселератор педалін жіберіп, тежегіш педалін басыңыз.

«Р» күйіне ауыстыру:

1. Тежегіш педалін толық басыңыз;
2. Автокөлік толық тоқтағаннан кейін тұрақ тежегішінің (EPB) пернесін жоғары тартыңыз;
3. Селекторды «N» күйіне ауыстырып, 3 секундтай күтіңіз. Тежегіш педалін жіберіңіз;

4. «P» (тұраққа қою) түймесін басыңыз.

**ЕСКЕРТПЕ**

Автоматты беріліс қорабының қызмет ету мерзімін ұзарту және оның төмен температурада (-20°C-тан бастап) жұмыс істеу тиімділігін арттыру үшін қозғалтқышты суықтай оталдырғаннан кейін 30 секунд өтпестен автокөлік қозғалысын бастамаңыз.

Автокөлік тұрақта ұзақ тұрған кезде оны тұрақ тежегішіне орнатыңыз, «P» (тұраққа қою) түймесін басыңыз да, қозғалтқышты өшіріңіз.

Қозғалтқышы жұмыс істеп тұрған автокөлік уақытша тоқтаған кезде тежегіш педалін басыңыз, автокөлікті тұрақ тежегішіне орнатыңыз, АБҚ селекторын «N» (Бейтарап) күйіне ауыстырыңыз.

АБҚ селекторын «P» күйіне бекіту

Автокөлік «P» (тұраққа қою) режиміне дұрыс орнатылмаған болса, АБҚ құлыптанып қалуы мүмкін. Мысалы, пандус үстінде немесе өрде тұраққа қойғанда. АБҚ-ның құлыптануы – қалыпты жағдай. Бұл жағдайда АБҚ бекіткішіне автокөліктің толық салмағы әсер етеді. АБҚ бекіткіші мен берілістер қорабының тістегеріштері АБҚ селекторын «P» (тұраққа қою) күйінен ауыстырып қосу үшін АБҚ селекторына көп күш жұмсауды талап ете отырып, үлкен үйкеліс жасайды. Бұл қиын процесс және белгілі бір күшті қажет етеді. Ауыстырып қосу процесі соққымен бірге жүруі мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ

Егер АБҚ құлыпталып қалса және автокөлікті «P» (тұраққа қою) күйінен ауыстыру мүмкін болмаса, онда басқа көлік құралының көмегімен автокөлігіңізді өрге қарай тартыңыз. АБҚ бекіткішіндегі қысымды ақырындап босатыңыз, содан кейін автокөлікті «P» (тұраққа қою) күйінен шығарыңыз.

«R» (Reverse) – Артқа жүру:

Берілістерді ауыстырып қосу селекторын толығымен қозғалыссыз тұрған автокөлікте ғана «R» берілісіне ауыстырып қосуға болады.

«N» (Neutral) – Бейтарап күй

- Қозғалтқыштың жұмыс істеп тұрғанына/тұрмағанына қарамастан, бұл берілісті автокөлік қозғалысы кезінде қолданушы болмаңыз.

- Автокөлікті жұмыс істеп тұрған қозғалтқышпен біршама уақытқа тоқтату қажет болса, мысалы, кептеліс кезінде автокөліктің тежегішін алдын ала қосып, осы берілісті қолданыңыз;

- Берілістерді ауыстырып қосу селекторы «N» (Бейтарап) күйінде болса, қозғалтқышты оталдыруға болады.

- Автокөлікті тіркеп сүйреу кезінде осы берілісті қолданыңыз.

ЕСКЕРТПЕ


Егер ақауға байланысты қозғалтқышты «P» (тұраққа қою) күйінен іске қосу мүмкін болмаса, қозғалтқышты «N» (Бейтарап) күйінен іске қосуға болады.

«D» (Drive) – Алға жүру

Бұл режимде беріліс қорабы 1-ден 6-ға дейінгі берілісті автоматты түрде ауыстырып отырады, бұл кезде қозғалтқыштың айналу жылдамдығы, отын шығыны және қозғалтқыштың шуылы оңтайлы күйде болады. Келесі жағдайларда қолданылады:

- Барлық қалыпты қозғалыс жағдайлары үшін;
- Селектордың бұл күйінде АБҚ 6-шы беріліске дейін жетуі мүмкін.

«R», «N», «D» күйлеріне ауыстыру



Қажетті бағытта АБҚ селекторын аз уақытқа ауыстырыңыз. Қажет болса, селектордағы түймені басыңыз. Селектор тұтқасын жіберсеңіз, ол бейтарап күйге оралады.

Келесі берілістерді ауыстыру үшін «UNLOCK» (кұлыптан шығару) түймесін басыңыз:

- «R» күйіне ауыстыру үшін;
- «P» күйінен ауыстыру үшін;

+/- қол режимінде жоғары және төмен беріліске ауысу:

- Жоғары беріліске ауысу: АБҚ селекторын алға жылжытыңыз;
- Төменгі беріліске ауысу: АБҚ селекторын артқа тартыңыз.

АБҚ күйі мен жұмыс режимдерін көрсету

Таңдалған режим туралы ақпарат (**P, R, N, D таңбасы**) көпфункционалы дисплейде көрсетіледі. АБҚ қол режимінде жұмыс істегенде дисплейде нақты беріліс туралы ақпарат көрсетіледі (мысалы, **1, 2... және т. б.**).

Қате әрекет кезінде көпфункционалы дисплейде мәтін мен сурет пайда болады. Берілістерді дұрыс ауыстыру үшін ұсыныстарды орындаңыз.

Тежеу жүйесі

Алдыңғы және артқы дискілі тежегіштер

Автокөлік гидравликалық дискілі тежегіштермен жабдықталған. Жұмыс тежегішін қосу немесе өшіру үшін тежегіш педалін басыңыз немесе босатыңыз.

Тежегіш механизмдері қызған кезде тежегіш педаліндегі күш жеңілдеп, педаль түседі, өйткені бұл вакуумдық күшейткіші бар тежеу жүйесінің қалыпты жұмысы.

ЕСКЕРТУ

- Автокөлік қозғалысын бастамас бұрын тежеу жүйесінің индикаторы қалыпты жұмыс істейтініне көз жеткізіңіз.
- Тежегіш қыспақтары тозу датчиктерімен жабдықталған. Егер тежеу кезінде металл дыбысы естілсе (тежегіш дискісіне металл серіппелі датчиктің тиіп шықырлауы), тежегіш қыспақтарын ауыстыру үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына мүмкіндігінше тезірек хабарласыңыз.
- Тежегіш қыспақтары тозып кеткен автокөліктерді пайдаланбаңыз. Өзіңізді және жол қозғалысының басқа қатысушыларын апат қаупіне ұшыратпаңыз.

Электрмеханикалық тұрақ тежегіші (EPB)

Электрмеханикалық тұрақ тежегішінің (EPB) функциялары: тұраққа қою кезінде автокөлікті бір орында ұстау, өрге көтерілгенде автокөліктің сырғып кетуіне жол бермеу, жоғары температурада реттеу, динамикалық тежеу функциясы.

Автокөлікті бір орында ұстау функциясы

Автокөлік тоқтағаннан кейін EPB пернесін жоғары тартыңыз. Тұрақ тежегіші іске қосылады, дисплейде EPB индикаторы – қызыл түспен, ал тұрақ тежегіші пернесінің индикаторы сары түспен жанады.



Автокөлікті тұрақ тежегішінен шығаратын кезде алдымен тежегіш педалін, содан кейін EPB пернесін басыңыз. Тұрақ тежегіші құлыптан босатылып, индикаторлар сөнеді.

Автокөлікті тұрақ тежегішіне қою/одан шығару кезінде тежегіш механизмдері жұмысының шуылы естіледі.

ЕСКЕРТУ

- Автокөлік жүріп келе жатқанда EPB пернесін ұстамаңыз;
- EPB пернесінің үстіне ауыр заттарды қоймаңыз;
- Автокөліктен шығар алдында автокөліктің тұраққа сенімді қойылғанын және басқа да қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететіндей етіп автокөлікті тұраққа қойыңыз;
- Тежегіш қыспақтарын ауыстыру қажет болса, CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

Қозғалысты бастауға көмектесетін жүйе (DAA)

Қозғалысты бастауға көмектесетін жүйе (DAA) – EPB-нің көмекші функциясы. DAA жүйесі жұмыс істеп тұрған кезде жүргізушіге EPB пернесін басудың қажеті жоқ, өйткені EPB автокөлік қозғалысын ыңғайлы бастау үшін келесі шарттар орындалған кезде тұрақ тежегішін автоматты түрде босатады.

Қозғалысты бастауға көмектесетін жүйе (DAA) келесі шарттар орындалған кезде жұмыс істейді: жүргізушінің қауіпсіздік белбеуі тағылған, жүргізушінің есігі дұрыс жабылған.

Механикалық беріліс қорабы (МКБ) бар автокөліктер үшін ілінісу педалін бірқалыпты жібере отырып, акселератор педалін баяу басу қажет.

ЕСКЕРТУ

- DAA жүйесін артқа жүру үшін қолдануға болады. Мұқият болыңыз және абайлаңыз.
- МКБ орнатылған автокөліктерде DAA жүйесін пайдаланған кезде БҚ берілістеріне мұқият әрі абай болыңыз. Берілістерді ауыстыру селекторы бейтарап күйде тұрғанда ілінісу педалін бір уақытта жіберіп, акселератор педалін бассаңыз, автокөлік артқа жүріп кетуі мүмкін.

Қызып кету кезінде тежеу күшін реттеу (HTR)

HTR жүйесі – EPB-нің көмекші функциясы. Жиі тежеу тежегіш механизмдердің қызып кетуіне әкелуі мүмкін. Қауіпсіз тұраққа қоюды қамтамасыз ету үшін HTR жүйесі автоматты түрде іске қосылады. Автокөлік тоқтаған соң, HTR жүйесі тұраққа қоюды қолайлы ету үшін белгілі уақыт аралығында автоматты түрде қайтадан қосылып отырады. Жүйе жұмыс істеп тұрған кезде тежегіш механизмдері жұмысының шуылы естілуі мүмкін.

ЕСКЕРТУ

Бірнеше рет үздіксіз тежеген соң қауіпсіз тұраққа қоюды қамтамасыз ету үшін автокөлікті тегіс жолға тұраққа қоюға тырысыңыз.

Динамикалық тежеу функциясы (DBF)

DBF динамикалық тежеу функциясы – EPB жүйесінің көмекші функциясы. EPB пернесін көтеріп тұру арқылы төтенше тежеу функциясын қолдануға болады.

ЕСКЕРТУ

DBF функциясын төтенше жағдайларда ғана қолданыңыз.

Тежегішті бекіту жүйесі (ABS)

Тайғақ жолда жүрген кезде төтенше жағдай туындаса, тежеу кезінде ABS жүйесі автокөлік дөңгелектерінің бекітілуіне жол бермейді, бұл автокөлікті басқаруда тұрақтылықты басқарылу сақтауға көмектеседі.

ABS жүйесі іске қосылған кезде тежегіш педалінде аяққа сезілетін діріл білінеді, ал мотор бөлімінде ABS жүйесінің жетегі тиісті дыбыспен іске қосылады.

Автокөлікті іске қосқан сайын және бастапқыда 10,8 км/сағ жылдамдығына жеткенде ABS жүйесі автоматты түрде өзін-өзі диагностикалайды және оның тиісті дыбысы естіледі.


Бос айнарудан сақтау жүйесі (TCS)

Автокөлік тегіс жол төсемімен немесе таулы аймақтағы жолмен жүргенде автокөліктің жетекші дөңгелектерінің тайып кетуіне жол бермейді. Жетекші дөңгелек тайған кезде TCS жүйесі тарту күшін сақтау үшін дөңгелектер мен қозғалтқыштың айналдыру моментін бақылауда ұстап, аздап тежейді, осылайша автокөліктің жүріс тұрақтылығын, үдеуін, орнықтылығын және басқарылу мүмкіндігін жақсарту үшін жетекші дөңгелектердің тайып кетуін болдырмайды немесе азайтады.

Егер автокөлік қарға, батпаққа немесе құмға батып қалса, қозғалтқыштың номиналды айналу моментін қалпына келтіру үшін және кедергіні еңсеру мақсатында қуатты арттыру үшін тартқышты бақылайтын бос айнарудан сақтау жүйесін (TCS) өшіру ұсынылады.

Бағыт тұрақтылығын сақтайтын электрондық жүйе (ESC)

Электрондық бағыт тұрақтылығын сақтайтын жүйе (ESC) автокөліктің күйін қадағалау үшін датчиктерді пайдаланады. Егер автокөліктің тұрақтылығы қауіпті жағдайда болса (мысалы, шұғыл бұрылыстар немесе қозғалыс жолақтарын кенеттен өзгерту), жүйе тежеу күшін бақылайды және қозғалтқыштан дөңгелектерге берілетін айналу моменті автокөліктің қозғалыс тұрақтылығын арттырады, апаттардың орын алу ықтималдығын тиімді азайтып, жүргізу қауіпсіздігін арттырады.



Жүйе іске қосылған кезде көпфункционалы дисплейдегі ESC индикаторы жыпылықтайды, тежегіш педалі аздап дірілдейді, ал мотор бөлімінде ESC жүйесінің жетегі іске қосылады.

Автокөлікті іске қосқан сайын және бастапқыда 10 км/сағ жылдамдығына жеткенде ESC жүйесі автоматты түрде өзін-өзі диагностикалайды және оның тиісті дыбысы естіледі.

ESC жүйесін іске қосу және өшіру


«ESC_OFF» пернесін басыңыз. Аспаптар тақтасында «ESC_OFF» индикаторы жанып, ESC және TCS жүйелері өшіп қалады. «ESC_OFF» түймесін қайта басу «ESC_OFF» индикаторының сөнуіне және ESC жүйесінің қосылуына алып келеді. TCS және ESC жүйелері іске қосылған.



Тік еңісте жүруге көмектесетін жүйе (HDC)

Тік өрге немесе созылған еңіске жетіп қалғанда «HDC» түймесін басу арқылы еңісте жүруге көмектесетін жүйені қосуға болады. ESC жүйесі автокөліктің жылдамдығын белгіленген диапазонда бақылайды:

- Көлік құралының жылдамдығын сағатына 8 км-ден 35 км-ге дейін бақылау үшін тежегіш педалін немесе акселератор педалін қажет болған жағдайда басыңыз. Педальдарды жіберіңіз, сонда автокөлік белгіленген жылдамдыққа сәйкес ылдиға қарай жүруді жалғастырады.
- ESC жүйесі ылдиды жылдам және қауіпсіз еңсеруге баса назар аударуға мүмкіндік бере отырып, автокөліктің қозғалыс жылдамдығын бақылайды.



ЕСКЕРТПЕ

Қозғалтқыш іске қосылған кезде ESC жүйесі әдепкі түрде қосылады. Төменде сипатталған белгілі бір жағдайларды қоспағанда, көлік жүргізу қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін оны өшірмеген жөн:

- Автокөлік сырғытпайтын шынжырлармен жабдықталған;
- Қалың қарда немесе жұмсақ жол төсемінде жүрген кезде;
- Автокөлік тұрып қалғанда және шығып кетуге тырысқанда.

ЕСКЕРТУ

ESC және TCS жүйелері қозғалыс қауіпсіздігін арттырғанына қарамастан, көлік басқару кезінде мұқият және абай болыңыз. Қозғалыс кезінде автокөліктің тежеу жолын ескере отырып, қажетті қашықтықты сақтаңыз.

Бағыт тұрақтылығын сақтау жүйесі (ESC) тежеу жүйесімен, аспамен, дөңгелектермен, рульмен, электр жүйелерімен және т.б. тығыз байланысты. Автокөлікті жеке тәртіппен қайта жабдықтау ESC жүйесінің жұмыс сипаттамаларын нашарлатуы немесе істен шығаруы мүмкін.

Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру жүйесі (AUTO HOLD)

Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру жүйесі (AUTO HOLD) тежеу жүйесіндегі қысымды ESC жүйесі арқылы ұстап тұрады және жүргізушіге автокөлікті қозғалыссыз күйде ұстап тұруға көмектеседі. Тежегіш педалін жіберген кезде автокөлік қозғалыссыз күйде қалады. Акселератор педалін басқанда қозғалысты бастауға жағдай жасалады, тұрақ тежегіші автоматты түрде жіберіліп, автокөлік біртіндеп қозғала бастайды.

Автоматты түрде ұстап тұру функциясы (AUTO HOLD) жүргізушіге келесі жағдайларда көмектеседі:

- Қозғалыс басталған кезде, әсіресе тік өрде автокөлікті ұстап тұрады;
- Автокөліктің, әсіресе тік өрде кездейсоқ және өздігінен қозғалуына жол бермейді;
- Негізгі тежеу жүйесі істен шыққан жағдайда төтенше тежеу функциясын атқарады. Функцияны AUTOHOLD қосқышымен қосуға немесе өшіруге болады.

**ЕСКЕРТПЕ**

- [AUTOHOLD] пернесінің үстіне ауыр заттарды қоймаңыз;
- [AUTOHOLD] пернесін ұзақ басып тұрмаңыз. Жүйе мұны қате деп анықтап, қате туралы хабарлайды.

Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру жүйесінің (AUTO HOLD) іске қосылу шарттары:

- Автокөлік толығымен қозғалыссыз;
- Қозғалтқыш оталып тұр;
- Жүргізушінің қауіпсіздік белбеуі тағылған;
- Есіктер (соның ішінде жүргізуші есігі) жабық;
- EPB (Электрмеханикалық тұрақ тежегіші) жүйесінің ақау индикаторы өшірулі;
- ESC жүйесі қосылған;
- [AUTO HOLD] пернесін басыңыз (индикатор жанады).

Егер автокөлік сырғанауға бейім болса, AUTOHOLD жүйесі автокөліктің қозғалуын болдырмау үшін тежеу жүйесінің күшін автоматты түрде арттырады. Сонымен қатар ESC жүйесінің дыбысы естіледі және аяққа кішкене діріл беріледі. Автокөлік қайтадан сырғыған жағдайда AUTOHOLD жүйесі автокөлікті автоматты түрде тұрақ тежегішіне орнатады, бұл жүйенің қалыпты алгоритмі.

Егер автокөлік қозғала бастаған кезде AUTO HOLD автоматты түрде ұстап тұру жүйесі жұмыс істесе, автокөлікті ұстап тұру режимінен шығару үшін акселератор педалін басыңыз.

Механикалық беріліс қорабы (МБҚ) бар автокөліктерде: ілінісу педалін бірден жіберген және дроссельді жапқышты ашпаған кезде бұл AUTOHOLD жүйесінің іске қосылуына - автокөлік қозғалтқышының бірден тоқтап қалуына және өшуіне әкелуі мүмкін. Бұл жағдай жүйенің қалыпты жұмысы, қозғалысты бастау кезінде мұқият әрі абай болыңыз.

Егер автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру жүйесі (AUTO HOLD) көлік жүргізу кезінде қолайсыздық тудырса, мысалы, артқа жүру кезінде, кептелісте тұрғанда және т.б. жағдайларда оны уақытша өшіріп қоюға болады.

ЕСКЕРТПЕ

- Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясы қосылған кезде [AUTOHOLD] қозғалыс бастауға көмектесетін жүйе (ННС) автоматты түрде өшеді. AUTOHOLD жүйесі өшіп, қозғалысты бастауға көмектесетін жүйе (ННС) автоматты түрде қосылады.
- Қозғалыс басталған кезде автокөлікті ұстап тұру режимінен шығару үшін акселератор педалін басыңыз. Әйтпесе, автокөлік қозғалысты бастай алмайды.
- AUTOHOLD жүйесі автокөлікті қозғалыссыз күйде ұстай бастаған сәттен бастап шамамен 3 минуттан кейін AUTOHOLD автоматты түрде ұстап тұру жүйесі электрмеханикалық тұрақ тежегішіне өздігінен ауысады;
- AUTOHOLD функциясы іске қосылған кезде тежегіш педалі қатайып қалуы мүмкін.
- AUTOHOLD автоматты ұстау жүйесі тұрақ тежегішін алмастырмайды. Автокөлікті қауіпсіз көлденең бетке тұраққа қойыңыз. Автокөліктің сырғып және тайып бара жатпағанына көз жеткізіңіз.
- Егер AUTOHOLD жүйесінің барлық жұмыс істеу шарттары орындалса, бірақ перне индикаторы қосылмаса, диагностикалау және жөндеу үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

Өрде қозғалысты бастауға көмектесетін жүйе (ННС)

Өрде қозғалысты бастауға көмектесетін жүйе (ННС) қозғалыс басталған кезде автокөліктің артқа қозғалуына (сырғып кетуіне) жол бермейді. Тежегіш педалін жіберген кезде жүйе қысқа уақыт ішінде автокөлікті қозғалыссыз ұстайды және сырғып кетуден сақтау үшін акселератор педалін басуға уақыт береді.

ЕСКЕРТУ

- Егер бөлінген қысқа уақыт өткеннен кейін автокөлік қозғала бастамаса немесе жүргізуші акселератор педалін аз күшпен басса, ННС жүйесі автокөлікті статикалық күйде ұстауды тоқтатады, ал бұл автокөліктің артқа сырғып кету қаупін туындатады, мұның салдары апаттарға, жазатайым оқиғаларға және жарақаттарға әкелуі ықтимал.
- Егер ННС жүйесі жұмыс істеп тұрған кезде жүргізуші есігі ашылса, жүйе дереу өшіп, автокөлік төмен сырғи бастайды.

ЕСКЕРТПЕ

- ННС жүйесі зауыттық баптауларда әдепкі бойынша іске қосылған. Оны өшіру үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.
- Жүйе қалыпты жұмыс істегенде соленоидтардың клапандары «сырт» еткен дыбыс шығарады, бұл ақау болмауы мүмкін.
- ННС жүйесі тежеу жүйесіндегі күшті арттырмайды. Егер тежегіш педалі аз күшпен басылса, ННС автокөлікті ұстай алмай қалуы мүмкін;
- Егер ESC бағыт тұрақтылығын сақтау жүйесі істен шықса, диагностика жүргізу және жөндеу үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына мүмкіндігінше тезірек хабарласыңыз.

Толық жетек жүйесі

Автокөлік жүргізушінің әрекеттері туралы ақпараттарды, соның ішінде оның жылдамдығы туралы ақпаратты, шиналардың сырғанауы және т. б. туралы ақпаратты нақты уақыт режимінде артқы дөңгелектерге айналу моментін бере алатын интеллектуалды және белсенді толық жетекті жүйесімен жабдықталған. Жүйе түзу жүру және жолда, сондай-ақ қаражолда бұрылыстардан дәл өту үшін айналу моментін үздіксіз реттей алады.


Жүйеде келесі жұмыс режимдері бар: AUTO (автоматты түрде) және құлыптау режимі (LOCK). Жұмыс режимін толық жетекті ауыстырғышпен таңдауға болады. Оталдыру жүйесін іске қосқан сайын жүйе автоматты режимде болады. Жүйенің құрамдас бөліктері саңылаусыз және қызмет көрсетуді талап етпейді.

Толық жетекті пайдалану жолы

Толық жетектің екі режимі таңдау үшін қолжетімді:

- AUTO автоматты режимі;
- LOCK – құлыптау режимі.

Оталдыру жүйесі іске қосылғанда жүйе автоматты режимде (AUTO) болады. Құлыптау ауыстырып қосқышын жылжытыңыз (жоғары және төмен, автоматты қалпына келтіру), жүйе LOCK құлыптау режиміне ауысады және таңдалған LOCK құлыптау режимі дисплейде көрсетіледі. Сосын құлыптау режимінен шығыңыз.



S304013

Интерфейс дисплейі

Автокөлік қозғалысы кезінде ақпарат дисплейінде көрсетілген айналдыру моменті туралы ақпаратты жүйенің жұмыс режимін және алдыңғы әрі артқы дөңгелектер арасындағы айналдыру моментін үлестіруді бақылау үшін пайдалануға болады.



AUTO (Автоматты) режимі: автокөлік жалпыға ортақ жолдарда және тас төселген жолдарда жүргенде автоматты (AUTO) режимін қолданыңыз. Бұл режимде автокөліктің жүрісі стандартты қозғалыс жағдайында қарапайым моножетекті автокөліктің жұмысынан ерекшеленбейді. Алайда жүйе толық жетек режимі қажет екенін анықтаса, қозғалтқыштың айналдыру моменті жүргізушінің қатысуынсыз барлық төрт дөңгелекке таратылады.

LOCK – құлыптау режимі: автокөлік тайғақ, жұмсақ, құмды немесе қиыршық тасты жабынмен немесе қалың қар қабаты үстімен қозғалғанда алдыңғы дөңгелектер жол төсемімен жеткіліксіз ілінісетін болса, тартылыс күшін арттыру үшін LOCK режимін қосуға болады.

Құлыптау (LOCK) режимінде қозғалған кезде автокөліктің жылдамдығы 40 км/сағ шамасынан асса, онда автокөлік автоматты түрде құлыптау режимінен (LOCK) автоматты режимге (AUTO) ауысады. Автокөлік жылдамдығы қайтадан 40км/сағ шамасына төмендеген кезде автокөлік AUTO режимінде қалады. Егер әрі қарай LOCK режимінде қозғалу қажет болса, құлыптау режимін ауыстырғыштың көмегімен LOCK режиміне ауыстырыңыз.

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Борпылдақ құм жолдармен, тайғақ және ылғал жолдармен, қиыршық тастармен немесе қар және мұз үстімен жүрген кезде дөңгелектердің сырғуына жол бермеу үшін ерекше сақ болыңыз.
- Тайғақ жолда, моножетекпен салыстырғанда, толық жетекті автокөлік артықшылыққа ие, бірақ кез келген басқа автокөлік сияқты ол да сырғуы мүмкін.
- Тайғақ жолда толық жетекті автокөлік, моножетекке қарағанда, тезірек жүре алады, бірақ тежегіштердің жұмыс істеу тиімділігі

бірдей болады. Тайғақ жолмен жүру кезінде қашықтықты сақтаңыз. Кенеттен тежеу қажет болса, автокөліктің тежеу ізі алдыңғы автокөлікке дейінгі қашықтықтан аз болатынына көз жеткізіңіз.

- Толық жетекті автокөлікпен жүре бастағанда немесе тайғақ жолдағы күрделі жол жағдайынан шыққан кезде шамадан тыс сырғымау және көлік басқарудан айырылып қалмау үшін акселератор педалін абайлап басқарыңыз.

- Автокөлік жалпыға ортақ пайдаланылатын жолдарда пайдалануға арналған, бірақ қаражолда да жүргенде өзін лайықты көрсетті. Бұл автокөлік спорттық жарыстарға және далалық сынақтарға қатысуға арналмаған.

- Автокөлікті оның конструкциясында көзделмеген жолдарда пайдалану немесе тәжірибесі аз жүргізушінің жүргізуі ауыр жарақатқа немесе тіпті өлімге әкелуі мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ

- LOCK құлыптау режимін тек жұмсақ, құм, қиыршық тас бетпен немесе қалың қар қабатымен қозғалғанда немесе автокөлік тұрып қалып, оны шығарып алғанда ғана пайдалануға рұқсат етіледі. Автоматтық режимді (AUTO) автокөлік жалпы қолданыстағы жолдар мен төсемі қатты жолдарда жүргенде пайдалану қажет.
- Егер автокөлік жалпы қолданыстағы жолдарда жүргенде аспаптар тақтасы дисплейінде LOCK құлыптау белгісі үнемі көрсетіліп тұрса, оны толық жетекті ауыстырып қосқышты уақтылы басу арқылы автоматты режимге (AUTO) ауыстыру керек.
- Автокөліктің жалпыға ортақ жолдарда құлыптау режимінде (LOCK) жүруі (әсіресе бұрылыстардан өту кезінде) механикалық шу немесе діріл тудыруы мүмкін. LOCK құлыптау режимі өшірілген кезде шу мен діріл жоғалады. Шу естілген және діріл сезілген күйде автокөлікті ұзақ уақыт жүргізу кейбір беріліс бөлшектеріне зақым келтіруі мүмкін.
- LOCK құлыптау режимі өшірілгенде қозғалтқыштан айналдыру моменті толығымен алдыңғы дөңгелектерге берілетіндіктен, жеңіл соққы сезіледі, бұл механикалық ақаулық емес.

Толық жетек жүйесінің қызып кетуі және істен шығуы

Автокөлік қалың құмда, тайғақ жолда, мұзда немесе қарда жүргенде шиналар өте қатты сырғанап бастайды. Бұл жағдайда, шамадан тыс сырғанағандықтан, толық жетек жүйесі қызып кетуі мүмкін. Егер дисплейде толық жетек жүйесінің қызып кеткені туралы ақпарат пайда болса, толық жетек жүйесінің қалыпты жұмысын тез қалпына келтіру үшін автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатыңыз да, АБҚ селекторын «Р» немесе «N» күйіне ауыстырып, толық жетек жүйесінің механизмдерін суытыңыз. Қызып кету туралы ақпарат өшкен соң 15 минут күтіңіз. Температура қалыпты жағдайға қайтқан соң қозғалысты жалғастырыңыз.

Егер қызып кету ақпараты қайта пайда болса, бұл ақауды өз бетіңізше жоюға тырыспаңыз. Мамандардың көмегіне жүгініңіз.

Дисплейдегі ақпарат электр тізбегіндегі ақауларға немесе жүйенің басқа ақауларына байланысты толық жетек жүйесінің істен шығуы сияқты толық жетек жүйесінің ақауы туралы хабарлайды. Дисплейде «толық жетек жүйесінің ақауы» және соған тиісті белгі пайда болады. Толық жетек жүйесі бұзылған жағдайда автокөлікті ең жақын қауіпсіз жерге тұраққа қойыңыз және автокөлікті диагностикалау және жөндеу үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

Толық жетек жүйесі қызып кеткен немесе істен шыққан жағдайда автокөлік жетегі әдепкі қалпы бойынша алдыңғы оське ауысады.

ЕСКЕРТУ


- Толық жетек жүйесі қызып кеткен немесе істен шыққан жағдайда автокөлікті тоқтатыңыз. Өйткені толық жетек жүйесіне және басқа бөлшектерге зақым келуі мүмкін, сонымен қатар қосымша шығындарға алып келуі мүмкін.
- Бұл автокөлік жарыстарға және далалық сынақтарға қатысуға арналмаған. Егер жол жағдайлары автокөліктің есептелген мүмкіндіктері шегінен асып кетсе, қызып кету туралы сигнал қайта қосылады, қозғалысты әрі қарай жалғастыру бұрынғысынша толық жетектің және басқа да бөлшектердің зақымдалуына әкелуі мүмкін. Қозғалысты тоқтатып, көмек алыңыз.
- Автокөлікте қауіпсіз қозғалысты және басқаруды қамтамасыз етуге арналған шиналар орнатылған. Өндіруші орнатқан шиналар мен автокөлік дөңгелектерінен өлшемі мен түрі өзгеше шиналар мен дискілерді пайдаланбаңыз. Әйтпесе, автокөліктің өнімділігі мен қауіпсіздігіне кері әсер етіп, руль істен шығуы немесе автокөлік аударылып кетуі мүмкін. Бұл ауыр жарақатқа әкелуі мүмкін. Шиналарды ауыстыру кезінде барлық төрт дөңгелекті өлшемі, типі, протекторы, логотипі және жүк көтергіштігі

бірдей шиналармен жабдықтауды ұмытпаңыз.


- Автокөлікті домкратпен көтерген кезде қозғалтқышты оталдыруға немесе дөңгелектерді айналдыруға тыйым салынады. Егер айналып тұрған шина жол бетіне тиетін болса, автокөлік домкраттан тайып, алға қарай ытқыш кетеді.

Толық жетекті автокөлікті сүйреу

Толық жетекті автокөлікті тасымалдау үшін оны толығымен эвакуатор платформасына көтеріп қою керек немесе суретте көрсетілгендей етіп тіркеу керек.



Толық жетекті автокөліктерді жартылай тиеу арқылы тасымалдауға тыйым салынады. Автокөлікті толық тиемейтін (тек бір осьті ілу арқылы) екі дөңгелекті тіркемелерде сүйреуге жол берілмейді. Қате сүйреу толық жетек жүйесіне зақым келтіруі мүмкін.




Толық жетекті автокөлікті динамометрлік стендте сынап тексеру

Толық жетекті автокөліктерді мамандандырылған динамометрлік стендте сынап тексеру керек. Осындай сынақтар жүргізу кезінде тұрақ тежегішін қоспаңыз.

Толық жетекті автокөлікті моножетекті автокөліктерге арналған стендте сынамаңыз. Қажет болса, сынауға немесе диагностикалауға роликті стендті қолдану кезінде келесі әрекеттерді орындаңыз:

1. Автокөлік шиналарындағы арнайы қысымды тексеріңіз де, реттеңіз;
2. Суретте көрсетілгендей, жылдамдықты (спидометр) тексеру үшін алдыңғы дөңгелектерді стендке орнатыңыз;
3. Тұрақ тежегішін босатыңыз;
4. Суретте көрсетілгендей, артқы дөңгелектерді уақытша бос роликке орнатыңыз.




▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Автокөлікті динамометрлік стендте сынау кезінде автокөліктің алдыңғы жағынан алыс тұрыңыз. Бұл өте қауіпті. Автокөлік стендтен алға қарай ытқып кетіп, ауыр жарақатқа немесе тіпті өлімге әкелуі мүмкін.
- Автокөлікті көтеру кезінде алдыңғы және/немесе артқы дөңгелектерді бөлек-бөлек пайдаланбаңыз. Төрт дөңгелектің бәрі жұмыс істеуі керек. Егер автокөлікті көтеру кезінде алдыңғы немесе артқы дөңгелектерді пайдалану қажет болса, тұрақ тежегішін босатыңыз.

«START-STOP» функциясы


Автокөлік тоқтаған кезде «START-STOP» функциясы қозғалтқыштың жұмысын тоқтатады. Бұл бағдаршамның қызыл сигналының алдында немесе кептелісте тоқтаған кезде өте ыңғайлы, сондай-ақ отын шығынын едәуір азайтады, зиянды шығарындылар мен қозғалтқыштың шуын азайтады.

START-STOP функциясын іске қосу



Пернені бассаңыз, жасыл индикатор жанады. «START – STOP» функциясы (қозғалтқышты оталдыру - өшіру) іске қосылған. Түймені тағы да бассаңыз, жасыл индикатор сөнеді. «START – STOP» функциясы (қозғалтқышты оталдыру - өшіру) сөнеді.

«Start-Stop» функциясы күйінің индикациясы

Индикатор  аспаптар тақтасында START-STOP функциясының 3 күйін көрсетеді:

1. ON (Қосулы) → «START-STOP» функциясы қосулы, бірақ ағымдағы күй қозғалтқышты оталдыруға/өшіруге мүмкіндік бермейді;

2. OFF (Өшірулі) → «START-STOP» функциясы өшірілген немесе ағымдағы күй қозғалтқышты оталдыруға/өшіруге мүмкіндік береді;

3. Жыпылықтағаннан кейін жанады → жүйеде ақау бар. Диагностикалау және жөндеу үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

«START-STOP» жүйесінің жұмысы

1. Автокөліктің қозғалтқышын оталдыру үшін «START-STOP» функциясын іске қосыңыз. Егер салқындату жүйесінің температурасы 60°C-тан жоғары болса және автокөліктің жылдамдығы 10 км/сағ асатын болса, «START-STOP» функциясының индикаторы (Қозғалтқышты оталдыру – өшіру) сөнеді;

2-1. **МБҚ бар автокөліктерде:** бағдаршамның қызыл сигналының алдында тоқтаған кезде немесе қысқа уақытқа тоқтаған кезде - акселератор педалін жіберіңіз, ілінісу педалін басыңыз да, МБҚ селекторын бейтарап күйге ауыстырыңыз. Автокөлік тоқтаған соң, ілінісу педалін жіберіңіз, сол кезде қозғалтқыш автоматты түрде өшеді;

2-2. **АБҚ бар автокөліктерде:** берілістерді ауыстырып қосу селекторы «D» немесе «N» күйінде тұрған кезде акселератор педалін жіберіңіз де, тежегіш педалін басыңыз. Автокөлік тоқтаған соң қозғалтқыш автоматты түрде өшеді;

3-1. **МБҚ бар автокөліктерде:** автокөлік қозғалмас бұрын ілінісу педалін басыңыз, осы кезде қозғалтқыш автоматты түрде іске қосылады. «START – STOP» жүйесінің индикаторы бірге жанады;

3-2. **АБҚ бар автокөліктерде** қозғалтқыш мына жағдайларда автоматты түрде оталады:

- АБҚ селекторының «D» күйінде, автокөлік қозғалысы басталар алдында, тежегіш педалін жібергенде;

- АБҚ берілістерін ауыстырып қосу селекторын «N» күйінен «D» күйіне ауыстырғанда.

«START – STOP» жүйесінің индикаторы бірге жанады;

4. Егер автокөліктің жылдамдығы 10 км/сағ шамасынан асса, «START-STOP» функциясының индикаторы сөнеді. «START-

STOP» функциясы қалыпты режимде қосылуы мүмкін.

Белгілі бір жағдайларда қозғалтқышты автоматты түрде оталдыру – өшіру (START-STOP)

Жүйе келесі жағдайларда қозғалтқышты өздігінен оталдырады/өшіреді:

- «START- STOP» ауыстырып қосқышының көмегімен қозғалтқышты автоматты түрде өшіру:

Егер автокөлік іске қосылған сәттен бастап белгілі бір уақыт ішінде бос жүріс режимінде жұмыс істеп тұрса, қозғалтқышты автоматты түрде өшіру шарттары орындалған кезде «START – STOP» ауыстырып қосқышын басыңыз, сол кезде қозғалтқыш автоматты түрде өшеді.

- Егер автокөліктің басқару құралдары ұзақ уақыт жұмыс істемесе, қозғалтқышты автоматты түрде өшіру.

Егер қозғалтқышты автоматты түрде іске қосқаннан кейін 15 секунд ішінде ілінісу немесе акселератор педалі басылмаса, ал МБҚ селекторы өз күйін өзгертпесе, қозғалтқыш автоматты түрде өшеді (МБҚ бар автокөліктер үшін).

- Акселератор педалін басып, қозғалтқышты автоматты түрде оталдыру.

Қозғалтқышты автоматты түрде тоқтатқаннан кейін және АБҚ селекторы «N» (бейтарап) күйінде тұрғанда акселератор педалін басыңыз,

осы кезде қозғалтқыш автоматты түрде оталады.

- «START-STOP» ауыстырып қосқышын басу арқылы қозғалтқышты автоматты түрде оталдыру:

Қозғалтқышты автоматты түрде тоқтатқаннан кейін және АБҚ селекторын «N» (бейтарап) күйінде тұрғанда «START-STOP» жүйесінің ауыстырып қосқышын басыңыз, сол кезде қозғалтқыш автоматты түрде оталады.

- Еркін жүріс кезінде қозғалтқышты автоматты түрде оталдыру.

Егер қозғалтқыш автоматты түрде сөнгеннен кейін автокөліктің инерция жылдамдығы 5 км/сағ шамасынан асса, қозғалтқыш автоматты түрде іске қосылады.

- Батареяның қуаты төмен болған кезде қозғалтқышты автоматты түрде оталдыру.

Егер қозғалтқыш автоматты түрде сөнгеннен кейін аккумулятор батареясының қуаты рұқсат етілген шектен төмен түссе, қозғалтқыш автоматты түрде іске қосылады, осылайша қозғалтқышты әрі қарай оталдыру мүмкін болмай қалатындай батареяның одан әрі істен шығуына жол берілмейді.

- Тежеу жүйесіндегі жеткіліксіз қуат деңгейінде қозғалтқышты автоматты түрде оталдыру.

Егер қозғалтқыш автоматты түрде сөнгеннен кейін вакуумдық күшейткіштегі тежеу жүйесінің (вакуумның) қуат деңгейі жеткіліксіз болса (бұл әдетте тежегіш педалін қайта басып

автокөлікті тоқтатудан туындайды), қозғалтқыш автоматты түрде оталады.

- Қозғалтқыш сөнген соң, оны автоматты түрде оталдыру.

Қозғалтқыш өшірілген кезде ауыстырып қосу селекторын «N» (бейтарап) күйіне ауыстырыңыз да, ілінісу педалін басыңыз; немесе ілінісу педалін тірелгенше басыңыз, осыдан кейін қозғалтқыш автоматты түрде оталады (МБҚ бар автокөлік үшін).

- Рульді бұру/жүргізуші есігін ашу кезінде қозғалтқышты автоматты түрде оталдыру.

Қозғалтқыш автоматты түрде тоқтағаннан кейін рульді кең бұрышқа бұрыңыз немесе сол жақ алдыңғы есікті ашыңыз, осы кезде қозғалтқыш автоматты түрде оталады (АТ автокөлігі үшін).

Сақтық шаралары

1. Қозғалтқышты автоматты түрде оталдыру-өшіру (START-STOP) функциясы келесі жағдайларда жұмыс істемеуі мүмкін:

- Қозғалтқышты суық күйінде іске қосқанда. Салқындату сұйықтығының температурасы 60°C-тан төмен;

- Автокөлік қозғалысының жылдамдығы 10 км/сағ шамасынан аспайды;

- Аккумулятор батареясының қуат деңгейі төмен;

- Автоматты түрде оталдыру әрекеті көп рет қайталанған кезде;

- Жүргізуші есігі ашық кезде (МБҚ бар автокөлік үшін);

- Руль қозғалысы кезінде немесе руль шамадан тыс бұрышпен бұрылған кезде (АБҚ бар автокөліктер үшін);

- Автокөлік тік еңісте тұраққа қойылған (АБҚ бар автокөліктер үшін);

- Автокөлік үстіртте/таулы қыратта орналасқан.

Жоғарыда сипатталған жағдайларда аспаптар тақтасындағы қозғалтқышты автоматты түрде оталдыру-өшіру индикаторы (START-STOP) ұзақ уақыт бойы жанып тұрады, ал оталдыру/өшіру орындалмайды, бұл жүйенің ақауы емес.

2. Егер қозғалтқыш автоматты түрде өшкеннен кейін жүргізушінің есігі ашық болса, қозғалтқышты тек кілтпен оталдыру мүмкін болады;

3. Егер тоқтату кезінде қозғалтқышты қайтадан оталдыру қажет болса, ілінісу педалін басқаннан кейін қозғалтқышты автоматты түрде оталдыру үшін біраз уақыт күту керек;


4. Егер аккумулятор батареясының қуат деңгейі рұқсат етілген шектен төмен болса, жүйе қозғалтқышты автоматты түрде өшіруге жол бермейді, себебі ол әрі қарай оталмай қалуы мүмкін.

5. Техникалық қызмет көрсету кезінде батареяның датчигін шешпеңіз. Қажет болса, аккумулятор батареясының қуатын өшіріңіз, батарея датчигінің ұшындағы сымдарды ажыратыңыз;

6. Аккумулятор батареясының қуат датчигін сөндіргеннен кейін «START-STOP» жүйесін іске қосу үшін келесі шарттарды орындау қажет:

- Барлық электр аспабын өшіріп, автокөлікті 4 сағаттан артық уақытқа құлыптаңыз;
- 4 рет қатарынан сәтті оталдыру әрекеттерін жасаңыз.

7. Егер автокөлік қозғалтқышын оталдыру үшін сыртқы қуат көзін немесе автокөліктің өзінің аккумулятор батареясы алынбаған күйде сыртқы батареяны қосу қажет болса, сыртқы қуат көзінің теріс полюсін батарея датчигінің клеммасына қосыңыз (суретте сызықпен көрсетілгендей). Егер ол талаптарға сәйкес қосылмаған болса, батарея сенсоры тоқты анықтай алмайды және батареяның өзінде ақау пайда болуы мүмкін, бұның салдарынан «START-STOP» функциясы өшіп қалады.



8. Аккумулятор батареясы мен батарея датчигін автокөлік моделіне және өндіруші зауыттың талаптарына сәйкес орнатыңыз. Оларды өзіңіз ауыстырмаңыз. Әйтпесе, «START-STOP» жүйесінің жұмысына кері әсер етуі мүмкін (қозғалтқышты автоматты түрде оталдыру-өшіру).

Руль (EPS)

Рульдің электркүшейткіші

Рульдің электркүшейткіші (EPS) жүргізушінің рульге түсіретін күшін едәуір төмендетуге мүмкіндік береді. Рульдің төмен жылдамдықпен айналу күшін азайтады және жоғары жылдамдықта рульге түсетін күшті тұрақтандырады. Бұл автокөліктің жайлылығы мен басқарылу мүмкіндігін арттыруға және отын шығынын азайтуға мүмкіндік береді.

Рульдің электркүшейткіші (EPS) жүйесінің индикаторы жанбаған кезде мынадай жағдайларда рульге түсетін күшті арттыруға рұқсат беріледі:

- Қозғалыссыз тұрған автокөлікте рульді жиі айналдыру немесе реттеу.

Қызып кетудің алдын алу үшін рульдің электркүшейткішінің жұмысы әлсірейді. Рульді айналдырмаңыз және жүйе суығанша күтіңіз.

ЕСКЕРТУ

Рульді ұзақ уақыт бойы жиі бұру рульдің электркүшейткішін зақымдауы мүмкін.

- Аккумулятор батареясының заряды таусылған:

Аккумулятор батареясының күйін тексеріп, қажет болған жағдайда батареяны зарядтаңыз немесе ауыстырыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Рульді бұрған кезде рульдің электркүшейткішінің рұқсат етілген жұмыс дыбысын (шуын) естуге болады. Бұл ақау емес.
- Руль механизмін, руль бағанын немесе рульді бөлшектемеңіз. Ауыстыру қажет болса, өкілетті CHANGAN сервис орталығына хабарласыңыз.

ЕСКЕРТУ

Рульді шеткі күйлерде ұзақ уақыт бойы (10 секундтан астам) ұстамаңыз, бұл электркүшейткіштің моторына зақым келтіруі мүмкін.

Сынап жүргізу

Автокөліктің бұл моделі арнайы сынап жүргізу жағдайларын қажет етпейді, бірақ автокөліктің сипаттамаларын жақсарту, отын үнемдеу және қызмет ету мерзімін ұзарту үшін алғашқы 1600 км (сынап жүргізу кезеңі) ішінде келесі сақтық шараларын сақтаған жөн.

- Қозғалтқышты іске қосқаннан кейін оның жұмысын бірден жоғары жылдамдықта ұстамаған жөн. Қозғалысты бастамас бұрын қозғалтқышты баяу әрі мұқият қыздырып алыңыз. Күрт үдетуге қатаң түрде тыйым салынады.
- Автокөлік жылдамдығына қарамастан, ұзақ уақыт бойы бір жылдамдықты сақтамаңыз. Автокөлікті сынап жүргізу кезінде қозғалтқышты толыққанды пайдалануға енгізу үшін қозғалтқышты әртүрлі айналымда жұмыс істеткен жөн.
- Өндіріс технологиясына сәйкес жаңа шиналардың ілінісу қасиеттері жақсы жағдайда емес. Алғашқы 300 км бойы жаңа шиналармен абайлап жүріңіз.
- Тежегіш дискілері мен тежегіш қыспақтары алғашқы 500 км жүріс кезінде тозады. Жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін күрт апаттық тежеуден, әсіресе алғашқы 300 км жүрісте сақтаныңыз.

- Төмен берілісте жоғары жылдамдықпен; немесе жоғары берілісте төмен жылдамдықпен (МБҚ бар автокөліктер үшін) жүрмеңіз.
- Пайдалана бастаған сәттен бері алғашқы 1600 км кезеңінде сүйреп қозғалудан аулақ болыңыз.

Сынап жүргізу кезеңінде МБҚ бар автокөліктер үшін әрбір берілісте ұсынылатын ең жоғары жылдамдық:

| Беріліс | Жылдамдық (км/сағ) |
|---------|--------------------|
| 1 | 20 |
| 2 | 30 |
| 3 | 50 |
| 4 | 70 |
| 5 | 90 |
| 6 | 110 |

АБҚ/МБҚ режимінде автокөліктерді сынап тексеру кезіндегі сақтық шаралары:

- АБҚ бар автокөліктерде «D» (Алға жүру) режимін қолданыңыз;
- Ұсынылатын жылдамдығы 100 км/сағ артық емес;
- АБҚ-ны қолмен басқару режимінде автокөлікті пайдалану кезінде ұсынылған шараларды сақтаңыз (МБҚ бар автокөліктерге арналған ұсынымдарды қараңыз).

Жоғары жылдамдықпен қозғалу

- Шиналардағы қысымды тексеріп, қажет болған жағдайда ұсынылған мәнге дейін реттеңіз.
- Жылдамдық жоғарылаған сайын тежеу ізі артады. Көлік құралының жылдамдығына қарай оны тежегіш педалімен бақылаңыз.
- Алдағы көлік құралына дейінгі қауіпсіз қашықтықты сақтаңыз.
- Тау асуынан өту, ұзын көлік құралынан айналып өту немесе туннельге кіру кезінде жылдамдықты азайтыңыз, өйткені автокөлікке бүйірден соғатын жел әсер етуі мүмкін.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Тәуліктің қараңғы уақытында, нашар көрініс жағдайында, жаңбырлы ауа райында, қарлы, батпақты және тайғақ жолдарда жоғары жылдамдықпен жүрмеген жөн.

Тәуліктің қараңғы уақытында жүру

- Жоғары жылдамдықпен жүруден аулақ болыңыз және алдағы көлік құралына дейінгі қауіпсіз қашықтықты сақтаңыз.
- Қозғалысты бастамас бұрын көзді қарықтыру әсерін азайту үшін артқы көрініс айналарын реттеңіз.
- Қозғалысты бастамас бұрын жарық жақсы түсуі және алысты көру мүмкіндігі үшін фаралардың тазалығын тексеріңіз.
- Қозғалысты бастамас бұрын жарықтандыру элементтері мен бұрылыс сигналдары, жүріс жарықтары және габарит жарықтары, дыбыс сигналы және басқа да жабдықтар жұмысқа жарамды күйде екеніне көз жеткізіңіз.

Жаңбырлы және ылғалды ауа райында жүру

- Төмен жылдамдықпен қозғалыңыз: қатты жаңбыр көруге кері әсер етеді және тежеу ізін арттырады.
- Қозғалысты бастамас бұрын әйнектасартқыштың жұмысын тексеріңіз.
- Қозғалысты бастамас бұрын шиналардың қысымы мен күйін тексеріңіз. Шиналардың нашар күйі автокөліктің сырғуына, аквакалқуға және жол-көлік оқиғасына әкелуі мүмкін.
- Қозғалыс кезінде тежегіш педалін бірнеше рет басыңыз, тежегіш дискінің беттерін және қыспақтарды қалыпты тежеу әсерін қалпына келтіргенге дейін құрғатыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Жаңбырлы және ылғалды ауа райында жүру кезінде жол қозғалысының басқа қатысушыларына хабар беру үшін фаралардың таяу жарығын қосыңыз.

Су кедергісінен өту

- Қозғалтқышқа су кіріп кетпеуі үшін қозғалыс кезінде терең шұңқырлардан, су басқан жерлерден аулақ жүруге тырысыңыз.
- Су кедергісінен өткен кезде: жылдамдықты барынша төмендетіңіз; дөңгелектердің су кедергісінен бір уақытта өтуін қамтамасыз етуге тырысыңыз; дөңгелектердің сырғып кетуіне және автокөліктің сырғуына жол бермеу үшін тежегіш педалін баспаңыз.
- Су қозғалтқышты, электр жүйесін және беріліс қорабын зақымдауы мүмкін болғандықтан, еңсерілетін өткел тереңдігі мен қозғалыс жылдамдығын шектен асырмаңыз.
- Тежегіш дискінің беттерін және қыспақтарды қалыпты тежеу әсерін қалпына келтіргенге дейін кептіру үшін су кедергісін еңсергеннен кейін тежегіш педалін бірнеше рет басыңыз.

Лас және тайғақ жолмен қозғалу

- Жоғары жылдамдықпен жүргізуден аулақ болыңыз.
- Мүмкіндігінше, тозған шиналарды пайдаланбаңыз. Шиналарды уақтылы ауыстырып отырыңыз.
- Лас және тайғақ жолмен ұзақ қашықтыққа ұзақ уақыт бойы жүргеннен кейін автокөлікке қызмет көрсету қажет.

Өрде және таулы жерде жүру

- Өрге көтерілу кезінде айналу моментін арттыру және қозғалтқыштың қызып кету мүмкіндігінен туындаған зақымдарды болдырмау үшін қозғалтқыштың айналу жиілігі мен еңіс бұрышына сәйкес төмендетілген беріліске ауысу қажет.
- Ілінісу механизмінің қатты тозуына жол бермеу үшін өрге көтерілу кезінде ілінісу педалін толық баспаңыз және акселератор педалін қатты баспаңыз.
- Таудан/өрден түсу кезінде төменгі беріліске ауысып, тежеу үшін қозғалтқышты пайдалану қажет.
- Қозғалтқышты максималды айналымдарда жұмыс істетпеңіз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Тік немесе созылған еңісте жүргенде тежеу механизмдерінің қызып кетуіне және тежеу әсерінің жоғалуына жол бермеу үшін тежегіш педалін жиі немесе ұзақ баспаңыз. Өрден түсу кезінде бейтарап берілісте (еркін) жүруге үзілді-кесілді тыйым салынады.

Қыс мезгіліндегі қозғалыс

Қыс мезгілі басталғанға дейін автокөлікке техникалық қызмет көрсетіп, қыста пайдалануға дайындаңыз. Қыс кезінде автокөлік жүргізгенде жол төсемінің күйін және қысқы уақыттағы ауа райы жағдайларын ескеріңіз:

- Қоршаған орта температурасына сәйкес келетін ЖЖМ мен техникалық сұйықтықтарды қолданыңыз (мысалы, май, қозғалтқыштың салқындату сұйықтығы, әйнекжуғыш сұйықтығы және т.б.).
- Аккумулятор батареясының күйі мен заряд деңгейін тексеріңіз.
- Автокөліктің мақсаты мен қолданысына байланысты оны қажетті керек-жарақтармен жабдықтау керек (мысалы: шиналарға арналған сырғытпайтын шынжырлар, әйнек қырғыштар, құм немесе тұз салынған қаптар, сигнал алаулары/ракеткалар, күрек және т. б.).
- Қысқы шиналарды орнату керек, қатты тозған шиналарды пайдаланбаған жөн.
- Қыс мезгілінде қозғалу кезінде тежегіштерді алдын ала қолданыңыз және тежегіш педалін жиі баспау үшін баяулауды қадағалаңыз.

- Тұрақта тұрған кезде тұрақ тежегішін пайдаланбаңыз. Тұрақ тежегіші қатып қалуы мүмкін, соның салдарынан оны түсіруге кедергі туындатуы мүмкін. Беріліс қорабының селекторын келесі күйге келтіріңіз:

- АБК бар автокөлік — «Р» күйіне;
- МБҚ бар автокөлік — 1-ші беріліске немесе артқа жүру берілісіне.

- Автокөлікті тексеріп, үстіндегі қарды алып тастаңыз.

- Көлік құралын өрде тұраққа қоюға болмайды. Егер бұл мүмкін болмаса, кездейсоқ сырғып кетудің алдын алу үшін дөңгелек астына сырғытпайтын тіреуді қойыңыз.

- Сырғытпайтын шынжырларды дұрыс қолданыңыз.

ЕСКЕРТУ

Қар жауған күндері және тайғақ жолдарда жоғары жылдамдықпен жүруге тыйым салынады.

Қар басқан және тайғақ жолдарда күрт маневр жасауға, бастауға, жылдамдық үдетуге, күрт бұрылуға және тежеуге тыйым салынады.

Мүмкіндігінше, автокөлікті тегіс жерге тұраққа қойыңыз.

Төмен беріліске ауысу арқылы қозғалтқышпен тежеу тәсілін қолданбаған жөн. Тайғақ беттерде жетекші дөңгелектер жолмен іліністі жоғалтуы мүмкін, сондықтан тайып кету және апат қаупі артады.

Үнемді жүргізу

Отын шығынын және зиянды шығарындыларды азайту үшін келесі ережелерді орындаңыз:

- START- STOP функциясын іске қосыңыз (егер автокөлік жабдықталған болса);

- Автокөлікті бос жүрісте ұзақ уақыт істетіп қоюдан аулақ болыңыз. Тоқтаған кезде қозғалтқышты сөндіріңіз, автокөлікті тұрақ тежегішіне орнатыңыз да, қозғалтқышты кейінірек іске қосыңыз.

- Күрт үдетуден аулақ болыңыз: күрт үдету отын шығынын арттырады және қозғалтқыштың қызмет ету мерзімін қысқартады.

- Болжап жүргізуді пайдаланыңыз: күрт үдету, тежеу және тоқтаудан аулақ болыңыз. Бұл да отын шығынын азайтады.

- Ауа сүзгісі мен сүзгі элементінің күйін бақылаңыз. Оларды таза ұстаңыз. Ауа сүзгісі ластанған жағдайда қозғалтқышқа ауаның кіруі қиындайды, бұл отын қоспасының арақатынасы дұрыс болмауына және отынның толық жанбауына әкеледі.

- Автокөліктің салмағын барынша азайтыңыз: қосымша салмақ отын шығынын арттырады.
- Шиналардағы қысымды үнемі тексеріп тұрыңыз: шиналардағы төмен қысым қозғалысқа кедергіні, отын шығынын арттырады және шиналардың тозуын тездетеді.
- Люкті және/немесе терезелерді жабыңыз: Ашық тұрған шыны люк немесе терезелер желдің кедергісін арттырады және отын шығынын арттырады.
- Еркін (инерциямен) қозғалуды қолданыңыз: бағдаршамның қызыл сигналына жақындағанда немесе таудың тік өрінен түсіп бара жатқанда акселератор педалін алдын ала жіберіңіз, осылайша автокөлікке инерциямен қозғалуға мүмкіндік беріледі. Осы кезде қозғалтқышқа отын аз мөлшерде беріледі.
- Жоғары жылдамдықпен жүргізуден аулақ болыңыз: тұрақты немесе төмен жылдамдық отын шығынын үнемдеп, тозуды барынша азайтады.
- Уақтылы техникалық қызмет көрсету: тұрақты техникалық қызмет көрсету ұзақ қызмет ету мерзімі мен оңтайлы үнемдеуге кепілдік береді.

V.Төтенше жағдайлар

Апаттық жарық сигналын беру жүйесі



Апаттық жарық сигналын беру жүйесін қосу түймесі орталық консольде орналасқан.

Апаттық сигнал беру жүйесін қосу үшін түймені басыңыз, сол және оң жақ бұрылыс көрсеткіштері бір уақытта жыпылықтай бастайды. Өшіру үшін - түймені қайта басыңыз.

100/сағ жылдамдықпен келе жатқан автокөлікті шұғыл тежеген кезде апаттық жарық сигналын беру жүйесі автоматты түрде қосылады да, қауіптің барын ескертеді және жол қозғалысының басқа қатысушыларына жылдамдықтың төмендегені туралы хабар береді. Егер шұғыл тежеуден кейін автокөлік қайтадан жылдамдаса немесе өшіру түймесі басылса, сигнал беру жүйесі автоматты түрде өшеді.

Апаттық сигнал беру жүйесі автокөліктің оталдыру жүйесі ажыратылған кезде де жұмыс істейді.

ЕСКЕРТПЕ

- 100 км/сағ төмен жылдамдықпен келе жатқан автокөлікті шұғыл тежеу немесе бірқалыпты тежеу кезінде апаттық жарық сигналын беру жүйесі автоматты түрде қосылмайды.
- Тежеу кезінде апаттық сигнал беру жүйесінің автоматты түрде қосылу мүмкіндігін өшіруге немесе баяулаған кезде қосылу параметрлерін реттеуге болады. CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

Апаттық аялдау белгісі



Апаттық аялдау белгісі жүксалғышта, қосалқы дөңгелектің қуысында, жүксалғыш

кілемшесінің астындағы борттық жол құралымен бірге орналасқан.

Апаттық аялдау кезінде апаттық аялдау белгісін шығарып, орнатып қою керек.

ЕСКЕРТПЕ

Көлік құралы тоқтаған және апаттық сигнал беру жүйесі қосылған кезде, сондай-ақ ол бұзылған немесе болмаған кезде апаттық

аялдау белгісін  дереу орнату керек:

- Жол-көлік оқиғасы кезінде;
- Тыйым салынған жерлерде және көру мүмкіндігі ескерілген жағдайда басқа жүргізушілер көлік құралын дер кезінде көре алмайтын жерлерде тоқтауға мәжбүр болған кезде.

Бұл белгі нақты жағдайда басқа жүргізушілерді қауіп туралы уақтылы ескертетіндей қашықтықта орнатылады. Алайда бұл қашықтық елді мекендерде көлік құралынан кемінде 15 м және елді мекендерден тыс жерлерде кемінде 30 м болуы тиіс.

Сүйретілетін механикалық көлік құралының апаттық жарық сигналы жоқ болған немесе істен шыққан кезде оның артқы жағына апаттық аялдау белгісін бекітіп қою керек.

Жарық шағылыстыратын қауіпсіздік кеудешесі




ЕСКЕРТПЕ

Апаттық аялдау жағдайында жарық шағылысатын кеудешені киіңіз, апаттық аялдау белгісін жол қозғалысы қағидаларына және жол жағдайларына сүйене отырып орнатыңыз. Апаттық сигнал беру жүйесін қосыңыз.

Автокөліктегі құралдар жинағы

Борттық құрал қосалқы дөңгелектің қуысында орналасқан. Автокөліктің борттық жол құралына кіру үшін жүк бөлімшесінің еден жабынын көтеріңіз.



- ① Апаттық аялдау белгісі;
- ② Домкрат (тек дөңгелектерді ауыстыруға арналған);
- ③ Баллон кілті;
- ④ Домкрат тұтқасы;
- ⑤ Сүйреу құлақшасы.

⚠️ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Автокөлікті жолдың үстіне тоқтап жөндемеңіз. Дөңгелектерді ауыстырмас бұрын жолдың шетіне шығып, автокөлікті тұраққа қойыңыз және оны тіреулермен бекітіңіз де, жарық шағылыстыратын кеудеше киіңіз. Домкратты тегіс қатты бетке орнатыңыз.

Домкрат автокөліктің алдыңғы және артқы бүйір жағындағы арнайы бөлінген орындарға дұрыс орнатылғанына көз жеткізіңіз. Домкратты автокөліктің бамперінің немесе басқа бөліктерінің астына орнатпаңыз. Домкратты қолдану кезінде дене мүшелерін домкратта тұрған автокөліктің астына кіргізуге тыйым салынады. Егер автокөлік астына кіру қажет болса, оны тіреу үшін тірекке орнатыңыз. Қауіпсіздік шараларын ұстанбаған жағдайда автокөлік домкраттан тайып кетуі мүмкін. Бұның салдары ауыр жарақаттарға немесе тіпті өлімге ұшыратуы мүмкін.

Автокөлікті көтерген кезде қозғалтқышты оталдырушы болмаңыз.

Автокөлікті көтерер алдында салонда ешкім қалмағанына, баланың (бар болса) жолдан және домкратпен көтерілетін автокөліктен қашық жерде тұрғанына көз жеткізіңіз.

Дөңгелектерді ауыстыру

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Дөңгелектерді ауыстырмас бұрын автокөлікті жолдан шығарып, оны тегіс қатты жерге қойыңыз және ауыстырылатын дөңгелектен диагональ бойынша дөңгелектерді екі жағынан тіреумен бекітіңіз.

Домкратты тегіс қатты бетте қолданыңыз.

Егер дөңгелекті бұл жағдайда ауыстыру мүмкін болмаса, CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.


Жұмысқа дайындау

- Автокөлікті қатты, тегіс жерге қойыңыз;
- Тұрақ тежегішін іске қосыңыз;
- Алдыңғы дөңгелектерді бұрып түзеңіз;
- АБҚ бар автокөліктер үшін берілістерді ауыстырып қосу селекторын «Р» (тұраққа қою) күйіне орнатыңыз; МБҚ бар автокөліктер үшін «R» (артқа жүру) күйіне орнатыңыз;
- Қозғалтқышты өшіріңіз;
- Апаттық сигнал беру жүйесін қосыңыз;
- Қосалқы дөңгелек қуысынан қосалқы дөңгелек пен құралдар жинағын алып шығыңыз;
- Автокөлік сырғып кетпеуі үшін ауыстырылатын артқы дөңгелектен диагональ бойынша орналасқан дөңгелектердің алдынан және артынан тіреу қойыңыз.

ЕСКЕРТУ

Дөңгелекті ауыстырып жатқанда автокөлік сырғып кетпеуі үшін оны көтермес бұрын тұрақ тежегішін іске қосып, дөңгелектердің астына тіреу қойыңыз.

Қосалқы дөңгелекті алу және сақтау




Қосалқы дөңгелекті босату үшін қосалқы дөңгелекті бекіту болтын теріс бағытқа бұраңыз.

Қосалқы дөңгелекті ауыстырған соң, оны бекіту үшін қосалқы дөңгелекті бекіту болтын оң бағытқа бұраңыз.


Дөңгелек болттарын бұрап қатайту моменті 105-115Нм.

Дөңгелектерді ауыстыру

1. Дөңгелек сомындарын босату үшін оларды теріс бағытқа бір толық айналымға кезекпен бұрап шығыңыз, бірақ сомынды толығымен шешіп алмаңыз.



2. Домкратты автокөліктің алдыңғы/артқы бөлігінде автокөліктің көтерілетін тиісті жеріне, ауыстырылатын дөңгелектің қасына орнатыңыз. Домкрат орнатылатын орындар автокөлік шанағының бүйір панельдерінің/табалдырықтарының астыңғы жағында орналасқан. Автокөлікті домкратпен көтеру кезінде домкратты екі аралық орналасқан, есіктердің тығыздағышының астындағы табалдырықта нақты белгіленген 2 ойықтың арасында орналасқан көтеру нүктелеріне орнатыңыз. Домкрат кертпесін табалдырықта көрсетілген орынға орнатып, оны бекітіңіз.



S305006

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ


Жарақат алып қалмас үшін автокөлікпен жиынтықта бірге келген домкратты пайдаланыңыз. Домкратты белгілеген домкратпен көтеруге арналған орындарға ғана орнатыңыз. Автокөліктің басқа бөліктерінің астына домкрат салмаңыз.

Домкратты дұрыс пайдаланбаған жағдайда автокөлік көтерілген кезінде ауып, тайып немесе құлап кетуі мүмкін. Домкратты тек қатты, тегіс, тайғақ емес жерге орнатыңыз.

Домкратты тіреу үшін ағаш бөліктерін немесе сол сияқты заттарды пайдаланбаңыз. Әйтпесе, домкратқа түскен салмақты домкрат көтере алмай, қажетті биіктікке жете алмай қалады. Шина мен жердің арасы 3 см аспайтынына көз жеткізіп алыңыз.


3. Домкрат тұтқасын домкратқа орнатыңыз және оны автокөлік көтерілгенге дейін оң

бағытқа бұраңыз. Баллон кілтінің көмегімен дөңгелек сомындарын шешіп алыңыз.



S305007

4. Дөңгелекті шешіп, оны автокөліктің жанына қойыңыз;
5. Дөңгелектің күпшекпен жанасу бетін тазалаңыз;
6. Қосалқы дөңгелекті күпшекке орнатыңыз және оны бекітіңіз.
7. Дөңгелек сомындарын орнатып, оларды кедергі пайда болғанша қолмен бұраңыз. Назар аударыңыз, дөңгелек сомынының конусы ішке қаратылуы керек.
8. Дөңгелектің сомындарын сомын кілтінің көмегімен оң бағытқа бұрап алдын ала тартыңыз, содан кейін автокөлікті түсіріңіз.
9. Дөңгелек сомындарын көрсетілген ретпен қатайтып бұраңыз. Барлық сомынның қатайтылғанын тексеріңіз.



S305008

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Сақ болыңыз, дөңгелектер мен дөңгелек қақпақтарының өткір жиектері болуы мүмкін. Дөңгелекті орнатпас бұрын күпшекте немесе дөңгелектің өзінде бөтен заттардың және/немесе ластану белгілерінің (мысалы, батпақ, шайыр, қиыршық тас және т.б.) жоқ екеніне көз жеткізіңіз. Қажет болса, дөңгелекті күпшекке орнатуға және бекітуге кедергі келтірмеуі үшін оны тазалаңыз.

ЕСКЕРТПЕ

Болттар мен сомындарды ауыстыру кезінде метрикалық бұрандасы бар болттар мен қылау конфигурациясы бірдей сомындарды қолданыңыз. Метрикалықтан бөлек, бұрандалары басқа сомындар мен болттар дөңгелек бекітілетін бұранданы зақымдап, дөңгелекті бекітуге мүмкіндік бермейді.

Жаңа дөңгелек сомындарын немесе дөңгелектерді орнатпас бұрын олардың түрі мен өлшемін мұқият тексеріңіз. Қандай да бір қиындықтар туындаған жағдайда CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

Алдыңғы дөңгелек зақымдалған болса, артқы дөңгелекті зақымдалған алдыңғы дөңгелектің орнына алмастырып салыңыз, ал қосалқы дөңгелекті артқы дөңгелектің орнына орнатыңыз.

Қосалқы дөңгелекті орнатқаннан кейін шинада ұсынылатын қысымды мүмкіндігінше тезірек тексеріп, орнатыңыз.

Ауыстырылған дөңгелекті қосалқы дөңгелектің қуысына салып бекітіп, құралды орналастырыңыз.

Автокөлікті жөндеп болғаннан кейін және/немесе түпнұсқа дөңгелектерді ауыстырғаннан кейін міндетті түрде түпнұсқа ұзындығы бар дөңгелек болттарын қолданыңыз.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

Дөңгелек домкратпен көтеріліп тұрған автокөліктің болттарын немесе сомындарын тартпаңыз, өйткені ол домкраттан тайып кетуі мүмкін. Дөңгелек болттарын немесе сомындарын автокөлік толығымен түсірілгеннен кейін ғана бұрап қатайтыңыз.

Егер сомын немесе болт зақымдалған болса, дөңгелекті мықтап бекіту мүмкін емес. Бұл дөңгелекті шешіліп кетуіне және жарақат алуға немесе тіпті өлімге әкелуі мүмкін ауыр апатқа себеп болуы ықтимал.

Дөңгелектерді ауыстырғаннан кейін сомындарды ұсынылған қатайту моментімен тарту керек. CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

Шағын қосалқы дөңгелек толық өлшемді қосалқы дөңгелек емес және оны тек төтенше жағдайларда қолдануға болады. Қосалқы дөңгелекті ұзақ уақыт бойы және ұзақ қашықтыққа қозғалғанда пайдалануға тыйым салынады. Қосалқы дөңгелегі орнатылған автокөліктің жылдамдығы 80 км/сағ мәнінен аспауы тиіс.

Дөңгелек сомындарын қатайту моменті

Дөңгелектердің сомындарын қатайту моменті 105 – 115 Нм.

Ауа клапанының қалпақшасын бұрап алыңыз да, ауа қысымын манометрдің көмегімен тексеріңіз. Егер шинадағы ауа қысымы төмен болса, қысымды көрсетілген мәнге дейін жеткізу үшін жақын жердегі техникалық қызмет көрсету станциясында тоқтаңыз. Ауа қысымын тексеріп немесе реттеп болған соң, ауа клапанының қалпағын орнатыңыз.


Аккумулятор батареясының заряды әлсіз болғанда қозғалтқышты оталдыру

ЕСКЕРТПЕ

Автокөлік 12V батареясынан ғана іске қосылуы мүмкін.

1. Автокөліктің жанына сыртқы қуат көзін орнатыңыз және оны ұштары бар («қолтырауын» түрі) жоғары вольтті сымдардың көмегімен қосыңыз. Оталдыру үшін басқа автокөліктің аккумуляторы пайдаланылып тұрса, оны аккумулятордың қуаты төмен автокөліктің капотына барынша жақын орналастырыңыз. Автокөліктер бір-біріне тимеуі керек. Екі автокөліктің де тұрақ тежегішін қосып қойыңыз.
2. Сымдарды батареяға жалғамас бұрын батареяның барлық клеммасын тексеріңіз, кірін тазалап (болған жағдайда), барлық қақпағы тартылып, теңескеніне көз жеткізіңіз.
3. Қажетті қауіпсіздік индикаторларынан басқа (мысалы, фаралар, апаттық жарық) артық қуат көзі тұтынушыларын сөндіріңіз.
4. Аккумуляторларды сымдармен мынадай жолмен жалғаңыз: сыртқы батареяның оң полюсін және заряды таусылған батареяның оң полюсін сыммен жалғаңыз; содан соң сыртқы батареяның теріс полюсіне жалғанған сымды оталдырылуы тиіс автокөліктің теріс полюсіне

немесе оның батарея мен отын беру жүйесінен қашық жердегі массасына (қозғалтқыштың ашық металл бөлігіне) жалғаңыз. Екі сымның бір-біріне тиіп қалмауын қадағалаңыз.



5. Автокөлікті оталдыру үшін пайдаланған кезде сымдарды жалғап болған соң, осы автокөліктің қозғалтқышын оталдырып, тұрақты жылдамдық айналымында біраз уақыт істетіп қойыңыз.
6. Аккумулятор қуаты төмен автокөліктің қозғалтқышын оталдырыңыз;
7. Оталғаннан кейін сымдарды кері ретпен ажыратыңыз. Ажырату процесінде кез келген автокөліктің металл бөліктеріне қол тигізбеңіз.

ЕСКЕРТУ


Аккумулятор батареясы мұздаған болса, автокөлікті қосалқы аккумулятордан оталдыруға тырыспаңыз. Әйтпесе, аккумулятор батареясы жарылуы немесе істен шығуы мүмкін.

Қуат көзі жеткіліксіз болса, сымдарды батареяның теріс полюсіне тікелей жалғамаңыз.

Қозғалтқышты оталдыру кезінде қолдарыңыз бен сымдарды белдік шкивінен, генератор белдігінен, желдеткіштен және басқа да айналатын бөліктерден қашық ұстаңыз.

Егер автокөліктің аккумулятор батареясының заряды ешқандай себепсіз жиі таусылатын болса, диагностика жүргізу және жөндеу үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

Сүйреу



Автокөлікті артқы осі асылған тіркеме үстінде тасымалдамаңыз, әйтпесе, рульмен басқару жүйесі істен шығуы мүмкін.

Қозғалтқыш істемей тұрған кезде руль күшейткіші мен тежеу жүйесі жұмыс істемейді. Бұру немесе тежеу үшін көп күш қажет болады. Автокөлікті сүйреу құлақшасынан, шанақтан немесе шассиден іліп көтермеңіз, себебі бұл оны зақымдауы мүмкін.

Алдыңғы дөңгелектері асылмаған автокөлікті артқа сүйремеңіз. Себебі автокөлік бұзылады.

Күрт немесе бағынбайтын қозғалысты, немесе сүйреу құлақшаларына, сүйреу арқанына немесе шынжырына ауыр салмақ түсіретін автокөліктің өздігінен, тұрақсыз қозғалуына жол бермеңіз, бұл олардың бұзылуына алып келеді және апаттық жағдай тудырады. Бұл автокөлікті зақымдауы және жарақат келтіруі мүмкін.

Бұзылған автокөлікті сүйреу мүмкін болмаса немесе ол бақылаудан шығып кетсе, қозғалысты тоқтатыңыз.

Сүйреткенде барынша түзу және бірқалыпты жүруге тырысыңыз.

Автокөлікті жол-құтқару қызметінің көлік құралы көмегімен сүйреу

Қажет болса, CHANGAN өкілетті сервис орталығына немесе кәсіби тіркеп сүйреумен айналысатын басқа компанияларға хабарласыңыз. Автокөлікті көтеру және оны тіркеп сүйреу процедурасын дұрыс орындау арқылы ғана автокөлікке зақым келтірмеуге болады.

Автокөлікті тіркеп сүйреу үшін автокөлікті көтеру немесе дөңгелектерді ілу мүмкіндігі бар автокөлік манипуляторын (жол-құтқару қызметінің көлік құралдарын) немесе тегіс платформамен жабдықталған эвакуаторларды пайдалану керек. Эвакуатор болмаған жағдайда қатты тіркегіші бар тартқыш жабдықты пайдаланыңыз. Арқанмен сүйреуге тыйым салынады.

Жол-құтқару көлік құралын қолдана отырып, алдыңғы жетекті автокөліктерді сүйреу үшін алдыңғы дөңгелектерді жерден көтеру немесе алдыңғы дөңгелектерді платформаға немесе тіркемеге орнату үшін тиісті жабдықты қолданыңыз. Бұл жағдайда алдыңғы дөңгелектер ілінеді, ал артқы дөңгелектер жерде болады.

Сүйреу ілмегі бекітілетін орындар

Алдыңғы сүйреу ілмегі



Алдыңғы сүйреу ілмегі автокөліктің алдыңғы бамперінің астындағы алдыңғы кергіште орналасқан.

Артқы сүйреу ілмегі



Артқы сүйреу ілмегі автокөліктің артқы

бамперінің сол жақ астында, шанақтың лонжеронында орналасқан.

ЕСКЕРТПЕ

Автокөлікті кез келген торабынан немесе сүйреу құлақшасынан басқа шанақтың бөлігінен іліп сүйреу салдары автокөлікті зақымдауы мүмкін.

Сүйреу үшін арнайы болат арқанды немесе шынжырды ғана пайдаланыңыз. Болат арқанды немесе шынжырды сүйреу құлақшасына сенімді түрде бекітіңіз.

Дөңгелекті ілмей, автокөлікті тіркеп сүйреу

Көрсетілген тәсілмен төмен жылдамдықта қысқа қашықтыққа тіркеп сүйреуге рұқсат етіледі және бұл тек қатты тегіс төсемді жолдармен жүзеге асырылуы керек. Дөңгелектер, аспа, жүріс бөлігі, руль және тежеу жүйесі жарамды күйде болуы шарт.

- Сүйрейтін автокөлік сүйретілетін автокөліктен жеңіл болмауы керек, әйтпесе, жүргізушілер автокөліктерді басқарудан айырылып қалуы мүмкін;
- Сүйреу құлақшасы істен шықпағанына және берік бекітілгеніне көз жеткізіңіз;
- Болат арқанды немесе шынжырды сүйреу құлақшасына бекітіңіз;
- Сүйретілетін автокөлікті құлақшаға болат арқанмен немесе шынжырмен бекітіңіз;

- Сүйреу кезінде баяу, жұлқымай қозғалыңыз. Сүйретілетін автокөлікті және сүйреу құлақшасын жұлқымай тартыңыз.

- Сүйретілетін автокөліктің оталдыру жүйесін қосыңыз. Берілістерді ауыстыру селекторын «N» (бейтарап) күйіне ауыстырыңыз да, тұрақ тежегішін жіберіңіз.

- Зақым келтірмеу үшін автокөлікті алға, оның тұрған бағытына қарай сүйреңіз.

- Сүйрейтін арқанның ұзындығы 5 м шамасынан аспауы тиіс. Арқан көрініп тұруы үшін жалауша іліп қою керек.

- Абайлап қозғалыңыз. Сүйреу арқаны салбырап қалмауы қажет.

- Екі автокөліктің жүргізушілері өзара жиі ақпарат алмасып тұруы керек.

- Өрден түскен кезде тежеу механизмдері қызып кетуі мүмкін, ал бұл олардың тиімділігін төмендетеді. Тежегіштерді салқындату үшін жиі аялдап тұрыңыз.

- Артқа жүріп сүйреуге тыйым салынады. Тіркеп сүйреу кезіндегі жылдамдық 40км/сағ аспауы тиіс, ал тіркеп сүйреудің ең ұзақ қашықтығы 25 километрден аспауы тиіс.

- Тежеу жүйесі істен шыққан жағдайда автокөлікті сүйреу үшін жылжымалы платформаны немесе автокөлікті тасымалдауға арналған эвакуаторды пайдаланыңыз.

Автоматты беріліс қорабы бар автокөлікті тіркеп сүйреу

- Автоматты трансмиссияда механикалық ақау пайда болғанда автокөлікті жетекші дөңгелектері жерден толығымен көтерілген күйде тіркеп сүйреуге рұқсат етіледі.
- Егер сүйреу жылдамдығы сағатына 20 км-ден асса немесе тіркеп сүйреу қашықтығы 20 км-ден асса, онда сүйретілетін көлік құралының жетекші дөңгелектері жерден толық ажырауы тиіс.
- Автокөлікті сүйреу кезінде жетекші дөңгелектер жерден ажырамағаны жөн. Автокөлікті қауіпті жерден эвакуациялау қажет болған жағдайда жылдамдық 20 км/сағ аспауы тиіс.
- Автокөлікті артқа сүйреуге қатаң тыйым салынады.
- Қоршаған орта температурасы 0 °С-тан төмен болған кезде автокөлікті сүйремеңіз.

ЕСКЕРТПЕ

Автокөлікті тіркеп сүйреудің алдында, автоматты беріліс қорабындағы май деңгейін тексеріңіз. Егер май деңгейі «НОТ» белгісінен төмен болса, үстемелеп май құйыңыз. Егер май деңгейін түзету мүмкін болмаса, сүйрейтін платформаны немесе эвакуаторды қолданыңыз.

Батып қалған кезде көмектесу

Батқан автокөлікті алып шығарған кезде оны күрт жұлқымаңыз және оны белгілі бұрышпен тартпаңыз. Шамадан тыс күш түсіру салдары автокөлікті зақымдауы мүмкін.

Жетекші дөңгелектер жұмсақ немесе лай жолға батып қалған кезде, әсіресе тиелген автокөлікті шығарған кезде абай болу керек.

Автокөлікті сүйреу құлақшасының көмегімен шығаруға тырыспаңыз. Егер мүмкіндік болса, автокөлікті қалып қойған ізімен сырғалық тесігі арқылы артқа тартып шығарып көріңіз.

Келесі белгілердің бірі анықталған кезде автокөлікті ретке келтіру немесе жөндеу қажет болуы мүмкін. Жақын маңдағы CHANGAN өкілетті сервис орталығына мүмкіндігінше тезірек хабарласыңыз.

Көрінетін ақаулар

- Автокөлік астында сұйықтықтың ағуы. (Кондиционерді пайдаланғаннан кейін бөлінетін судың тамшыларын, пайдаланылған газ шығару құбырында дренаж саңылауларынан сұйықтың ағуын қоспағанда. Бұл ақау емес);
- Шиналардың әркелкі тозуы немесе томпаюы;
- Қозғалтқыштың салқындату сұйықтығының температура көрсеткіші қалыптан жоғары температураны көрсетті.

Дыбыс белгілері

- Пайдаланылған газ шығару жүйесінің дыбысы өзгерді;
- Бұрылыстарда шиналар тым қатты шуыл шығарады;
- Аспа жұмысында бөгде дыбыс пайда болды;
- Қозғалтқыштың жұмысына байланысты сыртқы шуыл.

Пайдалану белгілері

- Қозғалтқыш тұрақсыз, іркіліспен немесе дірілдеп жұмыс істейді;
- Автокөліктің қуаты едәуір төмендеді;
- Тежеу кезінде автокөлік траекториядан қатты ауытқиды;
- Автокөлік тегіс жолмен қозғалған немесе тежеген кезде траекторияны ұстай алмайды;
- Автокөлік тегіс жолмен жүрген кезде өшіп қалады;
- Тежеу жүйесі істен шыққан, тежегіш педалі жұмсақ, педаль еденге сәл тимей тұр.

Төтенше жедел қызметтерді шақыру жүйесі

Төтенше жедел қызметтерді шақыру жүйесі төтенше жедел қызметтердің (ТЖК) операторын автоматты түрде (апат болған жағдайда) немесе қолмен шақыруға, автокөліктің сипаттамаларын, оның орналасқан жерінің координаттарын, қозғалыс уақыты мен бағытын сипаттайтын минималды деректер жинағын (МДЖ) беруге, сондай-ақ автокөлік пайдаланушыларының «ЭРА-ГЛОНАСС» мемлекеттік федералды жүйесінің операторымен дауыс зорайтқыш байланыс жүйесін орнатуға арналған. Толық ақпаратты өндірушінің <http://www.santel-navi.ru> сайтынан алуға болады.



1. Микрофон;
2. «SOS» түймесінің қорғаныс қақпағы;
3. «SOS» түймесі;
4. Күй индикаторы;
5. «Қосымша функциялар» түймесі.

Жүйенің жұмыс режимдері

Жүйе автокөліктің номиналды кернеуі 12В болатын борттық желісінен жұмыс істейді. Төтенше қызметті шақыртқан соң қуат көзі ажыратылған кезде жүйе кіріктірілген аккумулятор батареясы есебінен жұмыс істейді. Әйтпесе, құрылғы сөніп қалады.

Жүйеде келесі жұмыс режимдері бар:

- «Өшірулі» режимі;
- «ЭРА» режимі;
- «Төтенше қоңырау шалу» режимі;
- «Тестілеу» режимі;
- «Сервис» режимі.

«Өшірулі» режимі

Оталдыру жүйесі өшіп тұрғанда жүйе «Өшірулі» режимінде болады. Бұйым оталдыру жүйесі қосылған кезде «Өшірулі» режимінен шығады. Оталдыру жүйесі қосылып, қуат көзі болмаса, басқа режимдерден «Өшірулі» режиміне ауысу кіріктірілген резервтік батарея заряды таусылған кезде жүзеге асырылады.

«ЭРА» режимі

«ЭРА» режимінде жүйе автокөлік параметрлерін тіркеуді, жол-көлік оқиғаларын автоматты режимде анықтауды жүзеге асырады және пайдаланушының басқару әрекеттеріне жауап қайтарады. Көлік құралының оталдыру жүйесін алғаш қосқан

кезде, сондай-ақ «Тестілеу» режимі аяқталғаннан кейін немесе «Төтенше қоңырау шалу» режимі тоқтатылғаннан кейін жүйе «ЭРА» режимінде болады.

«Төтенше қоңырау шалу» режимі

«Төтенше қоңырау шалу» режимі МДЖ беруге және автокөлік пайдаланушылары мен байланыс орталығының операторы арасында дауыстық байланысты орнатуға арналған. «Төтенше қоңырау шалу» рәсімі жол-көлік оқиғасын сәйкестендіру модулінен келіп түскен сигнал бойынша оталдыру жүйесі қосылған кезде автоматты түрде, сондай-ақ «SOS» түймесін басу арқылы қолмен басталуы тиіс.

Жол-көлік оқиғасын сәйкестендіру модулі апат сәтін: бетпе-бет соқтығысу; бүйірден соққы алу; артқы жағынан соғу; аударылу кезінде анықтай алады.

Қолмен басталған «Төтенше қоңырау шалу» режимінен шығу үшін байланыс орнату сатысында (егер жүйе операторымен байланыс әлі орнатылмаған болса) «SOS» түймесін басу керек, төтенше қоңырау шалу тоқтатылады.

«Төтенше қоңырау шалу» режимін автоматты түрде бастаған кезде жүйе төтенше қызметтің байланыс орталығының операторы тарапынан қоңырау аяқталғаннан кейін «ЭРА» режиміне өтеді.

«Тестілеу» режимі

«Тестілеу» режимі автокөліктің телекоммуникация жүйесінің жұмысын «ЭРА ГЛОНАСС» жүйесінің операторы тарапынан тексеруге арналған.

«Тестілеу» режиміне кіру үшін «Қосымша функциялар» және «SOS» түймелерін бір мезгілде 15 секунд бойы басып тұру қажет, сервистік режимді таңдау күйіне өткеннен кейін қосымша түймелерді баспай, 10 секунд күтіңіз.

«Тестілеу» режимінде БИП күйінің индикаторы кезек-кезек қызыл – сары – жасыл түспен жыпылықтайды, «Қосымша функциялар» түймесінің жарығы – жасыл түспен, ал «SOS» түймесінің жарығы қызыл түспен жыпылықтайды.

Тестілеуді орындау үшін дауыстық нұсқауларды орындаңыз.

«Тестілеу» режимінен шығу былай жүзеге асырылады:

бұйымды тестілеу нәтижелері бар МДЖ жүйе операторына бергеннен кейін;
сыртқы қуатты өшіру кезінде.

«Сервис» режимі

«Сервис» режимі көлік құралы сервис орталығында болған кезде және/немесе жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде бұйымның барлық функцияларын өшіруге арналған.

«Сервис» режиміне кіру үшін бір мезгілде «Қосымша функциялар» және «SOS» түймелерін 15 секунд басып тұру қажет, одан кейін дауыстық нұсқауларды орындап, «SOS» түймесін басу қажет. «SOS» түймесі 5 секунд ішінде басылмаса, жүйе тестілеу режиміне өтеді.

«Сервис» режимінде БИП күйінің индикаторы кезек-кезек қызыл – сары – жасыл түспен жыпылықтайды, «Қосымша функциялар» түймесінің жарығы – жасыл түспен, «SOS» түймесінің жарығы қызыл түспен жыпылықтайды және динамиктен 7 секунд сайын дыбыс сигналы беріледі.

«Сервис» режимінен шығу былай жүзеге асырылады:

«Қосымша функциялар» түймесін басқаннан кейін;

сыртқы қуат көзін өшірген кезде;

автокөліктің қозғалыс жылдамдығы 5 км/сағ шамасынан асқанда.

Ескертпелер:

1. Бұйым «Сервис» режимінде болған кезде аударылудың қатерлі бұрышы анықталмайды.
2. Автокөлікті жөндеу немесе техникалық қызмет көрсету жұмыстары аяқталғаннан кейін жүйені қалыпты жұмыс режиміне ауыстыру қажет.

Жұмыс режимдерінің индикациясы

Жүйенің жұмысын индикациялау үшін БИП күйінің индикаторы қолданылады.

Электр қуат көзі қосулы кезде күй индикаторы бес секунд бойы қызыл түспен жанады. Егер жүйе жұмыс істеп тұрса және өзін-өзі тексеруден өтсе, онда күй индикаторы үнемі жасыл түспен жанады және жүйе «ЭРА» режиміне өтеді.

Өзін-өзі тексеру кезінде кіріктірілген компоненттердің ақауы анықталған кезде жүйе сервистік индикация күйіне өтеді.

Жүйе күйінің ықтимал көрсеткіштері кестеде келтірілген.

Автокөлік ГЛОНАСС/GPS жерсеріктерінен сенімсіз сигнал қабылдау аймағында ұзақ уақыт болғаннан кейін автокөліктің орналасқан жерін анықтауға кететін уақыт артуы мүмкін.

Егер жүйе ішкі компоненттердің ақауын анықтаса немесе жүйенің жұмысында өзге ақау анықталса, жөндеуді өзіңіз жүргізбеңіз. Техникалық маманға немесе CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

Төтенше жедел қызметтерді шақыру жүйесін пайдаланудың кепілдік мерзімі – автокөлікті бірінші сатып алушыға сату (беру) сәтінен бастап 36 ай.

Төтенше жедел қызметтерді шақыру жүйесінің ішкі аккумулятор батареясының кепілдік мерзімі – автокөлікті бірінші сатып алушыға сату (беру) сәтінен бастап 12 ай.

Толық ақпарат өндірушінің ресми сайтында келтірілген: <http://www.santel-navi.ru>

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Ауыр апат салдарынан қатты зардап шеккен, нәтижесінде сымдар бумасы зақымдалған (үзілген) автокөлікте жүйе тұрақты жұмыс істемеуі мүмкін. Бұл жағдайда қалыпты сервисті қамтамасыз ету мүмкін емес.
- Қызмет көрсету жұмыстарын желіден тыс жерлерде орындау мүмкін емес.
- Жүйенің қызмет көрсету сапасын қамтамасыз ету үшін «SOS» түймесі жедел жәрдемнен басқа қызметтерді сұрату үшін басылған кезде Call-орталық бұл қызметтерді ұсына алмайды

Жүйе күйлерінің индикациясы

| Жүйенің күйі | «SOS» түймесі жарығының түсі (ақ/қызыл) | «Қосымша функциялар» түймесі жарығының түсі (ақ/жасыл) | Индикатор күйі |
|---|---|--|--|
| Қосу | Ақ | Ақ | Қызыл 5 сек, содан кейін жасыл түс жыпылықтайды |
| ЭРА режимі | Ақ | Ақ | Жасыл түс жанып тұр |
| Тестілеу режимі | Қызыл түс жыпылықтап тұр | Жасыл түс жыпылықтап тұр | Қызыл - сары - жасыл түс жыпылықтап тұр |
| «Сервис» режимі | Қызыл түс жыпылықтап тұр | Жасыл түс жыпылықтап тұр | Қызыл - сары - жасыл түс жыпылықтап тұр, <i>(дыбыс сигналы беріледі)</i> |
| Ақау, ішкі жад толып кеткен | Ақ | Ақ | Қызыл түс жанып тұр |
| Төтенше қоңырау шалу мүмкін емес | Ақ | Ақ | Қызыл түс жанып тұр |
| «Төтенше қоңырау шалу» режимінде байланыс орнату | Қызыл түс жыпылықтап тұр | Ақ | Жасыл түс жанып тұр |
| «Төтенше қоңырау шалу» режимінде МДЖ беру | Қызыл түс жыпылықтап тұр | Ақ | Жасыл түс жанып тұр |
| «Төтенше қоңырау шалу» режиміндегі дауыстық байланыс | Қызыл | Ақ | Жасыл түс жанып тұр |
| Резервтік батареяның заряды белгіленген деңгейден төмен | Ақ | Ақ | Қызыл түс жанып тұр |
| GLONASS/GPS сигналдарының болмауы | Ақ | Ақ | Жасыл түс жанып тұр |
| GSM сигналдарының болмауы | Ақ | Ақ | Жасыл түс жанып тұр |

VI. Техникалық қызмет көрсету және жөндеу

Техникалық қызмет көрсету және жөндеу кезіндегі сақтық шаралары

Жарақат алу немесе көлік құралын зақымдау қаупін азайту үшін инспекциялық тексеру/техникалық қызмет көрсету немесе жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде келесі қауіпсіздік шараларын сақтау қажет:

- Жұмысты бастау алдында қозғалтқышты сөндіріп, оны суытыңыз. Қозғалтқыш ыстық болған кезде жұмыс жасамаңыз;
- Автокөліктің төменгі жағында жұмыс істеген кезде оны ұстап тұру үшін тіреулерді/қауіпсіздік кронштейндерін қолданыңыз. Автокөлікті домкраттың көмегімен көтерген кезде автокөліктің астына орналаспаңыз;
- Тұтанатын, түтіндейтін, бықсып жанатын және ұшқын шығаратын заттарды аккумулятордан, ЖЖМ-дан және басқа да тұтанғыш бөлшектерден алыс ұстаңыз.
- Автокөліктің электр қуаты қосылып тұрған кезде аккумулятор батареясын немесе басқа электр элементтерін қосуға немесе орнатуға тыйым салынады (ACC/ON күйлері);

- Сымдарды аккумулятор батареясына қосқан кезде оң және теріс полюстерді қарама-қарсы полюстерге қосуға тыйым салынады.

- Аккумулятор, оталдыру жүйесінің сымдары және автокөліктің электр тізбектері күшті ток шығарады. Қысқа тұйықталуға жол бермеңіз.

- Жабық (көлікжай сияқты) жайда жұмыс істеп тұрған қозғалтқышты тексерген кезде желдету жүйесінің бар екеніне көз жеткізу керек;

- Қозғалтқышқа арналған майды, қозғалтқышты салқындату сұйықтығын және басқа да ЖЖМ мен жанармай сұйықтықтарын балалар мен үй жануарларынан алыс жерде сақтаңыз;

- Төбедегі шыны люкке силикон немесе шыны желімін жақпаңыз.

Міндетті тексерістер тізімі

Күнделікті тексеру

- Негізгі жарықтандыру фаралары: Барлық жарықтандыру аспабы мен жарық сигналын беру жүйесі (КЖШ, фаралар, артқы шамдар, габарит шамдары, бұрылыс және артқа жүру сигналдары, стоп-сигналдар және тұман фаралары) дұрыс жұмыс істеп тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Ескертуші бақылау шамдары және жарық индикаторлары: Барлық аспап, басқару элементтері және ескертуші шамдар мен жарық индикаторлары дұрыс жұмыс істейтініне көз жеткізіңіз.
- Артқы көрініс айналары: Айналардың шағылысатын беті таза екеніне көз жеткізіңіз, оларды реттеңіз.
- Автокөлік есіктері, артқы есік, капот: Барлық есіктің, артқы есіктер мен капоттың еркін ашылатынына және жабылатынына көз жеткізіңіз.
- Шанақтың сыртқы күйі: Автокөлік шанағында жарықтардың немесе сызаттардың болуын тексеріп, қажет болған жағдайда зақымдалған бөлшектерде металл коррозиясының пайда болуына жол бермеу үшін оны мүмкіндігінше тезірек жөндеңіз.

Отын құю кезіндегі тексеру

- Қозғалтқыштағы май деңгейін, тежегіш және жуғыш сұйықтықтарының деңгейін тексеріңіз;
 - Шиналардағы қысымды тексеріңіз;
 - Шиналардың күйін тексеріңіз:
- Бүйірлік бетте және протекторда жарықтар жоқ екеніне көз жеткізіңіз. Шина протекторларында бөгде заттар жоқ.


Ай сайынғы тексерулер

- Қозғалтқыштың салқындату сұйықтығының деңгейі;
 - Құбыршектердің, отын құбырларының және техникалық сұйықтықтар резервуарларында тесіктердің болмауы;
 - Кондиционер жүйесінің жұмысы;
 - Тұрақ тежегішінің жұмысын тексеріңіз.;
 - Дыбыс сигналы мен динамиктердің жұмысы;
 - Дөңгелектер сомындарының бекітілуі:
- Сомындар мен болттар берілген мәндерге дейін тартылған.
- Әйнектазартқыштардың жұмысы:
- Әйнектазартқыштың щеткалары мен жетектемелері жұмысқа жарамды күйде екеніне көз жеткізіңіз.

- Рульмен басқару:
Рульде люфтінің болуын тексеріңіз.
- Педальдар:
Тежегіш педаль мен ілінісу педальінің жарамдылығын тексеріңіз.
- Амортизатор тіреулері:
Амортизатор тіреуінің тозу, ағып кету, қорғаныс қақпақтарының сынуы және басқа да зақымданулар бойынша жұмысқа жарамдығын тексеріңіз.
- Төбедегі люк:
Люк пен оның элементтерінде саңылау жоқ екенін тексеріңіз. Сол жақ және оң жақ бағыттауыштағы дренаж арнасында шаң мен бөгде заттардың бар-жоғын тексеріңіз. Люк қозғалысы мен реттелуінің жатықтығын тексеріңіз.

Қозғалтқыштағы май

Майөлшегіш сүңгі



ЕСКЕРТПЕ

Майдың әртүрлі маркаларын араластырмаңыз.

Мотор майына қоспаларды және қозғалтқышқа техникалық қызмет көрсетуге арналған басқа да өнімдерді қолдануға тыйым салынады. Осы себеппен қозғалтқышқа келтірілген кез келген залал кепілдік міндеттемелермен өтелмейді.

Өндіруші зауыттың техникалық талаптары мен сипаттамаларына сәйкес келмейтін майды пайдаланбаңыз. Бұл қозғалтқышты зақымдауы мүмкін және өндіруші зауыттың кепілдік міндеттемелеріне әсер етуі мүмкін.

Май сипаттамасы

Өндірісте қозғалтқыш тұтқырлығы әмбебап маймен толтырылады. Мотор майының бұл түрі экстремалды климаттық жағдайлардан басқа, барлық маусымға жарамды.

Changan Automobile мақұлдаған май мен ЖЖМ-ды қолданыңыз. Егер осы мотор майы жергілікті нарықта қолжетімді болмаса, онда API/ACEA сипаттамасына сәйкес келетін SN/GF-5 және одан жоғары сападағы 5W-30 мотор майын пайдалануға рұқсат етіледі. Алайда мұндай мотор майын қолдану салдарынан қозғалтқыштың оталу уақыты ұлғаюы, өнімділігі төмендеуі, отын шығыны мен шығарындылар артып кетуі мүмкін.

Суық климатта, сондай-ақ экстремалды төмен температурада қозғалтқышты суық күйінде оталдыруды жеңілдету үшін тұтқырлығы 0W-30 майын қолданыңыз.

Қозғалтқыштағы май деңгейін тексеру

Қозғалтқышты оталдырмай тұрып, май деңгейін тексеріңіз. Май деңгейі «MIN» (② минимум) және «MAX» (① максимум) белгілерінің арасында екенін тексеріңіз.

1. Автокөлікті қауіпсіз жерде тегіс бетке қойыңыз;
 2. Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрса, оны сөндіріп, 5 минут күтіңіз.
 3. Май сүңгісін шығарып алып, оны таза, жұмсақ, түксіз шүберекпен сүртіңіз
- Май деңгейін тексеру үшін май сүңгісін салыңыз да, қайтадан суырып алыңыз.

Егер май деңгейі «MIN» (минимум) белгісінен төмен болса, майды деңгейге дейін құйыңыз.

Қозғалтқышқа май құю

Майды суыған қозғалтқышқа ғана құйыңыз. Қосымша құйған кезде майдың деңгейі «MAX» (максимум) деңгейінен аспауы тиіс.

1. Май құю аузынан қақпақты шешіп алып, майды құю аузы арқылы аздап сүңгідегі максималды (MAX) белгісіне дейін құйыңыз.
2. Төгілген майды сіңіргіш шүберекпен сүртіңіз және май құю аузының қақпағын жабыңыз.
3. Қозғалтқышты бос жүріспен оталдырып, 1 минуттан кейін оны сөндіріңіз. Ол сөнгеннен кейін 5 минут өткен соң, май деңгейін қайтадан тексеріңіз


НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде май құю аузының қақпағын алуға қатаң тыйым салынады.

Май ауыстыру

Қозғалтқыш тоқтағаннан кейін майды ыстық болып тұрған күйінде ағызып тастаңыз:

1. Май құю аузының қақпағын шешіп алыңыз;
2. Май ағызатын тығынның астына науаны қойыңыз;
3. Сомын кілтінің көмегімен тығынды бұрап, ыстық майды ағызып алыңыз;
4. Майды ағызып алғаннан кейін сақинасы бар ағызу тығынын қайта орнатыңыз және оны моментпен қатайтыңыз;
 - 1.8Т қозғалтқышының моменті ($35 \pm 5 \text{ Н} \cdot \text{м}$)
5. Майды қозғалтқышқа қажетті деңгейге дейін құйыңыз.



⚠️ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Май – адамдар мен жануарларға зиянды болатын қауіпті химиялық зат. Өнешке түсіп кетпеуі үшін майды қауіпсіз жерде сақтаңыз. Маймен ұзақ уақыт жұмыс істеу адамдарға үлкен қауіп төндіреді. Майға тиген жерді мұқият жуу үшін бейтарап сабынды суды пайдаланыңыз.

Майды ауыстырған кезде терінің ашық жерлеріне тимеу үшін қорғаныс құралдарын қолданыңыз.


Пайдаланылған май қоршаған ортаға, жануарларға және/немесе адамдарға үлкен зиян келтіреді. Оны ауыстырған кезде - оны кәдеге жарату керек. Пайдаланылған майды төкпеңіз, оны кез келген жерде төгіп алмаңыз. Майды ауыстырған кезде міндетті түрде жаңа сапалы майды қажетті деңгейге дейін құйыңыз.

Ағызу тығынын бұрап алудың алдында оның ыстық емес екенін тексеріңіз. Қызған майдан күйіп қалуыңыз мүмкін, күйік шалу себебіне айналуы мүмкін.

Май сүзгісін ауыстыру

Май сүзгісі қозғалтқыш ішіндегі бөгде зиянды қатты бөлшектерді сүзеді, бұл таза майдың қозғалтқыш компоненттерінің арасында еркін ағуына мүмкіндік береді, үйкелісетін беткі қабаттарды зақымданудан қорғайды.

1. Арнайы кілтпен май сүзгісін теріс бағытқа бұрап, оны шешіп алыңыз;
2. Май сүзгісі бекітілетін бетті сүртіңіз. Май сүзгісінің жалғағыш түтігін қатайту моментін ($55 \pm 2 \text{ Н} \cdot \text{м}$) тексеріңіз;
3. Жаңа сүзгінің резеңке тығыздағышына аздап май жағыңыз. Май сүзгісін тығыздағыш орнатылатын бетке нық орнатылғанша қолмен бұрап қатайтыңыз.
4. Арнайы кілттің көмегімен қатайту моментінің талаптарына ($20 \pm 2 \text{ Н} \cdot \text{м}$) сәйкес сүзгіні түйісу нүктесінен белгілі бір қашықтыққа бұраңыз.




1. Май сүзгісі;
2. Май сүзгісінің кілті.

ЕСКЕРТПЕ

Май сүзгісінің тығыздағышы мен орнату бетінің арасындағы сенімді байланысты қамтамасыз ету үшін май сүзгісін дұрыс орнатып бұраңыз. Май ағып кетпес үшін май сүзгісін қатайтып бұраңыз.

Егер май сүзгісін өз бетінше ауыстыру мүмкін болмаса, CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

1.8 T қозғалтқышы (Май сүзгісін қатайту бағыты)



Отын сүзгісі

Отын сүзгісінің бітелуі автокөлік қозғалысының жылдамдығын шектеуі, пайдаланылған газ шығару жүйесін бұзуы мүмкін, оның салдары қозғалтқыштың қиын оталуына немесе басқа да жағымсыз салдарға әкеледі. Егер отын бағында көптеген бөгде түйіршіктер жиналса, отын сүзгісін жиі ауыстыру қажет. Отын сүзгісін ауыстыру және орнату үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

Жаңа отын сүзгісін орнатқаннан кейін қозғалтқышты бірнеше минутқа іске қосыңыз және қосылыстарда саңылау жоқ екенін тексеріңіз.

Қозғалтқыштың ауа сүзгісінің элементін ауыстыру

1. Бекіткіш винттерді/болттарды бұрап алыңыз немесе ауа сүзгісінің жоғарғы қақпағының бекіту кронштейндерін босатыңыз;
2. Ауа сүзгісінің қақпағын абайлап шешіп алыңыз;
3. Сүзу элементін ауа сүзгісінің корпусынан шығарыңыз;
4. Кірді және/немесе қоқысты кетіру үшін жақсы тығыздықты қамтамасыз ету үшін ауа сүзгісінің корпусы мен қақпағын сүртіңіз.
5. Жаңа сүзу элементін орнатыңыз. Сүзгінің шеттері ауа сүзгісі мен қақпақтың арасына түспегенін тексеріңіз. Әйтпесе, сүзгі элементі зақымдалуы және тығыздағыштар арқылы сүзілмеген ауа қозғалтқышқа кіруі мүмкін.
6. Ауа сүзгісінің қақпағын орнатыңыз және бекітіңіз.

ЕСКЕРТУ

Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде ауа сүзгісін шешіп алуға тыйым салынады. Қозғалтқышты зақымдау және адамның жарақат алу қаупін азайту үшін ауа сүзгісі алынған қозғалтқышты оталдырмаңыз.

ЕСКЕРТУ

Ауа сүзгісінің қақпағын шешіп алған кезде ауа сүзгісінің қақпағына және/немесе ауа құбырына шаң мен қоқыстың түсуіне жол бермеңіз. Бұл қозғалтқышты зақымдауы мүмкін.

Ауа сүзгісінің сәйкес келмейтін элементін пайдалану қозғалтқыштың қатты зақымдалуына әкелуі мүмкін.

Электрондық дроссель жапқышы

Электрондық дроссель жапқышының корпусын бөлшектеу

1. Оталдыру жүйесін ажыратыңыз ("OFF" күйі);
2. Электрондық дроссель жапқышының корпусы ағытпасын ажыратыңыз;
3. Электрондық дроссель жапқышының корпусына қосылған ауа қабылдағыштың бағыттауыш түтігін шешіп алыңыз;
4. Ауа енгізу коллекторының және электрондық дроссель жапқышы корпусының жалғастырғыш болттарын бұрап алыңыз. Тығыздағыш сақиналардың (аралық төсемдер) зақымданбағанын тексеріңіз.
5. Электрондық дроссельдің корпусын шешіп алыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

Егер электрондық дроссель жапқышы корпусының келтеқұбыры ыстық болса, келтеқұбырды шешіп алу керек. Күйіп қалмас үшін мұқият болыңыз және абайлаңыз.

Электрондық дроссель жапқышының корпусын тазарту

- Негізгі магистральдағы тұнбалар мен көміртегі шөгінділерін кетіру үшін карбюратор тазартқышын қолданыңыз.
- Электрондық дроссельдің клапанын қолмен ашып, тазартқышты клапанның шеттерімен жабылған элементтерге шашыратыңыз.
- Егер кір ұзақ уақыт бойы жиналып, қатып қалса, ол біртіндеп қатаяды (мысалы, клапанның шет жағында және аузының қарсы ішкі қабырғасында). Карбюратор тазартқышымен кірді толығымен кетіру қиын болады. Кірді кетіру үшін жұмсақ шүберекті қолданып, оны бірнеше рет сүртіңіз.
- Тазартылған электрондық дроссель жапқышының корпусын табиғи жолмен құрғатыңыз немесе негізгі арнадағы ылғал толығымен буланғанша үрлеңіз.
- Электрондық дроссель жапқышының тазартылған корпусын орнатыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Электрондық дроссель жапқышының корпусын тазалағыш затқа батырмаңыз. Ультрадыбыстық тазартуды пайдалануға қатаң тыйым салынады.
- Карбюратордың түпнұсқа тазартқышын қолданыңыз. Жуғыш зат алмастырғышты немесе құрамында метилкетон немесе басқа да жоғары коррозиялық заттар бар кез келген қолдан жасалған тазартқышты/еріткішті қолдануға қатаң тыйым салынады.
- Блоктың тірек саңылауын жууға, сондай-ақ блоктың мойынтірегінің саңылауына және ағытпасына тазартқыш құралды бүркеуге тыйым салынады.
- Майды және кетуі қиын көміртекті шөгінділерді жою үшін тазартқыш жағылған жұмсақ шүберекпен бірнеше рет сүртіңіз. Қатты щеткаларды немесе өткір қырғыш құралды қолдануға қатаң тыйым салынады.
- Электрондық дроссель жапқышы корпусының алдыңғы және артқы бөліктерін мұқият тазалау керек.
- Жапқышты тазалаған кезде ағытпаға (құрылғы жағынан және сымдар жағынан) судың, майдың немесе кез келген басқа ластың кіруіне жол бермеңіз.

Электрондық дроссель жапқышының корпусын жинау

Енгізу коллекторындағы аралық төсемнің (сақина) зақымданбағанын тексеріңіз (қажет болса, ауыстырыңыз). Дроссель жапқышының корпусын енгізу коллекторына орнатыңыз да, болттарын белгіленген айналдыру моментімен ($10 \pm 2 \text{ Нм}$) қатайтып бұраңыз.

Электрондық дроссель жапқышының бейімделуі

- Оталдыруды жүйесін қосыңыз («ON» күйі) және 60 секунд күтіңіз.
- Бос жүріс айналымдары бірқалыпты болғанша және тұрақтанғанша, қозғалтқышты оталдырыңыз және оталдыру жүйесін сөндіріңіз.
- Оталдыру жүйесін «OFF» күйіне қайта қосыңыз да, 10 секунд күтіңіз.
- Бейімделу аяқталды.

ЕСКЕРТПЕ

- Электрондық дроссель жапқышын бейімдеген кезде қозғалтқыштағы салқындату сұйықтығының температурасы мен кіретін ауаның температурасы $5,25^\circ\text{C}$ -тан төмен емес екеніне көз жеткізіңіз. Аккумулятор батареясының кернеуі 10В төмен болмауы тиіс (диагностикалық аспаппен тексеріңіз).
- Дроссель жапқышын бейімдеу барысында сипатталған әрекеттерді қоспағанда, басқа операцияларды жасамаңыз.

Қозғалтқыш турбиасына техникалық қызмет көрсету


Май ағып кетпеуі немесе қозғалтқыш турбиасына зақым келмеуі үшін ауа сүзгісі элементін және май сүзгісін уақытылы ауыстырып отырыңыз.

Қозғалтқыш турбиасына зақым келтірмеу үшін техникалық талаптар мен сипаттамаларға сәйкес келмейтін мотор майын пайдаланушы болмаңыз.


Турбинаны және тиісті құбыржолдарды өзіңіз шешпеңіз және орнатпаңыз, өйткені бөгде заттар түсіп кетсе, ол зақымдалуы мүмкін, ал бұның салдарынан турбина жеткіліксіз жұмыс істеп, бөтен дыбыс естілуі және май ағып кетуі мүмкін.

Салон сүзгісін алмастыру


1. Ұсақ-түйек тартпасын ашып, екі жағындағы шектегіштерді олар ілмектерге еркін ілініп тұратындай етіп шешіп алыңыз;



2. Оң жақтағы түймені басыңыз, салонның ауа сүзгісінің қақпағын ашыңыз және салонның ауа сүзгісінің сүзу элементін шығарып алыңыз.




3. Салонның ауа сүзгісінің сүзу элементін ауыстырыңыз.



4. Барлығын кері ретпен орнатыңыз.

Қозғалтқыштың салқындату жүйесі

Қозғалтқыш суық болған кезде салқындату сұйықтығының деңгейі «MIN» (минимум) және «MAX» (максимум) белгілерінің арасында болуы тиіс. Салқындату сұйықтығының деңгейі «MIN» белгісінен төмен болса, салқындату сұйықтығын қосымша құю керек.



Салқындату сұйықтығын үстемелеп құю

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Салқындату сұйықтығын қозғалтқыш суып тұрған кезде ғана құйыңыз. Ыстық қозғалтқыштағы кеңейткіш бак қақпағын ашпаңыз. Әйтпесе, ішкі қысымның әсерінен бу мен су атқылап шығып, күйік шалуы

мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ

Қозғалтқышта қолданылатын салқындату сұйықтығының қату температурасы тиісті аймақтағы және маусымдағы ең төменгі температурадан 5 С төмен болуы керек.

Салқындату сұйықтығы ретінде кермек суды (мысалы, құбыр суын, өзен суын және құдық/бұлақ суын) пайдаланбаңыз.

Назар аударыңыз! Қозғалтқышты салқындату жүйесі жоғары қысымға ие!

1. Салқындату сұйықтығы құйылған кеңейткіш бак қақпағын (қара) ашыңыз. Салқындату сұйықтығын бактың аузына сұйықтық деңгейі максималды белгіге жеткенше құйыңыз;
2. Қақпақты жабыңыз;
3. Қозғалтқышты оталдырыңыз, кондиционерді өшіріңіз және радиатордың кіріс түтігі қызғанша қозғалтқышты 2000 айн/мин жылдамдықпен жұмыс істетіңіз;
4. Қозғалтқыш салқындаған кезде салқындату сұйықтығы бағының қақпағын қайтадан ашып, сұйықтықты максималды (MAX) белгіге жеткенше құйыңыз;
5. Бактағы сұйықтық деңгейі төмендеуін қоймағанша процесті бірнеше рет қайталаңыз;
6. Қақпақты жабыңыз.

Интеркулердің салқындату жүйесі Назар аударыңыз! интеркулердің салқындату жүйесі жоғары қысымға ие!

1. Салқындату сұйықтығының кеңейткіш бак қақпағын (сары) ашыңыз және салқындату сұйықтығын бактың аузы арқылы MAX белгісіне дейін құйыңыз;
2. Кеңейткіш бактың қақпағын жабыңыз;
3. Қозғалтқышты бос жүріспен істегіп қойыңыз да, кеңейткіш бактағы сұйықтық деңгейі төмендеуін тоқтатқанша шамамен 2 минут күтіңіз.
4. Кеңейткіш бак қақпағын (сары) ашыңыз және салқындату сұйықтығын MAX белгісіне дейін құйыңыз. Қақпақты жабыңыз.

ЕСКЕРТУ

Салқындату сұйықтығының теріге немесе көзге тиіп кетуіне жол бермеңіз. Егер бұл орын алса, судың көп мөлшерімен дереу шайыңыз және мүмкіндігінше тезірек дәрігерге қаралыңыз.

Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде кеңейткіш бак қақпағын алуға қатаң тыйым салынады.

Дұрыс пайдаланбау салдарынан салқындату жүйесіне ауа кіріп, қозғалтқыш қызып кетуі мүмкін. Диагностикалау және жөндеу үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

Тежегіш сұйықтығы

Тежегіш қыспақтарының тозуы тежегіштің сұйықтық деңгейінің біртіндеп төмендеуіне әкеледі. Тежегіш сұйықтығы деңгейінің «MAX» (максимум) және «MIN» (минимум) белгілерінің арасында тұрғанына көз жеткізу үшін оны үнемі тексеріп отырыңыз.



Тежегіш сұйықтығының деңгейі төмен болған кезде тежегіш сұйықтығын «MAX» (максималды) белгісіне дейін қосыңыз.

Егер аспаптар тақтасында тежеу жүйесінің ақау индикаторы жанса, тежегіш сұйықтығының деңгейін тексеріңіз. Тежегіш сұйықтығының төмен деңгейі тежеу жүйесі жұмысының тиімділігіне әсер етуі мүмкін. Егер тежеу сұйықтығының деңгейі «MIN» белгісінен айтарлықтай төмен болса, диагностикалау және жөндеу үшін мүмкіндігінше тезірек CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

ЕСКЕРТУ

Абай болыңыз және тежегіш сұйықтығының теріге немесе көзге тиіп кетуіне жол бермеңіз. Егер бұл орын алса, судың көп мөлшерімен дереу шайыңыз және мүмкіндігінше тезірек дәрігерден медициналық көмек алыңыз.

Тежегіш сұйықтығын ауыстырған кезде қауіпсіздік көзілдірігін киіңіз.

Егер тежегіш сұйықтығы боялған беттерге түссе, оларды дереу таза сумен шайыңыз

ЕСКЕРТПЕ

Жаңа және таза тежегіш сұйықтығын қолданыңыз. Оған шаң, су, мұнай өнімдері және басқа да қоспалардың түсуі тежеу жүйесінің зақымдалуына және бұзылуына әкелуі мүмкін.


Тежегіш сұйықтығын ауыстыру немесе қосымша құю кезінде сипаттамада көрсетілген тежегіш сұйықтығын қолданыңыз. Олай болмаса, тежеу тиімділігі төмендеуі мүмкін.

Өртүрлі өндірушілердің немесе түрі бойынша өзгешеленетін тежегіш сұйықтығын араластыруға және пайдалануға тыйым салынады.

Тежегіш сұйықтығы бағының қақпағын шешіп, оны толтырар кезде оған кір түсірмеу үшін бактың айналасын мұқият тазалаңыз. Тежегіш сұйықтығын құйған сайын толтыру аяқталғаннан кейін тежеу жүйесінен ауаны шығару үшін тежегіш магистралінен ауаны айдап шығару қажет.

Жуғыш жүйесінің сұйықтығы

Алдыңғы әйнек жуғыштың сұйықтық деңгейін тексеру



Жуғыш бақтағы тазартқыш сұйықтықтың деңгейін үнемі тексеріп отырыңыз және оны уақытылы толтырып жүріңіз. Қоршаған ортаның температурасы 0 С-қа тең немесе төмен болған кезде қатып қалмау үшін қатпайтын тазартқыш сұйықтықты пайдалану қажет.

Жуғыш бағына құбыр суын немесе салқындату сұйықтығын құймаңыз. Құбыр суы қатып қалуы немесе түтіктер мен бүріккіштерді бітеп тастауы мүмкін. Алдыңғы әйнекке шашыраған салқындату сұйықтығы көру мүмкіндігіне және автокөлікті басқара алмай қалуға әсер етуі мүмкін. Салқындату сұйықтығының тамшылары боялған беттер мен шанақтың декор элементтерін зақымдауы мүмкін.

Сапалы тазартқыш сұйықтықты қолданыңыз. Төмен сапалы тазартқыш сұйықтық әйнекжуғыштың сорғысын зақымдауы және бүріккіштерді бітеп тастауы мүмкін. Жуғыш жүйесі ақаулы болған кезде жөндеу үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына мүмкіндігінше тезірек хабарласыңыз.

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Тазартқыш жүйесіндегі сұйықтық – өрт қауіпті. Тазартқыш сұйықтығы бар жуғыш жүйесі бағына ұшқын немесе от тигізбеңіз.
- Жуғыш жүйесіндегі сұйықтық улы. Оны денеге тигізу немесе оны ішке қабылдау ауыр жарақатқа немесе тіпті өлімге әкеледі. Сұйықтықтың теріге, көзге және ішкі ағзаларға тиюіне жол бермеңіз.
- Жуу сұйықтығы ретінде құрамында 10%-дан астам этанолы бар ерітіндіні пайдалануға тыйым салынады. Қоршаған ортаның температурасы жоғары болғанда этанол мөлшері 10%-дан асады. Бұл ерітінді шамдарды, артқы жүріс шамын және жүксалғышты жарықтандыру шамын күйдіреді, соның нәтижесінде олар шытынап кетуі мүмкін.


Әйнектазартқыштар

ЕСКЕРТПЕ

- Егер алдыңғы әйнекте немесе әйнектазартқыштың щеткасында бөгде заттар көрінсе, әйнектазартқыш щеткасының резеңке жолағына зақым келтірмеу үшін әйнектазартқышты қолданар алдында оларды алып тастаңыз.
- Бөгде заттардан тазалаған кезде әйнектазартқыштың тазартатын резеңке бетіне зақым келтірмеу үшін қырғышты қолданыңыз.
- Қыста, әйнектазартқышты қоспас бұрын, әйнектазартқышты және алдыңғы әйнекті мұз бен қардан толығымен тазалаңыз.
- Әйнектазартқыштың щеткаларын бензинмен, ЖЖМ-мен, бояу еріткіштерімен немесе басқа ұқсас реагенттермен тазаламаңыз.
- Әйнектазартқышты немесе басқа элементтерді зақымдамау үшін әйнектазартқыштың жетектемелері мен щеткаларын өз бетінше сұртпеңіз немесе бұрмаңыз. Әйнектазартқыштың щеткаларын ауыстыру кезінде көп күш жұмсамаңыз.

Әйнектазартқыштың щеткаларын тексеру

Щетканың кедір-бұдырлығы мен ластану мөлшерін тексеру үшін саусағыңыздың ұшын щетканың резеңке таспасының тазалағыш жиегінің бойымен сырғытыңыз.



Егер щетка жеткілікті түрде таза болмаса, щетканың резеңке таспасын тазарту үшін суланған жұмсақ ысқышты қолданыңыз. Алдымен әйнектазартқыш пен щетканы тазарту үшін арнайы тазартқыш ерітіндіні немесе жұмсақ жуғыш затты қолданыңыз, содан кейін таза сумен шайыңыз.

Егер әйнек пен әйнектазартқышты тазалағаннан кейін алдыңғы әйнекте дақтар немесе кір қалса, онда әйнектазартқыш тозған немесе зақымдалған, оны ауыстыру керек.


Әйнектазартқыш щеткаларын ауыстыру

Әйнектазартқыштың сервистік режимін орнату: Руль астындағы әйнектазартқыш қосқышын «OFF» → «HI» → «OFF» күйіне жылдам ауыстырыңыз. Әйнектазартқыш әйнекте автоматты түрде тоқтайды, бұл әйнектазартқыш жетектемесін оңай көтеріп, әйнектазартқыш щеткасын ауыстыруды жеңілдетеді.

1. Әйнектазартқыштың сервистік режимін қолданыңыз немесе әйнектазартқыш әйнектің жоғарғы жағына төмен жылдамдықпен қозғалса, автокөлікті өшіріңіз. Әйнектазартқыш әйнекте тоқтағаннан кейін әйнектазартқыш щеткасының жетектемесін көтеруге болады.

2. Шаршы түймені басып тұрыңыз. Әйнектазартқышты суретте көрсетілген бағытта шешіп алыңыз.

3. Әйнектазартқыштың жаңа щеткасын кері ретпен орнатыңыз.



ЕСКЕРТПЕ

- Егер әйнектазартқыштың жетектемесі көтерілмесе, әйнектазартқыштың щеткаларын ауыстыру мүмкін емес.
- Әйнектазартқыштың щеткаларын ауыстырған кезде руль астындағы әйнектазартқыш қосқышын баспаңыз. Әйнектазартқыштың жетектемесіне және алдыңғы әйнекке зақым келуі мүмкін.

Әйнектазартқышқа техникалық қызмет көрсету бойынша ұсыныстар

- Әйнектазартқыштың щеткаларын уақытылы ауыстырып отырыңыз;
- Егер әйнектазартқыштар ұзақ уақыт пайдаланылмаса, олардағы резеңке таспа басылып, пішімін жоғалтуы мүмкін. Бұл жағдайда олар дірілдеп, әдеттен тыс шу шығаруы мүмкін және жұмыстың алғашқы бірнеше циклі кезінде әйнекті толығымен тазалай алмайды. Қысқа жұмыс істегеннен немесе щеткалар тазаланғаннан кейін ақау жоғалуы мүмкін;
- Алдыңғы әйнекті таза ұстаңыз. Егер әйнекте май, жәндіктердің іздері, жапырақтар, визит карточкалары немесе жарнамалық үндеухаттар болса, шаң мен құм көп болса, әйнекті тазалағаннан кейін әйнектазартқышты қолданыңыз;
- Егер әйнекте аздаған шаң болса, алдымен жуғышты, содан кейін әйнектазартқышты қосыңыз;

- Көлік ұзақ уақыт тұрған кезде әйнектазартқыш щеткаларының жетектемелерін көтеріп қою керек. Қозғалысты бастамас бұрын әйнектазартқыштың щеткаларын бастапқы күйіне қайтарыңыз (әйнектазартқыштың жұмыс беті әйнекке перпендикуляр күйде), бұл әйнектазартқыш щеткасының жұмыс бетінің деформацияға ұшырау ықтималдығын азайтуы мүмкін.
- Әйнектазартқыштарды қысымы қатты су арынымен жумаңыз. Пистолеттен шығатын судың қысымы әйнектазартқыш пен әйнектазартқыш щеткаларын зақымдауы мүмкін.
- Әйнекжуғыш сұйықтығын әйнекжуғыш бағына құйып отырыңыз, уақытылы және жүйелі түрде тексеріп отырыңыз.
- Автокөлікті жуғаннан кейін балауыз қабатын және жуғыш затты кетіру үшін алдыңғы әйнек пен әйнектазартқыш щеткаларын сумен шаю қажет. Жуу кезінде щетканы немесе жетектемені майыстырып алмау үшін абай болыңыз.

- Форсункалар бітелмеуі үшін тазартылған ауызсуды немесе алдыңғы әйнекті тазалайтын арнайы сұйықтықты қолданыңыз. Бұл алдыңғы әйнекті тазалау сапасына және әйнектазартқыш щеткалардың жағдайына әсер етуі мүмкін.
- Әйнектазартқыш щеткаларының техникалық күйін жарамды күйде ұстау және олардың қызмет ету мерзімін ұзарту үшін әйнек суланбай құрғақ боп тұрғанда әйнектазартқышты қоспаңыз.
- Әйнектазартқыш щеткаларын бөгеменіз/тоқтатпаңыз, әйнектазартқыш щеткалары мен жетектемелері зақымдалмауы үшін оларды қозғалыс кезінде көтермеңіз.
- Алдыңғы әйнекті мұздан және қалың қар қабатынан тазарту үшін әйнектазартқышты пайдалану ұсынылмайды. Арнайы мұз қырғышты және қар щеткасын қолданыңыз.

Әйнектазартқыш щеткаларының жұмысында жиі кездесетін ақаулар

| Ақау | Сурет | Ақау | Сурет |
|-------------------------------|--|---|--|
| Доға тәрізді жіңішке жолақтар |  | Көруге теріс әсер ететін жіңішке және ұзын доға тәрізді жолақтар. | <ol style="list-style-type: none"> 1. Әйнектазартқыш щеткасының резеңке таспасындағы бөгде материалдар; 2. Резеңке таспаның жұмыс жиегінің зақымдануы. |
| Тік жолақтар |  | Әйнектазартқыштың щеткасы әдеттен тыс дыбыс шығарады және дірілдейді, ал резеңке таспа секіріп қозғалады. | <ol style="list-style-type: none"> 1. Әйнекте май немесе балауыздың іздері көрінеді; 2. Әйнектазартқыш щеткасының резеңке таспасының пішімі жоғалған. |
| Дақтар |  | Суды әйнектазартқышпен сүртіп тастағаннан кейін әйнекте дақтар қалады. | Әйнектазартқыш щеткасының резеңке таспасының пішімі жоғалған. |
| Кең жолақ |  | Резеңке таспа әйнектің бетіне нық жатпайды және оны сүртпейді. | Резеңкенің немесе әйнектазартқыш түбінің пішімі өзгергендіктен, әйнектазартқыш жеткіліксіз қысады. |

Ескертпе: жоғарыда көрсетілген ақаулар орын алған жағдайларда «Әйнектазартқыштың щеткалары» тарауына сәйкес шаралар қолдану қажет. Егер ақауды осы жолмен жою мүмкін болмаса, тексеру және қызмет көрсету үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

Аккумулятор батареясы

Аккумулятор батареясы зарядының өздігінен таусылуы

Аккумулятор батареясы зарядының өздігінен таусылуын болдырмау мүмкін емес. Автокөлік тұрақта ұзақ уақыт тұрған кезде (2 айдан астам) аккумулятор батареясының қуаты едәуір төмендейді. Аккумулятор батареясы зарядының өздігінен таусылуына температура мен сақтау жағдайлары сияқты факторлар әсер етеді

- Қоршаған орта температурасы жоғарылаған сайын зарядтың өздігінен таусылу жылдамдығы артады;
- Аккумулятор зарядының өздігінен таусылуы оны ылғалдылығы жоғары және шаң бөлмеде сақтаған кезде жеделдейді.

Батарея зарядының өздігінен таусылуын азайту жолдары

- Аккумулятор батареясы клеммаларының бекіткіштері босап қалмауы керек;
- Батареяның бетін және контактілерін таза ұстаңыз;
- Автокөлік тұрақта ұзақ уақыт тұрған кезде аккумулятор батареясын шешіп алыңыз, содан кейін оны ауа температурасы орташа болатын біршама құрғақ бөлмеде сақтаңыз;
- Қозғалтқыш өшірілген кезде автокөліктің электр құрылғыларын және басқа тұтынушыларын пайдаланбауға тырысыңыз.

Аккумулятор батареясы зарядының таусылу себептері

Аккумулятор батареясы зарядының таусылуы негізінен келесі себептерге байланысты болады:

- Электр энергиясын үнемі тұтынатын электр құрылғыларының жұмысы (мысалы, айдап әкетуге қарсы сигнал);
- Автокөліктегі элементтердің жеткіліксіз оқшаулануынан ток жылыстайды;
- Минус клеммасы өшірілмегендіктен, батареяның электр тұтынушы құралдар себебінен тез таусылуына және энергияның жоғалуына әкелетін тыныштық токтары мен жылыстау токтарын тудырады;
- Қозғалтқыш жұмыс істемей тұрған кезде автокөліктегі электр құрылғыларының жұмыс істеп тұруы

Аккумулятор батареясының қуатын тексеру

- Индикаторы бар аккумулятор батареясының күйін индикатордың түсіне қарап анықтауға болады (батарея тақтайшасындағы ақпаратты қараңыз).
- Вольтметр көмегімен және жүктеме ретінде негізгі жарықтандыру фараларын пайдалану арқылы тексеру: вольтметрді аккумулятор батареясына қосыңыз және аккумулятор батареясының (АКБ) кернеу көрсеткішін өлшеңіз. Содан кейін негізгі

жарықтандыру фараларын қосыңыз. Егер аккумулятор батареясының кернеуі 10 В-тан жоғары болса және тез төмендемесе, автокөлік қозғалтқышын оталдырыңыз. Автокөлік бос жүріспен жұмыс істеп тұрғаннан кейін оталдырылса, аккумулятор батареясы қайта зарядталады. Егер аккумулятор батареясының кернеуі негізгі жарықтандыру фаралары қосылған кезде тез төмендесе, аккумулятор батареясын зарядтағыш құрылғымен зарядтаңыз.

Аккумулятор батареясын ауыстыру кезіндегі әрекеттер реттілігі

Аккумулятор батареясын шешіп алған кезде алдымен батареяның теріс клеммасын ажыратыңыз, содан кейін оң клеммасын ажыратыңыз.

Аккумулятор батареясын орнатқан кезде алдымен оң клеммасын жалғаңыз, содан кейін теріс клеммасын жалғаңыз және салма кілтпен немесе M10 сомын кілтпен бекітіңіз.

Шиналар мен дискілер

Шиналарға күтім жасау

Автокөлік қозғалысы кезінде соққылардан аулақ болуға немесе кедір-бұдыр, дөңес жерлер, шұңқырлар, жиектастар және т. б. сияқты үлкен кедергілерді айналып өтуге тырысыңыз.

Шинаның бүйірінің үйкелеуіне және тілінуіне жол бермеңіз.


Шинаның бетінде кесілген жерлерінің жоқтығын, бөгде заттардың кіріп кетпегенін және әркелкі тозбағанын үнемі тексеріп отырыңыз.

Егер протектор біркелкі тозбаса, бұл дөңгелектерді орнату бұрыштарының ауытқуын және теңгерімсіздікті көрсетуі мүмкін.

Шиналардың бетін үнемі тексеріп, шиналарға жабысып қалған бөгде заттарды үнемі алып тастап жүріңіз.

Шиналардың тозуын шиналардағы индикатор бойынша ай сайын тексеріп тұрыңыз. Протектордың тозуы тозу индикаторымен бір деңгейде болса, шиналарды ауыстырыңыз.

Протектор суретінде немесе шинаның бүйір бетінде әркелкі тозу немесе зақымдар (кесіктер, «жырықтар» немесе жарықтар) анықталған жағдайда шинаны уақытылы ауыстырыңыз.



Отынды артық жұмсамау үшін шиналардағы қысымды (қосалқы дөңгелекті қоса) айына кемінде бір рет тексеріп отырыңыз. Бір ось бойындағы шиналардың қысым айырмасы 5КПа-дан аспауы тиіс.

Қоршаған ортаның температурасы айтарлықтай өзгерген кезде шиналардағы қысымды уақытылы тексеріңіз.

Шиналар 6 жылдан астам пайдаланылған кезде олар зақымдалмаса да ауыстырылуы керек.

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Протектордың тозуы жоғары болған шиналарды пайдалануға қатаң тыйым салынады. Бұл өте қауіпті. Тозған шиналар тежеу тиімділігін, рульдің дәлдігі мен айқындылығын айтарлықтай төмендетеді.

Автокөлікке өлшемі мен түрі бастапқыда орнатылған дөңгелектер мен шиналарды пайдалануға рұқсат етіледі. Олай болмаса, бұл автокөліктің тиімділігі мен қауіпсіздігіне әсер етеді және апатқа ұшырау және жарақат алу қаупі туындайды.


Шиналардағы қысымды бақылау әдістері

1. Дөңгелек емігінің қақпағын (қысым клапанын) бұрап шешіп алыңыз;
2. Шиналардағы қысымды манометрмен өлшеңіз. Егер суық күйінде шиналардағы қысым ұсынылғанға сәйкес келмесе, оны реттеңіз.
3. Егер қысым тым артық болса, ауа қысымын қажетті мәнге дейін төмендету үшін клапанның өзегін (шина клапанының ішінде) басыңыз.
4. Қысымды тексеріп, реттегеннен кейін шаң мен ылғал кірмеуі үшін қалпақшаны емігіне орнатыңыз.


Дөңгелектерді алмастырып салу

Автокөліктің алдыңғы және артқы дөңгелектерінің біркелкі тозуын қамтамасыз ету үшін шиналарды әр 10.000 км сайын ауыстырып отыру ұсынылады. Егер әркелкі тозу анықталса, дөңгелектердің орнын мерзімінен бұрын алмастырып салу қажет. Алмастырып салу бойынша ұсыныстар төмендегі суретте көрсетілген.


А: Қосалқы дөңгелексіз дөңгелектерді алмастыру схемасы:



В: Бағытталған протектор үлгісі бар дөңгелектерді алмастыру схемасы:



С: Толық өлшемді қосалқы дөңгелегі бар дөңгелектерді алмастыру схемасы:



Дөңгелектерді ауыстырған кезде тежегіш қыспақтары мен дискілердің тозуын тексеріңіз. Дөңгелектерді ауыстырғаннан кейін алдыңғы және артқы шиналардың қысымын тексеріп,

реттеңіз. Дөңгелек сомындарын қатайту моменттерінің ұсынылған мәндеріне сәйкестігін тексеріңіз.

Егер автокөлік шиналардағы қысымды бақылау жүйесімен жабдықталған болса, оларды ауыстырғаннан кейін қайта калибрлеу қажет. CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

Қысқы шиналар мен сырғытпайтын шынжырларды пайдалану

Қар мен мұз үстімен жүрген кезде қысқы шиналарды немесе сырғытпайтын шынжырларды пайдалану керек.

Қысқы шиналар орнатылғанда автокөлік қармен және мұзбен жүргенде едәуір сенімді басқарылады. Қысқы шиналарды қоршаған ортаның орташа тәуліктік температурасы +7°C-тан төмен болған кезде орнату керек.

Қысқы шиналарды таңдау және орнату кезінде автокөлік өндірушісі орнатқанмен бірдей типке, өлшемге және жүк көтергіштікке ие шиналарды таңдау керек. Қысқы шиналардағы жылдамдық индексі мен ауа қысымы автокөлік өндірушісі мен қысқы шиналар дилерлерінің талаптарына сәйкес келуі керек. Олай болмаса, бұл қауіпсіздік пен автокөлікті жүргізуге әсер етіп, жазатайым оқиғалар мен жарақат алу қаупі артады.

Ауыстырылған шиналарды айналу бағыты бойынша белгілеп, салқын, құрғақ жерде сақтау керек. Шиналарды қайта пайдаланған

кезде оларды бұрынғы айналу бағыты бойынша орнатыңыз.

Қоршаған ортаның орташа тәуліктік температурасы +7 °С-қа дейін көтерілген кезде жазғы немесе бүкілмаусымдық шиналарды уақытылы орнатыңыз.

Сырғытпайтын шынжырлар 9 мм-ден аспауы тиіс. Алдыңғы жетекті автокөліктер үшін сырғытпайтын шынжырлар алдыңғы дөңгелектерге орнатылуы керек. Толық жетекті автокөліктер үшін сырғытпайтын шынжырларды алдыңғы және артқы дөңгелектерге орнату қажет.

Шынжырларды орнатқаннан кейін автокөлік алғашқы 0,5-1 км өткеннен соң қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін шынжырларды тарту қажет.

Егер автокөлік сырғытпайтын шынжырлармен жабдықталған болса, тегіс емес жолдармен жүрмеңіз және төтенше жағдайлар (мысалы, күрт үдету, кенеттен тежеу және т.б.) тудырмаңыз.

Жалпыға ортақ жолдармен немесе тазартылған жолдармен жүргенде сырғытпайтын шынжырларды шешіп алыңыз.

Басқа сұрақтар туындаған кезде сырғытпайтын шынжырларды өндірушінің/жеткізушінің нұсқауларын орындаңыз.

ЕСКЕРТУ

Тек өлшемдері мен сипаттамалары сәйкес келетін шынжырларды қолданыңыз. Сәйкес келмейтін немесе дұрыс орнатылмаған сырғытпайтын шынжырлар тежеу жүйесін, аспаны, шанақты және/немесе дөңгелектерді зақымдауы мүмкін. Бұл зақымдарды өндіруші зауыттың кепілдігі өтемейді.

Егер автокөлік дөңгелектері дөңгелек қақпақтарымен жабдықталған болса, сырғытпайтын шынжырларды орнату алдында оларды алып тастаңыз. M+S белгісі бар шиналар (ауа райының барлық түріне арналған) жазғы шиналарға қарағанда қысқы мезгілде пайдалануға арналған үздік сипаттамаларға ие, бірақ, әдетте, қысқы шиналардың сипаттамаларына жетпейді.

▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Дөңгелектердің жол төсемімен ілінісу коэффициентінің айырмашылығына байланысты автокөліктің басқарылуын жоғалтпау үшін барлық дөңгелек қысқы шиналармен жабдыкталуы тиіс.

Қысқы шиналары бар автокөлікті пайдалану кезінде автокөліктің жылдамдығы қысқы шиналардың ең жоғары рұқсат етілген жылдамдығынан аспауы тиіс. Әйтпесе, автокөлікті кенеттен басқара алмай қалуыңыз, шинаны зақымдап алуыңыз немесе желін шығарып алуыңыз мүмкін, бұл жол-көлік

оқиғасына оңай әкеледі!

Қысқы шиналарды және сырғытпайтын металл шынжырларды пайдаланған кезде автокөліктің жылдамдығы 30 км/сағ немесе сырғытпайтын шынжырлардың өндірушісі көрсеткен шекті рұқсат етілген жылдамдықтан, осы жылдамдықтардың қайсысы аз болса, содан аспауы тиіс.

Қысқы шиналарды және сырғытпайтын металл емес шынжырларды пайдаланған кезде жылдамдық 50 км/сағ немесе сырғытпайтын шынжырлардың өндірушісі көрсеткен шекті рұқсат етілген жылдамдықтан, осы жылдамдықтардың қайсысы аз болса, содан аспауы тиіс.

Автокөлік жылдамдығын ауа райына, жол жағдайына және қозғалыс тығыздығына байланысты таңдаңыз. Апаттың алдын алу үшін қысқы шинаның сырғып кетуіне жол бермеңіз!

Дөңгелектерді ауыстыру

Егер дөңгелек дискісі майысып кетсе, жарылып кетсе немесе тот басса, оны ауыстырыңыз. Олай болмаса, дөңгелектегі қысым төмендейді және дөңгелек дискіден шығып кетуі мүмкін, бұның салдарынан автокөлікті басқара алмауыңыз мүмкін.

Дөңгелек дискілерін таңдау

Дөңгелек дискілерін ауыстыру қажет болған кезде жаңа дөңгелек дискілері өлшемі мен сипаттамалары бойынша өндіруші орнатқан дискілермен бірдей екеніне көз жеткізіңіз.

Төмендегідей дөңгелек дискілерін пайдалану ұсынылмайды:

- Өлшемі әртүрлі болатын дөңгелек дискілері немесе түрі әркелкі дискілер;
- Ескі (пайдаланылған) дөңгелек дискілері;
- Жұқарған және қалпына келтірілген дискілер

Дөңгелектердің теңгеріміне қойылатын талаптар

Дөңгелектерді ауыстырмас бұрын немесе жаңа шиналарды орнатпас бұрын дөңгелектерді теңгеруді орындаңыз. Шиналарды сұрыптау кезінде дөңгелектерді орнатпас бұрын теңгеру қажет.

Металл дискінің бір жағына орнатылған тепе-теңдік жүкшелерінің жалпы саны 2 данадан аспауы керек. Жүкшелердің жалпы салмағы 60 г-нан аспауы керек. Дөңгелек дискісінің бір жағына өздігінен жабысатын жеңіл балқитын теңгергіш жүкшелердің жалпы салмағы 100 г-нан аспауы тиіс. Дөңгелектер мен шиналардың сапалы кигізілгеніне, ал динамикалық теңгерімсіздік бір жағынан 5г-нан аспайтынына көз жеткізіңіз.

Бағытталған шиналарды кигізген кезде автокөліктегі шиналардың айналу бағыты шиналарды таңбалауда көрсетілген айналу бағытына сәйкес келетінін ескеру қажет.

Жеңіл қорытпалы дөңгелек дискілері

- Жеңіл қорытпалы дөңгелектер үшін тек түпнұсқа сомындар мен баллон кілтін пайдаланыңыз.
- Дөңгелекті алмастырғаннан, алып тастағаннан немесе ауыстырғаннан кейін 1600 км өткен соң дөңгелек сомындарын қатайту моментін тексеріңіз.

- Сырғытпайтын шынжырларды қолданған кезде алюминий дискілерге зақым келтірмеу үшін абай болыңыз.

Сақтандырғыштар

Сақтандырғыштардың және сақтандырғыштар блогындағы реленің орналасқан орындары сақтандырғыштар блогының қақпағының ішкі жағында немесе аспаптардың сақтандырғыштар блогының ішкі қақпағында бейнеленген.

Мотор бөліміндегі сақтандырғыштар блогы

Қозғалтқыштың ауа сүзгісінің жанындағы мотор бөлімінде орналасқан.

Қозғалтқыш релесінің блогы

Капоттың оң жағындағы мотор бөлімінде орналасқан.


Аспаптардың сақтандырғыштар блогы

Сақтандырғыштар блогы жүргізуші жағындағы аспаптар тақтасының ішінде орналасқан. Схема қақпақтың артқы жағында бейнеленген.

Сақтандырғыштарды ауыстыру

1. Сақтандырғыштар блогының немесе аспаптар блогының қақпағын ашыңыз;

2. Сақтандырғыштың тұтастығын тексеріңіз, сақтандырғыштың күйген-күймегенін анықтаңыз;
3. Күйіп кеткен сақтандырғыштарды мотор бөлімінің сақтандырғыштар блогында немесе аспап сақтандырғыштарының қорабында орналасқан қысқашпен шығарып алыңыз;
4. Сақтандырғыштың күйіп кету себебін анықтаңыз және ақауды жойыңыз;
5. Сақтандырғышты ауыстырыңыз.



- A: Қалыпты сақтандырғыш;
 B: Күйіп кеткен сақтандырғыш

ЕСКЕРТУ

Автокөліктің электр тізбегіне қандай да бір жолмен араласуға және оны өзгертуге қатаң тыйым салынады. Электр жүйелеріндегі реле және/немесе жоғары ток сақтандырғыштарына техникалық қызмет көрсету, ауыстыру CHANGAN өкілетті сервис орталығында жүргізілуі керек.

Сақтандырғыштарды ауыстыру алдында – оталдыру жүйесін ажыратыңыз, электр жабдықтары мен тұтынушыларды өшіріңіз.

Сақтандырғыштарды ауыстырған кезде бастапқы параметрлермен бірдей болатын сақтандырғыштарды орнатыңыз. Олай болмаса, автокөліктің электр жабдығы зақымдалуы мүмкін.

Егер параметрлері ұқсас жаңадан ауыстырылған сақтандырғыш орнатылғаннан кейін бірден күйіп кетсе, оны тексеріп, қажет болған жағдайда барлық электр құрылғысын CHANGAN өкілетті сервис орталығында жөндеңіз.

Пайдаланушы қосатын қосымша функцияларды орындау үшін, автокөлік жүйесінде нақты функция атқармайтын белгілі бір сақтандырғыштар болса да, оларды алып тастамаңыз немесе оларды ауыстыру үшін пайдаланбаңыз.

Шанақты тазалау және лак-бояу жабынына күтім жасау

Автокөлікті жуу

Автокөлікті келесі жағдайларда мүмкіндігінше тезірек жуу керек:

- Көлік өте лас немесе оны қатты шаң басқан кезде;
- Теңіз бойымен немесе тұзды-сілтілі жолмен жүргеннен кейін;
- Күйе, минералды шаң, темір ұнтағы немесе химиялық заттармен ластанған жерлерге барғаннан кейін;
- Лак-бояу жабынына таскөмір шайыры, шырын немесе өлі жәндіктер не балаңқұрттар жабысып қалған кезде.
- Лак-бояу жабынына бензин немесе басқа мұнай өнімдері түссе.

Жоғары қысыммен жуған кезде су ағынын тікелей есіктерге, терезелер мен люктерге бағыттамаңыз.

Автокөлікті жуар алдында әрқашан люкті жабыңыз. Су ағынын терезе мен люктің тығыздағыштарына бағыттамаңыз. Күн сәулесі қарқынды түсетін маусымда шыны люктің бетін жұмсақ шүберекпен және ысқышпен салқын жерде, көлеңкеде сүртіңіз және тазалаңыз. Жаңбырлы уақытта люк тығыздағыштарындағы құм мен шаңды алып тастаңыз және уақтылы сүртіңіз.

Пистолеттен келетін судың қатты қысымын

автокөлік шанағының бетіне кемінде 40 см қашықтықтан бағыттаңыз. Себебі оны су басуы, лак-бояу жабыны түсіп қалуы мүмкін. Жапсырмалар мен молдингтер зақымдалуы немесе жұлынуы мүмкін.

Көлік құралын жуу үшін қолданылатын тазартқыш құрал бейтарап болуы керек (өндірушінің сақтық шаралары мен нұсқауларын қараңыз). Қышқыл немесе сілтілі тазалағыш заттарды қолдануға тыйым салынады.

Жүксалғыштың есігіндегі әйнектің ішкі бетін тазалаған кезде жұмсақ шүберекті сумен дымқыл күйге дейін сулаңыз. Терезені қыздырғыш сымдарға немесе антеннаға параллель бағытта ақырын сүртіңіз. Қыздырғыш сымға немесе антеннаға сызат түсірмеңіз немесе зақым келтірмеңіз.

Автокөлікті қыста немесе қоршаған ортаның теріс температурасында жуғаннан кейін люкті ашып, люк тығыздағышын және шыны люкті құрғақ жұмсақ шүберекпен сүртіңіз.

Автокөлікті балауызбен жылтыратқан кезде алдыңғы әйнектегі балауызды міндетті түрде кетіріңіз.

ЕСКЕРТПЕ

- Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде автокөлікті жууға немесе оған балауыз жағуға тыйым салынады.
- Автокөлік тазалауға арналған құралды қолданар алдында оның автокөлігіңізге сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- Автокөлікті жуу алдында отын құю аузының қақпағының жабық болғанын тексеріңіз.
- Пластик бөлшектерді бұмен және температурасы 80 °C-тан жоғары сумен тазаламаңыз.
- Әйнек тазартқышты жылытқышы немесе антеннасы бар әйнектің ішкі бетін тазарту үшін пайдаланбаңыз.
- Автокөліктің әйнек беттерін тазарту үшін ешқашан күйдіргіш және белсенді жуғыш заттарды пайдаланбаңыз.
- Люкті жуу үшін тот еріткіштерін, ЖЖМ, агрессивті заттарды, қышқыл немесе қатты сілтілі химикаттарды немесе тазалағыш жұмсақ ысқышты қолданбаңыз.
- Люкті тығыздау үшін ұсынылатын жағармай: DuPontXP1A6, Railgrease: NatoDowsyn 2602.

Автокөліктің лак-бояу жабынына күтім жасау ұсыныстары

- Қою қышқылдарға немесе беттерге жанасуға жол бермеңіз;
 - Қатты заттарды лак-бояу жабынына тигізбеу үшін тазалаған кезде арнайы сүрткіш сулықты пайдаланыңыз;
 - Бензин мен мотор майы сияқты ұшпа заттарды тигізбеңіз және егер бұл заттардың аз мөлшері лак-бояу жабынына тиген болса, оларды арнайы сүрткіш матамен дереу сүртіп тастаңыз;
 - Автокөліктің лак-бояу жабынын қорғау үшін үнемі кәсіби қызмет көрсетуге жүгініңіз. Жылына бір немесе екі рет автокөлікті балауызбен өңдеу және жылтырату ұсынылады.
- Автокөліктің бетіндегі бояу сыдырылса, зақымдалған бетті тазартып, құрғатыңыз, оны 1500# егеуқұм қағазымен тегістеңіз, содан кейін оны жылтыратқыш жүн шеңбермен жылтыратыңыз. Егер зақымдануды жою мүмкін болмаса, CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

Жабдыққа техникалық қызмет көрсету

Есік пен терезе тығыздағыштарын жылына кемінде бір рет майлау керек. Резеңке тығыздағыштарды берік ету, бітеулігін арттыру және жабысып қалу мен сықырлауын болдырмау үшін оларға силикон жағармайды жағу үшін таза шүберекті қолданыңыз.

Автокөлікті ұзақ уақыт сақтауға қойған кезде барлық есікке, соның ішінде жүксалғыштың тығыздағыштарына, олар жабысып қалмау үшін силикон жағармайын шашыратыңыз және лау-бояу жабынының тығыздағыштары түйіскен жерлерге балауыз жағыңыз.

Есіктер мен капоттың ілмектері мен құлыптарын үнемі майлап жүріңіз.

Коррозиядан қорғау

Автокөліктердің коррозияға ұшырау себептері

Автокөліктердің коррозияға ұшырайтын негізгі себептері:

- Ұзақ уақыт бойы шасси, шанақ және автокөлік жақтауы сияқты қолжетімді емес жерлерде жиналатын тұз, кір, ылғал және химиялық заттар.
- Апаттардың, сызаттардың немесе басқа зақымданулардың салдарынан лак-бояу жабынының қабыршақтануы, соның ішінде тастар мен құмнан пайда болған сынықтар және т. б.
- Жоғары ылғалдылық коррозияның пайда болуын тездетіп жібереді. Егер автокөліктің кез келген бөлігі ұзақ уақыт бойы жоғары ылғалдылық жағдайында болса, автокөліктің басқа бөліктері құрғақ болса да, автокөлік коррозияға ұшырайды. Егер жоғары ылғалдылық жағдайында автокөліктің бір бөлігі желдетудің нашар болуына байланысты тез кебе алмаса, бұл бөлшектердің коррозиясын тездетеді.

Коррозиядан қорғаудың тиімді әдістері

Автокөлік шанағын таза және құрғақ ұстаңыз; Автокөлікке күтім жасаған кезде автокөліктің төменгі жағындағы есіктер мен су ағызатын саңылауларды тексеріп, оларды жылы немесе суық сумен шайыңыз. Дренаж саңылауы желдетілуі керек.

Егер автокөлік беті зақымдалған болса немесе лак-бояу жабыны қабыршақтанса, зақымдалған бетті мүмкіндігінше тез қалпына келтіру керек. Зақымдалған металл беттерді ауа әсеріне ұшыратпаңыз.

Автокөлік салонының қаптамасының астына және автокөліктің ішкі қуыстарына кірген ылғал, күл, құм және кір коррозияны тездетуі мүмкін. Автокөліктің салоны таза және құрғақ екеніне көз жеткізу үшін оны үнемі, әсіресе автокөлікті ауа райы нашар күндері пайдаланған кезде тексеріп отырыңыз.

Тыңайтқыштар, тазалағыш заттар, сілтілер, қышқылдар мен тұздар сияқты коррозиялық-химиялық заттарды тасымалдау (тиеу - түсіру) кезінде осы химиялық заттарды тасымалдауға арналған арнайы контейнерде тасымалдаңыз және түсіргеннен кейін бірден автокөлігіңізді тазалаңыз.

Қыста автокөлікті тұз немесе басқа реагенттермен өңделген жолмен жүргеннен кейін дереу жуыңыз.

Автокөлікті желдетілмейтін ылғал жерлерге тұраққа қоймаған жөн.

Көлікжай боксында автокөлікті жууға болмайды.

Автокөліктің салонын тазалау

Пластик бөлшектерді тазалау

Салонның пластик элементтерін тазалау үшін аққан сұйықтық ізін, айғыздарды және кетпейтін дақтарды қалдырмау мақсатында дымқыл мақта-мата кездемесін және бейтарап абразивті емес су ерітіндісін пайдаланыңыз.

Майлы немесе кетуі қиын дақтарды кетіру үшін еріткіштері жоқ және бөлшектердің бастапқы беті мен түсін сақтайтын арнайы құралды қолданыңыз. Салонды қағаз сүлгімен немесе майлықпен сүртпеген жөн, себебі қалдықтар қалып қоюы ықтимал.

Қауіпсіздік белбеулерін тазалау

Қауіпсіздік белбеулерін тазарту үшін бейтарап сабын ерітіндісін немесе жылы суды және оны кетіру үшін жұмсақ ысқышты қолданыңыз. Ағартқышты, дақ кетіргішті немесе абразивті тазартқышты пайдаланбаңыз. Тазалағаннан кейін белбеуді құрғатыңыз немесе кептіру үшін матаны (ысқышты) қолданыңыз. Оны тікелей күн сәулесінің әсеріне ұшыратпаңыз.

Орындықтарды тазалау

Орындықтардың былғары беттерін тазалау: орындықтың бетін дымқыл шүберекпен мұқият тазалаңыз, содан кейін оны құрғатып сүртіңіз. Былғарының суланбағанына көз жеткізіңіз, әйтпесе ол қатайып, жарылып кетуі мүмкін.

Орындықтардың мата тыстарын жуғыш зат қосылған ерітіндіге малынған дымқыл микрофибра матамен тазалаңыз. Орындықтың тысының барлық жерін мұқият сүртіңіз, көрінетін із қалдырмаңыз. Орындықты құрғатып кептіріңіз.

Орындықтарды тазарту үшін бояу еріткішін, бензолды, спиртті, бензинді және т.б. пайдаланбаңыз, себебі бұл орындықтың бетін және жылыту элементін (егер орындық жылытқышпен жабдықталған болса) зақымдауы мүмкін.

Дисплейді тазалау

Дисплейді тазалау алдында дисплейдің сөніп, салқындағанына көз жеткізіңіз. TFT/LCD дисплей бетін тазарту үшін микрофибра матасын және тазартқыш затты қолданыңыз. Дисплейдің бетін микрофибрадан жасалған құрғақ шүберекпен сүртіңіз.

ЕСКЕРТУ

Дисплейді тазарту үшін құрамында алкоголь бар ерітінділерді, бензинді, жуғыш заттарды немесе тұрмыстық тазартқыштарды пайдаланбаңыз.

Фаралардың булануы

Жарықтандыру аспаптары жұмыс істеп тұрған кезде фаралардағы ішкі қысым желдету саңылауы арқылы реттеледі. Фараның ішіне дымқыл ауа кірсе және фара шағылыстырғышының температурасы төмен болса, фаралар булануы мүмкін (төмен температурада қырау пайда болады). Фаралардың булануы – кең таралған құбылыс. Бұл ақау емес және жарықтандыру жүйесінің жұмысына теріс әсерін тигізбейді.

Фаралар буланған кезде фараның шағылыстырғышының ішкі бетінде ылғал пайда болады. Булану біраз уақыттан кейін сейіледі, бірақ болашақта оның қайта пайда болмайтынына кепілдік беру мүмкін емес. Буланудың толық сейілуі қоршаған орта температурасы, ылғалдылық және фараларды пайдалану уақыты сияқты факторларға байланысты 2 күннен 3 күнге дейін немесе одан да көп уақытты алуы мүмкін.

Фаралардың булануын тексеру

Қозғалтқышты оталдырыңыз, фаралардың шалғай жарығын қосыңыз да, 30-40 минуттан кейін келесі визуалды тексерулерді орындаңыз:

1. Фарада ылғалдың бар/жоғын тексеріңіз;
2. Фарадан 1 м қашықтықта көзге байқалатын булану белгілері жоқ.

Егер фаралар жоғарыда аталған шарттарға сәйкес келсе, фаралар қалыпты жағдайда болады.

Фаралардың жарық түсіру деңгейі


Автокөлік фараларының жарық түсіру деңгейі мемлекеттік заңдарда және техникалық регламентте қатаң регламенттелген. Барлық көлік құралындағы жарықтандыру деңгейі тым жоғары немесе тым көмескі болмауы шарт, әйтпесе, оның салдары апатқа ұшыратуы мүмкін.

Бұл автокөлік оң жақты қозғалысқа арналғандықтан, қарсы бағыттағы автокөлік жүргізушілерінің көздерін қарықтырмау және қауіпсіздік деңгейін арттыру үшін қазіргі талаптарға жақын жарық беру стандарты қолданылады. Сол жақ таяу жарық фарасының жарық ағыны оң жақтағыдан төмен болуы керек.

Егер, сіздің ойыңызша, фаралар жеткіліксіз жарықтандырып тұрса, фараларды тексеру және реттеу үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

VII. Автокөліктің техникалық сипаттамалары

Автокөлік өлшемдері



| Белгілеуі | Өлшем сипаттамасы (мм) | SC6469KBH5/SC6469KC5 |
|-----------|---|----------------------|
| A | Жалпы ұзындығы | 4640 |
| B | Жалпы ені (артқы көрініс айналарын есептемегенде) | 1850 |
| C | Жалпы биіктігі (жүктемесіз) | 1705 |
| D | Дөңгелек базасы | 2700 |
| E | Алдыңғы шығу бұрышы | 960 |
| F | Артқы шығу бұрышы | 980 |
| G | Алдыңғы жолтабан | 1565 |
| H | Артқы жолтабан | 1565 |

Автокөлік өлшемдерінде есепке алынбаған элементтер: сыртқы артқы көрініс айналары.

Қозғалтқыш

| Атауы | Қозғалтқыш моделі | JL486ZQ2 |
|---|----------------------------|---------------------------|
| Цилиндрлер саны мен орналасуы | | 4; қатарлы |
| Цилиндрлер диаметрі × поршень жүрісі, мм | | 86x77,4 |
| Оталдыру бітелері | | HU00A70P |
| Оталдыру бітелерінің саңылауы, мм | | 0,7 – 0,8 |
| Оталдыру бітелерін қатайту моменті, Н.м | | 27,5 ± 2,5 |
| Жұмыс көлемі, мл | | 1798 |
| Қысу дәрежесі | | 9.5 : 1 |
| Жаппа жабдықсыз номиналды қуаты, кВт (мин ⁻¹) | | 120 (5500) |
| Максималды қуаты, кВт (мин ⁻¹) | | 110 (5500) |
| Максималды айналдыру моменті, Н.м (мин ⁻¹) | SC6469KBH5:220 (2000~4500) | SC6469KC5:245 (2000~4000) |

| | |
|---|---------|
| Бос жүрісте айналдыру жиілігі, (мин ⁻¹) | 700±50 |
| Цилиндрлер жұмысының реті | 1-3-4-2 |

Автокөлік сипаттамалары

| Атауы | | Моделі | SC6469KBH5 | SC6469KC5 |
|--|--|--------|--|---------------------|
| | | | | |
| Еңсергіштігі | Көтерілу бұрышы \geq (°) | | 19 | 18,8 |
| | Түсу бұрышы \geq (°) | | 23 | 24,4 |
| | Минималды клиренсі (жүктемесіз), мм | | 158 | |
| | Минималды бұрылу диаметрі, м | | 11 | |
| Динамикалық | Автокөліктің максималды жылдамдығы, км/ч | | 180 | 190 |
| | Максималды еңкіштігі, % | | 30% | 40% |
| Үнемділік тиімдігі* | Отын шығыны (аралас цикл), л/100км.* | | 7,1 | 8,8 |
| Жүксалғыш көлемі, л | | | 520 -1490 | |
| Тежегіш педалінің бос жүрісі, мм | | | 5-10 | |
| Тежегіш қыспақтарының рұқсат етілген қалыңдығы, мм | | | Алдыңғы және артқы тежегіш қыспақтарының қалыңдығы \geq 2мм. | |
| Жетек түрі | | | Алдыңғы жетек | Тұрақты толық жетек |

Ескертпе*: Пайдалану шарттарына байланысты нақты отын шығыны көрсетілген мәннен өзгеше болуы мүмкін.

Дөңгелектер мен шиналардың спецификациясы, суық күйдегі шиналарда болуы тиіс қысым

| Дискілер | Шиналар | Шиналардағы қысым (кПа) | | | |
|----------|------------|-------------------------|-------|------------------|-------|
| | | Жүктемесіз | | Толық жүктемемен | |
| | | Алдыңғы | Артқы | Алдыңғы | Артқы |
| 17x7J | 225/65 R17 | 230 | 230 | 230 | 230 |
| 18x7J | 225/60 R18 | 230 | 230 | 230 | 230 |
| 19x7J | 225/55 R19 | 230 | 230 | 230 | 230 |
| 17x4T | T165/80R17 | 420 | 420 | 420 | 420 |

Ескертпелер: қосалқы дөңгелек өлшемі T165/80R17 және ауа қысымы 420 кПа.

160 км/с жоғары жылдамдықпен жүретін болсаңыз, алдыңғы және артқы дөңгелектердегі қысымды 250 кПа дейін орнату керек.

* Бұл спецификациядағы шиналарға сырғытпайтын шынжырларды орнатуға рұқсат етілген.

Сырғытпайтын шынжырлар тек белгілі бір шиналарға орнатылады. «VI. Техникалық қызмет көрсету және жөндеу – Шиналар мен дискілер – Қысқы шиналар мен сырғытпайтын шынжырларды пайдалану».

Дөңгелектерді орнату бұрыштары (жүктемесіз)

| | Параметрлер | Параметр мәні |
|-------------------------------------|--|----------------------|
| Алдыңғы дөңгелектердің параметрлері | Шүберінніңкөлденең еңкею бұрышы, (°) | 11°29'±45' |
| | Шүберіннің бойлық еңкею бұрышы (Caster), (°) | 5°51'±45' |
| | Тігінен ауытқу бұрышы, (°) | - 0°11'±45' |
| | Бойлық ауытқу бұрышы, (°) | 5'±5' (бір бағытты) |
| Артқы дөңгелектердің параметрлері | Тігінен ауытқу бұрышы, (°) | - 1°04'±45' |
| | Бойлық ауытқу бұрышы, (°) | 10'±5' (бір бағытты) |

Автокөлік салмағы

| Моделі | | SC6469KBH5 | | SC6469KC5 | |
|--|-------------|------------|--|-----------|--|
| | | SC6469KBH5 | | SC6469KC5 | |
| Параметрлер | | | | | |
| Максималды рұқсат етілген жалпы салмақ (толық жүктеме), кг | | 2075 | | 2185 | |
| Осьтерге түсетін жүктеме, кг. | Алдыңғы ось | 1118 | | 1208 | |
| | Артқы ось | 957 | | 977 | |
| Жабдықталған салмағы, кг. | | | | | |
| Жабдықталған салмағы, кг. | | 1740 | | 1846 | |
| Осьтерге түсетін жүктеме, кг. | Алдыңғы ось | 1030 | | 1080 | |
| | Артқы ось | 710 | | 766 | |

Құйылатын сұйықтықтар мен көлемдер

| Параметрлер | SC6469KBH5/SC6469KC5 спецификациясы | Көлем |
|------------------------------------|---|----------------------------|
| Отын | Жоғары сапалы автокөлік бензині октан саны 92-ден кем емес | 58 л. |
| Қозғалтқыш майы (JL486ZQ2) | 5W-30 майы, Q/JDJ-GY5 класына сай келеді | 4,5 л. |
| Отын тазартқыш | GFSC001 | 150 мл. бөтелке/ 1 тазарту |
| АБҚ майы | AW-1 | 6,6 л. |
| Қозғалтқыштың салқындату сұйықтығы | BASFGlystantinG30 | 7,8 л. |
| Интеркулердің салқындату сұйықтығы | BASFGlystantinG30 | 4,3 л. |
| Кондиционер жүйесінің майы | RFL - 100X | 120 г. |
| Кондиционер жүйесінің хладагенті | R134a | 540±10г. |
| Алдыңғы әйнекжуғыш сұйықтығы | ZT-30 | ~2,0 л. |
| Тежегіш сұйықтығы | HZY4 немесе DOT4 | 0,7~0,8 л. |

Қысқартулар тізімі

| Қысқарту | Белгілеуі |
|-----------------|---|
| ABS/ АБС | Antilock Brake System/ Тежегішті бекіту жүйесі |
| TCS | Traction Control System / Тартуды бақылайтын бос айнарудан сақтау жүйесі |
| ESC | Electronic Stability Control System/ Электрондық бағыт тұрақтылығын сақтау жүйесі |
| EPB | Electrical Parking Brake/ Электрмеханикалық тұрақ тежегіші |
| AUTO HOLD | Automatic Parking Function/ Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру жүйесі |
| HHC | Hill Hold Control/ Өрге шығуға көмектесетін жүйе |
| EPS | Electric Power Steering/ Рульдің электр күшейткіші |
| TPMS | Tire Pressure Monitoring System/ Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі |
| КЖЖ | Күндізгі жүріс жарықтары |
| DAA | Drive Away Assist/ Қозғалыс басталғанда көмектесу жүйесі |
| EBD | Electronic Brakeforce Distribution / Тежеу күшін үлестіретін электрондық жүйе |
| ALR | Automatically Locking Retractor / Автоматты түрде құлыпталатын тарту құрылғысы |
| SRS | Supplemental Restraint System / Қосымша ұстап тұру жүйесі |
| DAB | Driver Airbag / Жүргізушінің қауіпсіздік жастығы |
| PAB | Passenger Airbag / Жолаушының қауіпсіздік жастығы |
| SAB | Side Airbag / Бүйірлік қауіпсіздік жастығы |
| CAB | Curtain Airbag / Қауіпсіздік жастығының қалқалары |
| AT/ АБҚ | Automatic Transmission/ Автоматты беріліс қорабы |
| MT/ МБҚ | Manual Transmission/ Механикалық беріліс қорабы |
| IMT | Intelligent Manual Transmission / Интеллектуалды механикалық беріліс қорабы |
| CD | Compact Disc/ Ықшам диск |
| DVD | Digital Versatile Disc/ Сандық әмбебап диск |
| USB | Universal Serial Bus/ Әмбебап бірізді шина |
| ECU/ЭББ | Electronic Control Unit/ Электрондық басқару блогы |

| Қысқарту | Белгілеуі |
|----------|---|
| LCD | Liquid Crystal Display/ Сұйық кристалды дисплей |
| LED | Light Emitting Diode/ Жарық шашатын диод |
| CO | Carbon Monoxide/Көміртек тотығы |
| VIN | VehicleIdentificationNumber/ Автокөліктің сәйкестендіру нөмірі |
| SBR | SeatBeltReminder / Қауіпсіздік белбеулері туралы еске салу |
| APA | AutomaticParkingAssist/ Автоматты тұраққа қою көмекшісі |
| LDW | LaneDepartureWarning/ Жол қатарын ауыстыру туралы ескерту |
| TSR | TheSpeedLimitSignRecognition/ Жылдамдықты шектеу белгісін тану |
| HDC | HillDecentControl/ Өрден түсуге көмектесетін жүйе |
| TSP | Telematics Service Provider/ Телематика қызметтерін көрсетуші |
| POI | Point Of Interest/ Көрнекті жерлер |
| ACC | Adaptive Cruise Control/ Бейімделетін круиз-контроль |
| LAS | LaneAssistantSystem /Жол қатарын бақылайтын көмекші жүйе |
| HTR | HighTemperatureReclamp/ Жоғары температураларда тұрақ тежегішін реттеу (бекіту) жүйесі |
| DBF | DynamicBreakFunction/ Динамикалық тежеу функциясы |
| HPS | Hydraulic Power Steering/ Руль гидрокүшейткіші |
| TFT | Thin Film Transistor/Жұқауялдірлі транзистор |